Ислямов Асқар Жұмағұлтегі



ТАРИХТА ҚАЛҒАН ТАҒЫЛЫМ

Өскемен
2006

Ислямов Аскар Жұмағұлтегі

ТАРИХТА ҚАЛҒАН ТАҒЫЛЫМ

(очерктер, ой-толғаулар, естеліктер)

Өскемен
2006

УДК 821. 51
ББК 87 Каз 7
И 87

Құрастырушысы әрі басып шығаруға жауапты –
Сараш Асқарқызы Ислямова

Пікір жазғандар:
филология ғылымдарының докторы, профессор А.С. Аманжолов
филология ғылымдарының кандидаты, доцент А. Әлімхан

И 87 **Ислямов А.Ж.**
Тарихта қалған тағылым (очерктер, ой-толғаулар, естеліктер). – Өскемен: Рекламдық Дайджест Баспасы, 2006. – 312 б.: 68 ил.

ISBN 9965-687-87-0

Мыңдаған шәкірттің зердесіне тәлім мен тәрбиенің нәрін сеуіп, артында өшпес із қалдырған ұлағатты ұстаз – Асқар Ислямов. Халқының, ұжымның сай құрметі арқасында неше дүркін «Социалистік жарыс жеңімпазы», «Еңбек ардагері», «Үздік еңбегі үшін», «Отан соғысы кезіндегі үздік тылдағы еңбегі үшін» медальдарымен, «КСРО азаматтық қорғаныс ісінің үздігі», «ҚКСР халық ағарту ісінің үздігі», «КСРО халық ағарту ісінің үздігі», «ҚКСР еңбек сіңірген мұғалімі», 1992 ж. «Қазақстан Республикасына ерекше сіңірген еңбегі үшін зейнетақы иесі» атақтарының иегері. Үш дүркін республикалық мұғалімдер съезінің делегаты, 1987 ж. тұңғыш өткізілген республикалық педагогтер әулетінің облыс бойынша тұңғыш делегаты (құрамында жанұясынан 11 делегат), жанұялық ансамбльдерінің республикалық байқауының 1982 ж. лауреаты.

Бүкіл өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған асыл текті, ұшқыр ойлы азамат көзі тірісінде «Өмір өткелдері» атты кітап жазып кетті.

Бірақ уақыт адамның алды-артына қаратқан ба, ойында жүрген көп ғибратын айтуға үлгертпеді. 2003 ж. Асқар Ислямовтың «Шығыс-Қазақстанның топонимикасы» атты ғылыми еңбегін әке алдындағы парызды өтеуде ұрпақтары жарыққа шығарды.

Алайда ұстаздың жеке мұрағатынан өмірден түйген ойлары, қоғамдық құбылыстарға көзқарасы, зиялы қауыммен қауышқан сәттері туралы мол қазынасы қалды.

Сонымен қатар әр жылдары өзі туралы жарық көрген сарғайған баспасөз қиындыларының өзі бір кітаптың жүгін көтерерліктей. Көпшілігі осы жинаққа енді. Сондай-ақ соңғы тарауда жұбайы батыр ана, педагогикаға еңбек сіңірген байырғы ұстаз Нағима Сүлейменқызының сағынышқа толы ой толғаулары мен ұрпақтарының асыл әкеге деген тебіреніске толы пікірлері еніп отыр.

Жинақ оқу-тәрбие орындарының оқытушылары мен оқушыларына және көпшілік оқырманға арналады.

ББК 87 Каз 7

ISBN 9965-687-87-0

© Ислямов А.Ж., 2006

1-бөлім

ҰСТАЗДАН ҚАЛҒАН ҰЛАҒАТ

Ауылда қазыналы қартың болса,
Жазып қойған хатпен тең!..

Халық даналығы

Адамзаттың бір асыл қасиеті – білімділік пен біліктілік, тынымсыз алға ұмтылу. Жастық шағыңның қадірін білгейсің!..

Кейін қартайғанда жастық жылдарыңды мақтанышпен еске түсіретіндей етіп өмір сүр. Дүниеде үш нәрсе ғана: атқан оқ, айтылған сөз, өткен күн – қайтып оралмайды. Өкінішке соқтырмайтын іспен ғана айналыс. Өзің білуге мүмкін емес істен аулақ жүр. Бірақ білуге тиісті нәрсенің бәрін үйрен. Сонда өмірің мәнді, мағыналы болмақ.

Бүгінгі күнім – кешегімнің жемісі, ертеңгімнің өрісі...

А. Ислямов

Бақытсыздықта тағдыр әрқашан шығар есік қалдырады... сол есікті тауып шыға біл.

Адамның аса зор ерекшелігі – ең қиын кедергілерді жеңудегі табандылығы. Барлық жеңіс өзіңді-өзің жеңуден басталмақ

А. Ислямов

«Өмір – теңіз, жүзем онда демегін ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» деп А.Рудачке айтқандай, ізгілікке қызмет етуге өмірімді арнау парасат деп түйдім

А. Ислямов

Этнопедагогика – бір этностық, бір халықтық педагогиканы дамыту деген сөз. Кешегі өткеніміз бен бүгінгі жеткенімізді бір-бірімен үйлестіре отырып жүргізу.

Әл-Фараби, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Әлихан Бөкейханов, т.б. бүгінгі таңда қандай дана ғалым педагог болмасын, оның тәрбиелік ісі этнопедагогсыз бір жақты болмақ...

А. Ислямов

САЙРАҒАН ІЗІМ ЖАТЫР ЖЕР БЕТІНДЕ...

Қамшының сабындай қысқа ғұмырда кімнің не істеп, не қойғанын екшейтін де бір кез болады. Әсіресе жас келіп, жақсы нәрсе артта қалғандай болған сәтте өткенге ой жіберіп: «Осы мен не істедім, не қойдым, ұрпағым мені атағанда қандай нәрсемді ойға алады, қандай нәрседен бойын аулақ салады?» - дейтін сұрақтардың төңірегінде ой тербегенде қандай адам да өзінің жақсылық жақтарын еске алып, келер ұрпақ осыныма разы болады-ау дегенде, бәрі-бәрі көз алдыңда жіпке тізілгендей өте беретіні анық.

Расында, менің ғұмырым кімге қажет, тіпті өзім көрген қиыншылықтар, өзіме шүпірлеп төгілген бақытты шақтар келер ұрпаққа әсер ете ме жоқ па, болмаса жасы жетіп алжыған шал күні кешегі бақытты шақтарын ұмытпапты, мұның бізге ешбір қатысы жоқ, тіпті олар өмір сүрген коммунизм елесі кезінде алдарында ақ сағымдай бұлдыраған құр елестің соңында қажетсіз өмір сүріп, соны бізге үлгі етіп ұсынып отыр деп жоғарыдан төменге кекірелей керігіп қарай ма, ол жағы маған беймәлім, әйткенмен, өзімнің өмірімді текке өткізбегенімді, ұрпағымның өсіп-өнуіне алғышарттар жасағаныма ризалық көңілмен осы ғұмырнаманы бастап кеттім.

Әрине, мұның қазіргі Қазақстан егемен мемлекет болып, көк байрағын әлемге әйгілеп, Біріккен Ұлттар Ұйымына ту етіп қадап, өзінің егеменді ел, бірегей халық екенін дәлелдеген кезде мектеп мұғалімінің естелігі ештеңеге тұрмайтын да шығар. Тарихи оқиғалар сызылып тасталып, жаңадан басталып кетпейді, қайта солар тіркеле отырып, әлемдегі түрлі құбылыстарға толық талдау жасалып, бүгінгі өмірге алып келінетінін хат танитын әрбір адам жақсы түсінеді. Сондықтан біз қазіргі кезде жоққа шығарып, болашақ өмірімізден шығарып тастаған социалистік қоғам көбіміздің халқымыз, ұрпағымыз, тіпті солардың болашақтағы дамуы үшін өмір сүргенімізді жасыра алмаймыз. Оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Сол үшін ат кекіліндей қысқа ғұмырда

халқым үшін, елім үшін, былайша айтқанда, болашақ өз ұрпағым үшін не істеп, не қойғанымды айтып бергім келеді. Мұны кейбіреулер қартайған адамның көпсөзділікке салынуы немесе өзін болашақ тарихтан көргісі келетіндердің көкірек күйттеуінен туған дүние деп қарауы мүмкін, бірақ шындығы солай ма?

Мен өмір сүрген кезең болашақ тарихында өз бағасын алатыны сөзсіз, өйткені тарих бұл кезеңге де өз бағасын бермей қоймайды, сөз жоқ береді. Бергенде қоғамның халық өміріне қажетсіз, бір халықтың екіншісінің езгісін жасырып, бетіне перде тұтып келгенін айтады. Бірақ соған сеніп, адамгершіліктің жалпы жолынан таймай еңбек етіп келген жеке адамдардың өміріндегі ізгілікті жоққа шығармайды, қайта елі үшін, сол кездің өзінде сіңірген еңбегін айшықтап айтып отыратыны даусыз, бұған күмән келтіруге болмайды.

Оның үстіне мен Тарбағатай ауданымен түйдей құрдаспын, аудан құрылып жатқанда жаңа өмірдің куәсіндей өмірге келіппін.

Тап осы жылы сталиндік ұжымдандыру жылы болып, жұрт жаңа өмірге үйлесе алмай көпшілігі тарығу жолына түседі. Сонда менің әкем бала-шағасын аштан өлтірмеу үшін, шекараның сыртына қарай емес, Қызылкесіктен Тарбағатай жақтағы Ақжарға қарай ауа көшеді.

Әкемнің қарамағында 3 бала, ауру шешем қалғандаймыз. Оны асырап жеткізу де 1932 жылғы ашаршылықта оңай болған жоқ. Бұдан соң 12 жасымда әкеден жетім қалып, оның мейірімін көрмей-ақ қалдық. Әйтеуір балалар үйі, интернат, ағайын-туыстарды паналап ер жеттік.

Балалық бал дәуренде есте қаларлықтай ештеңе көрмей, жарым көңіл, жарты құрсақпен жүрдік. Қоғамдық орын дейтін интернат пен балалар үйінде де ешбір қызықты шаралар ұйымдастырылмайтын, күнделікті тамақ табу, отын-су әкелу, ұжымдық шаруашылықтарға көмектесу, жатақхана мен оқу үйлерін жөндеу сияқты әр түрлі жұмыстармен таңның атып, күннің батқанын білмей жүргенде есейіп қалғанымызды да білмеппіз. Ашаршылық жайлаған елдің жағдайы енді-енді түзеле бастаған кезде Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Мұнда да

сан боздақтар қырғынға ұшырады, бірақ мұнда ашаршылықта өлгендей атау-ақыретсіз қалмай, «отан үшін ерлікпен қаза тапты» деген бір жапырақ қағаз келіп, соның өзі жаралы көңілге медеу болатын. «Бәрі де майдан үшін» деп жарғақ құлақ жастыққа тимей, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін еңбек етті. Солардың ішінде мен де болдым. Сөйтіп жүріп ат жалын тартып мінуге де жарап қалдық.

Бұлай дейтінім 1945 жылдың күзінде мені де міндетті әскер қатарына шақырып, атты әскер құрамына дайындай бастады.

Шығыс майданындағы соғыс та лезде аяқталып, жеңіске жеткеніміз зор қуанышқа бөледі. Бес жылғы соғыс елді есеңгіретіп тастаған, өйткені шаруашылықтар толық күйзеліске ұшырап қалған.

Тауық шақырғаннан көзді тырнай ашып, шаруа қамында жүрген қай бала болашақта кім болам деп ойланып жатты дейсің, дегенмен соғыс басталған соң, бұл мәселені ойлауға тура келді. Сонда мен Семейге аттанып, үш жылдық педагогикалық училищеде оқыдым. Ол уақытта карточка жүйесі кезі, аштықтың аз алдында жүріп оны 1950 ж. бітіріп, ауылға мұғалім болып оралдым. Бір жыл мұғалімдік жұмыс атқарып, одан кейін аздап қаражат жинаған соң, 1951 ж. Семейдің мұғалімдер даярлайтын институтына түстім. Оның екі жылын Өскеменнің пединститутында аяқтап, Тарбағатай ауданының орталығы, Ақжар селосындағы сол кездегі жалғыз орта мектеп – Абай атындағы орта мектепте еңбек жолымды бастадым. Бұдан соң 1961 ж. Алматының пединститутын сырттай бітірдім.

Өзімнің отбасылық өміріме барлық жағынан сай келеді-ау деп болжаған жұбайым Нағима екеуіміз жарты ғасырға жуық бірге тұрып, он баланы тәрбиелеп өсірдік. Менің жанұям барлық жағынан ауданға, облысқа үлгі тұтылып келеді. Біз бүгінгі шыққан биігімізге шүкіршілік етіп, тәубеге келеміз. Өйткені өмірге босқа келіп, босқа кетпегенімізді сезінеміз. Он баланың өрісі мен ырысы біздің мерейімізді тасытып, достарымызды қуантса, дұшпан-дарымызды қызғаныш отымен күйдіреді.

Балаларымның анасы Нағима жетпіске таяп қалды. Ол – «Алтын

алқаның» иегері, «КСРО Оқу-ағарту ісінің үздігі», «Еңбек ардагері», «Жанұялық ансамбльдің 1986 жылғы байқауының лауреаты».

Өзіме келсем, 15 жыл қатарынан аудандық құрмет тақтасында еңбек озаты ретінде марапатталдым. «ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі», 1982 ж. «КСРО Халық ағарту ісінің үздігі», «ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалім», «КСРО Азаматтық қорғаныс ісінің үздігі» құрметті атақтарына ие болдым, медальдар да баршылық. Үш дүркін мұғалімдердің республикалық съезіне, бірнеше рет аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат болдым. Мұның бәріне марапаттау қағаздардан, баспасөз басылымдарында жарияланған материалдардан да көз жеткізуге болады.

Біздің өткен социалистік қоғамға өкпеміз жоқ. Совет мектебінен тәрбиеленгендер дүниені қайта құруға өрісі жетіп жатыр ғой. Мысалы, Елбасы Н.Назарбаевтан бастап нешеқилы ғалым, іскер мамандар, т.с.с. өсті, ғылыми-техникалық орталықтар өсіп жетілді. Өзгені былай қойғанда 30-дан астам жоғары оқу орны ашылды, орыстандыру өріс алғаны шындық, алайда, іс жүзінде ұлы державалық шовинизм үстемдік құрғанын ашып айтарға ауыз бармады ғой. Батылы жеткендердің қайда барғанын көзімізбен көрдік, куә болдық. Сондықтан елім деп еңіреген ерлер заңсыз, сотсыз, айдалып, байланып, атылып кете барды. Әйтеуір қазақ елінің тәуелсіздік алуы ғана жаңа леп әкеліп, өміріміздің көлеңкелі жақтарын да, күнгей жақтарын да ашып айтар халге жеттік.

Егеменді еліміздің демократиялық даму жолындағы өтпелі кезеңде қиындықтарға душар болып отырғаны ешкімнен жасыратын сыр емес. Осы кезеңде әркім өзінің қабілет мүмкіндігін есептеп, қылмыс пен жамандық атаулыға бармай, айналасына ізгілік нұрын сеуіп, ұрпағымыз ұлағатпен өркен жайса деп ойлаймын. Тәуелсіздігіміз баянды болып, халық басына ауыртпалық түспей, тыныштықта ел көктесе деп сиынамын. Біз кәріліктің кемесінде өз аялдамамызға жақындаған сайын, еліміз өркениетті елдер қатарына қосылғанын көрмекпіз, бірақ бүгінгі ұрпақты соған жеткізсе деп жаратқаннан тілейміз. Елбасының 2030

жылға дейінгі бағдарламасы халыққа өздігінен бақыт тепе-теңдігін жасамайды. Әркімнің өзінің жасампаз іскер еңбегі ғана бақытты тұрмыс әкеледі. Тек өзің талпынып ізденуің қажет.

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛМЕГЕН – ЖЕТЕСІЗ

Ата тегін білмеген кешегісін білмейді, өткенін мойындамаған ертеңін ойламайды. Сондықтан да «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген аталы сөз әріден келе жатқаны мәлім. Оның үстіне біздің қазақ: «Оқуға сенген – ұмытшақ, жазуға сенген – жаңылшақ», - деп қандай да нәрсені, тіпті қазақтың бүкіл тарихын шежіре арқылы басына сақтамақ болып, ауызша ғана жүргізген. Соның кесірінен күні бүгінге дейін қазақтың көп нәрсесі шын тарихтың безбенімен таразыланбай, долбар, болжау ретінде ғана көрініс беріп келе жатқаны мәлім. Сондықтан артымда қалған ұрпақтарым кімнен, қалай таралғанын білмей жаңылысып жүрмес үшін өзіміздің қайдан, қалай шыққанымызға тоқтала кеткенді жөн санадым.

Мұның да дұрыс, бұрыстығын ұрпақтардың өздері, әрине мен тым әргі жағын айтып отырмын да, қазақ тарихымен салыстыра зерттеп біле жатар, әзірге қазақ тарихының өзі бұрмаланып, түзу жолға түспегендіктен сенімсіздіктер де жоқ емес.

Әрине, Алла жаратқан Адам атадан кейін, Нұх пайғамбардан түрік тегі... одан қазақ, қазақтан Ақарыс – ұлы жүз, Бекарыс – орта жүз, Жанарыс – кіші жүз, ал орта жүз Бекарыстан Мейрам сопы, одан Найман, одан Төлегетай, Төлегетайдан Қаракерей, одан Байторы, одан Майрам, Майрамнан Байыс туады. Байыстан Тоқабай. Бұдан «Білсең Кегенбаймын, білмеген дегенбаймын» дейтін Кегенбай және Қаракерей Қабанбай батыр шыққан деседі.

Ал біреулер Байыспен бір туысқан Майрам қыз екен, оны түркістандық Тоқтар алып, екі бала туған. Оның біреуі Жанжігіт, екіншісі Байжігіт. Байжігіт Мақта апайдың қолында қалып, Жанжігіт қожаға еріп кеткен деседі. Байжігіт сегіз болыс ел деседі.

Байысұлы Ерсары да өскен ел екен, ол да сегіз болыс дейді.

Ерсарының бәйбішесі Ақбикенің мұрыны үлкен болыпты, содан бұдан өскен тұқым «мұрын» атанып кеткен дейді. Бұл деректер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресінде осылай аталады. Ал Омардың шежіресінде: «Байыстың бәйбішесі Мұрын еді атағы ақылымен тараған, елімнің мықты тұлға құлыбы еді», - дейді.

Қалай дегенмен де бұдан үш жүз жылдай бұрын қалмақтың батыры Босмойын қазақ халқын қанға бөктіріп, маза бермейді. Сонда халық көтеріліп, Байжігіттің баласы Тоғас жекпе-жекте Босмойынды өлтіреді де оның үш қызын елге алып келеді. Үлкен қызын Тоғастың өзі алады, одан Қосай батыр, ортаншы қызына Қожағұл батыр үйленіп, одан Қабанбай батыр, кіші қызын Жұмақтың Сатысы алып, одан Дәулетбай батыр туған дейді.

Қабанбайдың азан шақырып қойған аты Ерасыл, жеңгелері «Наржігіт» деп атаған, халықтың қойғаны «Дарабоз» бен Қабанбай екені белгілі. Ол жеті жасқа келгенде әкесін қалмақтар өлтіреді. Одан 15-ке келгенде ағасы Есенбайды да қалмақтар өлтіріп кетеді. Соған кектенген Ерасыл ертерек есейгендей болып, олардан қалайда кек қайтарудың жолын ойлайды. Қалмақтардың зұлымдығынан қорқып қалған қазақтар онымен бірге жауға шабуға батылдары жетпейді. Сондықтан Ерасылдың өзі ол қалмақтардың қапысын табуға кіріседі.

Сөйтіп Қабанбай бабамыз 1724 ж. он бес жасында қалмақтың асқан батырлары Өлжежыңға мен Арсыланды өлтіріп, әкесі мен ағасының кегін алады.

Қабанбай бабамыз 1724 жылдан 1769 жылдың соңына дейінгі қазақ жерінде қалмақтардың шапқыншылығында Абылай хан төңірегіне жиналған аруақты батырлардың ішінде Дарабоз атанып, ханның бірінші қолбасшысы әрі қарадан хан атанған қазақ халқының ерекше тұлғасы екенін ұрпақтардың ұмытпағаны жөн.

Ал көненің көзі мен мөзі болып келе жатқан шежіреге сенсек, Қабанбайдан жеті ұл туған. Оның үшеуі – Сопақ, Төлебай, Мойнақ жауынан беті қайтпаған қазақ жұртының қорғаны болған деседі.

«Ел тарихын ерлердің өмірбаяны толықтырады» деп бекер айтылмаса керек. Байжігіттен шыққан Қабанбай, Боранбай, Дәулетбай төңірегіндегі ел арасындағы аңыз-әңгімелер өте көп. Сондықтан бұларды ұрпақтарымыз ұмытпай, естеріне ала жүрер деген үмітпен айтып отырмын. Тіпті Қабанбайдың сүйікті жары Гауһар апамыз ана болып қана қойған жоқ. Малайсары батырдың қарындасы батырлығын да көрсетіп, ел анасы екендігін мойындата білген жан екенін де естен шығармаған жөн сияқты.

Ал Қабанбай бабамыз алып қара күштің, алыпсоқ ерліктің ғана иесі емес, соғыс тәсілін өздігімен ойлап табатын, аз жасақпен қалың жауға төтеп беретін әдістердің шебері, көрегендігі мол қолбасшы болумен қатар, кезі келгенде шешендігін де танытқан. Сондықтан Абылай хан оны 1758 ж. Қытайға жіберіп, Үрімші қаласында қазақ-қытай дипломатиялық бейбіт сауда қатынасын қамтамасыз етуді тапсыруы тегін емес-ті.

Адамзат тарихында айрықша орыны бар, ерекше із қалдырған даналарымыз бен бабаларымыз баршылық. Солардың ішінде бүкіл иісі қазаққа танымал, найманның белгілі ұлдарының бірі Боранбай биге біздің тұқым Қабанбаймен бірге сиынады. Бүгін әр рудың беті жарық мықтысы өзінің ғана өткенін дәріптеп жатыр ғой.

Боранбай би жоңғар басқыншылығына қарсы күресте әйгілі қолбасшы, батыр әрі тапқыр би болған және Абылай ханның ең жақын серіктерінің бірі. Абылай хан жөніндегі «Сабалақ» атты дастанда мынандай шумақ бар:

Жолдасы еді Байжігіт ер Қабанбай,
Тағы да қанжығалы қарт Бөгенбай.
Үшінші Бәсентиін Малайсары,
Төртінші Қаракерей би Боранбай, -

деп келеді.

Міне осыған қарағанда Боранбай ел арасындағы жай ғана би емес, үш жүздің мықтыларымен қатар тұрған арыстарымыздың бірі.

Қабанбайға құбас атты тауып, сыйлайтын да осы Боранбай болса керек. Бұл жыр да зерделі қазақтарға белгілі деп ойлаймын.

Сонымен бірге 1987 ж. Қытайда жарық көрген Б.Садықанның «Қабанбай батыр» атты кітабында Боранбай бидің есімі онымен қатар аталады.

Тіпті мынандай да әңгіме бар. Тарбағатай тауында жасырынып, тынығып жатқан қалмақтың мың басы Қаралең батырын ұйықтап жатқан жерінде кездестірген Боранбай, өзіме хауіп қылар деместен оятып алып, шайқасқа кіріседі.

Жекпе-жекте қанжар салып өлтіреді. Сонда жанында еріп жүрген Нарбота батыр Боранбайға:

«Жатқан жерінде тұрғызбай, бауыздай салсаң да болатын еді ғой»,- дейді. Сонда Боранбай:

«Жау да болса екі елге аты шыққан батыр ғой, былайша қазақ пен қалмақ біледі, оны бауыздай салған обал емес пе, қапы қалмай, жеңілістен ажал тапсын деп едім»,- депті.

Міне сондықтан Бұхар жыраудың өлеңінде де оның есімі халқымыздың біртуар ұлдарымен бірге аталады:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай,
Ту түбінде түр еді.
Абылай хан ол күні
Айбаттанған сұр еді.
Мамайдан шыққан Шәкәрім,
Мұрыннан шыққан Боранбай,
Көрсеткен жауға қаһарын,- дейді.

Боранбайдың ерлігін, батырлығын Қабанбай жоғары бағалаған. Доланғара тауында қалмақпен болған соңғы ұлы шайқаста Боранбай қалмақ батырын жайратып, өзі жараланса да Абылай туын қолынан түсірмеген. Бұған қатты риза болған Қабанбай қолға түскен қалмақ

жасағының қолбасшысы Долан Көрімнің қызы Қарашаш сұлуды Боранбайға қосқан. Бұлардың неке тойын Қызылтас тауының көрікті жерінде өткізген. Бұл бұрынғы Ақсуат ауданы, қазіргі Тарбағатай ауданының жеріндегі ит басына іркіт төгілгендей той молшылығынан кейін бұл жер «Майлы шат» атанды.

16 жасында би болған Боранбай 98 жасында дүние салған. Оның зираты Семей өңірінің Жарма ауданында. Ол Қабанбайдан мүшел жас кіші екен, одан кейін қайтыс болған деседі.

Кемеңгер, көреген әділ би Боранбай 82 жыл ел билегенде ешкім алдына түспеген. Ол өлерінде ғана билікті өзінің немере інісі Нарботаға береді. Би бабамыздың бес ұлынан тараған шаңырақтары 156-ға жетіп, Ақсуаттың би Боранбай ауылын мекендейді.

1784 ж. Әбілхайыр ханды Барақ сұлтанның өлтіруіне байланысты құрылған Көкшетаудағы билер сотына Қабанбаймен бірге еріп барған батырлар ішінен ақ-қарасын анықтап, әділ жазасын беру үшін билік бұйдасын найман Боранбай би ұстаған. Міне осындай бабамыздың өмір тарихын жете зерттеп, ұрпақтар кәдесіне жаратудың маңызы өте зор деп ойлаймын. Өйткені бүгінгі ұрпақ иттен туып, іннен шыққан жоқ, солардың ақ жолын жалғастырып келе жатқан мұрагерлер деген жөн.

Бірақ көп жылдар бойы коммунистік мораль өзінің шыққан тегін зерттетпей, тұқым қуалаушылықты мүлде жоққа шығарып, «құм жиылып тас болады, құл жиылып бас болады» деп өтірік дәлелдемелердің соңына ұрпақтарымызды түк білмейтін мәңгүрттікке баулып келді. Ұсақ ұлыстарды жойып, дінімізді, тілімізді бұзып, ұрпақтардың бір-бірімен байланысын құртып тынды. Соның кесірінен ертеде өткендерді қойып, күні кешегіні жадымыздан шығарып үлгердік. Өйтпегенде түрме мен айдаудан құр қалмайтын едік. Ал құр қалмасақ, халық есебінде жойылып кету қаупі төнген еді, сондықтан көпшілік бар тілін жоқ етіп, байлап қоюға, былайша сақау болуға дағдыланып кетті. (Тілде қызтекелер – екі тілді араластырып сөйлейтін қазақтар пайда болды).

Міне әйтеуір Қазақстан тәуелсіздік туын тігіп, өз алдына дербес

мемлекет болғаннан бері ғана өткендегі ақтаңдақтардың орнын толтырып, дінімізді, салт-дәстүрімізді қайтарып алдық. Әрине, олардың орны бірден тола қалмайды, өйткені ауру біртіндеп емес, батпандап кіріп, мысқалдап шығатыны сияқты бұл да оп-оңай жазыла қалмайды. Дегенмен, қазір ата тарату ескіліктің сарқыншағы дегеннен құтылып, балаларымызға кімнің қайдан шыққанын айтатын халге жеттік.

Мен Керейге дейін жоғарыда руымызды таратып қойғанмын. Қаракерей ішінде Мұрын, оның ішінде Мүлкаман боламыз. Байыстың бес ұлының біреуі Сармырзадан 6 ұл болған. Оның біреуі Жолымбет, оның жеті ұлының бірі Ажығұл, одан Мамай, одан Дондағұл, Дуай, ал Дуайдан Бөшік, одан Тілеулінің жеті баласының бірі Батпақбай, Батпақбайдың жетеуінің бірі Жұмағұлдың бес баласы болған. Олар – Сіләм, Құдайберген, Солтан Құрманбүбі. Сіләмнен Дәулетқазы, Арынғазы, мен – Қалиасқар, «Асқар» атанып кеткенмін. Тағдыр мені Сіләмнен жалғыз қалдырды. Ал, Құдайбергеннен Тоқанды (Тоқтарбек) жалғыз қалдырды.

Сөйтіп Жұмағұлдың немересі, Батпақбайдың шөбересі болып екеу ғана қалдық. Екеуіміз де кеңестік дәуірде коммунистік моральда тәрбиелендік. Менің анамның аты – Шәкер де, Тоқанның анасының аты – Қадиша еді. Ашаршылық жылдары екеуі де араларына жыл салып сүзектен қайтыс болды деседі.

Бабамыз Батпақбай 15 жасында болыс болған екен, содан қырық жыл билепті деседі. Ал атамыз Жұмағұл халқына сыйлы адам болған. Солардың атымен аталып қалған Ақсуат, Қызылкесік жеріндегі жер аттары соның куәсі деп ойлаймын.

Билер ережесі Республикамыздың тұңғыш Конституциясының шығуы қарсаңына «Жас алаш» газетінің 1992 жылғы 19 мамырдағы санында Жанғара Дәдебаевтың жариялаған дерегінде ұсынылды. Бұл құжат Семей облысындағы бес дуан халықтан сайланған адамдардың талқысына түсіп, 1885 жылы мамыр айында Шар бойында өткен Қарамола сиязында қабылданған. Ол Семиполат облыстық әскери

губернаторы Тупкленскийдің пәрменімен 1886 жылдың 14 ақпанында бекітілді. Бұл ереже 74 бабтан тұрады. Ереженің 74-ші бабына қарағанда Батпақбай Ибрагим ұлы Абаймен мәжілістес, үзеңгілес болған. Енді осы ереженің 74-ші бабынан үзінді келтірейін.

«Бұл ережелердегі айтылған сөздер соңғы сиязда қаралған. Шешімдердегі жазылған жайлар ешбір кедергісіз жүзеге асуы қажет. Жаңадан басқасы жасалғанша билер, болыстар, старшиндар осы ережені пайдаланатын болсын. Осы ереже жасалмай тұрып, пайдаланылған нұсқалар 63-ші баптағы айтылған рәуіш бойынша жүргізілсін. Осыны ескере отырып, 74 бапты біздер жасадық. Қазақ дәстүрінше таза көңілімізбен, әділеттілігімізбен соның шындығына сендіреміз. Бұған Павлодар оязының билері Юсуп Бәтішұлы, Иса Бердалыұлы, Молдабай Сәрсенбіұлы, Мұқатай Келдібекұлы, Санияз Бабайұлы, Сымағұл Шоқпарұлы қолдарын қойды. Билер Серғазы Тайсарыұлы мен Жалалдин Рамазанұлы мөрлерін басты. Қарқаралы оязының билері Хакім Құдаймендіұлы, Абай Майқыұлы, Еркеш Сыбанұлы, Айлаубай Қашқынбайұлы, Билібай Тұманбайұлы, Абыралы болысының кандидаты Шәкірұлы мөрлерін басты. Билер Оспан Атақозыұлы, Хамид Алдабергенұлы қолдарын қойды. Иса Шөнтіұлы тамғасын басты. Семиполат оязының құрметті қазақтары Ибрахим Құнанбайұлы, Құдайберген Тастамбекұлы, Иса Сүтжанұлы, Айтқазы Жексенбайұлы, би Жұмақан Жарқынбайұлы қолдарын қойды. Билер Сүйіндік Жақабайұлы, Әлжан Анарұлы мөрлерін басты. Өскемен оязының болысы Хоронжи Ислам Әлиханұлы, құрметті қазақ Құрманғали Жақыпұлы, билер Жанқұдай Қойтыұлы, Ержан Ноқайұлы қолдарын қойды. Болыстар Иса Күнбасұлы, Қабанбай Қошқарұлы, би Үсен Қалабайұлы мөрлерін басты. Құрметті қазақ Қалматай Исақожаұлы таңбасын басты. Би Тауман Аманұлы қолын қойды. Зайсан дуанының болыстары Бүкіш Жиенбайұлы, Билеуші Босқынбайұлы, Жұмақан Қисықұлы, би Қоқаш Есенкелдіұлы қолдарын қойды. Болыстар Ақшал Қожабергенұлы, Дәркембай Жақсыбайұлы, билер Жайсаңбай

Елемесұлы, Батпақбай Тілеуліұлы, Қайранбай Құлындықұлы мөрлерін басты. Сияз бастығы, Өскемен оязы Мановский қолын қойды. Семиполат оязының лауазымын ада етуші Козанцев, Зайсан приставының көмекшісі Нарбота, Қарқаралы оязының аға көмекшісі лауазымын ада етуші Айтбакин қолдарын қойды және әскери губернатор Тупкленский қолын қойды».

Жұмағұл мөлшері 1916 ж. 63 жасында қайтыс болған. Ал біздің әкеміз қызылдар келгенде 16-17 жаста болса керек. Әкемнің інісі Құдайберген 1960 ж. 60 жасында дүниеден өтті. Сөйтіп жеті атаны таратсам Сіләм, Жұмағұл, Батпақбай, Тілеулі, Бөшік, Дуай, Дондағұл деп білген жөн.

Ел билеген Омар Егізбайұлы деген ағамыз ағайындардың жаласымен 1906 жылы Зайсан бекінісінің түрмесінде жатқанда былай деп жырлаған екен:

Байыстың бәйбішесі Мұрын еді,
Ақылды, бес Байыстың құлыбы еді.
Кемеңгер, асыл туған ұлы анамыз
Қадірін бүкіл найман біліп еді.
Сарымырза – ұлдан жалғыз бұл анадан,
Оның тегін «мұрын» деп атап кеткен.
Атамыз Сарымырза Байысұлы,
Азғана әңгіме ғып жаздым мұны.
Баласы Жолымбеттің, Ажығұл, Ажы,
Жаратақан мұның бәрін тәңірім қазы.
Бабамыз Ажығұл мен Дәулет, Мырзас,
Шежіре боп соңына қалған мирас.
Шындық осы, өтірік жоқ, бәрі де рас…
Жолымбеттен Ажығұл Мырзас атам,
Ішімде толып жатыр қайғы-қапам.
Қыласың бірде олай, бір күн былай
Сұм дүние ойлап тұрсам жоқ-ау опаң.

Мырзастан Қалқаман боп тараламын.
Дұшпанның қалдырды алла табаларын.
Ішетін тамақ талғап ғазиз басым
Орыстың балдай қылды-ау қара нанын.
Аруағы жатыр ма екен шын оянбай,
Ұлына тамам найман ұран болған.
Жалғанда жаралады кім солардай!
Аруағы би бабамның қолдамай-ақ,
Шынымен кетеміз бе бір оңалмай.
Бір кезде жұрт-ақ едік жатқан шалқып,
Талай жан саялаған қаздай қалғып,
Оң істің бәрідағы түске айналып,
Халықтан тоқтаған соң бақыт қайтып.
Халқымды қалайша мен ұмытармын
Өздері құрметтеген болыс сайлап.
Зарыққан абақтыда біз бір ғаріп
Ел-жұртқа дұғай сәлем ауыл-аймақ.
Басың сауда дұшпаның досыңмен тең
Белгісі алыс-жақын осындайда.
Басқарып ақылменен қараңыздар,
Уайым мезгілі жоқ бермес пайда.
Өздерің бүтінделіп қыл тіршілік,
Болмайды қайғы ойлап сасқанменен.
Сәлем айт Ажығұлдың баласына
Ақсақал, үлкен-кіші, данасына.
Сәлем айт Жұмағұл, Жақып, Садық санасына
Дұғадан тастамаңыз әр намазда.
Ғаріптік сапардағы Омарыңнан
Қабыл боп тисін қолға жазған хатым
Атағың жастай шыққан ағам едің,
Біртуар Жолымбетте асыл затың, -

дей келе біздің бабаларымыз бір-біріне небір қиыншылықта сабырлылық көрсетіп, ақыл мен амалды үлкен жүректі бірлік ынтымақта баулып келген. Біз олардың қандас ұрпағы бола тұрып, заман ағымына қарай шыңдалып, өзгеше өсуіміз қажет. «Ырыс, қайда барасың?» дегенде: «Мен ынтымақ пен бірлікке барамын» деген екен. Бірақ біздің заманымыз бірден ынтымақ деп айтқанымен, ынтымақсыз аштық, жалаңаштыққа ұшырадық қой. Голощекиннің: «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», - деп меншіктерден мал-мүлікті түк қоймай сырып алған кезінде менің балалық шағым басталған екен. Бүйірден қысқан аштық пен аласапыраннан туған жерді тастап, қашып шығуға мәжбүр болдық.

Мен өз басым өмір тәжірибемде барлағаным, оқығанның бәрін білімдіге қоса алмаймын. Жоғары дәрежелі құжат астарында кімдер жоқ. Өмір өзі – ұлы мектеп, азды-көпті оқуынан тоқуы көп халыққа, ұрпаққа өмір сүрудің ізгілікті жолын нұсқап келе жатқан халқына сыйлы азаматтар қаншама десеңізші! Солардың бірімен кезігіп дидарласуды құштар еткен ақсуаттық Мәукіл Ахмеров, қиын заманда балалар үйінің қара нанын бөліскен, оқуда 3-4 класта парталас болған тарбағатайлық ғалым, профессор, ғылым докторы, құрдасым Имаммәлік Нұғмановпен, Тарбағатай тумасы, тарлан жазушы Қабдеш Жұмаділовпен, кезінде менен тәлім алған Нұразханов Еркін, Ахметов Серікхандармен дидарласып қайтудың өзі мені түлетіп, санама сана мегзетіп, өмірге құштарлығымды арттыра түскені ешбір шүбәсіз. Өзімнің ұрпаққа арнаған ғұмырнамама қосымша шежіре ұсынған Мәукілдің еңбегін өзгеріссіз, естелік ретінде өз қалпында кіргізуді жөн көрдім.

«Көненің көзі зерделінің сөзіменен» тағылым салыстырма үшін...

Бес Байыстың біреуі...

Бес Байыстың біреуі Сыбаннан шыққан атақты ақын, әрі шежіреші Ақтайлақ бидің шежіресі бойынша:

Арғы атамыз Ақсопының (найманның) баласы Белгібай, одан Сүйініш, одан Төлегетай, одан Қытай туған. Қытай ерте өліп, артында

Төртуыл, Қаракерей, Садыр мен Матай есімді балалары қалады. Бұлар атасы Төлегетайдың бауырында өскендіктен шежірелерде «төрт Төлегетай» атанады. Атамыз Қаракерейден Мейрам, одан Байторы, одан Байыс, одан Сарымырза (Мұрын) одан Жолымбет, Бәйімбет, Жолболай туады. Олардың ішінде ең өскені Жолымбет. Оның кіндігінен Қыдыр, Ажы, Ажықұл, Фах, Арызбақ, Назар, Қосмұрат тарайды. Бұларды жеті Жолымбет дейді. Жолымбет 136 жасқа келіп, қартайып өлген. Осы аталардың ішінде, біз Ажықұлдан Дәует, Мырзас болып тараймыз. Дәуеттен Айдар, Кенже, ал Мырзастан Қалқаман, Мүлкәман, Жауар туады. Қалқаманнан Боранбай, Алшынбай, Төлебай, Мәмбет тараса, Мүлкәманнан Қожа, Мамай, Нарбота туады.

Найман бабамыздан бастап қысқаша ата жөнін айтсам, енді осы ата-бабаларымыздың өсіп-өнген, ұрпақ өсірген ата қоныс мекендері мен жер-су аттарына тоқтала кетейін. Байыс бабамыздың Сарымырзамен туысқан бір баласы Қыржы (Мәмбетқұл) болады. Осы Қыржы, Мұрын елдерінің сол заманнан бері қарай жері бар, ауыл аралас, қой қоралас дегендей ұрпақтары Ақсуат өңірінде қатар өмір сүріп келеді. Ал Байыстан тараған Ақымбет, Сыбан, Байқожа рулары Аягөз маңында мекен етеді.

Қыржы, Мұрын елдерінің ежелгі атамекені – батысы Аягөз, шығысы Ақжар, Зайсан, солтүстігі Көкпекті, оңтүстігі Қытаймен шектес, бір жағы Үржар, Мақаншы аудандары. Сай-саласында терек пен тал, қайың өсетін, табиғат жаратқан аю, архар, елік, қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян, шошқа, бұлан, тағы басқа аңдардың бірнеше түрі мекендейтін, сай-саласында қарақат, бүлдірген, долана, таңқурай өсетін, екі Қызыл тас, Өкпеті, Тарбағатай, Майлышат, Боранбай шаты, Тоғызтарау, Сылдырама, Сардоңғал, Құсмұрын, Қаражал, Қарашоқы, Сандықтас, Қабанбай шаты, Алақ, Жағалбайлы, Кішкене тау, Түйемойнақ, Доланқара, Кезеңшілік, Мұздысай, Сарықұл, Лаба, Арғанаты, Баспан, Қалба таулары ата-бабаларымыздың жаз жайлауы, қыс қыстауы болып есептеледі.

Тарбағатай тауынан құлап ағатын, аяғы Зайсан көліне құятын Қарғыба, Базар, Өкпеті мен Қызылтастан шығатын «Үш боғыс» өзендері, басы тоғыз тарау болып, аяғы Көкпекті өзеніне құятын «Кіндікті» өзені, оның сыртында дертке дауа «Сабынды көлі» тағы бар.

Осыншама кең байтақ жерұйығын қырық жыл бойы аттан түспей жаумен шайқаста болып қорғап, бүкіл өмірін елі үшін, халқы үшін сарп еткен Қабанбай батыр болса, ол кісімен бірге жеңіске жеткен үзеңгілес достары, әрі батыр, әрі би Қалқаманұлы Боранбай бабамыз бен Мүлкәман ұлы Нарбота батыр аталарымызды тарихтан жақсы білеміз.

Жоғарыдағы аталған қасиетті де текті мекендерде Дондағұл, Дуай бабаларымыздың кіндік қаны тамып өмір кешкен, Найман еліне дін ашып, бірінші рет Меккеге қажылыққа барған Шал қажы бабамыз, әулие атамыз Досқанұлы Ырғызбай, Шал қажы мен Құнанбайдың өзі пір тұтқан қасиетті атамыз Шәкі би, Бақтияр би, Төйке қажы, Тана мырза, үш жүзге сауын айтып ас берілген Құнанбайұлы Абай қатысқан атақты Бұлан бай, Тәкібай қажы, Илияс қажы, Мырзатай, Мыржықбай қажылар, Мұса қажы, Рахыш қажы, Ыбыш қажы, Мақтай қажы, Егізбай қажы, Мүрсәлім болыс, жауырыны жерге тимей кеткен Молдабай балуан, 15 жасынан би болған Батпақбай би, Боқбасар би, Құсайын, Сүлеймен ақындар, Айтуған, Желкілдек батырлар, Қожакелді батыр, атақты Құлақай қу, Мырзақамал қажы, көрден кісі тірілтіп алған Орақбай батыр, ер Тәукебай, Қарадан хан болып Көкпекті өкрігіне аға сұлтан болған Қисық Тезекұлы, Бекжан, Рахмет қажылар дүниеге келіп, өмірлерін өткізген өңір жоғарыда аталды.

Осыдан 70 жыл бұрын ең бірінші рет «Қызылтас» деп аталған аудан орталығы болған, «Қызылкесік» сияқты киелі жерден, би Боранбай атындағы орта мектептің түлектерінен 15 ғылым кандидаты, 6 ғылым докторы шықты. Киелі дейтін себебіміз сол, осылардың барлығы бірден-бір орыс ұлты тұрмайтын елді мекеннен орыс тілін нашар біліп, қазақша мектепті бітіріп кетсе де Мәскеу, Ленинград, Новосибирск, Алматы қалаларында неше түрлі орыс ғалымдарының, академиктердің алдында

мүдірмей диссертация қорғап, ғалым болып шығып жатқандарын ауылымыз кереметтей мақтан тұтады.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ең алғашқы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болған, экономика ғылымының докторы Серікболсын Әбділдін де осы би атаның атындағы орта мектептің түлегі болатын.

Айта берсе біздің жерімізде өз заманында өзінің туып өскен елі, жері, халқы, ұрпағы үшін өмірін қиған, еңбек етіп тер төккен батырлар, билер, болыстар, қажылар, ақындар, ғалымдар аз болмаған. Келешекте де ата-баба аруақтары қолдаса жас ұрпақтардан сондай адамдардың көптеп шығары күмәнсіз.

Кей кезде аңыз да болар, шындық та болар өткендегі өмірлер туралы әр түрлі әңгімелер айтылып жүреді.

Мысалы, Қабанбай батырдың өзі де, Құбас аты да қартайған кезі екен. Қалың жылқының ішінде Құбас аты да қартайғандықтан жүре алмай жатып қалады екен. Осы жайды Қабекеңе хабарлағанда, ол кісі: «Қалың жылқыны қабанбайлап ұран тастап, қиқулай қуыңдар, сонда Құбас ат атып тұрып жүріп кетер», - деген екен. Айтқанды орындаған кезде Құбас атып тұрып кетеді де, 30 шақырым жердегі Жағалбайлы тауын қақ жарып өтетін биік кезеңге келгенде мүлде жүре алмай өлген дейді. Содан бері осы күнге дейін бұл кезең Құбастың кезеңі деп аталып келеді.

Боранбай шатының күншығыс жақ аузында Қызылтастың теріскейінде «Майлышат» деген табиғаты өте күшті жер бар. Жоңғар соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін, осы «Майлышатта» жеңіс тойы жасалады. «Майдан мәи ағызылды» деп, жердің атын осы тойдан кейін «Майлы шат» атандырыпты. Бұл жер Қызылкесіктен 25 шақырым жердегі Аягөз жолының бойында.

Төле би, Қазыбек, Әйтеке,
Қазақтың нағыз тарланы,
Солармен тең тарихта
Би бабамның салмағы.

Боранбай бабам болмаса,
Осылай өмір кешер ме ем.
Бабам менің қайраткер,
Ел билігін қолға алған.
Болашағын ұрпақтың,
Ғасырлар бұрын болжаған.
Сегіз бидің бірі боп,
Тарихта қалған қолтаңбаң.
Кеңесінсіз солардың
Хан болмаған қозғалған.
Тарихынан Қазақтың,
Өз орнын бабам тапсыншы.
Қозғаусыз жатқан сан ғасыр
Аруағы аунап жатсыншы,-

деген Биғазы Мәдиұлының жырымен аяқтаймын.

БІЗДІҢ ҰРЫҚ ШЕЖІРЕМІЗ

Ұранымыз: Қабанбай, Боранбай

Дәулет – Мырзас – Айдар – Жолымбет – Ажықұл – Кенже.

Мырзастан – Қалқаман, Мүлкаман, Жауар.

Мүлкаманнан – Қожа Мамай Нарбота Мамай Додағұл, Дуай, Андағұл, Сандағұл, Өтеміс, Шектібай.

Дуайдан Бәшік жалғыз туған.

Бәшіктен – Тілеулі, Сұраулы.

Тілеуліден – Сүлеймен, Батпақбай, Салтақбай, Әміре, Қоразғали, Жақсылық, Түсіп туған.

Сұраулыдан – Қоңқай, Ибрайым, Мұқаш туған.

1. Сүлейменнен – Қали, Қаратай, Әшен.

Қалиден – Бияхмет, Сайлау, Қоңырғазы, Мейрамғазы.

Қыздары – Бақыт, Ырысхан, Үміт.

2. Батпақбай Жұмағұл, Слям, Құдайберген, Солтан.

Слямнан – Асқар, Аман, Төкен, Амангелді, Аманжол, Асқаржан, Жалғас

Қыздары – Ермек, Сара, Мәншүк, Жанар, Шынар, Салтанат.

Құдайбергеннен – Тоқан, Нұрлан, Руслан.

Солтаннан – Кеңес, Бақан, Кеңесхан, Сейсенбек.

3. Жақсылықтан – Қажыбай, Ұлжан, Бопай туған.

Қажыбайдан – Бақыт, Маңыбай.

4. Түсіптен – Уәпи, Апсалам.

Уәпиден – Қыдырмолла, Шайза, Шаймұрат, Серік.

5. Салтақбайдан – Мұхаметжан, Бәуедім

Үйсікен, Ленинжолдың аржағында Т- екі ортада.

Мұхаметтен – Салтақбай, қыздары – Рысбүбі, Айтбүбі, Теңлік.

Бәуедімнен – Сейтқазы, Оразкен.

Қыздары – Алтынбүбі, Нәсіпбүбі, Сарқытбүбі.

6. Әміре...

7. Қоразғали...

Ата жолын қусақ 7 ата:

1. Сіләм, 2. Жұмағұл, 3. Батпақбай, 4. Тілеулі, 5. Бөшік, 6. Дуай, 7. Дондағұл.

* * *

Омар Егізбайұлының 1906 жылы өлеңмен жазып қалдырған Шежіре хатының жалғасы 1992 жылғы 25 маусымда «Семей таңы» газетінде жарық көрген. Осы Шежіре хатты ұрпағыма мирас етіп қалдыруды жөн көрдім.

ШЕЖІРЕ ХАТ

Тоғайға жол таба алмай, қонып қалсаң,
Шырағым, көп болады мал мен басың.
Ұрпағың талша бүрлеп өседі екен,

Ұйтқысы төртеуінің сен боласың.
Түстерін осылайша берді жорып,
Ел болды 4 баласы жатқан толып.
Ең көбі төртеуінің Қаракерей,
Өсіпті мал мен басы бақыт қонып.
Бай болған Қаракерей салтанатты,
Бар екен жалғыз ұлы Байторы атты.
Балаға әке сыншы дегені рас,
Бірталай бір өзінен жан тарапты.
Қамыстан қой суарып келе жатып,
Бабамыз бір жас бала тауып апты.
Болмас деп екі торының өзгелігі,
Ерторы болсын депті мұның аты.
Жігіттер, осындайлық сөз таратам,
Құдай-ау, өзің жөнде болса қатам,
Ерторыдан Қызылым деген бала,
Туады Байторыдан Мейрам атам.
Атам Мейрам, туады Байыс мұнан,
Байсиық туады екен Қызылымнан,
Атамыз Байсиықтан екі ұл туып,
Атанып семізнайман болған ұран.
Туады бес ұл, бір қыз Байыс байдан,
Тілеген адам екен бір құдайдан.
Байжігіт, Жанжігітпен туады деп,
Жазылған шежіреде Мақта апайдан.
Мәмбетқұл, Сыбан менен Сарымырза,
Алланың бергеніне бабаң ырза.
Ақымбет деп атайды төртіншісі,
Бесіншісі Шүрентай, мұны тыңда.
Болатшы, Байғана да бала болған,
Ақылы Байыс байдың дана болған.

Атшы ғып Болатшыны қасына ертіп,
Жетімге ата-анасыз пана болған.
Байыстың жеті ұлы деп аталады,
Арасын қандай адам аша алады.
Бес Байыс ағайынды жетеу болып,
Бәрі де атасынан бата алды.
Байыстың бәйбішесі Мұрын еді,
Ақылды, бес Байыстың құлыбы еді.
Кемеңгер, асыл туған ұлы анамыз,
Қадірін бүкіл найман біліп еді.
Байысқа ұйтқы болған Мұрын анам,
Сырымырза – ұлдан жалғыз бұл анадан.
Оның тегін Мұрын деп атап кеткен,
Қалжыңмен Мәмбетқұлды Қыржы атаған.
Атамыз Сарымырза Байысұлы.
Азғана әңгіме ғып жаздым мұны.
Сарымырза кіндігінен үш ұл туып,
Алланың қыдыр қонып тиген нұры.
Екеуі Жолбалай мен Бегімбетті
Бірталай сонан бері заман өтті,
Арт жағың ұшан-теңіз ел болар деп,
Атамыз мақтаушы еді Жолымбетті.
Тағдырдың кім біледі ерте-кешін,
Білгендер ақыреттің қамын жесін,
Балам деп бір жиында танып алған,
Ақнайман деп айтады ең кенжесін.
Өзінің кіндігінен 7 ұл туған,
Таусылмас айта берсем немересін,
Баласы Жолымбеттің Қыдыр Ажы,
Жаратқан соның бәрін тәңірім қазы.
Бабамыз Мырзас, Дәует – Ажығұлдан,

Қосмұрат жетеуінің болған азы.
Екеуі Раз бенен Арызбақты
Найманға жеті Жолымбет атаныпты.
Баласы Жолымбеттің Назар атам,
Қыдырдан қолын жайып, бата алыпты.
Баласы Ажығұлдың Дәует, Мырзас,
Шежіре бұрынғыдан қалған мирас.
Жазылып бірден-бірге келе жатыр,
Шындық қой, өтірік жоқ, бәрі да рас.
Таралған бұл шежіре талай елге,
Қалдырып ризамыз жазған ерге.
Атамыз Ажығұлдың немересі,
Дәуеттен туады екен Айдар, Кенже.
Бер жағын халық білер жазбасам да,
Ол үшін қалам, сауыт алмасам да,
Сөзімді көңіл қойып оқыған жан,
Дұға қыл аруақтарға анда-санда.
Жолымбеттен – Ажығұл, Мырзас атам
Ішінде толып жатыр қайғы-қапам.
Қыласың бір күн олай, бір күн былай,
Сұм дүние ойлап тұрсам, жоқ-ау опаң.
Мырзастан Қалқаман боп тараламын,
Дұшпанның қандырды алла табаларын.
Ішетін тамақ талғап ғазез басым,
Орыстың балдай қылды-ау қара нанын.
Баласы Қалқаманның би Боранбай,
Аруағы жатыр ма екен шын оянбай,
Ұлына тамам найман ұран болған,
Жалғанда жаралады кім солардай.
Аруағы Бибабамның қолдамай-ақ
Шынымен кетеміз бе бір оңалмай.

Он бес жыл үш Мырзастан өткен дәурен,
Шынымен кеткені ме бір оралмай.
Бір күнде жұрт-ақ едік жатқан шалқып,
Талай жан саялаған қаздай қалқып.
Оң істің бәрі бірдей теріске айналды,
Халықтан тоқтаған соң бақыт қайтып,
Бұрынғы Құлбай, Әбіш замандарын
Қызықты ауызбенен болмайды айтып.
Қолыма бісмілла деп алдым қалам,
Тіліме жәрдем берсін хақтағалам.
Неғылсаң әміңнен бөтен болмас,
Жаратқан 18 мың барша ғалам.
Құтқарған михнатыңнан рақым қылсаң,
Құлыңа неғылсаң да жетер панаң.
«Құмырсқа тас басқаны тәңірге аян»,
Өзіңсіз пенде аяғын баспас қадам.
Бізді айдап бұл орынға алып келген,
Татсын деп тағдырында қосқан тағам.
Бір алла өзің рақым ойламасаң,
Шығуға бір бір ғаріп, келмес шамам,
Әуелі жат айтайын тәңірім атын,
Қабыл қыл біз ғаріптің мінәжатын.
Бір алла, ләулік тәжбең нұрын құйып,
Өзіне досты қылған Мұхамметін.
Келген соң қырық жасқа пайғамбарлық,
Үйреткен үмбетіне шариғатын.
Расул 63-те дүние салған,
Қолдайды ғарасатта көп үммәтін.
Пайғамбар, патшалар, хан менен бек,
Түскен жер қайғырмайтын уайым жеп,
Сиынып пайғамбар мен әулиеге,

Жатырмын рақым айла құдайым деп.
Жігіттің абақтыда көп арманы,
Әкелген айдап мұнда хақ пәрмені.
Алланың лайық деп қосқанына,
Пенденің қолдан келер жоқ дәрмені.
Телміріп, терезеден көзім жайнап,
Кетеді елді ойласам, ішім қайнап.
Бұл орыс мұңайғанға жібермес деп,
Қатайдым хақ ісіне белім байлап.
Бәрінен ел қызғы қиын екен,
Құрбылас жүретұғын күліп, ойнап.
Халқымды қалайша мен ұмытайын,
Ажығұл құрметтеген болыс сайлап.
Зарыққан абақтыда біз ғарыптан,
Ел-жұртқа дұғай сәлем ауық-аймақ.
Құдама дұғай сәлем Райымбек,
Жеті атаң үзілмеген шын қара көк.
Тәуіржан, Сәді менен Хадишаны,
Отырар күн болар ма құдағи деп.
Құсайын қиыспаған ағам еді,
Бір жүрген күліп-ойнап, заман еді.
Сіз құрап, жимасаңыз, кім құрайды,
Мырзасты қалдырмаңыз табаға енді.
Әбішке дұғай сәлем, Рақымжан,
Келіп тұр басқа жұмыс – іс-қиыннан.
Заданы Ноқаменен ойлағанда,
Кеудеде әзер тұрар құр шыбын жан.
Қалиға дұғай сәлем Смағұлмен,
Ақ жүрек аңқылдаған қажы Сәрсекем.
Сыйласты Қасен, Құсбек бауыр еді,
Бетіме тура қарап демеген сен,

Сәлем айт Кеңесбай мен Қонысбайға,
Михнат бізге мұндай болды пайда,
Қажы үй құдай қосқан құдам еді,
Сәлем де Рақметолла, Мұқыш байға.
Сүлеймен, Жанбайменен тірі болса,
Ендігі ойлар еді ақыл-айла.
Мұндайда ерегесіп түсетұғын,
Олардай енді бізге кісі қайда?
Басың сауда, дұшпаның досыңмен тең,
Белгісі алыс-жақын осындайда.
Басқарып, ақыл ойлап қараңыздар,
Уайым мезгілі жоқ бермес пайда,
Сәлем де Ыбы менен Азамбайға,
Жақып, Сыдық, Жұмағұл, Тәкібайға,
Исатқа дұғай сәлем Оспанменен,
Тағдырда болар пенде қосқанменен.
Өздерің бүтінделіп, қыл тіршілік,
Болмайды қайғы ойлап сасқанменен.
Сәлем айт, Рақымжан, Нұрпейіске,
Жолықтық қапияда мұндай іске,
Қызығын ел мен жұрттың ойлағанда,
Кіреді түнде түгіл күндіз түске.
Сәлем де Әбділдаға Мақтайменен,
Болмаңдар алалықпен дұшпанға жем.
Мұндайда қасқайып кет одан әрі,
Болмайды қайғы ойлап сасқанменен.
Сәлем айт Ажығұлдың баласына,
Ақсақал, үлкен-кіші данасына,
Жәшем мен би Мәдіжан дұғада бол,
Жатырмыз біз Зайсанның қаласында.
Сейілхан, Есай, Құдыш қимас еді,

Қалибай ішкі баудай сырлас еді,
Сәлем айт, Тілеуберді, Қошыбайға,
Кеңесбай, Кәріпбаймен сыйлас еді.
Тапсырам баршаңызға Көрімімді,
Қырын сал көздеріңнің тым жас еді.
Екі атам Текең, Тоқан әкеммен тең,
Моллаға дұғай сәлем Семізбаймен.
Сыйласты Байбол, Сыдық бауыр еді,
Бетіме тура қарап демеген сен.
Нұрғазы ағам еді ішкі баудай,
Сыр бермес бір мінезбен жүрген аумай.
Аллаға құл көнбеске лажы не?
Пәлесін әкеп салса Алатаудай.
Әйшапам, Бақаңменен – екі анам,
Сағынып, сіздерді ойлап қапаланам,
«Үмітсіз – сайтан ісі» деген сөз бар,
Арман жоқ қайта айналып көрсем аман.

Егізбайұлы Омардың Тоқабай елінің биі, әрі шешендігі, ерлігі мен даңқы шыққан Кірпіұлы Омар қажының жазған хатына айдауда жүріп қайтарған жауап хаты:

Ассалаумағалейкум, Адас хажы!
Құлына неғылса да тәңірім қазы.
Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат деп,
Іниңнің осылайша айтар назы.
Омеке, Сарыарқадай жер жоқ екен,
Найманда Жолымбеттей ел жоқ екен.
Басқа елде қанша құрмет көрсеңдағы,
Дариға-ай, өз еліңе тең жоқ екен.
Бұл ел де өз еліңдей болдық деп нақ,
Тік тұрып үлкен-кіші құрметтеп-ақ,
Ой, жалған туған елдей қайдан болсын,

Астыңа орнатса да алтыннан тақ.
Мүбәрәк қолыңызбен жазған хатты,
Оқыдым Атбасарда почтадан ап.
Қалам ап хат жазайын ақ қағазға,
Ағамыз қажы Омар ер сабазға,
Тілегі мағыпердің қабыл дейді,
Дұғадан тастамаңыз әр намазда,
Ғаріптік сапардағы Омар атым,
Қабыл боп тисін қолға жазған хатым.
Атағың жастай шыққан ағам едің,
Бір туған Жолымбетте асыл затым.

Бастырушыдан ескерту: Шежіре хатты көшіру барысында шумақтарында қате кетіп, деректік мазмұнына әсері болған. Мысалы, «Туады Тоқсұлудан Төлегетай, Жігіттер үлкендерден естісеңіз. Баласы Белгібайдың Төлегетай, Айтады туады деп одан Қытай» деген жерінде қате бар. Сондықтан бұл шумақтың: «Тоқсұлудан – Сүгірше біздің ата, Жігіттер, үлкендерден естісеңіз. Сүгіршенің баласы Төлегетай, Айтады туады деп одан Қытай», - деп дұрыс оқылуын сұраймыз.

АҒА ҰРПАҚТАН ӨНЕГЕ

А. Ислямов – В.И. Ленин атындағы орта мектептің директоры,
КСРО Халық ағарту ісінің үздігі

Өткеннен бір эпизод: домбыра оркестрін ұйымдастырып, Ақжардың сахнасына 40 бала шығарғанда атқару комитетінің председателі Ы.Қайназаров толқып сөйлеп құттықтаған еді. Сол оркестрдің құрамында кейін консерваторияны бітіріп келіп, мәдениет бөлімінде меңгеруші болған С.Сәбиев, Покровқа орта мектебінің мұғалімі М.Мұхамадиев болған еді.

Ал өлкетану жөнінде бірер ауыз сөз. Жазғы каникулда 1961 ж. Ақжар – Маңырақ – Шілікті – Кергентас маршруты бойынша 7 күндік саяхатқа

шықтық. Құрамында 24 адам, 7-8 кластың оқушысы, фотограф, мұғалім марқұм Дүйсекенов Қанағат бар еді. Балалардың қабілетіне қарай зерттеушілік топқа бөліп, саяхатта болдық. Азық-түлік, басқалқа шатыр, басқа керек-жарақтарды бір ат-арбамен алып жүріп, күніне орта есеппен арнаулы маршрут бойынша 20-25 км жылжып, қонып отырдық. Осы жолғы саяхатта көп материалдар жинадық. Көп жерлердің қажеттісін суретке түсірдік. Осы бойынша жасаған үш альбом Республика бойынша өткен өлкетану конференциясына апарылды. Соңынан музейге алынып, қайтарылмады. Амал не, тәжірибесіздіктен оның екінші данасын сақтау есте болмай, қазір менде кейбір жұрнақтары. Маңырақ тауының геологиялық разъездері, Кергентас, Жажеңнің мавзолейі және кейбір топонимикалық анықтамалар бар. Осы жолғы саяхатта 24 баланың ішінде өзінің төзімділігі, батыл жүректігі мен көзге түскен Б.Сайханов бүгін еркін күрестен бірнеше дүркін республика чемпионы, бүкілодақтық жарыстың жеңімпазы, спорт мастері болады деп ойламаған едім.

Кейін саяхат материалдары бойынша жаңа оқу жылында өлкетану үйірмесінің жұмысынан жалпы мектептік география кешін өткіздік. Пәнге, өлкетануға қызығушылар көбейе бастады. Құрамына мектептің сол кездегі қиын деген оқушыларын да тарттық. Солармен педагогикалық жұмыс жүргізіп, жақсылар қатарына да қосып жүрген кездер де есімде. Олар бізді оқытқан, тәрбиелеген ұстаз деп құрметтеп, жол беріп, сый көрсетеді, сол кезде шынайы ұстаздықтан ләззат алып, ары қарай тынымсыз еңбек еткің келе береді.

Мысалы, қазіргі аудандық АТП-ның бастығы, жоғары білімді, білікті инженер Ботаханов Болаттың, агропром бастығы, инженер Нұғыманов Баяш соларды бүгінгі биікке жеткізген дер кезіндегі педагогикалық тәрбие мен семьяның ынтымақты ортақ мүдделілігі демей не дейсің.

Осыған жалғас бір ой – біз қандай баламен болсын уақытпен санаспай жұмыс істеуге әзір тұратынбыз. Оқушының алдында өзіміздің әділ адамгершілікті, дұрыс талапты мойындатып, оның кез келген теріс балалық қылықтарына баға бермей, шектемей қоймайтынбыз. Олардың

да еркін пікірімен санасып отырдық. Сондығынан ба мектеп ауласы түгіл мектептен сырт жерде де олар бізге ерекше тағылым етіп тұратын. Біз де әділдік, сыпайылық білдіріп, өзіміздің әрбір сөзіміз, іс-қимылымызды ұстаздық этикада ұстауға тырысатынбыз.

Жалпы ол кездегі оқушылардың білімге, білуге құштарлығы, жақсыға еліктеушілігі бүгінгі жастардан әлдеқайда жоғарылығымен байқалатын.

Сонда екі алған оқушы оны жойғанға дейін мазасызданып, қосымша сабақтан, консультациядан қалмайтын. Бүгін мұндай оқушының басым көпшілігіне екіде, үште бірдей сияқты, оқуға ынта төмен. Оның басты себебі жаппай 10 жылдық білім беру міндеттілігіндегі формализм, кейбір мұғалімдердің дипломды жеңіл-желпі алып, өз ісіне жауапсыз қарауынан, мұғалімдік іске сәтсіз келуінен, жанұяның, тұрмыс жағдайының жақсарып, оқыған мен оқымағанның теңеле бастауынан, ата-ана, жұртшылықтың өз баласының білімдік, тәрбиелігіне жауапкершілікпен қарамаушылығынан ғой деп ойлаймын.

Сондай-ақ X-XI бесжылдық барысында ғылыми-техникалық прогрестің дүниежүзілік деңгейінің жоғарылауы, жан-жақты информацияның өсуіне сәйкес оқыту ісінде программа, оқулық артта қалды деген желеумен оқу программасы, оқулықтар жаңартылып, қабылдауы орташа баланың игеру мүмкіндігінен әлдеқайда жоғарылатылып, ауырлатылып жіберілді. Мұның өзі оқушының басым көбінің қабылдау мүмкіндігінен асып түсетін оқу, еңбегіне сенімсіздікпен қарауға әкеліп соқты. Сонымен қоса мұғалімдердің басым көпшілігі, класс жетекшілері педагогикалық дидактикалық негізде мұны реттеп отырған жоқ. Осының бәрі сайып келгенде оқушының білім алуға селқос қарауына әкеп соқтырды. Бүгінгі мектеп реформасы осы тұрғыда әділ баға беріп, оқулықтар мен оқу программасын жеңілдету, қайта шығаруды қолға алуы өмірлік қажеттілік.

Партиямыздың болашақ ұрпаққа зор үміт артуына сәйкес бүгін қоғамдық ұйымдардың жауапкершілігін арттыру, партия, совет, шаруашылық органдарының жұмысында жастар тәрбиесіне ерекше мән,

мағына беру көзделіп келеді.

Алайда, жергілікті жерде іске аспай, сөз жүзіндегі талаптардың нәтижесі өз мәнінде орындалмай, мектепке үлкен ауыртпашылық түсіріп отыр. Кейбір коммунист басшылар да ұрпақ тәрбиесіне коммунистік биіктіктен қарамай, бюрократтық менмендікте болып, өздерінің баладан өскенін, солардан ертең кімдер тәрбиелеу керектігіне мән бере бермейді. Бүгінгі партиямыздың қайта құру саясатына жас ұрпақ тәрбиесіндегі бір кедергі осы.

Мектеп, жанұя, жұртшылық, партия, совет шаруашылық органдарының бірлігінде тәрбиеге көнбейтін жастардың болуы мүмкін емес.

Мұғалімдік, мектеп басшылығы ісінде қызықты, қуанышты жағдайлар да, ренішті мазасыз, ұйқысыз түндер де болды. Қуанышты күндерімнің бірін айтсам, ізденумен педагогтік тәсілдің жемісін көріп, өзіме-өзім риза болып, «тәрбиеге көнбейді дегендердің тілін кесер едім» деген ұлы Абайдың кемеңгерлігін еске түсіре отырып, қабілет пен білгірлікті еңбекпен іздене беру керектігіне көзім жетті.

1952 ж. мұғалімдер институтын бітіріп келгенімде інім Жұмағұлов Тоқан, Құрманғалиев Совет 6-класта оқитын (класс жетекшісі Ю.Жилкин), олар 1-ші тоқсанда 6-7 және 2-ші тоқсанда 4-5 сабақтардан үлгермеді. Мен оқуда жүргенде 4-ші, 5-ші кластардан әрең көшті. Класс жетекшілері әкесіне, апайға мінез-құлқы оқушылар ережесіне сай келмейтіні жөнінде сан әңгіме өткізіп жүреді екен. Амал не, жалғыздығы, еркелігі басым, еркімен жүретін Тоқан өз кластарының ішінде нашарлардың бірі болған. Соның жанұя тәрбиесіндегі өкінішті бұл жайды өзім зерттеп, қолға алып, жан-жақты бақылау мен педагогтік ықпалға алдым. Оның класын 7 «б»-дан 7 «а»-ға ауыстырдым. Бірге жүрген пікірлес достарынан бөлдім. Үздіксіз бақылау мен тәрбиелік, тәлімдік көмек пен қамқорлық оны Абай орта мектебін шынайы 4 пен 5-ке, үлгілі мінез-құлықпен бітіруге, қосымша дарынды әнші, домбырашы болып шығуға жеткізді.

Ол Семейдің зоовет институтының екі факультетін қатар бітіріп, қос

дипломға ие болды. Соңынан осы салада үздік еңбек етті. Зоовет институтының оқу, шаруашылық жөніндегі директоры, совхоз парткомы, Шар ауданы партия комитетінің секретары, Көкпекті ауданының агропром бастығына дейін көтерілген, коммунист, «Еңбектегі үздігі үшін медалі» бар. Бүгінде Белтерек совхозында директор, жеті бала тәрбиелеп, үлгілі шаңырақ иесі атанды.

Біз ұстаздық еткенде өзімізден тәрбие алғандардың азамат, таза патриот болуын көріп, еңбегімізден ләззат алып, өмірге ризалықпен қарап, жасаңғыраймыз. Өмірде адамға тәрбие беруден артық құдіретті күш жоқ деп есептегенмен, өз балаларымды ұстаздыққа бағдарлау және олардың өмірлік серіктерінің ұстаз болуын қалауымның сыры да осында. «Кімнің санасына не ұяласа, ол соны көксейді». Көксеген істі көктетіп, жемісінен ләззат алу үшін іздену, оған еңбек жолында жолшыбай кедергілерден өте білу іскерлігі қажет.

Қазіргі жас мұғалімдерге осыны уағыздар едім. Оларға менің еңбек жолымдағы сәтті, қуанышты жағдайларымды сыйлар едім.

Қазіргі жас мұғалімдерге бізден артық жұмыс істеуге мүмкіндіктер біздің кезіміздегіден әлдеқайда мол, талап та зор. Үйрену, көру, оқу тұрмыс жайлары да сай бола бастағанына қуаныш сезіммен қарайсың. Бұның бәрі партия мен үкіметіміздің әділ қамқорлығы. Осыны көтере біліп, қоғамға борышты сезімде болу керек.

Менің бүгінгі 60-қа келіп, ойланып-толғанып отырғандағы бір жайым, 4 жаста шешеден, 12 жаста әкеден айырылған балалықта, ата-ананың мейірімінің не екенін білмеген, мектепте білімді, бір ұстаздан тәрбие алмағаннан, одан кейінгі Ұлы Отан соғысының тылдағы ауыртпашылығы кезіндегі өткен білімсіз, тәрбиесіз, босқа пайдасыз 13-тен 17-ге дейінгі қайран жастықтың бос өтуіне өкініштімін.

Соғыстан кейінгі тапшылықтан ізденіп Семейге педучилищеде, карточкалы жүйеде 3 жыл қиыншылыққа төзіп, жолсыздықта оқу, білім алу, ұстаз болу үшін елді, жерді де ұмыту қайсарлығы мені бүгінгі бақытқа жеткізгені, біздің қоғамның әділдігі, коммунистік партияның

адамзатқа гуманистік қамқорлығы екенін паш етуге тиістіміз.

Ұрпақтарда да осындай ниет, пиғыл қалыптасса игі еді деген тілеудемін.

Ал жастар арасындағы тәрбиені жақсарту үшін ұсыныс, пікір айтуға келетін болсақ, педагогика, советтік дидактика, осыған дейінгі методика саласындағы ұлы педагогтердің, тіпті соңғы Сухомлинскийдің, басқаны былай қойып, әр ауданның өзінің өнегелі, білімді ұстаздық жолға сәтті келген ұстаздардың іс-тәжірибесін, тәлімдік істерін зерттеп, үйреніп, өз қызметіне пайдалана білсе, ұрпақ тәрбиесінде шұғыл бетбұрыс, игі жақсылықтар көбейер еді.

Мәселен, еңбек сүйгіштік өз еңбегінді, намыс пен борыштылықты ақ-ожданымен өлшеп, азаматтықпен атқаруда деп түсінемін.

Бізде мұғалімдікті күн көрістің қамы ретінде ғана пайдалану, басқа ештеңеге қабілет мүмкіндігі жоқтан келген педагогтік оқу орындарында талап төмен. Тоқырау кезінде сырттай оқып, орташа бітірген мұғалімдер өздерінің стажын сатып, өмірмен өзектесіп жұмыс істемейтіндер аз ба?

Ұстаз деген жоғары атқа кір келтіріп, оның беделіне нұқсан келтіретін, оқушы жүрегінің кілтін таба білмейтін, білімі таяз, оқушы жиіркеніп қарайтындардан мектепті біртіндеп тазартып, жүрегінің жылуын балаға сыйлайтын, кластағы 30-40 балаға бірдей қарайтын біліктілермен толықтыруға күш салу керек.

Адам факторы тәрбие ісінде бірінші орында ұстаздарды мадақтау, жазалаудағы осыған дейінгі болып келген әділетсіздіктердің жойылуы керек.

Осыған дейінгі өмірдегі белгілі ұсыныстардың іс жүзінде жүзеге асуына жеткізуге күш салу қажет. КПСС Орталық Комитетінің 1988 жылғы февраль Пленумында атап көрсетілгендей, тәрбие ісінде жергілікті партия, Совет, шаруашылық органдары жас ұрпақ тәрбиесіне сөз жүзіндегі қамқоршы емес, іс жүзінде қамқоршы болуға жеткізсек шұғыл жақсылықтар байқалатындығы өмір тәжірибесінен көрініп отыр.

Бүгінге дейін өз баласының оқу, тәрбиелілігінің төмендігі жөнінде

жеке еңбеккерді ата-ана ретінде Конституциялық талап деңгейінде көпшілік талқысына немесе басқа шара қолданып жатқан партком, селолық Совет, кәсіподақ комитеті, шаруашылық мекеме басшыларын кезіктіру некенсаяқтылығы қынжылтады.

Жас ұрпаққа коммунистік биіктіктен қарау – әр басшының патриоттық борышы. Осыған жету – басты проблеманың бірі. Мұнда көп сыр, үлкен ықпалды күш жатыр. Ұсыныс та, пікір де айту оңай, бәрінен де әр ұстаз өз ортасын біліп, өз мамандығын шыңдап, абыройлы, намысты еңбекке жұмылса, еңбегі жемісті, халқына абыройлы болуы хақ.

«Өмірдің қыры мен сыры қанша күрделі болса, жас ұрпақ тәрбиесінің қыры мен сыры да соншалық күрделі».

Біз тындыра алмаған жаңалық, жақсылықты заманның өрлеу, өсу биігінен болашақ ұрпақ тыңдырады деген үмітпен қараймыз. «Мұғалім – зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» - деп К.Д. Ушинский айтқандай осы атқа сай болайық!

Бағында өскен бәйтерек,
Күтімін тапса солмайды.
Арманы биік асыл ер,
Ұрпақтың қамын ойлайды.

Мұңайма көңілім мұңайма,
Сабыр ет енді жүрегім.
Бір күні сен де тоқтайсың,
Оны да кәміл білемін.

Бас имей жүрген тағдырға,
Дертті жанның бірі едім.
Адам боп келдім өмірге,
Адам боп кетсем деп едім
Бәріңе соны тіледім, -

деп ақын айтқандай, біздің ісімізді жалғастырушы қазіргі жас ұстаздар мен ұрпақтарға сенемін.

* * *

Ғасырлар қойнауында өзінің ерекше қасиеттерімен әр кезде бүкіл елге танылып, өмірлері өнеге болған асыл перзенттерді дүниеге келтірген Жетіарал топырағы қашан да киелі, құдіретті.

Әр адамның өмірге алғаш басқан қадамына жол сілтеп, білім нәрімен сусындатар шаңырағы – мектеп десек, қателеспейміз. Бір адамның саналы да, өнегелі ғұмыры іспеттес болған жетпіс жылда Жетіарал ауылындағы мектебімізде талай ұлағатты ұстаздардың ізі қалып, қаншама жас түлек қанаттанып ұшқаны анық. Ендеше, тарихтың алтын параққа толы беттерін айқара ашып, мектеп шежіресіне цифрлар мен нақты деректер көзімен үңіліп қарасақ, оның бастауы 70 жылдан да астам әріде жатқандығының куәсі боламыз.

Қазақ халқының көрнекті ақын-жазушысы С.Торайғыровтың ұйымдастыруымен қазақ балаларының сауатын ашу үшін «Прәмилә» (Правление) деген шағын ауылда мектеп ашылды. Бұл мектептің ерекшелігі сол, ол алғашқы болып, ғылыми пәндерді оқытқан еді. Осы мектептен Шомбин Смағзам, Масалимов Мырзағұмар, Тақанов Сапаұлы Бәкіш, Құрбанқажыұлы Қыдырмолда, Молдасадық, Мырзасадық дәріс алды.

Шомбин Смағзам 1920 ж. Зайсаннан ашылған мұғалімдер дайындайтын 6 айлық курста оқып, 1920 ж. қыркүйекте Терісайрық болысында ұйымдастырылған бастауыш класта ұстаздық өтеді. Мектепте жас ерекшеліктері әр түрлі 40-тай бала оқиды.

1920-1922 жж. мектеп бұрынғы орнынан ауысып, Қарашоқыдағы Тайбаққан қыстауына ауысады. Осы оқу жылында қыз балаларды оқуға тарта бастайды, алайда діншіл ақсақалдар мен кулақтар тобы бұған қарсы шығады да, бұл іс аяқталмай қалады.

1922-1923 оқу жылында Тайбаққаннан «Прәмиләға» көшірілді. Терісайрық бастауыш мектебі деген ат қалды. Қиыншылыққа қарамастан жастар арасында жұмыс кеңінен жүргізілді, пионер ұйымы негізделіп, комсомол топтары (ячейкалары) құрылды. Мектепте 50-ге

тарта бала оқыды.

1923-1924 оқу жылында 5 ауыл мектебіне С.Шомбин өз үйін береді. Содан 1928 жылға дейін сауатсыздықты жою және оқушыларды мектепке тарту істерінде айтарлықтай табысқа жетіп, тұрақты жұмыс істеледі.

1928 ж. ауданымыздың іргелі ел болып, жеке аудан болып құрылғаны анық. Міне, осы кезде аудандық атқару комитетінің жанындағы халық ағарту ісінің инспекторы Сәрсенов Юсупхан (Нәсіпхан) деген азамат Мойынсерікке мектеп ашуға көмектеседі.

1928 ж. осы ауыл орналасқан жерде мектеп пайдалануға беріледі. Мектепте екі класс бөлмесі, бір шағын мұғалімдер бөлмесі болды. Мектепке парта, тақта, стол, есеп шоты, орындық, бір шкаф, кітап, дәптер сияқты жиһаздар әкелінді.

Мұнда Қалижар Құрмашов деген азамат ұстаздық етті.

ВКП /б/ Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша 1930 ж. «Мойынсерік» іріленіп, колхоз болып ұйымдаса бастады.

КӨҢІЛДЕ ЖҮРГЕН ОЙЛАР

Бүгінгі мұғалім, бүгінгі мектеп басшысы қандай болуы керек? Бұл – мектеп ісін қайта құру барысында туған сұрақ. Ұстаз – ең қымбат атау. Ал, біздер, жас ұрпақ тәрбиесімен айналасып жүрген халық ағарту саласының қызметкерлері, бәріміз осы қастерлі атқа саймыз ба? Бүгінгі қайта құру, дүниеге батыл да сергек көзбен қарау, жаңаша ойлау кезеңінде әр мұғалім өзіне сын көзбен қарауға тиіс.

Әрине, ұстаздардың бәрін бір деңгейге қоюға болмайды. Оларды білімдарлығы, мәдениеттілігі, іскерлігі және басқа да қасиеттері бойынша классификациялауға да болмас. Дегенмен, бүгінгі мұғалім рухани байлығы мен педагогикалық ойлау шеберлігі, мәдениеттілігі жағынан барлық мамандық иелерінен жоғары тұруға тиіс. Нағыз ұстаз атану осы жолға түскендердің көпшілігінің қолынан келетіндігіне мектеп басшысы ретіндегі көп жылғы тәжірибемнен байқап жүрмін.

Жалпы білім беретін және кәсіптік-техникалық мектеп реформасының өмірге келгеніне төрт жыл өтті. Бұл аз мерзім емес. Бірақ мектеп ісі әлі тоқырау кезеңі зардабынан толық арыла қойған жоқ. Оның басты себебі халыққа білім беру ісін ұйымдастырушылардың кәсіби даярлықтарының реформа талабына сай еместігінде дер едім. Педагогикалық ұжымдар ішінде адамгершіліктің қарапайым нормаларын сақтай алмай жүргендер аз ба? Бірлі-жарым осындай мұғалімдердің кесірі баршамызға тиеді. Ұстаз қауымы бүгінгі революциялық сипаттағы қайта құруда басты тұлғаға айналса, жас ұрпақтың оқуы мен тәрбиесінде оңды өзгерістер болары даусыз.

Халыққа білім беру ісін қайта құруда мектеп директорына үлкен міндет жүктеледі. Бүгінгі директор ұстаздардың ұстазы, оқушылардың ұйымдастырушысы, жақсы методист, сезімтал психолог та болуға тиіс. Мектептің басқару теориясын өз жағдайында үйлесімді меңгерген директор ғана педагогикалық ұжымға жақсы басшы бола алады.

Алайда, басқару теориясын жете білмеген көптеген мектеп басшыларында өзім білем деушілік, әкімшілдік стиль басым. Өйткені аудан және облыс көлемінде мектеп директорларының іс-тәжірибелері зерттелмейді, оларға практикалық көмек ұйымдастыру ісі ешкімді қанағаттандырмайды. Рас, республика көлемінде мектеп басшыларының бес жылда бір-екі айлық курсы өтеді. Бірақ бұл жеткіліксіз. Осы орайда облыстық халыққа білім беру басқармасы мен облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты алматылықтар тәжірибесіне назар салса, жөн болар дегім келеді. Бұл облыста әр ауданда екі-үш айда бір мектеп директорларының семинары өткізіліп тұрады. Ал ол семинарлар көрмелік емес, теориялық-практикалық сипат алуға тиіс. Мәселен, «Сабақ бүгінгі ағарту жүйесінің негізі», «Мектеп ісін, оқу-тәрбие процесін демократияландыру», «Мектеп басшылығындағы демократияландырудың қоғамдық ұйымдармен біртұтастығы», «Мұғалімдердің педагогикалық шеберліктерін жоспарлы жетілдіру» деген сияқты тақырыптық семинарлардың біздерге, мектеп

директорларына пайдасы зор болар еді.

Егер мұғалімде педагогикалық қабілет болмаса, ол өмірдің талабынан, оқушының талғамынан шықпаса, онда оның барлық нашар қасиеттері шәкірттің ойында, бойында кетеді. Ал, егер мұғалім шын мәніндегі ұстаз болса, түлектері оның жақсы істерін жалғастырады. Әр мұғалімнің оқушы алдындағы зор беделге ие болуы істің барлық түйінін шешеді, ал бедел өздігінен келмейді. Шәкірт жүрегін парасаттылықпен баурап алған мұғалімнің сабағын, тәрбиесін қабылдамайтын оқушы болмайды.

Мен өзім отыз сегіз жыл ұстаздық етемін. Оның біраз жылы мектеп директорымын. Біздің жанұядан тоғыз педагог шықты. Мұны мақтаныш етемін. Ұзақ жылғы ұстаздық жолда кімнің де болсын көңілге түйген ойлары болады. Мені мұғалім беделі ерекше толғандырады. Сондықтан да азды-көпті ой-түйіндерімді ортаға салып отырмын.

ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ

Оқушыларға кәсіптік бағдар, еңбек тәрбиесін берудің жолдары көп. Соның бірі – еңбек сабағы, екіншісі – сабақтан тыс қоғамдық еңбек.

Бізде қол еңбегі кабинеті ұйымдастырылды. Ол қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ал 4-8 класс оқушылары үшін үй шаруасы еңбегі кабинеті және шеберхана жұмыс істейді. Бұл кабинеттер де мүмкіндігінше жабдықталған.

9-класс оқушыларына «Мал шаруашылығының негіздері» оқытылатын болса, 10-класс оқушылары «Қой шаруашылығы фермаларын механикаландыру» курсын аяқтап, аттестатпен бірге малшы-механизатор мамандығына ие болады.

Білім мен тәрбиенің сапасын арттыруда оқушыларға кәсіптік бағдар беруге арналған кабинет 1978 жылдан бері жұмыс істеуде. Кабинетті жабдықтауда тақырыптық стенділер, альбомдар маңызды орын алады. Мамандық туралы кітапшалар, кәсіптік-техникалық училище жөніндегі мәліметтер, жоғары және арнаулы орта оқу орындарына қабылдау

шарттары, 8 және 10-кластар оқушыларының «Кім болам?» атты анкеталық сұрақтарға жауаптары, әр түрлі стенділер, тәрбие сағаттары, сабақтан тыс жұмыстардың материалдары, Ақжар орта кәсіптік-техникалық училище өмірін бейнелейтін фото-стенд пен мәліметтер, альбомдар, буклеттер, түрлі материалдар жинақталған.

Кабинет техникалық құралмен жарақталған: кинопроектор, телевизор, магнитафондар бар.

Мектептің әкімшілігі мен партия ұйымы КПСС Орталық Комитетінің май (1982 ж.) Пленумының қаулысынан кейін мұғалімдер мен оқушыларды азық-түлік программасын орындауға қатыстыру туралы шешім қабылдап, жоспар жасады.

Өткен оқу жылында мектеп бітіруші 82 түлектің ішінен қырқы өз тілектері бойынша туған ауылда еңбек етуге қалды. Совхоздағы «Тау гүлі» атты комсомол-жастар шопандар бригадасы жылма-жыл мектеп бітірушілермен толықтырылып отырды. Бригада 1982-1983 жж. мал қыстату науқаны кезінде бекітіліп берілген мал басын аман сақтап, аудан комсомол-жастар шопандар бригадасының алды болып келеді.

Өткен жылы төл алу кезінде әр жүз саулықтан 102 қозы алуға қол жеткізсе, биыл 105-тен қозы алды. Бұл ретте 11 бесжылдықтың озаты, ВЛКСМ мүшесі, селолық Советтің депутаты, мектептің 1973 жылғы түлегі М.Садуақасов көзге түсіп келеді.

Екінші шопандар бригадасының аты «Бәйтерек». Оның мүшелері әке таяғын ұстаушылар ағайынды Қажыновтар – Төкен, Асан, Үсен және Айгүл. Бригаданың тәлімгері, «Құрмет Белгісі» орденінің кавалері, коммунист, озат шопан – Қажынов Қанағат.

Оқушылардың өндірістік бригадасы – балалар үшін шыныгу мектебі, еңбек сүйгіштікке, ұйымшылдыққа, ұқыптылық пен тиянақтылыққа тәрбиелейтін орта. Жазғы каникул кезінде оқушылар мектеп пен ауылды көгалдандыру, құрылыс жұмыстарына белсенді қатысуға баулынады.

Жазғы каникул кезінде құрамында 25 оқушысы бар «Балауса» атты өндірістік бригада 20 га картоп, көкөніс күтіп баптады. Әдетте өндірістік

бригадаға 8-9 кластар оқушылары қамтылып, совхоз әкімшілігімен жасалған шарт бойынша жұмыс істейді. Өткен жылы осындай 24 оқушы мал азығын дайындайтын звеноларға бөлініп, 471 т шөп жинап, тасыды.

Алғашқы қоңырау мерекесі күні совхоз директоры бригада жетекшілері Мықиянова мен Малғаждароваларға алғыс айтып және жақсы еңбек еткен оқушыларға бағалы сыйлықтар тапсырды. 6-9 кластар оқушыларының отыз бесі, яғни шопан, малшының балалары мал бағуға қолғабыс тигізді. Мал азығын дайындаушы оқушылар маусым-тамыз айларында еңбек етті. Тоғызыншы кластар төл қабылдау жұмысы кезінде шопандарға көмек көрсетті. Олар жылма-жыл төлдерді күтіп-баптауға қатысып келеді.

Биылғы жылы 90-100 төл қабылдап, күтіп-бағуда ерекше көзге түскен оқушылар мадақталды.

КСРО Оқу министрлігінің шәкірттерді өздеріне өздері қызмет көрсету жөніндегі нұсқауларына сәйкес, оқушылар шамасы келетін түрлі қоғамдық пайдалы істермен шұғылданады. Мектептің айналасына жүздеген түп сәндік және алма ағашы, гүлзарлар, өсіріледі, тәжірибе учаскелерінде жұмыс істелінеді.

Жоғары кластардың оқушыларынан құрылған бригада мектептің жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Мысалы, олар 1975 ж. 100 шаршы м шеберхана, 1978 ж. облыстық ағарту бөлімдерінің материалдық көмегімен мектеп кітапханасының құрылысын тегін салып берді. 1980 ж. ГТО комплексі алаңы салынып, барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді.

1982 ж. ұзындығы 25 м, құны 8500 сомдық атыс тирі салынып, пайдалануға берілді. Мұнымен қатар 1983 ж. диорама жасалды. Жоғарыдағы аталған қосымша құрылыстар ешқандай қаржысыз, оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегі негізінде жасалды.

Еңбек ардагерлері және озаттарымен кездесулер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, класс жетекші А.Баяхметова өткізген «Мамандықтың бәрі жақсы» атты тәрбие сағатына түрлі мамандық иелері, кәсіптік-

техникалық училищенің алғашқы түлектерінің бірі, мал дәрігері Е.Кешубаев қатысып, оқушыларға өз мамандығының қыры мен сырын түсіндірді.

Қабжапарованың «Еңбек адамын қадірлей біл» атты тәрбие сағатына механизатор А.Түсіпов, Д.Шаяхметованың «Еңбек адамды көркейтеді, даңққа бөлейді» атты тәрбие сағатына еңбек ардагері С.Қуанышбаев, озат механизатор М.Дәкеновтер қатысса, жуықта ғана өткізілген Р.Елеусізованың «Нанды қадірлейік» тәрбие сағатына бұрынғы колхоз председателінің бірі, қарт коммунист Н.Ысмағұлова қатысып, оқушыларға сол кездегі жағдайды айта келіп, қазіргі бейбіт өмірдегі молшылыққа ұқыптылықпен қарауға, еңбек адамдарын қадірлей білуге шақырды.

Ленин атындағы орта мектеп ұжымы партия мен үкіметіміздің қамқорлығына іспен жауап беріп келеді. Алдағы уақытта жұмыс сапасын жақсарта түспекпіз.

ОҚУ МЕН ЕҢБЕККЕ БАУЛУДАМЫЗ

В.И.Ленин атындағы орта мектептің педагогикалық ұжымы оқушыларды еңбекке баулу, оларға кәсіптік бағдар беру жолында біршама істерді жүзеге асырып келеді. «Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында» көрсетілген істерді орындаудың бесжылдық жоспары жасалып, ата-ана, жұртшылық алдындағы міндеттері белгіленді.

Жетілдірілген бағдарлама міндеттерін сабақ үрдісінде қолдану өз жемісін берді. 1983-84 оқу жылында мектепке тартылған 790 оқушының жыл қорытындысында толық үлгіріміне жетістік. 89 оқу үздігі, 155 оқушы екпінділер қатарына қосылды, білім сапасы 34 пайызға өсті. 10-класс бітірген 74 оқушыға кәмелеттік аттестат тапсырылды. Олардың 24-і жергілікті шаруашылықта еңбек ресурсын толықтыруға тілек білдірді.

Мектеп ұжымы бесінші еңбек тоқсанына да жоспарлы әзірленген еді. Қазір алты бригада жұмыс істеді. Оның біріншісі оқытушы Қиялбаевтың

басшылығымен бес мұғалім, он оқушы мектеп жанынан 40 орындық жатақхана салумен шұғылданды. Құрылыс жұмысын 25-тамызға дейін аяқтау белгіленіп отыр. Күрделі құрылысқа қажетті 25 мың кірпішті мектеп оқушылар бригадасы дайындады. Ал екінші құрылған бригада совхозға 18 мың кірпіш құйып көмектесті. Одан түскен 725 сом қаржы мектеп жылу жүйесі мен оқу шеберханасының қажеттілігіне жұмсалатын болды.

Оқушылардың үшінші өндірістік бригадасы – жас жеткіншектерді еңбекке тәрбиелеудің үлкен мектебі. Құрамында 35 оқушысы бар комплексті бригада екі звеноға бөлініп жұмыс істеді. Биология пәнінің мұғалімі М.Ибраев жолдастың басқаруындағы 18 оқушыға 50 га жүгері, 15 га бау-бақшаны күтіп-баптау тапсырылды. Ал оқытушы Латыпов, Ахметов жолдастар басқарған мал азығын дайындау звеносы көпжылдық шөпті суару, сүрлем салу науқанына қатысты. Күні бүгінге дейін мектеп ұжымы 30 т шөпті қолмен шауып, совхозға өткізді.

Мектеп ауласындағы тәжірибе алаңында оқушылардың төрт звеносы жұмыс істеді. Бұл алаңды кеңейту, оны биология пәнінің жаздық лабораториясына айналдырудың кең көлемді жоспары жасалды. Болашақ алаңның көлемі бір гектарға жеткізіліп, онда бақ, мәдени бау-бақша, систематикалық және бастауыш кластар және оқушылардың практикалық сабақ өткізілетін бөлімдері болмақ.

Мектеп ұжымы жаңа оқу жылына оқушыларды қабылдауға әзір. Класс бөлмелері мен кабинеттерін жөндеу жұмыстары 18 шілдеде аяқталды. Совхоздан мектепке материалдық көмек ретінде бөлінген 3500 сомға оқу кабинеттеріне жабдық алдырылып қойылды.

Мектеп реформасын жүзеге асырудың ең басты міндеттерінің бірі материалдық базаны жетілдіру болып табылады. Бұл орайда жергілікті қоғамдық ұйымдардың нақты көмегінің бар екенін айтуға тиістіміз. 1986-1990 жж. аралығында 310 орындық типті жобадағы мектептің қосымша ғимараты салыну межеленіп отыр. Мұның өзі оқушылардың бір сменада оқып, оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты жетілдіруге мол мүмкіншіліктер

жасайтыны сөзсіз. Оқушыларға еңбек тәрбиесін беруде мектеп пен совхоз дирекциясы арасындағы байланыс жақсара түсті.

Қорыта айтқанда, педагогикалық ұжым іс-тәжірибені одан әрі жетілдіре отырып, мектеп реформасындағы жас жеткіншектерге берілген білім және еңбек тәрбиесін жаңа сатыға көтеру жолында барлық іскерлігін жұмылдыра береді.

БЕЙБІТ АСПАНДЫ БҰЛТ ШАЛМАСЫН

Бүгінгі таңда жанталаса қарулануға жол бермеу, ядролық апатты ауыздықтауға ұмтылу жер бетіндегі әрбір парасатты адамның абзал борышына айналып отыр. Ал өзім ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беруде өнегелі еңбек ете жүріп, В.И.Ленин атындағы орта мектебінің педагогикалық ұжымын басқарып келдім.

Ұстаздық және басшылық еңбегім лайықты бағаланып, кезінде «КСРО Халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогымен наградталған едім. Ал енді жақында Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беруде сіңірген еңбегім үшін «ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағына ие болып, зор қуанышқа кенелдім. Менің айтайын дегенім бұл емес еді. Жуықта баспасөз бетінде жарық көрген КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ю.В.Андроповтың мәлімдемесі мені де толғандырып отырғанын айтпақ едім.

Мәлімдемеде халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің нақтылы жолдары баян етілген. Стратегиялық қару-жарақты шектеу мен қысқарту жөнінде американ жағының сөзбұйдалыққа салып келе жатқанын сынай келіп, Ю.В.Андропов мәлімдемесінде: «... біз халықты жаппай қырып-жоятын қаруды жарыса өндіріп, жарыса жинақтауға принципті түрде қарсымыз. Бұл біздің жолымыз емес», - деп мейлінше айқын атап көрсетті. Совет Одағы шын мәнінде әскери басымдыққа жетуге ұмтылып отырған жоқ. Иә, бүгінгі желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпақты

тәрбиелей жүріп, оның болашағы бақытты, аспаны бұлтсыз болса екен дейміз. Бұл – мен сияқты әрбір адамның шын жүректен шыққан тілегі ғана емес, қоятын қатал талабы.

* * *

1984 ж. Шығыс Қазақстан педагогикалық институтында тұңғыш рет өткен облыстық жаңұялық педагогтер династиясының кездесуінде студенттер мен оқытушылар алдында жасаған баяндамасы.

Қабылдаған – ректор, академик Е.А. Мамбетказиев

Дорогие студенты и преподаватели педагогического института!

Выступая сейчас перед вами, я очень волнуюсь, так как являюсь одним из первых его студентов, вновь созданного в 1952 году Усть-Каменогорского педагогического института, куда мы были переведены из Семипалатинска. В 1953 году мы с женой Сатыбалдиной Нагимой закончили институт.

С тех пор прошло 32 года. Я до сих пор помню отличные лекции по педагогике Дезы Иосифовны Балк, ее манеру чтения, педагогичесий такт, доступность и емкость мыслей ее лекций.

Помню и то, в каких условиях мы тогда учились, как давалась нам учеба. Сейчас смотрю я на это прекрасное здание пединститута, отлично оборудованные аудитории, на молодых студентов – будущих наших коллег, и просто зависть берет: почему я не родился на лет 30 позже.

Но я не жалею, что выбрал профессию учителя, и думаю, что в какой-то мере оправдал, возлагавшиеся на нас выпускников 50-х, доверие нашего института. Доказательством этому является, оргнизованная областным комитетом комсомола встреча педагогических династий нашей области, учителей-участников Великой Отечественной войны, сегодняшняя наша с вами встреча. Мы от души признательны обкому комсомола за это замечательное начинание как

инициатору и организатору данной встречи.

Теперь разрешите вкратце остановиться о воспитании преемственности в семье.

Почетная и благородная миссия в воспитании всесторонне развитых, преданных родине людей выпадает на долю семьи.

Семья, как говорил А.С. Макаренко: «Это ячейка советского общества, тот очаг, где происходит первичная закладка и формирование чувств, мыслей, характера и сознания ребенка». Но каждая семья отличается своеобразием жизни и жизненных условий, и поэтому она должна самостоятельно решать многие педагогические задачи, не пользуясь для этого готовыми рецептами.

Каждый, занимающийся педагогикой, знает принципы коммунистического воспитания. Одним из этих принципов является принцип преемственности, последовательности воспитательных воздействий. Преемственность воспитания – это обширный и многогранный вопрос. Поэтому я не хочу вам читать лекции по педагогике, а лишь остановлюсь на том, как в нашей семье оказалось 9 педагогов.

Сам я, учитывая свои склонности, призвание и необходимость в педкадрах на селе, избрал профессию учителя, и как отметил выше, не жалею об этом и работаю на этом поприще уже 35 лет. Моя супруга тоже учительница. С ней мы живем дружно более 30-и лет. За это время у нас в семье появилось всего лишь 10 детей.

Учительская династия – это поистине замечательное явление. Из поколения в поколение переходит любовь и верность трудной, беспокойной, благородной и вечной профессии учителя. Из поколения в поколение передаются опыт, знания, традиции подвижнического педагогического труда.

На примере нашей жизни дети видят, что «В нашей стране, - как писал советский писатель Александр Фадеев, - где учится каждый ребенок, учитель – это первый человек».

В семье мы всегда убеждаем детей в благородстве и преимуществах труда учителя, и, конечно, говорим о трудностях. Но при этом учитываем их способности, интересы, необходимость в учительских кадрах на селе.

Мне кажется, что у представителя каждого поколения есть свои только им присущие особенности, но объединяет их не только кровное родство, общность дела и единство выской цели коммунистического воспитания подрастающего поколения. В их содружестве олицетворяется соединение опыта и мудрости старших с кипучей энергией молодых – облегчающий решение многих сложных педагогических проблем. И я не ошибусь в своих словах, если скажу, что эти черты присуще нашей семье.

Например, первая дочь Ермек выбрала профессию учителя, продолжив тем самым дело отца и матери. Уже по ее стопам пошли две другие дочери – Сараш и Маншук, работающие учителями русского языка и литературы в нашей школе. Со взглядами моих дочерей сошлись интересы русоведа Габита Муканаевича и учителя музыки и пения Амирова Толеша, руководителя совхозного ансамбля «Жетіарал» и семейного ансамбля Ислямовых.

Старший сын Аман, окончив историко-педагогический факультет пединститута, работает завучем в средней школе им. В. Чкалова. Он тоже выбрал себе спутницей жизни русоведа Дандыбаеву Амину. В итоге в моем семействе оказалось 9 педагогов. Общий стаж педагогической работы семьи достиг пока 115-и лет и никто не сожалеет об избранном пути.

Сейчас готовится к поступлению в педвуз дочь Шынар. А что касается 2-го и 3-го сыновей, то один из них – Такен, учится на 4 курсе Семипалатинского зооветинститута, а третий – Амангельды, заканчивает 2 курс строительно-дорожного института по специальности инженер-дорожник. Эти специальности тоже необходимы нашей семье и обществу.

Если кому-нибудь из вас интересно узнать о воспитании в нашей семье, то могу предложить статьи «Человечность» из «Казахстанской правды» за 11 сентября 1983 года, из журнала «Мәдениет және тұрмыс» в №11 за 1984 год. Можете также обратиться в общественный музей им. А.С. Макаренко, города Москвы, с которым мы ведем переписку по просьбе сотрудника музея Мер Фаины Натановны.

Теперь несколько слов о преемственности воспитания к педагогической работе в нашей школе, в которой я работаю.

Накопленный нами опыт, многие «секреты» и «тонкости» педагогической деятельности становятся и нашего педколлектива.

Педагогический персонал средней школы им. В.И. Ленина составляет 52 учителя, из которых 25 – это бывшие ее выпусники. Объяснить это можно только тем, что они поступают в педзаведения, подражая своим наставникам, а возвращаются только из любви к своему краю, к своей школе. Но здесь следует оговориться. Многие годы школе не хватало учителей русского языка, причина тому кроется в отсутствии культурно-бытовых условий для молодых специалистов, которые проработав год, два, уходили. Поэтому, при подготовке моих дочерей к поступлению в пединститут, я обращал внимание на значение русского языка, как языка Ленина, Пушкина, Тургенева, как языка межнационального общения. И это оказало немаловажное воздействие на них при выборе будущей специальности. Сейчас проблема преподавания русского языка почти решена, благодаря моим детям Сараш, Маншук и Габита. Но остается нерешенной проблема учителя трудового обучения, в котором мы остро нуждаемся.

Говоря сегодня о преемственности в педагогической работе вообще, и в частности в семейном воспитании, я подчеркиваю, что здесь большую роль играют наследственность, социальная среда и направленность воспитания.

Наша семейная династия будет всегда помнить, что ум воспитывается умом, совесть – совестью, преданность Родине – самоотверженным

служением Отчизне.

Заканчивая свое выступление, хочу лично поблагодарить преподавателей моего института (я думаю, что имею право так говорить), особенно, Гришко Федора Тихоновича и преподавательский состав филологического факультета, через руки которых прошли и проходят четверо моих детей, работающих русоведами в школах нашего района.

Преподаватели института могут гордиться, что их студенты и выпускники Аман, Габит и Маншук были отмечены в докладе первого секретаря обкома комсомола товарища Е.А.Городнянского, как молодые учителя-комсомольцы, дающие всю теплоту своих сердец в деле воспитания будущего поколения нашей страны.

Большое спасибо правительству за заботу об учителе, о школе, выразившееся в реформе общеобразовательной школы! Всей своей жизнью мы будем утверждать в детях истинно человеческие ценности.

70-ТІҢ БЕЛЕСІНДЕ

Өзінің салтанаттылығы, еңбекшілерінің ынтымақты бірлігі қазақи салт-дәстүрімен облысқа әйгіленген Тарбағатай ауданының 70 жылдық мерейтойынан кейін, көп күттірген осы ауданның Жетіарал өңірінің білім ордасы – Ленин (күні өтсе де аты өзгермеген) атындағы орта мектептің 70 жылдық тойына шақырылдық. Қыс қақарына мінген қаңтар айының 18 күні жаяу, борандатып «Жигули»машинасымен түс ауа жолға шықтық. Жол ұзақ – 450 шақырым, қыста борандатып мектептің 70 жылдығына бару, тар заман, тайғақ кешуде оңай шаруа еместігін қыста жол азабын көрген ғана біледі. Дегенмен рульде – тәжірибесі мол Төлеш, жолсерігім – облыстық тілші Жұман, осы мектептің түлегі, үшінші қызым Мәншүк жол ұзақтығын білдірмей, соғып тұрған боранды да сейілткендей болып «Жигулимен» зытып келеміз, анда-санда әндетіп, магнитофон қосып, музыкалатып, ой-хой дүниелетіп келеміз. Күні бұрын сценарийін Аман ұлым маған бергеніне орай үшеуі де өнерден кенже еместігін ескеріп, үш

тартымды өлеңді жол бойы дайындауды ескеріп, барған соң бағдарламаға енгіздірдім. Түнгі сағат 12-ден кете ауыл жым-жырт, түн ұйқыға бөленгендей тымтырысқа қарамастан мектепке бұрылдық. Ертең үлкен жиын болады деген күні мектеп ұйықтамайтынын мен осы мектепті 20 жылдан астам басқарған тәжірибемнен білетінмін (әдетке айналған еді). Жорамалым шындық болды. Екі қабатты мектеп үйі самаладай жарық, электрлі нұрға бөленіп тұр. Қақпасын айқара ашып тастаған, кіреберіс баспалдағына машинаның жарығы түскенде 2-3 мұғалім шыға келіп қарсы алды. Оның алдыңғысы мұндайда не нәрсенің алдында жүретін тынымсыз ұйымдастырушы, өзіме сыр-сипаты белгілі Бақыт Алдауышев: «Қош келдіңіздер, жоғарлатыңыздар» - деп әбігер болып жатыр. Ішке кіре оқу ісі меңгерушісі Дәуітова Бақыт бастаған бір топ мұғалім, қамту қызметкерлері сыпайы сәлемдесіп, қарсы алды. Олар маған қараған жүзі мен ілтипатынан туысқандарыма келгендей мейірленіп тұрмын.

Ертең тәңертең сағат 10-да салтанатты той басталмақ. Мектеп директоры қарбалас толқу үстінде, баяндамасы да толық әзір еместігін сездірген. Алайда мен оның сыннан сүрінбей өтетін қабілеті барлығын 20 жыл бірге істегеннен аңғаратынмын. Мен 1971 ж. басшылыққа келгенде аға вожатыйдан менің тәрбие жөніндегі орынбасарым, бүгін ауданның ең ірі орта мектебіне басшылыққа ие болуы тегін емес еді. Оның үстіне бұл мектеп қайта құруға дейінгі 15 жылдан астам ауданның үлгі тірек мектебі атанды. Коммунистік тәрбиенің комплекстілігін жүзеге асыруда облысқа, республикаға әйгіленген небір игі жаңалықтың бастаушысы, ауданның халық ағарту ісінің рухани орталығы сипатына ие болған еді. Сондықтан да болар аудан әкімшілігінің оқу бөлімі бұл тойды әсерлі тәрбиелік мәнде өтуіне көп көңіл бөлгені көрініп тұр. Соңында бізді марапаттап, аудан әкімі екеуімізге шапан жапты.

Әкім Түсіпбеков Түсіпхан бастаған әкім аппараты, Аман Асқарұлы бастаған Тарбағатай, Ақсуат өңірінің орта мектеп басшылары, Жетіарал өңірінің соғыс, еңбек ардагерлері мен мектеп жанкүйерлері, жұртшылық, жергілікті ақын Масалов Әрімбек, газет, радио өкілдері қатысқан жиын

совхоз мәдениет үйін кернеп кетті. Салтанатты жиынды Аман ашып, сөзді аудан әкімі Түсіпханға, одан соң мектеп директоры Кларағa ұсынды. Кларадан соң сөз алған мен жұртшылықты құттықтай келіп, мектеп мұражайына осы мектепте ұстаздық еткен, бұл күндері ШҚМУ-да оқытушы, ғылым кандидаттары Құсайынов Ғабит, Құсайынова Мәншүк Асқарқызының еңбектері, ШҚМТУ редакцияның қызметкері Ислямова Сараның редакциясынан шыққан ғылыми еңбектері және өзімнің «Өмір өткелдері» деген кітабымды сыйға тартып, мектеп мұражайына, ұстаздарға ескерткіш ретінде ұсындым. Менен соң сөз берілген аудандық әкім орынбасары Манарбек Мұхамеджанов ауданның 70 жылдық қарсаңында «Барқытбел», «Ақсуат», «Өмір өткелдері» атты үш кітаптың жарық көруі ұрпаққа, халыққа үлгі, рухани азық деп келіп, менің кітабымның тұсауын кесіп, насихаттады.

Салтанат соңы мектеп спортзалында мол дастарханды үлкен кешке ұласты.

Мектеп 1928 жылғы, ауданмен құрдас. Сол жаңа құрылым кезінде аудандық атқару комитетінің шешімімен ағарту инспекциясының басшысы Серіков Нәсіпханның ұйғаруымен осы жерден құрылған мойынсерікке бастауыш екі кластық мектеп ашады. Мектепте екі класс бөлмесі, бір шағын мұғалім бөлмесіне парта, үстөлдер, орындық, бір шкаф әкелінді. Мұнда алғашқы ұстаз Зайсаннан алты айлық мұғалімдер курсын бітірген Қалижар Мұқашев болды.

1933-1941 жж. мектеп меңгерушісі Нұрекенов Міржақып болды.

1942-1944 жж. мектеп меңгерушісі – С.Шомбин, сол кездегі күн көсем Сталиннің атымен аталған бұл мектеп меңгерушісіне Ленин ордені берілді. Мектепте 4 мұғалім, 40-тан астам бала оқыды.

1948-1949 жж. мектеп меңгерушісі – Қ. Бітімбаев.

1952-1953 жж. мектеп 7 жылдық болып, директоры – Т.Ғалиев. Оқушы саны 150-ге дейін, мұғалім 12-ге жетеді.

1960-1962 жж. 8 жылдық болып, Ленин есімі беріледі. Директоры – Нұразқанов Шәйкен. Оқушы саны 200-ден астам, мұғалім саны 13-ке

жетеді.

1966-1970 жж. мектеп директоры – Қаленов Совет, оқушы саны – 450, мұғалім – 42.

1970-1992 жж. мектеп директоры Қазақ ССР, КСРО Халық ағарту ісінің үздігі, республикаға еңбегі сіңген мұғалім – Ислямов Асқар. Оқушы саны 800-ге, мұғалім 60-қа жетті.

1992-1994 жж. мектеп директоры ҚССР Халық ағарту ісінің үздігі – Б. Қиялбаев.

1994 ж. ҚССР Халық ағарту ісінің үздігі К.Қабдрахманова қызмет етіп келеді.

Мектептің қайта құруға дейінгі (1990 ж.) жетістіктері мадақтауға тұрарлық материалдық-техникалық қорының кең өрістілігі, 70 жылдыққа орай болашаққа үлгі боларлық көрнекті бай мұражай жасалуы біздің еңсемізді көтеріп тастады.

Мектеп директоры Клара, шебер мұғалімдер Б.Қиялбаев, Қ.Латыпов, Қозыбековтардың мұражайда қолтаңбасы тұруы мектеп мақтанышы болып қала бермек. Аудан әкімшілігі тойға келгендерге, ұйымдастыру, басқару іскерлігін таныта білген мектеп басшылығына ризалық сезімін білдіріп, жолға шықты. Ой да көп, той да көп бұл өтпелі кезеңде...

Жолдағы ой: қазіргі Тарбағатай деп бір-ақ атауға ие болған бұл аймақтың тарихы 70 жылмен өлшенбек емес. Бұл күнде аңыз ертегідей болып көрінгенмен, тағдырмен тамырлас жердің, елдің тарихының ашылуға тиіс сырлары қаншама десеңізші?... Бостандық жолында, ел тәуелсіздігі жолында жанын пида еткен хас батырларымыз, көріпкел көсемдеріміз қанша болған десеңізші?... Одан бергі Совет одағының құрамында болудың салдарынан, сұм соғыстың кесірінен майданға аттанған тарбағатайлықтардың 2693-інің қайта оралмай, құрбан болғанына қалай ішің ашып, жүрегің шымырламайды? Өткен тарихтың азабын көріп, өз басынан өткізген (құғын-сүргін, аштық-жоқшылық) қайсар қара шалдар ерліктің символындай, келесі аға ұрпақ пен бүгінгі бала ұрпақ арасын жалғап тұрған алтын көпірдей. Ендеше үлкенге

құрмет, кішіге ізет дәстүрін жалғастыру – тарихи парыз.

Ақиқатты айқындап жариялар,
Бара жатыр азайып қариялар.
Дауыл тұрса бүлк етіп толқындайтын,
Бара жатыр сарқылып дариялар, -

дегендей, зерделеп бүгінгі ұрпақ құнарлы топырақ, құдіретті ұрпақ таптаған өз өлкесін, оның тарихын тәптіштеп жинап дәріптеп өсуі азаматтық парыз.

Жер - ана, өсірген - ел ана, Отан – ана. Қаракерей Қабанбай мен батыр Боранбай, Дәулетбай мен Бостанның, Тоғас пен Нарботаның, Өтеуіш пен Байторақтың ұлы Найманға мұсылман дінін бірінші таратушы Шолқапсы бабамыздың бес байысқа аты әйгілі Қабанбайға тән асыл қасиеттері әлсіздің жағы болуы мен алып қара күш иесі ғана емес, ер жүректігі, төзімділігі мен аты аңыз, заты Қамбар батырды еске алатындай Қытай асып Алтай, Тарбағатай, Жетісуды жайлаған Орақбай батырды көрген көнекөз, зерделі қариялар бұрынғы заманның қасиетті батырларының соңы деп болжамдайды екен. Орақбай батыр туралы аңыз-әңгіме, материал жинаған ақсуаттық қарт ұстаз, зейнеткер – Қарпық Егізбаев. Ол Орақбай батырдың аңызға айналған ерліктерінің сан қырына тоқтала келіп былай дейді: «Орақбай бірде қарсылас жақтың батырын өлтіргені үшін оның бейбіт, қамсыз жатқан еліне қалың жасақты қолды бастап келген өлген батырдың әкесі (кезінде ұлынан да өткен батыр болған) – Орақбайды ұстап беріңдер, әйтпесе ауылды шабамын», - деп, әмір берген, халқы оны қимай ұстап беруден бас тартады. Жау жағы халыққа, қаһарын төккенде, Орақбай халқын жазықсыз қанға бөктіріп күйзелтпей, өзі ортаға шығып: «Мені беріңіздер, қолыммен істегенді мойынымммен көтерейін», - деп жаудың басшысына өзі барып шатырға кіре: «Ассалаумағалейкум»! - деп сәлемдескен Орақбайға, қаһарлы, өлген батыр әкесі зілдене:

- Е, әлгі қанды қол батыр сенбісің? – дейді.
- Иә, менмін тақсыр, - дейді Орақбай.

- Олай болса жүгін, алдыма кел! – деп бұйырады қарт.

Жан-жағынан қанжар мен шоқпар қамалап тұрған жасақ ортасында Орақбай тәуекелмен қаһарлы батырдың әміріне көніп отыра кетеді.

Қарт Орақбайға: «Қанжарды қай бүйірінен салдың», - дейді ызалы үнмен.

- Оң жақ бүйірінен, - дейді Орақбай.

- Ендеше мен де сол жерден сұғайын, оң бүйіріңді жалаңаштa, - деп бұйырады ол. Қанжарды апара беріп:

- Жоқ, сен сұққан жерден емес, сол бүйіріннен сұғамын, сол бүйіріңді жалаңаштап, қаратып отыр! – деп бұйырады.

Тағы да Орақбай жалаңаштап сол жақ бүйірін тосады. Бүйірге қанжарды сілтеп берген ақсақал қолын қайта тартып-ап: «Жоқ, былай өлтіру саған аз, жүрегіңнің басынан кіндігіңе дейін қанжарды бойлата тілуім керек, көйлегіңді көтеріп қарсы қарап отыр!» - дейді.

Жүректің басына қадай беріп, тағы да қайтып алған ол: «Сені айызым қана қинап өлтіру үшін жоныңнан жаруым керек екен, жалаңаштанып ары қарап отыр!», - дейді қаһарлана үн қатқан қарт. Орақбай айтқанын бұлжытпайды. Осы кезде: «Бері қара», - дейді қарт күтпеген жерден жұмсарып, байқаса жүзінде жылылық байқалады.

- Жә, қолыңды жәй, мен баламды қапылыста кез болған қайдағы біреудің қолынан қаза тапты ма десем, өзі сияқты ердің қолынан кеткен екен. Бәрін кештім. Қайда барсаң – жолың болсын!, - деп бата береді қарт.

Елі үшін жанын пида еткен, сондықтан ашулы батыр қарттың қанжарынан сескенбей, айтқанының бәрін істеген қайсар, ерлік үлгісі елін де аман алып қалуы, халық үшін мәңгі есте қаларлық мақтауға тұрарлық ердің ерінің бейнесі емей немене?!

Ал, өлген жігіттің әкесіне келсек, ол теңдесі жоқ ерлігімен қоса кемеңгер ақыл иесі екенін көреміз. Қарт батырдың да, Орақбайдың да істерінен дана халқымыздың ең асыл қасиеттерінің жиынтық бейнесі көрініп тұрғаны аян. Бүкіл өмірін халқына қорған қылған бабамызды

ұрпаққа өнеге ету шараларын жүзеге асыру – бүгінгі толқынның борышы.

Әділдік пен әлсіздің қалқаны болған қайсар Орақбай батыр – Мырзастан шыққан Тарбағатай өңірінің тумасы. Өмірінің соңғы кезін Қызылкесік өңірінде өткізіп, текті Шүйде жарасынан 1913 ж. қайтыс болған. Оның ауылдастары қайта жаңартып қойған зираты Қызылкесіктен шығысқа қарай, Жағалбайлы тауының ішінде күре тас жолдан мен мұндалап көрініп тұрады.

Болашақ ұрпақ өз өлкесінің тарихын, тарландарының өсіп-өнуін зерттеп, өмір тануға бой ұру, өз халқының бүгінін, ертеңін болжап болашақ үшін күресі – әр саналы азаматтың борышы!.. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының ұрпақтар жалғастығын дәріптеуі де тегін емес, тарихи өміршеңдігімен ғасырлар тоғысында әйгіленіп отырылуы заңды құбылыс. Әр дәуірдің өзінің рухты адамы, оның атын, затын әйгілеп дәріптеудің мәні соңғы ұрпаққа үлгі-өнегелігінде, халқын сүюінде болса керек.

Болашақтың дүкені – білім ордасы Жетіарал кеңшарындағы орта мектептің 70 жылдығына орай көптен көңілде жүрген тәрбиелік ойдың, өзегінің бірі, әр аймақтың өркен жайған жастарының ішінде қоғамына, халқына сыйлы, көмес жүрген жұлдыздар қаншама десеңізші. Оларды болашаққа әйгілеп үлгі етудің тәрбиелік, рухтық мәнін неге үлгі етпеске? Тарихты батырлар мен басшылар емес, халық жасайтындықтан, халық арасынан еңбегімен қоғамға, өмірге жаңалық әкелетін – соңғы толқын. Өкім жетерлік өткен көмескі ертең сияқтыны былай қойғанда, бүгінгі өмір таныстан үлгі-өнеге дерегінің ықпалы анағұрлым әсерлі болмақ.

* * *

Адам – табиғаттың ерекше тұлғасы. Оның ақыл-ойының адамшылыққа жетуіне шек жоқ. Адамның бақыты адамшылық деңгейімен, тіршілік қабілетімен өлшенсе керек. Бұл ретте тұқым қуалаушылық тектіліктің шешуші ролі болып саналады, екіншіден, қоршаған орта ықпалымен өзін-өзі тәрбиелеу, үнемі іздену, еңбек сүйгіштік құбылыстарды бойына сіңіргенде ғана адам сомдалады.

Адам өмір бойы оқып, өмір бойы жақсыға еліктеп, уақытын пайдалы іске жұмылдырса, өзінің кірпік қаққандай қысқа өмірін мерейлі, бақытты ете алады.

Өмірдің сан қилы болжамсыз өкініші, қияли кезеңдері мен қуаныш шаттығында да өзіңді бір теңдік сабырлықта ұстау – үлкен білікті білімділіктің белгісі.

Тірлікте ақыл мен білім, амал мен айла да шексіз. Әркім өзін-өзі зерделеп сомдау керек.

* * *

Ата-ана қадірін балалы болғанда білерсің,
Ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің, -

дегендей өткенімізді зерделеп қарап отырсақ, ел бастаған көсем де, ділмар шешен де, ақиық ақын да, ел қорғаған батыр да туыстық желіні үзбеген, береке бірлікті бұзбаған, үлкені сөз бастап, кішісі қостаған.

Сүттей ұйып тату-тәтті ғұмыр кешкенге не жетсін. Кейінгі ұрпақ ата-бабаларын мақтан етіп еңбегімен, өр жасаң мінезімен тәлім тағылым алсын деген өнерге, мәдениетке құштарлығымен, жақсыға ұқсап бақса игі еді.

Қазақта қара шаңырақ – киелі шаңырақ. Ол – үлкен үй деп аталады. Салт бойынша оның иесі кенже ұл, біздің жанұяда Аманжол (Акок). Ол – соңғы мұрагерім. Оны ешкім бетінен қақпауға тиісті. Кенже еркелеуге еркін болуға құқылы. Алайда ол ешқайсысының мойнына мініп, масыл болуға тиісті емес. Ол өз шаңырағын киелі үлкен шаңырақ етуге ұмтылуы тиіс.

Әкеге қарап ұл өседі,
Шешегі қарап қыз өседі.

* * *

Әке көрген оқ жонар,
Шеше көрген тон пішер.

* * *

Бармақтай бақ, шашетектен дәулет берсін,
Қыдыр дарып бақ қонсын,
Бабаларымыз Қабанбай, Боранбай аруағы қолдап,
Батаңның құты қонсын.
Тұқымың қаулап өссін!

* * *

Адамдық жамандықтан жирен,
Адалдық жақсылықтан үйрен.

* * *

Өмірдің өзіндік заңы бар, бұлтартпас ағымы бар, екшеп, болжап, өз орның, жөніңді, тізгініңді ұстай білу шарт екенін әр кез естен шығармау қажет.

Пенденің көзі тірлікте,
Дүниеге өмірі тоймайды.
Молысына бірақта
Алтыннан да белгі қоймайды.
Бағыңда өскен бәйтерек,
Күтімін тапса солмайды.
Арманы биік асыл ер
Ұрпақтың қамын ойлайды, -

дегендей, бар тірлігімді ұрпағыма арнадым. Кім білсін, не боларын, мен әкелік парызымнан құтылып келемін. Сендер балалық парыздан қалай құтылар екенсіңдер, жамандықтарыңды көрмесек екен. Жүрек сыздатар пиғылдан аулақ болсаңдар игі еді.

* * *

Қырым мен Кавказда жүріп Алатаудың алма бағын араласам да Аққарды, Тарбағатайдың кешкі самалын сағынатын қайран басым, енді міне заман өзгеріп, адам өзгеріп, 65 жыл тұрған Тарбағатайдан өз

қалауыммен жер, ел таңдап «Молодежный» елді мекеніне қоныс тептім (15 қыркүйек 1995 жылы), 23 үй, 16 п.

Тарбағатай, оның ішінде Ақжар, Жетіарал бойы менің балалығым, жастығым еңбек жолым, өткен үлкен Мәуелі бәйтерек болып, 10 баламның кіндігі кесіліп, олардың оқып, тәрбиеленіп, 30 немере сүйген жерім ғана емес, еңбек, тұрмыс, мәдениет саласында аудан мақтанышы болып, облыс, республикаға үлгі тұтылған мәңгі қимас өлкем, сағынатын жерім...

* * *

Алпыстан соң әр күнім жылға ұқсап,
Соға түсті жүрегім жылдамдатып.
Қайран уақыт,
Көбі зая өтіпті тектен-текке
Өкпем жоқ, уақыт та солай шығар.
Әсіресе, қызықсыз, өксіп өткен балалығым!..
Бағдарсыз, албырт жастық шалалығым,
Өтіпті ғой көп күндерім тектен-текке,
Шегірткедей жаздағы ұрандатып, қуаң тартып,
Бұл күнде ажарым да шыныдай шытынаған,
Басым мең-зең,
Қол-аяқ сырқыраған.
Ұйқы қашып, кей түні ой мазалап,
Тәңіріме сыйынып тәуба қылам.
Әр істің бір мезгіл кезегі бар,
Әр ойдың бір жүйелі өзегі бар.
Тәңірім,
Ырысымды бітірмеші,
Қалған ғұмыр, жыртығын бүтіндеші,
Несібем әбден бітіп қалған шақта
Ел жыйып, қоштасуға,
Қыпылыста қалдырмай-ақ
Бір күн берші...

* * *

Мұхаммед Ғ.С. Пайғамбар кезіндегі 300 ж. асатын Ислам дініне берілу имандылықтың төте жолы болар. Басқа екі аралық жол жоқ.

Құран – оқы деген мағыналы арап сөзі. Алла, Құдай бір мағынадағы ұғым. Оған ниет, пиғылды беру парыз.

Бірінші құран кәрімді таратушы, насихаттаушы, көріпкел, ерекше қасиетті алланың өкілі Мұхаммед Ғ.С. Пайғамбарымыздың өзі: «Кімнің мінез-құлқы жақсы болса нағыз мұсылман сол» - деген екен.

Мінез – адамшылықтың көрініс беретін айнасы. Ол тұқым қуалау негізіне тікелей байланысты. Оның жетілуі, көркеюі қоршаған орта мен тәрбиеге, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі басқара білуге байланысты. Адам өз мінезіне өзі бақылау жасап есеп беріп отыруға тиісті.

Құлық – мінездің бір көрінісі. Құлық пиғылды туғызады. Қазақта дүниеге тойымсыз, қанағатсыз адамды құлқы жаман пиғылы бұзылған деп жатады. Құлқы жаманға тойымсыздық, дүниеқоңыздық, көрсе қызарлық, жағымсыз дүниеге шектен тыс әуесқойлық, арақ, нашақорлық, әйел жандылық, ныспа құмарлық, мәнсап қорлық, қызғаныштық, күншілдік т.с.с. құбылыстар адамның жеке ерекшелігіне қарай ашық кейде жабық көрініс беріп отырады.

Ашу – оқтаулы мылтық, ақыл-парасат құлпы. Ашуды тежеп, ұстамдылық пен ақылға жеңгізу – ақылды адамның адамшылық көрінісі.

Тіршілік барысында мейлі кім болсын, өзінің өмір сүру кезінде өз басына жақсылық пен жамандықты, қуаныш пен өкінішті кезіктіріп, соған қарсы тұру өмірдің бұлжытпас заңы. Адам болашағы оның осы бір заңды құбылыстарда өзін ұстай білуінде және өзінің іс-әрекетіне бақылау жасап, есеп бере білуінде екенін өмірдің өзі көрсетіп келеді. Әттеген-ай, басына іс түспей тұрып осыны елеп-ескере бермеу ғажап!..

* * *

Дүние ойлап тұрсам шетсіз, шексіз,
Жақсылық жамандықпен болар егіз,

Басқайсың аяғыңды аңдап-аңдап,
Болғанда досың егіз, дұшпан сегіз, -

дегендей, адам беделі мен абыройына кір келтірер мына үш жауынан аулақ болуға не жетсін: 1) бақталас дүниеқоңыздылық; 2) екі жүзді өтірікшілік; 3) араққұмарлық, әйелжандылық.

Нені ексем соны орып тастадым,
Жастық өтті, кәрілікті бастадым.
Бәрін таптым, тек кісілік таппадым,
Қызғанбаймын бақ-дәулетін басқаның.
Аты бар да кісіліктің өзі жоқ.
Ойланамын, толғанамын тебіреніп
Өмірімнің соңғы сәті күзі кеп.
Қайтейін мен әз жүректі жаралап,
Айта алмаймын қатыгезді даралап.
Қоң етін де кесіп берер туысым
Күйе жағып, шыға келер қаралап.
Кімді сүйеу, кімді жақын санайын.
Кімге сеніп, кімді досқа балайын
Өзіңе сен, ешкім бермес еншісін
Соны білдім ағарғанда самайым.
Көңіл қалды туыстан да, достан да
Бауырың жат құлқы жаман қастан да.
Бұл қазақтан сөз қалмаған тегінде
Бір тосқаны болады ғой асқанға!
Ел ішінде мал атанған адам мол.
Білім алып, білікті бол, адам бол.
Балам үшін жанымды да тосыппын,
Ал жауымды түсінде де шошыттым.
Іс білетін, жөн білетін әрқашан
Ұрпағыма шын жүректен ғашықпын.

* * *

Жастарға салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың кейбір зиянды аспектілері туралы

Жанұяда жас жеткіншекті тәрбиелеудің қыры мен сыры, әдіс тәсілі сан қилы шексіз.

Кез келген жанұя өз ортасына, шама-шарқына сай бала өсіреді. Кез келген баланы дайын рецеп-нұсқаулармен тәрбиелеу пайдалы нәтиже бермейтіні даусыз.

Кез келген жанұя бала тәрбиесі жөнінде педагогикалық-психологиялық білім түгіл, тәрбие ісіндегі игі тәжірибеден аңғарып, өмірде пайдалана бермейді. Сондықтан да бала тәрбиесіздігі өмірге көптеген өкініштер әкеледі. Менің айтайын деп отырғаным, өз болашағын, ұрпағын дені сау, рухани дүниесі таза, азаматтық биіктіктен көру үшін осыған дейін ашылып жинақталған тәрбие үлгілерін игеріп, жақсыдан үлгі өнеге алып, дүниедегі жамандықтан жиреніп, өзіңе-өзің іс қимыл, мінез-құлқына үнемі бақылау орнатып, шамаңа қарай өзіңді-өзің тәрбиелеу – ата-ана, қоғам алдында абыройға жетудің басты кілті.

Бүгінгі өтпелі жаңару кезеңінде жас ұрпаққа: «Салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызға көшеміз» - деп, даурығып жатқан заманда салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың өнегелісі де бар онымен қатар өнегесіз зияны да барын ажырату өмірлік қажеттіліктен туып отыр. Мысалы, жанұяда бала алдында әкенің ең биік тұлға тұтылуы – ескі салттың бір көрінісі. Ананы екінші қатарға қою адамшылықтың таяздығы сипаты.

Негізінде бала тәрбиесінде ата-ана беделі тепе-теңдікте болуы шарт. Ата-ана жанұядағы ұйтқы. Бала тәрбиесінде өздері үлгілі, өнегелі жағдай жасап, бала алдында бір-бірінің беделін қорғай отырып, ұлының да қызының да әке-шешеге ортақ, таза, әділ көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастырса, ондай ұл мен қыз өзінің балалық махаббатын ата-анаға бірдей бөледі.

Ата-ана бала алдында беделге ие болу үшін өзара эгоистік

әрекеттерін болдырмай, байыпты, ұстамды болулары шарт, олай болмағанда бала жүрегі аңғарымды, сезімтал келеді, әкенің анаға, ананың әкеге деген ойынан-ақ баланың сана-сезімінде жасырын немесе сіздің әрекетіңізге қарай ашық қарсылыққа тап боласыз. Осындайлар жинақтала келіп ата-ана беделінің тепе-теңдігі бұзылады.

Баланың көзінше ананың ағаттығын әке, әкенің ағаттығын ана көрсетпеу қажет, олай болмағанда тепе-теңдіктің мазмұны да мәні де жойылады. Бүкіл тәрбие ісіне нұқсан келеді.

Тепе-теңдік теориясы іс жүзінде жүзеге асу барысында балаға қойылатын іс-қимыл, әрекет талаптарындағы ыңғайсыз жайларда ата-ана өз мінез-құлықтарын, бірліктерін сақтау керек. Екі түрлі баға екі түрлі талап та жағымсыз нәтиже береді. Басынан бастан еңбекке баулынған, ата-ана тәрбиесінде тепе-теңдік сақтаған жаңұя бақытқа жетеді. Мұндай жаңұя жас ұрпағын қуанышқа бөлері даусыз.

«Өз үйінде бақытқа жеткен – дүниедегі ең бақытты адам» - деп жазады Л. Толстой. О баста біз балаларымыздың бақытты болуы үшін жақсылыққа үйретеміз. Соңынан олардан үйренетіндей дәрежеге жетуіміз керек. Олай болмағанда өмір ағымынан кенже қаларымыз даусыз.

Жоғарыдағы ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ананың тепе-теңдік теориясын ұсынғанда іс жүзінде мысалдар келтіріп ашуды артық көрдім. Себебі, өмірдің өзі мысалға толы, бұл тұрғыда менің мақсатым бағыт беру, жөн сілтеу ғана.

Ал жаңұядағы ұрпақ тәрбиесінде кез келген ата-ана бала алдында тепе-тең беделдіктің ролін елеп, бағалай бермейді. Бұл тәрбие ісінде үлкен нұқсан келтіреді. Ата-ана беделдігі де осыған байланысты қалыптасады. Баласы алдында беделге ие ата-ана – бақытты ата-ана.

* * *

Қазақ тілінің рухын көтеру үшін ең алдымен қазақтың өзін қазақша сөйлете білу керек. Орыс тілі қазаққа тірлік құралы емес. Әр мекеме, кәсіпорында қазақ тек қазақша сөйлесетіндей жағдай қалыптастыру

қажет. Мысалы, Өзбекстанға, Азербайжанға, Грузияға, Арменияға барсаңыз, өз ұлттары үш ұлт өкілінің жанында тұруына қарамастан бірбірімен тек өз тілінде қатынасады. Ол олардың өз ұлт тілін жоғары қойғанының нақтылы көрінісі. Олардың тілінде сөйлемей, орыс тілі ортақ деп қатынассақ, кейбірі сені алакөздейтінін де байқадық.

Ана тілі жөнінде айта-айта тіл, жаза қол да жауыр бола бастағанын өмірдің өзі көрсетіп келеді. Орыс ханды немесе орыс тілді, әр нәрсеге бейімшіл қазекемдер шығып жатқан тіл жөніндегі заңдарыңды да елеп-ескерер еместігін өмірдің өзі көрсетіп келеді.

Мысалы, мен бірнеше мекемеге кіріп жүріп қазақ ұл-қыздарына қазақша сұрақ қойсам, олар маған орысша жауап береді. Ана тіл туралы, оның мәртебесі туралы 4-5 жылғы насихаттың жемісі мынау болса, оның ішінде мекемелердегі қазақ ұл-қыздары өзара орысшаласа, басқадан нені күтерсің.

Ойды ой қозғайды демекші, тіл жөнінде тіл жаршылары болашақ үшін қанша жанашырлықты жария еткенімен, нақтылы іс тетігін тауып, лауазымды басшылық иелеріне, ең бірінші өз ұлтымызға ұлт тілінде сөйлеуге, өзге үш ұлт өкілі мейлі, қарап тұрсын, конституциялық этика негізінде үш ұлттың бірте-бірте үйренуге бейімделуіне негіз қалыптастыру ауадай қажет. Қарап тұрсақ, өңгені былай қойғанда мектепте оқитын орыс балаларына қазақ тілін оқытқан болып жатырмыз ғой, ал орыс оқырмандары біздің тілді көшеде келемеж етіп күлкіге айналдыратынын да байқап жүрміз. Ол негізінен орыс тілді аталардың өз ұрпақтарын біздің тілге деген құштарлықтың өмірлік қажеттілік екенін талап етпеу, мән бермеуінен туған көрініс емей немене. Қазақ орыс тілін өмірлік мұқтаждықтан үйренсе, қазақ тілінде де сондай мұқтаждық концепциясын, өміршеңдігін қалыптастыру амалын жасау керек.

Қоғамдық орындарда, базар, көше, мекеме орындарында өзбек, грузин жеріндегідей жарнама алдымен өз тілімізде, содан кейін орыс және ағылшын тілдерінде тұруы керек.

Қалаға келген ауыл қандастарымыз өздерін шетелге келгендей сезініп, шет тіл жарнамаларынан ештеңені ұқпай, адасып қайтатынына назданады.

Тіл саясаты нәзікті қажет ететін нәзік. Мұнда ұлтжанды қызбалыққа жол беруге тіпті де болмас. Біздегі лауазымды орыс тілділер жымыя қарап, нәзіктікпен, байсалдылықпен біздің шыдамдылығымызды сынап қана қарап, іс жүзінде оның өміршеңдігіне бүйрегі бұлк етпейді. Сондықтан да тіл заңының жүзеге аспай жатуы да осыдан. Бәрі де басшылықтың ықпалына байланысты (қайда болсын, не болсын).

* * *

Күн арқан бойы көтеріле Жетіаралдан шыққан көш лезде-ақ бақылау пунктінен өтіп кең асфальтты көсіле қаланы беттеп жүріткіп келеді, артына бір бұрылып қарасам ұқыпты тиелген үй мүлкін алып келе жатқан қоспрецепті жаңа камаз қызыл жигулиді кеуделеп, «мен сенен кем жүрмеспін» дегендей ентелеп келеді. Мен рөлде отырған балама: «Машинаңды баяулатып, арттағы жүк машинасын тоқтатуға сигнал бер, өзің де тоқта», - дедім.

Біздің жанымыздан пысқырып, ышқынып өтіп барып тоқтаған. Камаз жүргізушісіне: «Бір қарап, бортты басқан арқан жіпті айнала ұстап, керіп шығыңдар. Мына жүрістеріңмен бір жерде шашылып қалармыз. Айналайындар, орта қалыпты жүрейік», - деп сыпайылық пен сақтық білдіріп талап қойдым. Екі жүргізуші де «құп болады» дегендей сыңай білдірді. Қайта жолға тарттық. Боғас бекетінен өте Ақсуат жолайрығына таяп, солға қарап, Тарбағатай тауының бауырайында жатқан саршилі дала Ақсуат жазығы көз алдымнан өтіп жатты.

Кең тыныстап, бір күрсініп алып, туған жердің ыстық лебі соққанмен, бала кездегі 1932 жылғы ашаршылықта еріксіз қоныс аударған бірінші көш те көз алдыма елестеп, ой заман-ай заман-ай...

Әкем марқұм сол бір зобалаң заманда 22 жасында, сауатсыз, ештеңе көрмеген өрісі тар заманда, жоқшылық пен үрейім кезде 4-5

адам бізді Тарбағатайға көшіріп апарды.

65 жыл дерлік өткен өмірімде оқу оқып, еңбек етіп, өсу, көктеу марапатын көріп, зейнеткерлікке шықтым.

Орыстың ұсақ ұлттарды отарлау саясаты күйреп, ұлы державалық шовинизм келмеске кетіп, қайта құрудың лебі халыққа шын мәнінде еркіндік беру нәтижесінде егемендік алғандығымызбен қатарлас келген қоғамның өтпелі кезеңдегі ауыртпашылығы ауылдағы жастарды жұмыссыз қалдырды. Мен балаларым алдындағы әлде де әкелік борышымды өтеуге, оқыған, білімді балаларымның өркениетті, қалалық өмірді меңгеріп, еңбекке орналастыру үшін, қымбатшылықты белінен басып, тәуекелмен шама-шарыққа қарай Молодежный кентіне қоныс тептім. Биыл үш жыл уақыт болды, сіңісіп кеттім, өз облысым, оқыған, өскен, шарлаған елім. Балаларым – байлығым, ар ожданым. Барлығы қиыншылықты, кедергілерді жеңіп, маңдайларына жазған еңбек, оқу-тоқу жолында 70-ке келгенге дейін ешбір жамандық көрсетпей, ата-ана сенімін ақтап келеді. Бәрі де салауатты өмір салтына сай республикаға әйгілі жанұядан шыққан. Жанұяның «Ислямовтар әулеті – мәуелі байтерек», «Шығыс Қазақстан облысындағы педагогтер династиясының мақтанышы», облыстағы тұңғыш жанұялық ансамбльдің лауреаты», т.с.с. атақ, абыройы бар. Атақ, абырой адамға тілеп, сұрап іздегенмен берілмейді. Оны сенің қыруар, жанқияр саналы еңбегің әкеледі. Оған масаттанып менменсуге болмайды. Бір қалыпты, азаматтық өлшемде болғанға не жетсін.

45 жылғы үздіксіз, тынымсыз ұстаздық, басшылық еңбектің зейнетін көріп, ұрпақ тәрбиелеп, ұл мен қыздардың бақытты тұрмысынан ләззат алған қос бәйтерек қайта көктеп, өркен жайып келеді. Шынайы бақыт деген осы болар. Ұзағынан сүйіндірсін!

* * *

70-тің желкесін басып тұрып 7 патшалық жөнелтіппін, Тәуба!

Болдырсам да, болсам да өмір қамыты өз мойнымда... Мен нақтылы шешімге келдім: ақырғы демім біткенше, құлап жығылып қоштасқанша арбамды сүйрете беруге, сүйрете беруге, бекіндім. Егер тіпті төзімсіз қиыншылық болса да, ұстаған жолымнан шықпаймын. Мен бәрін де шештім: маған ештеңе керегі жоқ, мәнсап та, мадақтау да, даңқ та, сыйлық та, тек ұрпағымның ала көзденуі емес, мейрімі мен көктеуін, олардың бірлігі мен тірлігі мені марқайтар деп келем. Мен өмірде ешкімді сатқам жоқ, кінәсіз жәбірлегем жоқ, қиянатқа бармадым. Біз міне қажыған кәрі көмпіс ат сияқты аяңмен жүреміз, кейде желіп желпінеміз. Өмір бишігі өткір соғып қайыстырады. Сүрінеміз, жығыламыз, бірақ бізді кінәлаушы болмас. Өмір үзеңгісінде аяғын бүкпегендер ғана елге өмір сүрудің жолын, өмір сүре білудің жолын үйретпек...

Ұстаздық – ұлағат!

«Бір жылдық өмірің болса егін ек, бес жылдық өмірің болса мал өсіріп ағаш ек, ал көп жылдық өміріңді ойласаң бала өсіріп тәрбиеле» - деген даналыққа кім бас имес екен?! Тағы да шүкірлік, еңбек жолымның о басында өз өмірімді ұрпақ тәрбиелеуге арнағаныма ризамын. Естілері шықса көгертер, көркейтер. Біздің жанұя Мәскеудің А.С.Макаренко атындағы музейде сақталып, ұлтымыздың қасиетін көрсетеді (Мекенжайы: 115573 Москва, Ореховый бульвар, 39, к-2 -525 пәтер).

Мұра

Толғанып болсын деп мұра бастадым сөз
«Естілерін ойына алар» - деп, бір кез.
Ұрпағыма үлгі етер негіз болса,
Атаңнан қалған мұра айтылған сөз.

Бәріңнің де теңнен қалмас білімің бар.
Білімді дүниенің тілін ұғар.
Өмірде жақсылық пен жамандық егіз туар,
Жақсылар бәріне де қасқайып қарсы тұрар,
Өмірдегі өз орнын да жүре-жүре кейін ұғар.
Дүние міне бүгін бүлініп тұр,
Әркім-ақ болашаққа үңіліп тұр.
Түзер әлі заман көш-көлігін,
Өтер өмір боямалы.
Санамдағы естелігім енді міне
Маза бермей, маза бермей оянады.
Балаларым – байлығым, армандарым.
Мен кеткенде із басып қалғандарым.
Ер жеттіңдер, оянды саналарың.
Өздеріңе арналған сөздерімді
Ойланып бір, әрбір кез саралағын.
Алдымен бірлік керек ұқсаң мұны,
Кешіріңдер, кетсе де ердің құны.
Арандатса ала аяқ, дос болғансып,
Түбінде ашылады әділ шыны.
Мақсатқа жету үшін талап керек,
Парасат пен білімнің орны бөлек.
Қылтың-сылтың біліктіге жараспайды,
Орынсыз сән қумағын елден бөлек.
Өз күшің, білімің мен зердеңе сен,
Сүйеніштер іздеме жаттан бөлек.
Артық дүние жинама, қажеті жоқ,
Жетіп жатыр болса егер киім бүтін, тамағың тоқ.
Өмірде көп болады қатер, қауіп,
Сақтанып, ойыңа ап жүр ауық-ауық.
Салғырсып, әр нәрседең қала бермей,

Ақылды айла, амалға серік етіп,
Жүре бер әр нәрсенің ретін мезгіл тауып.
Қатесіз дүниеде адам болмас,
Ақылды өзің жина сана тоймас,
Сана деген дерексіз, шексіз ұғым,
Саналықтың да шегіне жетпес бір жан.

2-бөлім

БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНЕН



Адам жаны өрілмеген таспадан,
Адам – адам,
Ұға ма оны тас надан.
Он баласы бар ананы бүгінде,
Он есе артық сыйлау керек басқадан!
Қызыл шақа сәби үшін егесте,
Көрместі де көрдіңіз-ау,
Көбі есте.
Бір он жылға қартайтқанмен,
Әрқайсысы,
Он-он жылдан жасартты да емес пе?!

Қ. Мырзалиев

Мұғалім – зор тұлға. Ол күннің құдіретті сәулесі сияқты

А. Ислямов

Адам атаулының өзіне ісі сай болғанда ғана бағалау керек

А. Ислямов

Өмірге кім болса да жылап келеді. Жарық пен қараңғылықты, суық пен жылылықты айыра отырып, ұзақ өмір сүруге өмірден жасың келсе де жас болып, күліп кетсең бақыттылықтың кемелдігі деп қой

А. Ислямов

Мәдениетті адам бола білу дегеніңіз, сайып келгенде – өнер. Демек көптің ішінде жүріп адам бола білу өнері. «Шалқайғанға шалқай – ол пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей – ол әкеңнің құлы емес», немесе «Күліп кері кетпе, таспен атқанды аспен атып көр», «Жақсылық істесең жақсылық боп қайтады» дегенде көп өмірлік өлшем барын түйе біл

А. Ислямов

«Бастауыш мектеп, 1987 ж.

ШАТТЫҚ ҰЯЛАҒАН ШАҢЫРАҚ

Танысу

Астанаға алыстағы Тарбағатайдан құрамында тоғыз мұғалім бар жанұялық ансамбль келді деген хабар редакция қызметкерлерін елең еткізді. Қонақ үйге іздеп келгенімізде, қонақтарымыз шаршағандарына қарамастан күндізгі әсерлерін айтып, топ жазбай отырған үстінен түстік.

Мақсатымызды білгеннен кейін, ортада отырған жасы алпысты алқымдап қалған отағасы өзін «Асқар Ислямов» деп, содан соң зайыбы Нағимадан бастап, балаларын түгел таныстырып өтті.

- Нағима жеңгең – Ардақты ана, ҚКСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері. Үлкеніміз Ермек – Абай атындағы орта мектепте орыс тілінен сабақ береді. Жолдасы Тұрсынхан – аудандық партия комитетінің нұсқаушысы. Сара – Ленин атындағы орта мектепте орыс тілінің, ал жолдасы Әміров Төлеш – музыка пәнінің маманы. Аман мен келінім Әмина – Чкалов атындағы орта мектепте ұстаз. Мәншүгіміз бен жолдасы Ғабит екеуі де Ленин атындағы орта мектепте шәкірттерге орыс тілінен сабақ береді. Тәкен мен Амангелді – жоғары оқу орындарында студент. Ал Шынар – 9 класта, Жанар – 6-класта, Салтанат – 3-класта. Ең кенжеміз Аманжол даярлық класында мектепте оқиды. Жанұя мүшелерімен нақпа-нақ таныстықтан кейінгі әңгіме желісі сөз иесінің қысқаша өмір жолына, еңбек жолына ауысты. Жастайынан мұғалімдікке құштар болған Асқар 1947 ж. Семей педагогика училищесіне түседі. Оны 1950 ж. бітіріп, мұғалім болып бір жылдай істейді де, осы жылдың аяғында екі жылдық Өскемен мұғалімдер институтына түседі. 1953 жылдан бері мұғалім. Міне, содан бері қолынан боры түсіп көрген емес. Кейін, 1958 ж. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтын сырттай бітіреді. Бұл күндері Шығыс Қазақстан

облысы, Тарбағатай ауданындағы В.И.Ленин атындағы орта мектептің директоры Асқар Ислямов – ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО Халық ағарту ісінің үздігі.

Асқар мен Нағимадан бастап н емерелеріне дейін түгел қатысатын жанұялық ансамбль облыс еңбеккерлері алдында жиі-жиі концерт қойып тұрады.

Бірнеше рет кездесіп, әңгімелескенде байқағанымыз үйде де, түзде де өмірін бала тәрбиесіне арнаған адамның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, сөйлеген сөзі айналасындағы адамдарға өнеге, тәлім-тәрбие бererлік-тей екен.

Кішкене балаларының ойынына зер салып отырған Асекең «Бейбітшілік болса екен..!», - деп барып үнсіз қалды. Мүмкін өзінің 4 жасында шешесінен, 12 жасында Ұлы Отан соғысында құрбан болған әкесінен айрылғаны есіне түсті ме екен? Біраз отырып ойын одан әрі жалғастырып кетті.

ДИРЕКТОР ОЙЫ

Мектеп реформасы жас ұрпақ тәрбиесін жетілдіруді, оның деңгейін анағұрлым жоғары сатыға көтеруді, мектеп мұғалімдерінің абыройбеделін бұрынғыдан да арттыруды көздейді. Ол бүкіл мектеп ісін, жас ұрпақ тәрбиесін өмір талабына сай көтеру үшін түбегейлі өзгерістер жасауда. Бұл орайда өзім жетекшілік ететін мектебіміздің материалдық-техникалық базасын нығайту қолға алынуда. Типтік жобамен салынған 480 орынды мектепте 2 сменада 800 оқушы оқып келеді. Алда бір сменада оқу шараларын белгіледік. Ол үшін мектеп жанынан қосымша құрылыс саламыз. Соған байланысты алты жасарлар оқуы, еңбекке баулу шеберханасы, ұзартылған күн тобы мәселелері шешілмек. Осы мақсатта жылдық, бесжылдық және болашақ жоспарлар жасалуда.

Оқу сапасын жақсартудағы ең басты тұлға – мұғалім. Сондықтан мектебімізде олардың педагогикалық шеберлігін арттыруына, озат тәжірибенің кең таралуына мүмкіндіктер жасалған. Тәлімгерлікке

айрықша көңіл бөлініп, мектеп басшыларының бақылауына алынған. Ата-аналармен бірлесіп істелетін жұмыстардың формасы мен тәсілдерін жетілдірудің жолдарын іздестірудеміз.

Сегіз жылдан бері мектебімізде жазғы каникул кезінде мұғалімдер мен оқушылардан құралған құрылыс – өндеу бригадасы жұмыс істейді. Осы бригада базалық кәсіпорын көмегімен мектеп жанынан оқу шеберханасын және 50 орынды интернат, жер асты ату тирін салды. Облысымызда бірінші рет Ертіс кемежайы ұжымының көмегімен су спорты комплексін салып, пайдаланудамыз.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде мектебімізде Ерлік және Еңбек даңқы залы жұмыс істейді. Онда Ұлы Отан соғысында қаза болған ауданымыздың, ауылымыздың азаматтарының өмірбаяндарын, ерлік жолдарын баяндайтын стенділер мен Совет Армиясы жауынгерлерінің жанқиярлық ерлігін бейнелейтін диаграммалар бар. Сонымен қатар онда соғыс ардагерлерінің, ауданымыздың атақты еңбеккерлерінің бейбіт еңбектегі табыстарын көрсететін экспонаттар қойылған. Бұлардың бәрі оқушылар мен мұғалімдердің, құрылыс өндеу бригадасының күшімен жасалды. Бұл орайда біршама тәжірибе жинақтадық.

«Ұласты» совхозындағы мен басқаратын В.И. Ленин атындағы мектепте 53 мұғалім еңбек етеді. Оның ішінде қыздарым Сара, Мәншүк, күйеу балаларым Ғабит, Төлештер бар.

Қызмет бабында балаларыма әке, ата ретінде ешқандай жеңілдік жасамаймын, қайта өзгелерден гөрі қашан да қатаң талап қоямын. Олар да мұны дұрыс түсінеді. Ортақ абырой үшін тырысып еңбек етуде.

«Ал жанұядағы бала тәрбиесі туралы Нағима жеңгеңді тыңдағаның жөн болар», - деп Асекең осы тұста зайыбы Нағима Сатыбалдинаға қарады.

Ардақты ананың әңгімесі

Дүниеге келген сәбиін қоғамға сай азамат етіп тәрбиелеу – алдымен ата-анаға борыш. Менің ойымша, қай қырынан алып қарасақ та үнемі

өсу, даму, еліктеу, қиялдау процесінің үстінде болатын баланы тәрбиелеу жолын күні бұрын айтып, жөн сілтеу мүмкін емес. Мұның құпиясы әр баланың өзіндік мінез-құлық ерекшеліктері болатындығында ғой деймін. Жанұя баланың өмірге көзқарасын, танымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратын, еңбекке баулитын алғашқы қоғамдық орта ретінде – қуатты күш.

Көп балалы ана ретінде бала тәрбиесі жөнінде айтарым: балаларым – бақытым, болашағым, мақтанышым. Саналы өмірімізді бала тәрбиесіне арнағандықтан болар, жанұямыздағы он баланың бірде-бірі өкініш әкелген жоқ. Тек қуаныш, ризашылықпен келе жатырмыз. 35 жылдық жанұялық өмірімізде қиыншылықтар да болды. Оның бәрін жеңе білдік. Жанұядағы бала тәрбиесінде ата-ананың мейірімділігі мен педагогикалық сауаттылығына қоса бүгінге дейін белгілі болған үлгілі мысалдар мен іс-тәжірибелер де көп. Мәселен, күнделікті өмірде әр жанұяның соны іс жүзінде орынды және дер кезінде қажеттілігіне орай пайдалана білуінде.

Ана, жар, ұстаз ретінде өзімді бақытты адаммын ден санаймын. Балаларымның әкесі де саналы өмірін бала тәрбиесіне арнаған адам. Дау-шарға бармаймыз. Тәрбие жұмысында іс-әрекетіміздің үнемі үйлесімді ортақ мақсатта болуына жүгінеміз. Жұбайым екеуіміздің еңбек тірлігіміздің бір бағытта болуы да бала тәрбиесіндегі табыстарымыздың бастауына айналды. Баланың алдында үнемі үлгілі болуға тырысу ата-ананы тәрбиелейді. Сондықтан да ерлі-зайыпты екеуіміз күні бүгінге дейін өз еңбегімізге, тұрмыс-тіршілігімізге үнемі бақылау жасап, кемшілігімізді түзетуге ұмтыламыз.

Жанұядағы бала тәрбиесінің негізгі өзегі – еңбекке баулу. Біздің балалардың әрқайсысының жасына, шамасына қарай атқаратын міндеттері бар. Баланы жасынан-ақ еңбекке икемдей бастау орынды. Жанұядағы еңбек кейіннен қоғамдық пайдалы еңбекке ұласып, еңбек адам өмірінің мазмұнына айналады. Мұндағы негізгі шешуші фактор – ата-ананың еңбек сүйгіштігі.

Сөз соңында айтарым: адам тәрбиелеу үшін өз ісіңді жақсы білуің қажет, әрі жан дүниең кіршіксіз таза болуы керек.

Екеуіміз де өмірімізді бала өсіріп, тәрбиелеуге арнаған ұстаз болғандықтан, бұл мамандыққа ұл-қыздарымыз айрықша ілтипатпен қарайды.

Еңбекке араласқан төртеуі де - өз ісін сүйетін ұстаздар. Олардың өмірлік серіктерінің де мұғалімдер болуының сыры осы мамандық иелеріне құрметпен қарайтындарында болса керек.

Ардақты ана әңгімесінен кейін ата-ана жолы туралы, ұстаздар әулетінің ең жасы Мәншүк өз ойын ортаға салды.

Мәншүк айтқан сыр

Мұғалімдік мамандықты таңдауыма ата-ана, бауырларым және ұстаздарымның әсері болды. Бұған қуанбасам, өкінбеймін. Үш-төрт жылдан бергі мұғалімдік тәжірибемде бірде-бір рет осы жолға түскеніме ренжіп көрген емесін. Әрине, бұдан менің ұстаздық жолымда қиындықтар болмаған деген ой тумауы тиіс.

Жолдасым Ғабит Құсайынов екеуіміз былтырдан бері бастауыш кластарда реформа талаптарына сай орыс тілінен сабақ береміз. Осы жұмыста көп кемшіліктерге көзіміз жетті. Солардың бірі қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуға арналған әр түрлі техникалық оқыту құралдары: графопроектор, күйтабақтар, магнитафон, диафильмдер, диапозитивтер, кинофильмдер жетіспейді. Қолымызда бар оқулықтар қазақ балалары үшін өте күрделі жазылған.

Мектеп кітапханасында кластан тыс оқуға арналған түрлі-түсті суретті кітаптар өте аз. Қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуға қажетті көмекші құралдар әлі де жетіспейді. Осындай қиыншылықтарды жеңудің де өзіндік қуанышы бар. Өз күшімізбен қажетті кітаптар, сөздіктер, диафильмдер, күйтабақтар іздеп тауып, оны мектеп қорына өткізіп, күнделікті жұмысымызда пайдаланып жүрміз.

Оқушыларға жазғы демалыс кезінде көркем әдебиет тізімі тапсырылып, оқу жылының басында орындалуы тексеріледі. Мектебімізде орыс тілі пәнінен үйірме жұмыс істейді. Оған барлық тілек білдірушілер қатыса алады. Онда үйірме мүшелерінің сұрақтарына жауап беріледі. Кинофильмдер көрсетіледі, түрлі ойындар, ребус, кроссвордтар шешу ұйымдастырылады, орысша әндер үйретіледі. Орыс тілін игеруде үйірме мүшелеріне баяндама, хабарлама жасату, оқыған кітап, көрген кинофильмдерінің мазмұнын айтқызудың үлкен әсері болатынын байқадық.

Мектепте «Жас мұғалімдер бұрышы» жұмыс істейді. Мұны ұйымдастыруда өзіміз бастама көтердік. Неге десеңіз, жас ұстаздардың еңбек жолында көп қиындықтар болатынын біз жақсы түсінеміз.

Қол жеткен табыстарымыз аз емес, олардың бәрін айтып жатудың реті жоқ сияқты. Ең бастысы – өзің таңдаған мамандықты сүйе білу. Сонда ғана еңбек қуаныш әкеледі.

Басшы әкемен бірге жұмыс істеу үлкен жауапкершілік жүктейді, үнемі талап биігінен көрінуді міндеттейді. Басқа мектептерде ұстаздық етіп жүрген бауырларым бәріміз бір дастарқанға жиналып қалғанда әңгіме қашанда бір арнаға оралады. Ол – мектептеріміздегі жаңалықтар, оқу, оқыту, бала тәрбиесі. Дәл бір мектептегі жиналыста немесе семинар-кеңесте отырғандай сезінеміз өзімізді.

* * *

Соңғы кездескенімізде Асекең аулына жиналып жатыр екен.

- Жеңгеміз жаныңызда, балаларыңыз қасыңызда, тағы да бірер күн астанада аялдамадыңыз ба, аға? – деп сұрадық.

- Мектебіміз бар ғой, - деп шәкірттерін еске алғандай ойлана жауап берді.

Рухани жан азығы өнер мен ұлағатты ұстаздықты биік мұрат тұтқан ұстаздар әулетіне сәт сапар тіледік.

А. Теменов

«Тарбағатай нұры», 1 мамыр, 1998 ж.

ЖАДЫМДА ЖАҢҒЫРҒАН ЕСІМ

Асқар Ислямов қырық жыл ғұмырын ұстаздыққа арнаған, оның жиырма бес жылында орта мектеп директоры болған. Қазақстан мұғалімдерінің IV-VI съездерінің делегаты, Қазақстанның, Совет одағының халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім.

Республикалық жанұялық ансамбльдер байқауының 1986 жылғы Шығыс Қазақстан облысы бойынша тұңғыш лауреаты – «Балдырған» жанұялық ансамблінің жетекшісі. 1987 жылғы Республика бойынша өткізілген педагогтер династиясы бас қосуының тұңғыш делегаты. Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы еңбек ардагері.

Асекең туған 1928 ж. аудан құрылыпты, байларды тәркілеу, ұжымытендіру сияқты аласапыран кезең басталған. 1932 жылғы ашаршылық, 1937 жылғы қым-қуыт, 1941 жылғы соғыс, ал зейнеткерлікке шығар кезде Совет өкіметі құлап, социализм ыдырап, тағы бір аласапыран кезең бастан өтті. «Әр заманның тұсында бір сұрқылтай» болғанмен, өткен өмір – тарих. Оны бүгінгі өмір бет алысынан бөліп алып тастауға болмайды. Асекеңде балдырған балалық та, күміс күлкілі жастық та болмапты. 1932 ж. 4 жаста шешеден, 1940 ж. 12 жаста әкеден айырылып, ағайын-туыс, балалар үйін паналап, ер жеткен жанда есте қаларлықтай не болсын. Соғыс салдарынан 1941 ж. 6 кластан қол үзген жеткіншектің Жеңістің 50 жылдығына байланысты «Тылдағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталуы еткен еңбек, төккен тердің өтеуі. «Алмас қылыш қынапта жатпай», талапты жас 1947 ж. Семейдің мұғалімдер даярлайтын 3 жылдық училищесін, 1952 ж. Өскемен мұғалімдер институтын бітіріп, 3 бірдей дипломмен жас ұрпақ тәрбиелеу ісіне араласты. Осының өзі оның жас ұрпақ тәрбиесіне кездейсоқ

келмегенінің бір белгісіндей. 1952 ж. Тарбағатай ауданының орталығы – Ақжарда ауданның сол кездегі «университеті» болған жалғыз мектепте мұғалімдік жұмысқа кірісті. Дәл осы кезең жайлы Асқар аға былай деп түйіндейді: «Сусаған еңбекке алғаш араласқан әр адамның алдында асқақ арман, ұлы мақсат болуы шарт қой. Ал өз еңбегің саласында тынымсыз іздену, шығармашылық тәртіп, реттілік, ұстаз ретінде мектепте оқушы алдында ғана емес, үйде де, түзде де, жұртшылық ортасында да ұстаздық қалыпты сақтауға өзімді-өзім тәрбиелеп, жақсының жақсылығын алып, жаманнан жиренуге тырыстым. Бұл менің өмірлік кредома айналды».

Шәкірттерің сапқа тұрса Асеке,

Ақжар менен Алматыны жалғайды,

- деп ақын айтқандай, 1952-1971 жж. Абай орта мектебінде ұстаз, оқу ісінің меңгерушісі, партбюро секретары бола жүріп, аупарткомның лекторы, ауылдық Советтің депутаты сияқты қоғамдық істер атқарып, жұртшылық алдында үлкен беделге ие болды. Осы жылдар ішінде бірнеше құрмет грамотасымен, облыстық партия комитеті мен оқу бөлімінің дипломымен, 1967 ж. «ҚКСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталды.

Ұлағатты ұстаздың кең мағынадағы халық ағарту саласында өзіндік бетінің айқындалуы 1971 ж. Ленин атындағы мектепке директор болып тағайындалуынан басталады. Осы бір кезеңге дейін жалпы аудан халық ағарту жұмысының бар саласы жоғарыдан берілген сан қилы тапсырманың орындалу деңгейімен бағаланып, солай өлшеніп келді. Төменнен ешкім «бұл қалай» деуге, «сөйтейік» деуге дәрмені жетпеді. Дәл осы кезеңде Асқар Ислямов өзіне де, өзгеге де жаңа көкжиек ашты. Осы мектепте 24 жыл табан аудармай директор болған адам уақыт талабына сай ұжымды ортақ іске жұмылдыру, тынымсыз іздену, реттілік, тәртіп, шығармашылық табыс, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту сияқты алуан түрлі педагогикалық, методикалық, дидактикалық жаңалықтарды үздіксіз игеріп өмірге пайдалану

нәтижесінде қатардағы Ленин атындағы орта мектепті ауданда бірінші болып кабинеттік оқу жүйесіне көшірді. Мектеп осылайша аудандық үлгі-тірек мектебіне айналды. 1973-1974 жж. бастап жеке пән немесе мектеп басшыларының семинар-кеңестері өтетін тәжірибе тарату орталығына айналды.

Анықтап айтсақ, мектеп директорының әдеттегі аудандық оқу бөлімі мен өзге де лауазым иелеріне жалтақтауы жоқ еді. Ойдан ойып, қырдан қиып дегендей қажеттіліктер алынды. Көп ұзамай жұрт жақсы жаңалықты мектептің жүзеге асқан игі істерінен ғана білетін болды.

Айталық, мектеп жанынан (бюджеттен қаржы сұрамай-ақ) оқу шеберханасы, кітапхана, интернат жатақханасы салынып, мектептің ішкі жабдықтау, ұйымдастыру жұмысын қолайлы жағдайға келтіруге мүмкіндік жасалды. Оқу кабинеттері кеңейтілді. Үш лингафон, екі кәсіптік бағдар беру кабинетімен қатар техникалық құралдарды пайдалану орталыға (ТСО) құрылды.

Бұл жеке пәннің өзіндік ерекшелігіне сәйкес құрылған пән оқыту кабинеттерінен бөлек, сабақтан тыс оқу, қосымша үйірме жұмыстарына кең жол ашты. Кейіннен 1975-1980 жж. аралығында мектеп жанынан спорт комплексі, ауданда тұңғыш жер асты ату тирі жасалып, пайдалануға берілді. Мектеп ішінде музей типтес Ленин бөлмесі, даңқ залы, аудан түгілі облыста жоқ Москваның қоршауда қалған кезіндегі соғыс қыймылының тірі көрінісін бейнелейтін диаграмма жасалды. Осының бәрі жас ұрпаққа патриоттық жан-жақты тәрбие берудің сүйікті де көрнекті орнына айналды.

Асекең осыншама қыруар жұмыстардың жүзеге асуын бүкіл жұртшылықтың атсалысуының нәтижесі деп түсіндіреді. Ауылдық кеңес төрағасы марқұм И.Нұразханов, соғыс ардагерлері Қ.Жабықпаев, Қ.Кәмелов, Ә.Мұхамеджанов, аудандық советтен Клара Исбаева, оқу бөлімінен Мұғзиза Тоқтарова сияқты көптеген адамдардың есімін ілтипатпен атайды. 1980-90 жж. мектептің атақ-даңқы жер орбитасынан самғаған зымырандай аспандады. Селолық мектептердің ішінде

материалдық базасы жан-жақты нығайған, оқу-тәрбие жұмысының бар саласы заман талабына сай ұйымдастырылған үлгі-тірек мектебі ретінде Республикаға әйгіленді. Мектептің іс-тәжірибесі негізінде жоспарлы семинарлар, конференциялар өткізіле бастады. Бұл жөнінде жекелеген мақалалар ғана емес, арнаулы бет-плакаттар шығарылды.

Асекең ондаған жылдар бойында сан рет аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат, мұғалімдердің IV-VI екі бірдей съезіне делегат, республикалық педагогтер династиясы форумына Шығыс Қазақстан облысынан тұңғыш делегат болып сайланып, оған жанұядан 11 адам қатысып, марапатталғаны сияқты айтулы оқиғалар орайында былайша ой түйеді: «Қай кезде болмасын ұстаз халық тәрбиешісі ретінде өзінің беделін төмендетпегені абзал. Жаңағы айтып отырғаныңыз біз үшін құрметтің ең үлкені, оны халық жақсы біледі. А.Русланованың «Қазақстан мұғалімі» газетінде жазған «Ұстаздар әулетімен кездесу» мақаласы да осы мәселеге ден қойған».

Асқар аға Ислямовтың директорлығы тұсында Ленин атындағы орта мектепте, Тарбағатай тарихында тұңғыш рет облыстағы барлық қазақ аудандарының мектеп директорлары бас қосқан семинар өтті. Оған Зайсан, Марқакөл, Күршім, Ұлан аудандарынан 170 мектеп басшысы келді. Семинар-кеңес үш күнге созылып, мектеп ұжымының қызметі, іс-тәжірибесі үлгі етілді. Семинарға оқу министрінің орынбасары Қанапин, облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі марқұм Б.Қайырбеков, Боран орта мектебінің директоры Қ.Нұрғалиев, оқу министрлігінің аға әдіскері Е.Әмірханов, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы З.Дәукеевтер қатысып, мектеп ұжымының шығармашылық жұмысына өте жоғары баға берді. 15 мұғалім әр түрлі дәрежелі құрметке ие болды. Оның ішінде қол өнер шебері Б.Қиялбаев, Н.Әубәкіров. Қ.Бітібаева «ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі» атағын алды.

Сол бір кезеңде 8 мұғалім Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі атанып, 4 мұғалім Республика оқу министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды. 15 мұғалім социалистік жарыс жеңімпазы, 3 мұғалім аға

әдіскер, 2 мұғалім аға оқытушы құрметті атағын жеңіп алды. Мектеп педагогикалық еңбектің базалық орталығына айналды.

Бүгінде Тарбағатай өңірінде дүйім елдің жан сарайын тербеген ерекше бір құбылыс бар. Ол – ауданның мәдени-рухани, шаруашылық, саяси-экономикалық өмірінің бар саласын Ленин мектебінің Асекең директоры болған жж. түлектері басқарып отыруы. Қалай десеңіз де бұл кездейсоқтық емес. Кадр сапасының біртектілігі болып табылады немесе кешегі Асекең еткен еңбектің бүгінгі нәтижесі деген жөн. Олай болса халқының рахметі, шәкірттерінің алғысы Асекеңе нұр болып төгіліп, гүл болып шашылуға тиіс.

Міне, 15-20 жыл бойы суреті аудандық Құрмет тақтасына жазылған Асқар Ислямұлы Батпақбай тегінің творчестволық еңбек жолы мен өмір белестерінің негізгі сатылары осындай. Жолдасы Нағима – алтын алқа иесі, ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі, жанұялық ансамбльдің облыстағы тұңғыш лауреаты. Отбасынан 8 бірдей тамаша педагог шыққан қасиетті орда. 16 немере алаңсыз өсіп келеді.

Әнуархан Қайырбаев,
журналист, облыстық Журналистер одағының
З.Баянов атындағы сыйлығының лауреаты

«Коммунизм туы», 18 қазан, 1983 ж.

АСЕКЕҢ АСҚАН АСУЛАР

«Мұғалім жас бала үшін ешбір теңдесі жоқ
күннің құдіретті сәулесі сияқты»
К.Д. Ушинский

Шалғайдағы шағын ауылда қос қабатты мектеп үйі бой көтергенде аудан басшылары мен тиісті орындар басқа қызметке ауысқан бұрынғы директорының орнына білімді де білікті, іскер кадр жіберуді ойластырған. Әрине, қай мектепте болсын тапсырылған істі тиянақы

атқаратын, ұстаздық борышына адал педагогтер баршылық еді. Мектеп жұмысын бес саусағындай игеріп қалған оқу ісінің меңгерушілері де аз емес-тін. Сөйтсе де, аупартком мен оқу-ағарту орындары көсем есіміндегі бұл жаңа типті білім ордасына директор тағайындауды асықпай, ақылдасып шешті. Ақыры, В.И. Ленин атындағы орта мектеп ұжымына басшылық етуді Абай атындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Асқар Ислямовке тапсыру ұйғарылды.

Бұл 1970 жылдың жазы болатын. Бөлмелерінен әлі бояу иісі кете қоймаған, ұсақ-түйек шаруасы бастан асып жатқан мектеп үйі Асекеңді қарбаласымен қарсы алғаны рас. Жаңасы жаңа-ау, жарқырап-ақ тұр. Бірақ әлі де жөнделмеген есік-терезе, бітпеген жұмысы жетерлік, тізе берсе таусылып болар емес. Дегенмен, бәрін таптұйнақтай етіп үлгіру керек. Қыркүйек болса таяу қалған, оған дейін сақадай-сай отырмаса зәулім білім ұясының табалдырығын аттауды тағатсыздана күтіп, зор қуаныш арқалап келген бүлдіршіндердің тауы шағылары хақ. Оны Асекең барған ұжымның әр мүшесі айтпай-ақ түсінген, бар жұмысты айтқызбай атқарған. Сөйтіп сол жылдың алғашқы қыркүйегінде болған салтанатты сап түзеуден соң алты жүзден астам ауыл балалары алтын ұяның ішін думанға бөлеген. Олардың риясыз көңілдерінің куәсі болып, өзі де іштей шаттанған ұлағатты ұстаздың жүрек түкпіріндегі үлкен істерге бастар үміт шырағы жарқырай жанған...

Иә, содан бері, міне, алпыс жыл өтіп, он үшінші күз жетіпті. Асекеңнің алдынан он ұрпақ өнер мен білім баспалдағына қол созып, қияндарға қанат қағыпты. Уақыттың боз қырауы қонақтаған бурыл шашын шалқайта тараған, кең маңдайын әжім торлаған байыпты да байсалды, қатал да қағылез ұстаз бейнесі әрдайым олардың жүректерінде

жаттаулы, саналарында сақтаулы. Ал отыз алты жылдық ұстаздық қызметінде одан дәріс алып, өмірдің сан тарау жолына түскен шәкірттер саны қаншама десеңізші. Бүгін Тарбағатай өңірінің кәрі-жасы оны қадір тұтып, ізет көрсетсе сол байырғы балалар бағбанының жас ұрпақ алдындағы азаматтық асыл парызының ақталғандығының дәлелі. Өйткені әрбір шәкірт алғысы – ұстаз еңбегіне берілген әділ баға, басты сый.

...Тағдыр оны ана мейірімі мен әкенің аялы алақанынан ерте айырды. Ол он екі жасқа жетпей-ақ қос қамқорынан бірдей қалып, сұрапыл соғыс жылдарының адам төзбес ауыртпалығын бұғанасы бекімей жатып арқалады. 1947 ж. Семей қаласындағы педагогикалық училищені ойдағыдай бітіріп келіп, Тарбағатай ауданының Жалғызтал жетіжылдық мектебінде ұстаздық жолын бастаған ол 1953 жылға дейін алдымен Семей, соңынан Өскемен педагогикалық институттарында оқыды. Енді жоғары білімді жаратылыстану пәнінің мұғалімі 1966 жылға дейін Ақжардағы Абай атындағы орта мектепте сабақ берді. 1970 жылға дейін Ақжар мектеп-интернатында оқу ісінің меңгерушісі, Абай атындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болды. Сол мектепте партбюро секретары болып сайланды. Әрине, бір қарағанда бұлар Асекеңнің қысқаша өмірбаянына ой көзін жүгірту болғанымен бұл жолдардың астарында ұрпаққа берген ұлағат пен төгілген тер, тәрбие ісіне тәрік етілген мұқалмас қажыр-қайрат жатыр. Ол жылдары коммунист педагогтің өз өмірінің саналы кезеңің осы бір қиын да қастерлі іске арнағандығын аңғартады. Үкімет пен партия ұстаз еңбегін әркез әділ бағалап отырды. 1965 ж. «ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен, 1970 ж. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталды. Ал 1979 ж. «КСРО халық ағарту ісінің үздігі» аттанды. Басқа да мақтау грамоталарының өзі бір төбе. Әрине, әр сый, әрбір жүректі тебірентер шәкірт алғысы мектеп басшысының көңіл жайлауын кеңейтіп, атқарған іске деген коммунистік жауапкершілігін арттырғаны сөзсіз. Содан да мектептің оқу-тәрбие жұмысы жыл өткен сайын жақсарып, материалдық

базасы нығая түсуде. Қазір ол – атағы аудан асып облыс, республикаға жетіп жатқан айтулы білім шаңырағы. Оның бірлікшіл ұжымының үлгілі істері Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне ұсынылуы соның бірден-бір дәлелі. Педагогтер қауымында жиі ауызға алынып жүретін «Директоры қандай болса, мектебі де сондай болмақ» деген мәтел А.Ислямов сынды адамдарға арналып айтылса керек. Өйткені, мектеп педагогикалық ұжымының оқу-тәрбие жұмысындағы табысы директорға, оның партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарымен ынтымақтаса білуіне, жұмыс стиліне, жеке басының адамгершілік, парасаттылық қасиеттеріне тікелей байланысты.

Ол уақытта жалпы білім беретін мектептерде оқытудың кабинеттік жүйесіне көшу мәселесі жүзеге асырылып жатқандықтан Асекең келген күннен бастап ұжымның күш мүмкіншілігін осы көкейкесті проблеманы қысқа мерзімде шешуге жұмылдырды. Оған қажетті құрал-жабдық, материалдар мен методикалық көрнекілік табу үшін одан да үлкен мәселе болып қол байлады. Мектеп басшысына совхоз директорынан бастап аудандық, облыстық ұйымдардың алдына мәселе қоюға тура келді. «Көргені жақсы көш бастайды» дегендей, бір мақсатқа бірлесе жұмылған бірлікшіл ұжымның сабақтан тыс кездерді пайдаланып, уақытпен санаспай іс атқаруының арқасында мектептің оқу-тәрбие процесі ауданда бірінші болып, ал облыс көлемінде алғашқылардың қатарында оқытудың тиімді тәсіліне көшірілді. Облыс, республикадағы озат мектептердің үлгісінен үйрене отырып, жабдықталған жиырмаға тарта пән кабинеттерінің оқу-материалдық базасында бірнеше рет аудан, облыс мектептері директорларының күндері өткізіліп, озық тәжірибесі таратылды. Пән кабинеттері қажетті техникалық көрнекті құралдармен жетілдіріліп қана қоймай, олардың сапасы жақсарып, саны арта түсті. Қазір «Ұласты» совхозы жұмысшыларының 800-ге жуық баласы 25 пән кабинеттерінде дәріс алуда. Олардың игілігіне мұғалімдер күшімен мектеп жанынан оқу шеберханасы мен кітапхана салынды. Он үш жылдан бері атқарылған және заңды жалғасын тапқан

осы сияқты жарқын істердің бәрінің басы-қасында тәжірибелі тәлімгер, ардагер педагог Асқар Ислямов келеді.

Бірақ мектептің оқу-тәрбие жұмысын жақсарта түсудегі қиын түйіндер кабинеттік жүйеге көшуді аяқтаумен шешіліп қойған жоқ. Коммунистік тәрбиенің комплекстілігін қамтамасыз ету мектеп басшысынан да, педагогикалық ұжымнан да үзбей ізденуді, резервтер мен мүмкіндіктердің көзін табуды талап етті. Жазғы демалыс кездерінде оқушылардан бірнеше бригада құрылып, оқу-өндірістік учаскеде немесе совхоз шаруашылығының әр саласында қоғамдық еңбекке араласуды дәстүрге айналдырды. Ал педагогикалық жұмыстың ажырамас буыны – әскери-патриоттық тәрбие беруді бүгінгі күн талабы деңгейінде ұйымдастыру мектеп басшысын бірнеше жылдай толғандырды. Өйтпегенде ше? Ол басқаратын мектеп шекараға таяу ірге тепкен Комсомол селосында орналасқан. Сондықтан ондағы көсем есіміндегі мектеп – нағыз патриоттар ордасы болуға тиіс. Мектеп директоры бұл ойын іске асыруды ең алдымен жауынгерлік Даңқ залын жабдықтаудан бастады. Сөйтіп жүргенде оңтайлы істің орайы да ойламаған жерден келе кетті. Бірнеше мектеп директоры Павлодар қаласында білім жетілдіру курсына барған. Сондағы бір озат мектептің залынан сәби көтерген азаттық солдатын, тағы бірнеше стендісін қағазға түсіріп алған. Курстан оралған соң мектеп суретшісі, тарих пәнінің мұғалімі Б.Қиялбаевпен ақыл қосып, өз пікірін айтқан. Ақылдаса келе мәңгілік от пен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ұластылық ұландардың аты-жөнін қара мраморға қашап жазуды, мәңгілік оттың айналасын ақ мрамормен әдіптеуді, ақ қаңылтыр, басқа да көптеген материалдар іздеп табуды ұйғарған. Асекең 500 шақырымда жатқан облыс орталығына ат сабылтып жүріп ақыры өз ойын түбегейлі орындап тынған. Оның жемісі – мектептің екінші қабатындағы ұзын коридордың жартысын алып жатқан жауынгерлік Даңқ залы жыл сайын жаңғыра түсуде.

Әрине, оқушыларға патриоттық тәрбие беру ісі тек Даңқ залын безендіріп, бастауыш әскери даярлық сабағының дәрежесін арттырумен

шектелмейтінін ол жете ұғынған. Оларға қосымша күзет қалашығын салдырып, сапта жүру алаңын асфальтатты. Ендігі мәселе – тир жасату еді. Бірақ ол оңай шаруа емес-тін. Өз шешімін сараптап, мұғалімдермен ақылдасты да Киев қаласындағы мектептерде қолданылып жүрген ұзындығы 25 және 50 метрлік оқу тирінің жобасын, оған қажетті материал, күш-көлікті қағазға түсіріп алып бір күні аудан тартқан. Аудандық партия комитетінің екінші секретары Баяхмет Абдрасылов директор ұсынысын қуана құптап, бағыт берген. Сол жылдары яғни өткен жылғы жазда жоғары класс оқушыларынан құрылған құрылыс бригадасының мүшелері мен мұғалімдерге қоғамдық негізде кірпіш құйдырып, совхоз бен № 185 жол пайдалану учаскесінің көмегімен ұзындығы 25 метрлік жер асты тирі оқу шеберханасы жанынан қатар түзеді.

Арада көп өтпей Асекеңді аупарткомның екінші хатшысы қайта шақыртқан.

- Асеке, - деген ол амандықтан соң, - енді сізге айтар менің идеям болып отыр. Таяуда Талдықорғанда болғанымда бір мектебінен Ұлы Отан соғысы эпизодын бейнелейтін диорама көрдім. Ол біздің ауданды қойып, облыс мектептерінде әзір қолға алынбаған дүние. Осыны сіздерде жасап көрсек қалай қарайсыз?

- Қамқорлығыңызға рахмет, Бәке! Біз бұл істі дереу қолға алып, нәтижесін хабардар етіп отырамыз.

Асекең секретарьдан едәуір көңілі өсіп шыққанымен жол бойы да, мектепке келген соң да біраз уақыт болашақ диорамаға қажетті заттарды табудың жолын ойластырған. «Ауданды қойып, облыста қолға алынбаған дүние» дейді. Демек, тұңғыш диораманы қайткен күнде мазмұнға бай да тартымды әрі есте қаларлықтай етіп жасау керек. Ол үшін хатшы айтқан диораманың жасалу тәсілі, макеті, жалпы көрінісі керек болды да уақытты ұттырмай бастауыш әскери даярлық сабағының мұғалімі Б.Абайхановтың жанына әуесқой фотографты қосып Талдықорғанға жіберді. Олар оралған соң тағы өзара пікірлесе келе «Ұлы Отан соғысы» бейнесін «28 панфиловшылар шайқасына»

айналдырып, бөлменің бір қабырғасына мектеп пионер дружинасы аталатын Төлеген Тоқтаровтың ерлігі бейнеленді. Диорамаға кейін облыстық партия комитеті мен облыстық оқу бөлімі жоғары баға беріп, оны ұйымдастырып, өмірге әкелудегі директор еңбегін атап өтті.

...Әншейінде бұйығы тірлікті белең алдырып, кино, кештерге көп бара бермейтін село халқы бүгін бір серпіліс танытқандай. Ауылдың әр тұсынан андыздай ағылып кеп, жаңадан бой көтерген қос қабатты мәдениет үйінің кең залын керней кіріп жатыр. Абыр-сабыр басылған соң патсайы шымылдық сахнаның қос қапталына қарай сырғи жөнелді де, конферансье қыз концерттің басталғанын хабарлады. Бұл – Ислямовтардың жанұялық ансамблінің село жұртшылығы алдына алғаш шығуы еді. Көрермен қауым да құрылып жатқандығы еміс-еміс құлаққа кеп жатқан «Асқар ансамблінің» программасын тамашалауға ынтызарлықпен жиналған. Олар мандолин мен мараказта, домбыра мен сырнайда, гитара мен дауылпазда ойнап ән салған, мың бұрала би билеп, құйқылжыта күй төгілткен жанұя мүшелерінің жетекшісі – Асекеңнен бастап оның бес жасар кенжесі Аманжолға дейінгі он бес шақты ән құмар әулеттің өнерін қызықтап, қуана қол соққан. Асекеңнің өз инициативасымен құрылған бұл ансамбль кейін ауданның біраз жерлерінде және облыстық телевизия студиясында өнер көрсетті. Ансамбльдің ең жас мүшелері Шынар мен Жанар, Салтанаттың қосылып айтқан «Шаттық жыры» мен Аманжол орындаған грузин биінің әсері әлі күні көкейімізде.

Асекең мен жұбайы Нағима он бала тәрбиелеп өсірген шаттықты шаңырақтың қос босағасы іспетті. Ислямовтар әулетінен шыққан сегіз педагогтың бесеуі В.И.Ленин атындағы орта мектепте еңбек етеді. Оларға бал бөбек немерелерін қоссаңыз тамырын тереңге тартқан саялы бәйтерек дерліктей. Отыз жыл отасқан өмірлік серігі Нағима да бұл күнде Ардақты ана, отыз жылдай шәкірт тәрбиелеген аяулы ұстаз, ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі. Советтік өмір салтына сай ғұмыр кешіп, сауатты да саналы, адамгершілікті азаматтар өсіріп шығарған

тағылымды тарландардың жанұядағы бала тәрбиесінің өзі бір әңгімеге арқау боларлықтай. Ал олардың өз орталарында өнер отауын ұйымдастыруы – балаларының эстетикалық талғамын шыңдаудың бір қыры ғана.

...Күн соңынан күндер зымырап жылдар тізбегі жасалады. Ойлап қараса мұғалім боп мектеп табалдырығын аттағанына да, міне, қырық жылға таяу уақыт өтіпті. Жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие берудегі үлкен еңбегі үшін жуықта «ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалім» құрметті атағына ие болуы – сол өткен жылдар мен өтелген еңбек жемісі екендігі сөзсіз.

...Осыдан 12 жыл бұрын мектеп бағына өзі отырғызған ақ балтыр теректер алтыннан алқа тағынып, ұстаз еңбегіне тағзым еткендей бас иеді. Ал Асекең болса уақыт табымен сартап болған сары ала жапырақтарды санап басып, байсалды қалпын бұзбастан мектепке қарай аяңдап барады. Бұл оның көңіліне өшпес қуаныш ұялатып, өмірбаянына жарқын бет болып жазылар алтын күз еді. Алынбақ асу әлі алда...

Жұмағазы Игісін
Тарбағатай ауданы.

«Дидар» 3 қараша, 1998 ж.

ҰЛАҒАТ – ҰЛЫ МҰРАҒАТ

Тарбағатай өңіріндегі тәрбие тарландарының бірі – Асқар Ислямовтың есімі облыс жұртшылығына етене таныс. Қазақстан Республикасының және бұрынғы Кеңестер Одағының еңбек сіңірген мұғалімі өз өмірінің 40 жылын ұрпақ тәрбиесіне арнады. Қазір 70 жастың асқарына шығып отырған Асекең асқары, ол көтерілген бедел белестері әйгілеп-айшықтаудан кенде емес. Десек те оның жуықта ғана сүйінші данасы қолымызға тиген ғұмырнама кітабын оқып шыққаннан кейін

өзіміз көп біле бермейтін беймәлім сырларға қанығып, ол кісінің ұрпағына айтар ұлағаттарын ұғындық.

«Өмір өткелдері» деп аталатын бұл кітаптың алғашқы беті:

«Өткенді ұмытқан – өшкендік белгісі,

Өткенді еске алған – өскендік белгісі», - деген автордың өзінің ой-тұжырымынан басталады. Содан әрі қарай желі тартып, жалғаса беретін әр тақырыптың астарында қарт ұстаздың педагогикалық, әкелік және психологиялық пайымдаулары, келелі кеңес, кемел ой-пікірлері өрбиді. Ашаршылық пен аярлыққа, қуғын-сүргін нәубеті мен соғыс ауыртпалығына дөп келген баянсыз балалығынан бастап, есею, ересектену және тамыр тартып өсіп-өрбу жолдары тарамдалады: «Үй алдында төбе болса, ерттеулі тұрған аттайын, төр алдында қартың болса, жатталып қалған хаттайын» дегендей, бұл өмірбаяндық шегіністердің де санасының сәулесі бар зейінді ұрпаққа берер ғибратлы сабағы, тәлімдік тағлымы аз болмаса керек. Жарық дүниеге келмей жатып-ақ анталаған ашаршылық пен жәутеңкөз тағдырдың талқысына түскен Асекеңдей мыңдаған қариялардың сол бір сүреңсіз сәулелері уақыт табанымен тапталып қалмақ емес әсте. Ол көне сүрлеудің тарих көшімен бірге тартылып, бүгінгі күнге жетуі мен болашаққа кетуі заңды жалғастық. Осы тұрғыдан алғанда сол қиындыққа мойымай, адаспас жолын аңдай білген, шырақты темірқазығын таңдай білген қайыңның безіндей қара шалдардың мұқалмас қажырына таң қаласың. Асылдығына, тектілігіне таңдай қағасың.

Біздің ойымызша Асқар ағаның бұл кітабын тек оның өмірбаяндық ғұмырнамасы, яки, көпті көрген көнекөз қарияның көңілге түйгендері деп қана емес, «оның нәрі қайда, дәні неде?» деген сауалды алға тарта отырып оқыған ләзім.

Ұстаз еңбегінің құдіретін ақын да, батыр да, қол бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де мойындаған. «Ұстаздық – ұлы нәрсе», - дейді Мұхтар Әуезов.

«Ұстаз болу – сезімінің ақындығы, ұстаз болу – жүректің батылдығы...», - дейді ақын Ғафу Қайырбеков. Ал ой маржанын сүзген кемеңгер бабаларымыздың бірі:

«Пенденің көзі тірлікте,
Дүниеге тоймайды.
Арманы биік асыл ер
Ұрпақтың қамын ойлайды...», -

деп артына ақық сөз қалдырса, осылардың бәрін өз кітабында орынды пайдалана білген Асекең: «Мен өзім жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысымен айналысқаныма өкінбеймін, қайта құдайдың құдіретімен мұғалім болғаныма қуанамын», - деп ағынан ақтарылады.

Автор өз өмірінің есею, толысу, кемелдену жылдарын аудан тарихымен, әсіресе өзі істеген Ақжардағы Абай атындағы, Жетіаралдағы Ленин атындағы орта мектептердің өткенімен байланыстыра әңгімелейді. Абай мектебінің түлектері бұл білім ордасын әспеттеп, «Ақжардың университеті» деп мақтанса, әлі күнге дейін «күн көсем» есімімен аталып келе жатқан Жетіарал мектебі – түп тарихы сонау 1914-1916 жж. Сұлтанмахмұт Торайғыров барып ашып, аз уақыт бала оқытқан «Прәмила» бұлағынан бастау алатын ежелгі қара шаңырақтың бірі. Ал Асқар Сіләмұлы – осы білім ұяларының бірінде оқу ісінің меңгерушісі, екіншісінде жиырма жыл директор болып, айшықты із қалдырған адам. Сондықтан туған ауданымен тұрғылас, өзі қомақты қолтаңбасын қалдырған қос мектеппен құрбылас адамның жазғандарын әсіресе, биыл ғана өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өткен Тарбағатай ауданының, одан қала берді облысымыздың көзі қарақты оқырмандары қызыға қолына алар деп ойлаймыз.

Өткенді білмей жатып болашақты болжау, ертеңге сәуегейлік айту - әбестік. Ел тарихын жасайтын – оның адамдары десек, сол тарихты хатқа түсіріп, тасқа бастырып жазып кететін - көкірегінің шамдары бар, көңілінің аңғары бар ақсақалдар.

Биіктің не керегі бар,
Басында бұлағы болмаса.
Қарияның не керегі бар,
Халық тыңдар сөзі мен
Тарих сақтар құлағы болмаса, -

деп қазақтың арқалы ақындарының бірі Айшық Момынов айтқандай, Асқар аға да бүгінгі жетпіс жасына әншейін желе-жортып жетіп келмепті. Көз көріп, көңіліне түйіндерін саралап-сараптай жүріпті. Соның бір парасын қағазға түсіріп, облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің баспаханасында бастырып шығарып, ұрпағына ұсынып отыр. Осының өзі – мұғалімнен қалған мұра, ұстаздан қалған ұлағат дер едік.

Ал, ұрпаққа пайдасы тиер ұлағат – ұлы мұрағат.

Ж. Серғалиұлы.
Өскемен қаласы

«Дидар», 10 наурыз, 1998 ж.

ЖЫЛДАР ІЗІ ЖҮЗІН ӨРНЕКТЕП

Зуылдап келе жатқан машинаның маңдай шынысына көлденеңнен тас тигенде шыт-шыт жарылатыны сияқты бұл кісінің бетінде де уақыттың табы тиіп, өткен өмір мехнатының іздері тәрізді әжім сызықтары айғыздап тастаған. Жастықта жалындап тұратын қос жанар да қоламта тартып, салқын сабырлықпен кемерін су кернеген аясында мөлдіреп кілегейленіп қалғандай, сәл ғана жел тұрса жалғыз тамшы суағарға ытқып шығып, күн нұрымен таңғы шықтай жылтылдайды.

Кәрілікпен қабаттаса келетін байсалдылықпен көзін сүртіп, әңгімесін бастай берген қарттың сөзін бөліп:

- Нешедесіз? – деп сұрадық.

- Е, жетпіске келіп жер таяндық деген осы ғой. Әрине бұдан он жыл бұрынғыдай ойнақтап тұрмағанымен әзірге жүріп-тұруға шама бар. Әйткенмен жас егде тартқан сайын қимыл, қозғалысың ауырлай береді екен, - деп кеңкілдеп күліп те қойды. – Шеткері қазақ ауылында кәмпеске жүріп жатқан қиын кезеңде дүниеге келіппін. 32-ші жылғы ашаршылықта шешемнен айырылғанда төрт жаста едім. Оннан асқанда әкемнен айырылып, тұлдыр жетім атандық. Жалаңаяқ, жарты құрсақ балалық шақты күрең қабақ өткізсек те қазір ойласақ сол күндерге жетер ештеңе жоқ екен ғой. Тіпті бірде жетіп, бірде жетпеген мұғалімдік оқудағы күндердің өзі де ерекше ыстық екен. Бұл менің сол кездегі жоқшылықты аңсап отырғаным емес, келместің көмбесінде қалған жастық шаққа деген аңсарымның ауғаны-ау шамасы. Алғаш класқа кіріп, шәкірттерге мұғалім ретінде өзіңді таныстырудың өзі бір ғанибет қой...

- Сіз елу жасқа толғаныңызда облысымыздың белгілі ақындарының бірі Әрінбек Масалов:

Ұстаздарым, биіктің заңғарысың,
Ауылымның ақшуақ таңдарысың.
Сарқылмайтын білімнің бастауысың,
Сусындайтын сусаған жандар үшін, -

деп жырлапты ғой.

- Әрінбектің жырлайтын жөні бар, өйткені ол – біздің оқушымыз. «Біздің» деп отырғаным, менің жұбайым Нағима да мұғалім, әмбесіне жәй емес, «ҚКСР Оқу-ағарту ісінің үздігі».

Ал ерлі-зайыпты екеуіміз 40 жылдық мұғалімдік қызметте қаншама шәкірттерді ұядан ұшырмадық. Олардың ішінде ел азаматы атанғандары да баршылық. Қаншасы жоғары оқу орнын бітіріп, әр түрлі мамандық иелері болып, туған Тарбағатай өңірін түлетуге елеулі үлес қосуда.

Мұғалімдік стажымның 18 жылы Абай атындағы орта мектепте өтсе, Жетіарал ауылындағы орта мекткепте 22 жыл директорлық қызмет атқардым. Бұл мектептің жұмысы сол жж. ішінде аудандық, облыстық мұғалімдер кеңесінде үнемі марапатталып жүрді.

Мектептегі оқытудың сапасы, еңбекке баулу, патриоттық тәрбие берудегі іс-тәжірибеміз республика көлемінде зерттеліп, жұртшылыққа таратылды. Бұл жж. ішінде 20 шақты кабинет әр пән ерекшелігіне байланысты жабдықталды. Ауданымызда тұңғыш 3 лингафон кабинеті, екі бағдарламалық оқу, екі кәсіптік бағдар беру, машина тану, жан-жақты жабдықталған техникалық құралдар орталығы құрылды. Мұражай бөлмесі жасалды. Ал, қыздарға үй шаруашылығын үйрету үшін арнайы бөлме жабдықталды. Мектептің оқу-өндірістік шеберханасы ашылып, оған «ГАЗ-53» мәшінін, «ДТ», «Беларусь» екі тракторын алдырдық. Мектеп қазандығы жаңартылып, апатты жағдайға есептелген насостар орнатылды. Мұғалімдер саны 47-ден 65-ке дейін өсті. Олардың ішінде Б.Қиялбаев, М.Ибраев, Қ.Кенемолдина, К.Қабдрахманова сияқты ұстаздардың әр жылдарда сіңірген еңбектерін ерекше атап өту ләзім. Ал осы мектепте мен басшылық еткен кезде ғана екі мыңға тарта жастар бітіріп, кәмелеттік аттестатпен бірге «малшы-механизатор» мамандығын алды. 122 бала мәшін жүргізуші куәлігіне ие болды. 18 бала мектепті медальмен бітірсе, 24 бала пән үздігі аталды. 274 бала жоғары оқу орнын бітіріп, халық шаруашылығының әр түрлі салаларында еңбек етіп жүр.

- Жоғарыда біраз мұғалімдерді атадыңыз, жалпы мектептегі мұғалімдердің сапалық құрамы сіз басшылық еткен жылдары қандай өзгерістерге ұшырады?

- Әрине, мұғалімдердің білімін жетілдіріп, кәсіби шеберліктерін арттыруына басшылықтың ықпалы болатындығы даусыз. Сондықтан сегіз мұғалім «ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі», үшеуі Оқу министрлігі мен республика кәсіподақтарының Құрмет грамотасына ие болды. Ал өзіме «КСРО Халық ағарту ісінің үздігі» атағы берілді. Бұдан соң «ҚКСР

Еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағына ие болдым. «ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі» дегенді бұрынырақта алған болатынмын. Еңбегім ескерусіз қалды деп айта алмаймын.

Мен өмірімнің мәні баюда, мәнсапқа жетуде деп есептегенім жоқ, ұлағатты ісім ұрпақ тәрбиесі деп басты мақсатты мұғалімдік жұмысқа арнадым. Өзімнен туған ұлдарым мен қыздарымды да осы мамандыққа баулыдым. Сондықтан менің жанұямнан ғана ондаған педагог ұстаздар шықты. Соның арқасында жанұялық мұғалімдер әулетіне арналып республикада өткен үлкен форумға біздің жанұяның он бір адамы қатысуы мен үшін үлкен мақтаныш екені даусыз.

Бұл республиканы қойып одақта сирек кездесетін құбылыс екені сол жиында атап көрсетіліп, Мәскеудегі А.С. Макаренко мұражайына біздің әулеттің өмір шежіресінен арнайы жиналған мағлұматтар қойылды. Бұған жол ашқан «Учительская» газетінің 1984 ж. №131 қарашадағы санында «Бір ұядан ұшқан он балапан» деген мақала себепкер болды. Мұнда біздің жанұяда тәрбиеленген менің он балапаным туралы сөз қозғалады және бәрінің де ата-ана жолын қуып, мұғалімдік мамандықты қалағаны туралы айтылады.

Бізге ізбасар болып университетте, техникумда, мектепте мұғалім болып жүрген балаларымның ішінде ғылым жолын қуып, кандидаттығын қорғап шыққандары да бар. Кенже балаларымыз әлі университет қабырғасында оқып жатыр. Бір кездері белгілі ақындарымыздың бірі Хамит Балшабеков:

Азаматтық баста тұрса ізгі ұғым,
Ұлағатты ұстаз демес сізді кім?
Алға асыққан арманыңның керуенін
Қайсы ұлың ұстар екен тізгінін, -

деп жырлап еді бізге арнаған бір өлеңінде. Қазір ұлдарымның үлкені Аман мектеп жұмысындағы оқу-тәрбие жұмысын күн талабына сай жүргізгені үшін «Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі» атағына ие болып, Тарбағатай ауданының оқу бөлімін басқарып, ұстаздардың ұстазы

болып жүргені көңіліме қуаныш ұялатады.

Шынымды айтсам, жасымнан денсаулығым онша болған жоқ, сондықтан жиындарда арақ-шарап дегенге онша дұрыс қараған жан емеспін. Ал достарым: «Арақ ішпесең өлең айт», - деп шыға келеді. Содан жиын жерде ән салып, домбыра тарту менің көптен машықтанып кеткен нәрсем еді. Сондықтан балаларымды кез келген аспаптарда ойнап, ән салуға баулыдым. Мұның өзі жаман да болған жоқ, алыстағы ауылда кайбір ойын-сауық күнде болып, жұртшылықтың көңілін көтеріп жатушы еді. Мен өзім басқарып ең алдымен жанұялық ансамбль құрып, өз ауылымызда, мектепте өнерімізді көрсеттік. Жұртшылық жылы қабылдап, ізгі тілек айтқан соң жақын маңдағы елді мекендерге де концерт қойып, өз жанұямыздың өнерін тамашалаттық.

Мұның өзі аудандағы, тіпті облыс көлеміндегі алғашқы жанұялық ансамбль еді. Өзім басқарып, республикалық жанұя ансамбльдерінің байқауына қатысқанымыз өнердегі қол жеткен табысымыз десем артық айтқандық емес. Мұндай өнерді немерелерім де жалғастыра береді деп ойлаймын, өйткені қазір сегіз балам шаңырақ көтерсе, қалған екеуі оқуда жүр. Ал жанұя құрған балаларымнан 26 немере, жиен сүйіп отырмын. Бұлар ата жолынан таймай, қайта соларды жалғастырады деп ойлаймын.

- Өзіңіздің жағдайыңыз қалай?

- Қазір ауыл тұрғындарының жағдайы қиындап кетті ғой. Баяғы ашаршылық кезде әкем жарықтық Семейдің Қызылкесік деген жерінен Тарбағатайға көшіп келген екен. Ал алыстағы ауылдармен қатынас қиындап кеткен қазіргі жағдайда мен Тарбағатайдан Молодежный кентіне көшіп келдім. Мұнда да адамдармен тіл табысып, танысып кеттік қой. Қазір ардагер ақсақалдар алқасында өмірлік тәжірибемізді жастарға үйретсек деген ізгі ниетімізді жүзеге асырмақ болып, қыбырлап жүріп жатырмыз.

Нені ексем соны орып тастадым,
Жастық өтті, кәрілікті бастадым.
Бәрін таптым, кісілікке тоқтадым,
Қызғанбаймын бақ-дәулетін басқаның, -

деп отырған жасым бар. Жетпіске келгенде бұдан басқа не айтайын, әйтеуір тәуелсіз елдің көк байрағы көк зеңгірде желбіреп, мынау уақытша қиындықтардан құтылып, ұрпақтарымыз қазақтың ұлы мемлекетін құрып, аяғынан тік тұрғызуын тілеймін, - деп Асқар Ісіләмов ағай әңгімесін аяқтады.

- Лайым, тілегіңіз қабыл болғай!, - деп біз де бұл әңгіменің нүктесін қойдық.

М. Құмарбекұлы.

«Қазақстан мұғалімі», 25 наурыз, 1998 ж.

ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖАРАСТЫҚТА ҒҰМЫР КЕШКЕН ҰСТАЗДАР ОТБАСЫ

- Тағдыр талайыңа жазғанның барлығын тірлігінде бастан өткереді екенсің. Қазақ даласын ақсүйек аштық жайлап, жұрт шыбынша қырылып жатқан кезеңде аяғымды тәй-тәй басып, төрт жаста шешеден, он екі жаста әкеден айырылған мен де бүгін жетпістің желкесіне шықтым.

Өз қолым өз аузыма жетер-жетпес шақта тас жетімдіктің тақсыретін, сұм соғыстың соққысын бір кісідей басымнан өткіздім. Әйтеуір үкімет өлтірмей, балалар үйінде ашқұрсақ жүрсем де аман қалып, көп адамдар шыға алмас биікке шыққаным да маңдайға жазғанның орындалғаны деп білемін. Аландар ештеңе жоқ, білімнің соңына түсіп, ешкімнен көмек болмаса да өз бетіммен тырысып, талай асулардан аттадым. Оқу іздеп жүріп, бүгінде отбасы құрғанымызға елу жылға жақындаған Нағима жеңгеңмен табысып, он баланың ұлын ұяға, қызын қияға қондырдық. Саналы ғұмырымның басым бөлігін жас ұрпақ тәрбиелеуге арнағанымды өзің де білесің, - деп бүгінде жетпіске толған ардагер ұстаз

Асқар Ислямов аға терең-терең әжімдер сай-сай болып тілімдеген жүзін маған бұрып, мектептегі кездерді еске түсіріп, жылы жымиды. Ағаның ойлы жанарына мен де үңіле қарадым.

Жетпіс жылдық ғұмырының жарты ғасырын ұстаздық атты ұлағатты мамандықпен өткізген Асекең мен Нағима апайдың алдынан түлеп ұшқан шәкірттердің санын айтудың өзі қиын. Ұшы-қиыры жоқ еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген олардың арасында ғалым да, дәрігер де ұстаз да, ұшқыш та, тағы басқа да алуан мамандық иелері бар. Ерлі-зайыпты ұстаздардың есімін бүкіл аудан біледі десем артық емес. Асекең басқарған білім ошақтарының бірі – кезінде облыстағы үлкен мектептердің біріне саналған Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылындағы Ленин атындағы орта мектептен қанаттанып шыққандардың бірі, бүгін міне, аяулы ұстаздары туралы қалам тартып отырған – мен.

Өмір деген - әркім ғұмыр бойы іздеп өтетін, қиындығы мен қызығы қатар жүретін күрделі, тарам-тарам саусақтардан тұратын үлкен мектеп. Осынау біреудің жоғалуы, екіншінің адасуы оп-оңай өмір атты мектепте жастайынан жетімдіктің, жетіспеушіліктің зарын тартқан Асқар Ислямов ағамыз өз соқпағын адаспай, ауытқымай тауып, сонымен талмай, танбай еңбектене өрлеп, табыстың биік шыңына шыққан бақытты жан. Өткенді ризалықпен еске алып, кей тұстарын қимай есіне алатын ағаның әлі алдан күтері көп.

Ұстаздық атты ұлылығымен қатар арқалатар ар-ұяты мол мамандықты таңдап, осы салада ұзақ жылдар жемісті жұмыс істеп, бүгінде соның қызығын көріп отырған жандар қатарынан аға мен апайды қатар көрген шәкірттері осынау шарапатты шаңырақтағы шаттық пен түсіністікке таңырқай да тамсана қарайды.

Ауылды жерде 10 бала тәрбиелеп өсірген үбірлі-шүбірлі шаңырақтар аз емес. Бірақ балаларды табу бар да олардың бәріне заманға сай сапалы білім, саналы тәрбие беру бар. Барлығының өмірде өз орындарын табуына демеу көрсету де – ата-ананың парызы. Асқар

аға мен Нағима апай он баланы орындарына қондырып, бәрінің білім алуларына жағдай жасаған, барлық ұпайлары түгел сондай отбасылардың арасынан абыройлы орын алатыны сөзсіз. Ұлқыздарының тоғызы жоғары, біреуі арнаулы орта білім алып, байтақ қазақ елінің әр түкпірінде табысты еңбек етуде.

Кезінде Ислямовтардың әулетінен шыққан он екі ұстаз білім шаңырақтарында ізденістерін жалғастырып, жақсы жетістіктерге жетуі ел арасында елеулі әңгімеге өзек болып талайларды тамсандырды. 1985 ж. Алматыда өткен ұстаздар әулеттерінің алқалы кеңесіне де құрметті қонақ болып қатысты. Мәскеудегі А.С. Макаренко атындағы мұражайда орын алған Ислямовтар туралы құнды деректер жөнінде де айта кеткен артық етпес. Бір кездері олар құрған отбасылық ансамбльдің әсем әуендері республикалық теледидар мен радионың алтын қорында сақталып, ауық-ауық эфирден тыңдармандардың құлақ құрышын қандырады.

«Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» қос ұстаздың қасиетті шаңырағында тәрбиеленген ұлдары мен қыздарының барлығына дерлік әке-шешелерінің әдемі ісін алға жалғастырып, отбасыларына абырой әперген ұстаздық мамандықты қалады. Ұлдың үлкені біраз жыл мектеп директоры болып, соңғы бірнеше жыл бойы туған ауданындағы ағарту бөлімін басқарып, ұстаздар қауымын алға сүйреп, әкесі сияқты мұғалімдер мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүр. Қыздың үлкені, отбасының тұңғышы Ермек Өскемендегі жол-құрылыс колледжінде, екінші қызы Сара Өскемен техникалық университетінде, Мәншүгі Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде студенттерге дәріс оқып, ұлағатты жолды жалғастыруда. Балалардың қалғандары да әр түрлі дәрежедегі оқу-ағарту саласында тер төгуде.

Қандай адам бомасын ұрпағының әке жолын қуып, ол жетпеген биіктен көрінуіне іштей тілектес болып, Алладан солардың жолын тілеп отырары анық. Осы армандарының орындалғанын өз көздерімен көргендерге тірліктегі бар бақытты бұйырғаны. Міне, сондай

бақыттылардың арасында Асқар аға мен Нағима апай да бар.

Мектептің болашаққа апарар баспалдақ екенін жан-тәнімен сезініп, өзінің барлық ғұмырын осы жолға арнағанын әлі күнге іштей мақтан тұтады. Сыртыңмен ғана жылтырап көрінбей, ішкі жан-дүниеңмен жарқырап, айналаңа сәуле шашып жүргенге не жетсін. Тарбағатай ауданының орталығы Ақжар селосындағы Абай атындағы орта мектепте 50-ші жж.ы оқу ісінің меңгерушісі болғанда алғашқы табыс биігінен көрініп, алғыстарға ие болды. Жастық жігердің жалындап тұрған шағы. Оқу ж. аяқталғанына қарамастан жазда тыным таппай, балалармен бірге саяхаттарға шығып, лагерьлердің жұмысына басшылық жасаудан жалықпаушы еді. Осындай жақсы жұмыстары жерде қалмай 1968 ж. КСРО Халық ағарту ісінің үздігі атанды.

1970 ж. аудан басшыларының шешімімен Жетіарал (Ласты) ауылында аудан бойынша алғаш ашылған жаңа типтегі орта мекетепке директорлыққа тағайындалып, сол жерде табан аудармай ширек ғасыр қызмет етті. Мақтанғаны емес, мектеп аудан, облысты қойып республикаға танымал, іргелі білім ошақтарының біріне саналатын. Талап қойып, талпына білгеннің нәтижесінде мол кітап қоры бар кітапхана жұмысы жолға қойылып, бар жағдай толық жасалған интернат та іске қосылып, малшы балаларының ойдағыдай білім алуына жағдай жасалды. Осыларға қоса кәсіптік бағдар беретін 4 бөлімі, қосалқы шаруашылығы қажетін өтеп тұрған ондай мектепті қазірде итпен іздеп таппайсың. Мұның бәрі өткен өмір өрнектері. Өзі басқарған соңғы 22 жылда Ленин мектебінің 12 мұғалімі КСРО Халық ағарту ісінің үздігі атанып, 2 мұғалім аға оқытушы атағына ие болды.

Бүгінде кейбір мектептегі солақай тірлікті көргенде көкірегі сыздайды. Қандай басшы болмасын өзіне ғана сеніп қоймай, қарамағындағылармен қоян-қолтық әркет етумен қатар, жоғары жаққа талап қоя білгенде ғана жақсы табысқа жете алады. Соны естен шығармаған жөн. Келер ғасырға зор үміт артып отырмыз. Елбасымыз да ұрпақ тәрбиесін қолға алу қажеттілігі жайлы жиі айтып келеді. Ал ұрпақ

тәрбиесі – мектепте, оның кілті – ұстазда. Осыны ұмытпасақ.

«Көпті көргеннен сұра» дегенді атам қазақ бекер айтпаған болар. 70 жылдық ғұмырының 50-ін мектепке арнаған Алтай тауындай айбарлы, Тарбағатай тауындай талайды көрген, білігі асқар таулардай биік, білімі шалқар көлдей терең, ұлағатты ұстаз Асқар Ислямов ағамыз жоғарыда әңгімеден басқа да терең мағыналы сабақ боларлықтай талай салиқалы әңгіме айтты.

Бүгінде айбарлы ата, ақ жаулықты ана атанған Асқар Ислямов пен Нағима Сатыбалдина (Қазақстан Республикасы ағарту ісінің үздігі, Батыр ана) немере-шөберелерінің ортасында шалқып-тасып балаларына білгендерін әлі күнге үйретіп шадыманды да, жарастықты өмір сүруде.

Болат Абаған,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.
Шығыс Қазақстан облысы

«Коммунизм туы»

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫН СЫЙЛАЙДЫ

Қалдырған ізің мәңгілік

Тағдыр Асқарды о баста аяған жоқ. Жеті жасқа жеткенде аяулы анасы дүние салды. Сәби көңілі сүреңсіз күзгі даладай жүдеу тартқанда әкесі Ісләмнің мейірімді құшағы қайғы бұлтын сейілтіп жіберетін. Баланың аты бала емес пе? Кейде ойыннан үйге күн бата оралса да абзал әке қабақ шытпайтын. Тіпті шаршап келгенін де сездірмей ұлын тағатсыз күтумен болатын...

Ол әке қызығын да еркін көрмеді. Ақжар селосындағы байланыс торабында қызмет істейтін Ісләм бір күні күтпеген жерден қайғылы жағдайда қаза тапты да он екі жасар Асқардың үстіне тау төңкеріліп

түскендей болды. Бұл 1940 жылдың жазы еді. Ол балалықтың дәуренімен сол жолы біржола қош айтысты да қат-қабат, сан алуан шытырманды үлкен өмір жолына ерте қадам басты...

Ата-анадан ерте айырылған Асқар өмірден жетімдік көрген жоқ. Жақын ағайын-туыстарының тәрбиесінде болған ол сабақты жақсы оқыды. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ең таңдаулы шәкірттердің бірі атанды. Асқар жайында құрбылары қашан да жылы лебіз білдіретін.

1947 жылғы май айының бас кезі. Жер беті масаты кілемнің түгіндей құлпырып жатқан-ды. Биік аспан төрінде сан алуан әуенге басқан бозторғайлардың жағымды үні келеді құлаққа. Табиғаттың осы бір тамаша көрінісіне сүйсіне көз тастап, асықпай жай басып келе жатқан Асқар мектепке жеткенін де аңғармай қалды. Кім білсін, бәлкім оның есіне сол сәтте өмірден ерте кеткен ата-анасы оралған болар? Әлде, бүгінгі мамандық таңдау кешінде айтар сөзін ойлаған шығар? Әйтеуір, оның терең толғаныста екені анық еді.

Сол күні сабақтан соң бесін ауа жеті жылдық мектепті бітірушілердің мамандық таңдау кеші болып өтті. Қазіргідей оған шаруашылық басшылары да, қоғамдық ұйымдардың өкілдері де қатысқан жоқ. Кешті класс жетекшісі ашып, оқушылардың өзіне сөз берді.

Шәкірттердің бірі мемлекеттік емтиханды тапсырып, куәлік алған соң орта мектептің сегізінші класында онан әрі оқитындығын білдірсе, енді біреулері училище, техникумдарға түсетіндігін айтты.

- Кәне, Асқар, сенің қандай ойың бар? – деді бір сәтте класс жетекшісі оған.

Ол ә дегенде сәл іркіліп қалғандай болды. Бірақ көп бөгелген жоқ.

- Мен мұғалім болуды армандаймын. Бұл көптен бері көкейде жүрген ой еді,- деп бар сырын ағынан жарыла айтып салды.

- Дұрыс қалауыңды шын жүректен құттықтаймын. Асылы, қай мамандық болса да құрметті екенін естен шығармаған жөн. Шынайы сүйген, беріле атқарған іс қана адамды абырой биігіне көтереді,- деп

класс жетекшісі оның ойын құптай түсті. Балғын жүздері гүл-гүл жайнаған оқушылар өмірдің биік бір белесінен асқандай сол жолы аса бір жақсы әсермен үйді-үйлеріне тарасты...

Асқар уәдесінде тұрды. Сол жылы күзде Семейдегі педагогикалық училищеге оқуға түсіп, естен кетпес қызығы мол студенттік өмір жолын да бастады. Аз уақыттың ішінде қызу тіршілікті Семей оған туған қаласындай болып кетті. Ең бастысы, ол бұл жердегі білім ордасынан нәр алып, келер күнге нық сеніммен қадам басты. Ежелгі қаладан өзіне көптеген жаңа достар тапты.

Уақыт деген желаяқ қой. Зымырап студенттік үш жыл да өте шықты. Педагогикалық училищені үздік бітірген Асқар Ісләмов 1950 ж. тамызда Тарбағатай аудандық оқу бөлімінің жолдамасымен Жалғызтал жеті жылдық мектебіне мұғалім болып келді.

Мектеп директоры Қабден Күсемісов жарқын жүзді жайдары адам екен. Ол Асқарды көптен күткен ағасындай аса бір жылы жүзбен қарсы алды.

- Келетініңді кеше аудандық оқу бөлімінің инспекторы Қабылқақ Оразбаевтан естіп едім. Өте дұрыс болды. Мұғалімдер жағы жетіспейтіндіктен, өткен оқу жылында біраз қиыншылықтар кездесті, - деп директор жағдайды қысқаша баяндап өтті.

- Иә, айтпақшы өзің әзірге салтсың ғой? – деді Қабден жас жігіттің жағдайын сұрастыра келіп.

- Солай, ағасы...

Қабден де бұдан әрі сөзге келген жоқ. Тұратын үй тауып берді де жас ұрпақтарды оқытып, тәрбиелеуде жемісті еңбек етуіне тілектестік білдірді.

Сол жылы Жалғызтал мектебінде үшінші класты оқытып, 5-6 кластарда география пәнінен сабақ берді. Жас ұстаздың сабақ беруінде о баста кемшіліктер де болмай қойған жоқ. Бірақ, «іздеген жетер мұратқа» дегендей, мектептегі алдыңғы қатарлы мұғалімдердің іс-тәжірибесін үйренумен үздіксіз шұғылданды. Балалардың ата-анасымен

тығыз байланыс жасап, олармен оқу-тәрбие жұмысы жөнінде әрқашан кең пікір алысып отырды. Осының нәтижесінде Асқар сабақ беретін кластардағы шәкірттер жыл аяғында толық үлгерімге жетті.

«Оқу – инемен құдық қазғандай» деп тегін айтылмаған. Ол орта біліммен шектеліп қалған жоқ. Қайткенде де жоғары дәрежелі оқу орнын бітіруді мақсат еткен Асқар 1953 ж. Өскемен қаласындағы педагогикалық институттың табиғаттану, одан соң 1966 ж. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың география факультеттерін сырттай оқып бітірді. Демек, бұл жылдар ішінде өзі де оқып, өзгені де біліммен қаруландыруға көп күш-жігер жұмсады. Әрине, бұл айтарға ғана жеңіл.

Асқардың бұдан кейінгі өмір жолы да бүгінгі жастарға өнеге боларлық. Ол 1966-1970 жж. Ақжар қазақ орта мектеп-интернатында оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет істеді. Өзіне көрсетілген сенімді ойдағыдай ақтай отырып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Ұжым арасында зор құрметке ие болған Ісләмов жолдас осыдан екі жыл бұрын В.И.Ленин атындағы орта мектептің директоры болып тағайындалды.

Уақыт жылжып өткен сайын өмір күн тәртібіне жаңа талаптар қойды. Мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің ескі тәсілдері өзгерді. Ауданда алғашқылардың бірі болып 1972 ж. В.И.Ленин атындағы орта мектептің мұғалімдер ұжымы сабақ берудің кабинеттік жүйесіне көшті. Бұл игі іске мектеп директоры Асқар қосқан үлес аз емес. Ол жергілікті партия, Совет ұйымдарымен, мұғалімдер ұжымымен тығыз байланыс жасай отырып, мектептің материалдық базасын нығайтуда, кабинеттерді көрнекті құралдармен жабдықтауда зор іскерлік көрсетті.

Нәтиже қандай! Көңіл толтырарлық. Өткен оқу жылында шәкірттердің үлгерімі 98 пайыз болды. Бұл – ауданда ғана емес, облыс көлемінде жақсы көрсеткіш.

- Әрине, қол жеткен табыс өздігінен келген жоқ. Бұл, ең алдымен мұғалімдер ұжымының қажырлы еңбегінің нәтижесі, - дейді Асқар оқу-

тәрбие жұмысы жайында әңгімелескенде.

Ол дұрыс айтады. Өздерінің жемісті қызметімен көпшіліктің сый-құрметіне ие болған ұстаздар бұл мектепте аз емес. Олардың қатарында К.Нұғыманова, Б.Байдақанова, К.Бітібаева, К.Кенемолдина, Г.Ахметжанова, М.Ыбыраев, Н.Әубәкіров және басқаларының есімдерін ата-аналар жұртшылығы құрметпен атайды. Олар шын мәніндегі өз ісінің шеберлері.

Иә, игі еңбек ескерусіз қалған жоқ. Жоқ ұрпақтарды коммунистік рухта тәрбиелеудегі ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін өнегелі ұстаз Асқар Ісләмов 1968 ж. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озаты» значогімен, «Еңбектегі ерлігі үшін В.И.Ленин туғанына 100 жыл толу құрметіне» медалімен және облыстық партия комитетінің Құрмет дипломымен, аудандық, облыстық оқу бөлімдерінің бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Коммунист, насихатшы, ұлағатты ұстаз, әрі мектеп директоры Асқар Ісләмов – сегіз бала тәрбиелеп, өсіріп отырған үлкен жанұяның басы. Балаларының алды Ермек пен Сараш әке жолын қуды. Олар Өскемен педагогикалық институтында оқиды. Аман, Мәншүк, Аманкелді, Тәкен әлі мектеп қабырғасынан шыққан жоқ. Шынары мен Жанары да жаз гүліндей жайнап өсіп келеді. Ал, жұбайы Нағима өзімен бірге қызмет істейді.

Шығыстан көтерілген күн кең байтақ Ұласты өңіріне шуағын мол төгіп тұр. Таңмен таласып тұрған ауыл адамдарының көпшілігі күндегі әдеті бойынша бригада, мал фермасын бетке алып кетіп барады. Ал Асқар болса аяғын жедел басып, мектеп жаққа бұрылды. Ол өз шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беріп, жүрек жылуын сыйлауға асығады.

Қасымхан Малаев
Тарбағатай ауданы.

«Қазақстан мұғалімі», 9 қазан, 1987 ж.

ҰСТАЗ ӘУЛЕТТЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Өткен аптаның бейсенбі күні Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Оқу министрлігінің арнайы ұйымдастыруымен Мұғалімдер күні қарсаңында республиканың түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген он бір ұстаздар жанұясының әулеттері Алматы қаласында бас қосты. Олар республикалық пионерлер Сарайындағы жас бүлдіршіндердің жарқын жұмыстарымен, әсем астананың көрікті жерлерімен танысты. «Арман» кафесінде қала мұғалімдерінің бір топ өкілдерімен кездесіп, бүгінгі таңда педагогика саласындағы жұртшылықты алаңдатып отырған өзекті мәселелер жөнінде өзара пікір алысты.

2 қазан күні Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің конференц-залында ұстаздарды қабылдау болды. Онда Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші секретары С.Қондыбаев сөз сөйлеп, ұстаздар әулеттеріне Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің және В.И.Ленин

атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымы республикалық Советінің Құрмет грамоталарын табыс етті.

Қарапайым еңбектерін бағалап, өздеріне зор сенім көрсеткендері үшін Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданындағы Ленин атындағы орта мектептің директоры, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі А.Ісләмов, Целиноград қаласындағы № 16 орта мектептің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі С.Виноградов, Павлодар облысындағы Қызылтаң сегіз жылдық мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Л.Әбдірахманова рахмет айтып, бала тәрбиесіндегі қол жеткен табыстар мен орын алған кемшіліктерге, мектеп реформасын жүзеге асырудағы шешімін таппаған кейбір мәселелерге тоқталды.

«Мектеп реформасының тұралап қалуына не себеп?» деген сауалдар тек мұғалімдерді ғана емес, сонымен бірге кеудесіндегі жүрек жылуын өзінің ізбасарына арнаған әрбір саналы азаматты алаңдататыны сөзсіз. 1984 жылдан, яғни мектеп реформасы қабылданған уақыттан бергі атқарылған жұмыстар мен әлі де проблема ретінде күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелер, атап айтқанда, мектептер мен мектепке дейінгі пайдалануға берудегі іркілістер, олардың материалдық базасын нығайтудағы қол байлау болып отырған ортақ кемшіліктер, соңғы он-он бес жыл ішіндегі кадрларды іріктеу мен оларды даярлаудағы бұрмалаушылықтар, аттестацияны атүсті өткізу, оқулықтар мен бағдарламаларды дайындаудағы көпшіліктің ұсыныстарымен есептеспеушілік бүгінгі таңда өз зардабын тигізбей отырған жоқ. Бұл жөнінде Қазақ ССР Оқу министрі Қ.Балахметов жан-жақты талдау жасап, кемшіліктерден шығарылған нақты қорытындыларға және алдағы атқарылатын жұмыстарға тереңірек тоқталып, ұстаздар әулеттеріне зор табыс тіледі.

Қабылдауға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Ғылым және оқу орындары бөлімі меңгерушісінің орынбасары З.Керімқұлова қатысты.

Бұл күні Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданынан келген Ісләмовтар әулеті «Қазақстан мұғалімі» газетінің редакциясында журналистермен кездесіп, білім ордаларының алдында тұрған күрделі проблемалар жайында сөз қозғап, күрделі ой өрбітті.

А. Русланова

«Қазақстан мұғалімі», 30 қараша, 1984 ж.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу күн тәртібінен түспейтін көкейкесті мәселелердің бірі. Бұл ретте Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде бірқатар тәуір тәжірибелер бар. Сондай оқу орындарының бірі Тарбағатай ауданының (Шығыс Қазақстан облысы) В.И.Ленин атындағы орта мектебі.

Бұл мектептің басшылары, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын алғашқы әскери даярлық пәнінің жетекшісінің еншісіне тиген жұмыс деп қарамайды. Бұл бүкіл мектеп ұжымының жауапкершілігіндегі жұмыс.

Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруде, Отанға, партия ісіне шын берілгендіктің үлгісін көрсетуде Александр Матросовтың, капитан Гастеллонің, панфиловшылардың, Әлия мен Мәншүктің жауынгерлік ерліктері кім-кімге де, әсіресе, жастарға тамаша әсер ететін тәрбие. Сондықтан Гастелло мен Матросов ерліктерінің талай рет қайталануы бекер емес. Тарих сабақтарында осы мысалдар оқушылардың жанын тебірентеді, патриоттық сезіміне зор әсер етеді.

Біз сөз етіп отырған В.И.Ленин атындағы мектепте тарих пәні мұғалімі Б.Қиялбаевтың басшылығымен диорама орнатылып, сабақтарға байланысты панфиловшылардың, Төлеген Тоқтаровтың майдандағы ерліктері оқушыларға көрсетіліп тұрылады.

Әрине, бұл оқу орнында әскери-патриоттық тәрбие басқа пәндер сабақтарында, сабақтан тыс жұмыстарда да жүргізіледі. Олардың ішінде әдебиет сабағы зор роль атқарады. Ол сабақтардың әсерін оқушылар жазған шығармалардан көруге болады.

В.И.Ленин атындағы мектеп орналасқан Комсомол селосында (Ласты совхозының орталығы) майдангерлер ішінде мүгедектер де аз емес. Оларға қамқорлық ұйымдастырылған.

Мектепте Ұлы Отан соғысы, оған қатысқан ауыл азаматтарына көп көңіл бөлінген. «Жауынгерлік даңқ» залы жабдықталынды. Онда мәңгі алау, мәрмәр тақтада «Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмыт қалмайды» деген жазудың төменгі жағында соғыста қаза тапқан ауыл азаматтарының тізімі бар. Залдың бір қабырғасында «Жерлестеріміз Ұлы Отан соғысында», «Мектеп түлектері Отан күзетінде», «Совет Одағының батырлары», «Біздің ардагерлеріміз», тағы басқа стенділер ілінген.

Даңқ залы оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беретін орындардың бірі. Мұнда партия, соғыс, еңбек ардагерлерімен, шекарашылармен кездесулер өткізіледі. Оқу-тәрбие жұмысы «Біз Ленинше Отанға еңбек етеміз, Лениншe өмір сүреміз!» деген ұранмен жүргізіледі. Залда Владимир Ильичтің өміріне, қызметіне байланысты фото, жазба документтер бар. Көсеміміздің өміріне арналған жиындар, комсомол, пионер ұйымына қабылдау ұйымдастырылады.

Мектеп ұжымы Ленин есіміне кір келтірген жоқ. Тарбағатай ауданы, Шығыс Қазақстан облысы бойынша оқу-тәрбие жұмысы жағынан алдыңғы қатардағы оқу орнының бірі.

Алғашқы әскери даярлық жұмысы жақсара түсуде. Мектеп ұжымы, оның директоры А. Ісләмов, әскери даярлық пәнінің мұғалімі, запастағы аға лейтенант Б.Абайханов әскери даярлық пәнін оқытуға керекті барлық жабдықтармен қамтамасыз етті. Мектеп жанында күзет алаңы, сапта тұру плацы, жер астында орнатылған мылтық ату тирі, тағы басқа жабдықтар шефтердің қаржысына, оқушылар мен мұғалімдердің еңбегі арқылы жасалды.

Әскери және класс жетекшілері оқушыларға сабақтарда әскери білім берумен қатар Совет Армиясының тарихы, жауынгерлік жолы туралы әңгімелер, лекциялар ұйымдастырады. Соғыс ардагерлері, II және III дәрежелі Даңқ ордендерінің кавалері Ж.Аусарбаев, Ш.Шуашбаев, «Қызыл жұлдыз» орденді С.Бақтияровтармен өткізілген «Қаһармандар ортамызда», «Майдангерлер бізде қонақта» атты кездесулер оқушыларға едәуір әсер қалдырып, олардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра түсті.

Шәкірттердің Отан алдындағы азаматтық борышын – әскери міндеттерін өтеуге дайындық жұмыстары жүргізіледі. Соның нәтижесінде бұл мектептің оқушылары Совет Армиясы қатарына жақсы даярлықпен қабылданып жүр. Олар мектеп қабырғасында әскери тәртіптерді біледі, жауынгерлік текстімен танысады, мергендікке үйренеді. Сондықтан әскери бөлімдерден мектеп түлектері жөнінде алғыс айтқан хаттардың бірінде былай делінген:

«В.И. Ленин атындағы орта мектеп директоры А.Ісләмовке! Құрметті жолдастар! Сіздердің мектебіңізді бітірген кіші сержант Омаров Серік біздің бөлімімізде жауынгерлік міндетін атқару кезінде Отанымыздың нағыз қорғаушысы екендігін көрсете білді. Ол табандылығы, принциптілігі, еңбек сүйгіштігі арқасында жауынгерлік және саяси даярлықта жоғары нәтижеге жетті. Авиацияның күрделі техникасын шеберлікпен меңгерді. Ол – 2-класс маманы. С.Омаровтың осындай жетістікке жетуіне сіздің мектептің ұжымының де еңбегі зор. Оны жақсы тәрбиелегендеріңіз үшін сіздерге шын жүректен алғыс айтамыз. Командование, саяси бөлім сізбен қатар барлық мұғалімдерге сүйікті Отанымызды болашақта қорғаушы жастарды оқыту және тәрбиелеуде орасан зор жетістіктерге жете берулеріңізге тілектестігін білдіреді. Құрметпен әскери бөлім командирі, саяси бөлім бастығы».

Әскери-патриоттық тәрбие оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүргізіледі. Әр пионер отрядына Отанымыздың батырлар есімдері берілген. Әр отряд «Отрядымыз ерлер есімінде» деген

лысының Ақсуат ауданы, Қызылкесік ауылындағы
ың теріскейіндегі Батпақпай қорасы. Бұл 1928 жыл
ің руын арыдан айтсақ бес Байыстың ішіндегі
ын), одан Жолымбет, одан Ажығұл, одан Мырзас,
Мүлкәман, одан Мамай, Мамайдан Дондағұл, Дуай
. Бөшік, одан Тілеулі, одан Батпақбай, ол кісі 15 жасынан
айтып, би болған. Сондай дарынды адам екен.
Жұмағұл, одан Ислям.
Аталған ата-бабасын Асекеңнің өзі де білуге тиіс, сөйтсе де
атаның баласымыз. Сондықтан да нағыз туыспыз деп
уайдан тараса, мен өз басым Дондағұлдан тараймын, негізі
а кеткенді жөн көрдім. Тарбағатай, Өкпеті, Қызыл тас, Кішкене
ағалбайлы, Түйемойнақ, Доланғара, Баспан, Арғанаты
ының сай саласында, Қарғыба, Базар, Тебіске, Үшбоғас, Кіндікті
ағалауында Асекеңнің ата-бабаларының табаны тиген
рінің жатыр. Өз туған жерінен 4 жасында кетіп, қайта оралмаса
сайрап жатыр, ата-тегін ұмытуы тиіс емес. Өйткені ол кісі
асекең туған жерін, ата-тегін жете меңгерген, өте сауатты, аса
мның қай саласы болмасын жете меңгерген, өте сауатты, аса
рынды, Тарбағатай өңірінің ақиық ардагері екенін «Дидар» мен
Тарбағатай нұры» газеттері жұртшылыққа таныстырып жатыр ғой.
Асекеңнің әкесі үш ағайынды — Ислям, Солтан, Құдайберген —
Жұмағұлдың балалары, 1932-ші қиыншылық, ашаршылық жылдарда әр
себептермен Аңжар өңіріне қоныс аударып кеткеннен кейін
ымен байланысы болмаған. Себебі, үлкендер қайтыс болып,
ған. Жұмағұлдың әкесі Сүлеймен, Түсіп, Әміреден туысқан
ғас қалған. Жақсылық, Батпақбаймен тараған
ғали, Жақсылық, Сүлеймен, Түсіп, Әміреден тараған
де тұрады. Дегенмен бүкіл өмірін бірге өткізген
кен соңғы жылдары біле бастады. Олармен
артық болмаса кем санамаймын
ің үлкен ұлы Аман аудандық

альбомдар толтырады. Дружина советі 15 одақтас республикалардағы шығатын пионер газеттерін жаздырып алып, оларда жүргізілетін әскери-патриоттық жұмыстармен танысады, жақсы тәжірибесін пайдаланады. Мысалы, оларда өткізілетін «Отан үшін от кешкендер», «Октябрь – адамзат үшін атқан таң», «Әскери даңқ жолымен» сияқты тақырыпта жиындар өткізіліп, альбомдар жасалды.

Дружинаның «Қызыл ішілер» тобы Отан соғысы жауынгерлерінің туысқандарына жазған хаттарын жинады. Олар Совет Одағының Батыры Төлеген Тоқтаровтың кластас құрбысы Рабиға Балтыбаевамен кездесіп, батыр туралы айтқан көп естеліктерін жазып алды. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестері С.Құрманғалиев пен А.Мухсиннің қай жерде жерленгендерін анықтады. Дружинаның тимуршілер тобы ауылдағы соғыс және еңбек ардагерлерін қамқорлықтарына алып, жазда олардың бақшасын күту, қыста олардың қораларының қарын күреу, пішен салу сияқты жұмыстарына қолғабыс тигізеді. Пионерлердің осы сияқты игілікті істеріне басшылық етуші – Қазақстан комсомолының 15 съезінің делегаты, аға пионер вожатый К. Мамекова.

Әскери-патриоттық тәрбие, қорғаныс жұмыстары спорт жұмыстарымен байланысты жүргізіледі. Оқушыларды Совет Армиясы мен Соғыс Теңіз Флоты қатарында қызмет атқаруға дайындау жұмысында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері Т.Қабдоллаев, С.Нәбиевтердің де үлесі зор. Өткен оқу жылының өзінде ғана 460 оқушы ГТО нормаларын тапсырып, оның 130-ы алтын және күміс значоктарға ие болды.

С. Әмірханов,
Қазақ ССР Оқу министрлігінің әдіскері.

«Тарбағатай нұры», 15 мамыр, 1998 ж.

АСЕКЕҢДІ БІЗ ДЕ МАҚТАН ТҰТАМЫЗ

Асқар Ислямұлы «Қиыр жайлап, шет қонып» жүргені болмаса біздің жерлесіміз, нағыз туысымыз. Асекеңнің кіндік қаны тамып туған жері

бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданы, Қызылкесік ауылындағы Мұзды сай тауының терiскейіндегі Батпақлай қорасы. Бұл 1928 жыл болатын. Асекеңнің руын арыдан айтсақ бес Байыстың ішіндегі Сармырза (Мұрын), одан Жолымбет, одан Ажығұл, одан Мырзас, Мырзас баласы Мүлкәман, одан Мамай, Мамайдан Дондағұл, Дуай туады. Дуайдан Бөшік, одан Тілеулі, одан Батпақбай, ол кісі 15 жасынан бастап билік айтып, би болған. Сондай дарынды адам екен. Батпақбайдан Жұмағұл, одан Ислям.

Асекең Дуайдан тараса, мен өз басым Дондағұлдан тараймын, негізі бір Мамай атаның баласымыз. Сондықтан да нағыз туыспыз деп жатырмын. Аталған ата-бабасын Асекеңнің өзі де білуге тиіс, сөйтсе де есіне сала кеткенді жөн көрдім. Тарбағатай, Өкпеті, Қызыл тас, Кішкене тау, Жағалбайлы, Түйемойнақ, Доланғара, Баспан, Арғанаты тауларының сай саласында, Қарғыба, Базар, Тебіске, Үшбоғас, Кіндікті өзендерінің жағалауында Асекеңнің ата-бабаларының табаны тиген іздері сайрап жатыр. Өз туған жерінен 4 жасында кетіп, қайта оралмаса да Асекең туған жерін, ата-тегін ұмытуы тиіс емес. Өйткені ол кісі білімнің қай саласы болмасын жете меңгерген, өте сауатты, аса дарынды, Тарбағатай өңірінің ақиық ардагері екенін «Дидар» мен «Тарбағатай нұры» газеттері жұртшылыққа таныстырып жатыр ғой.

Асекеңнің әкесі үш ағайынды – Ислям, Солтан, Құдайберген – Жұмағұлдың балалары, 1932-ші қиыншылық, ашаршылық жылдарда әр түрлі себептермен Ақжар өңіріне қоныс аударып кеткеннен кейін туысқандарымен байланысы болмаған. Себебі, үлкендер қайтыс болып, өздері өте жас қалған. Жұмағұлдың әкесі Батпақбаймен туысқан Салтақбай, Қоразғали, Жақсылық, Сүлеймен, Түсіп, Әміреден тараған ұрпақтары Ақсуат өңірінде тұрады.

Аталған туыстарын Асекең соңғы жылдары біле бастады. Олармен қазір түгелдей араласып тұрады. Дегенмен бүкіл өмірін бірге өткізген ақжарлық ағайындарды өз туысынан артық болмаса кем санамаймын дейді екен. Онысы да өте орынды. Асекеңнің үлкен ұлы Аман аудандық

...ные дипломы учителей, возвращаются в родную школу и село, ...ирающееся в полупустынной зоне, которое не назовешь «райским»

...Коротко не объяснишь, - ответил Аскар Ислямович. – Сегодняшний ...школы – это кабинеты, оборудованные всем необходимым, ...ый комплекс, зеленые насаждения, цветы. А ведь не так давно ...сь не было. Все, чем гордится сейчас школа, сделано ...го этого здесь учащихся и педагогов. Значит, и по-особому всем дорого. Отсюда, ...ей, и стремление продолжить начатое, приумножить достижения ...ктива в обучении и воспитании детей тружеников села.

С доводами Аскара Ислямовича нельзя не согласиться.

Тринадцать лет назад принял А.И.Ислямов типовую школу в селе ...омол. С внешней стороны двухэтажное здание кшолы радовало ...ей. Но, как это иногда бывает, строители сдали его с большими ...едками. Не один год учителя, родители, учащиеся можно сказать ...водили до кондиции» учебные кабинеты, благоустраивали ...торию школы. Все это прибавило множество хлопот ее ...водителю. Но Аскар Ислямович не из тех, кто сетует на трудности. ...тойчиво преодолевать их научила его сама жизнь.

Аскар остался сиротой в тринадцать лет. Воспитывался у ...ственников. Жажда знаний привела его после окончания семилетки в ...аипалатинское педучилище. Потом несколько лет вел начальные ...сы, не расставаясь с мечтой о высшем образовании. Окончил заочно ...ский педагогический институт имени Абая.

...отзываются об А. Ислямове как о человеке неуемной ...ственно чувство нового, умение улавливать пульс ...жизнью.

...шь – год от года – заметные перемены. ...ается здание библиотеки, спортивный подземный бетонированный тир, Подобных ему пока нет в

...ңнің 70
...құрмет
...ындарына
...еңіріндегі
...өмір жасап,
...гі де, білімді
...рандап жүре

...Меүкіл Ахмеров,
...ol, Ақсуат ауылы.

...3676)

оқу бөлімінің бастығы болып, әкесінің, ата-бабасының туған жеріне, Ақсуат еліне жақын келді. Осы жылдың наурыз айының 10-шы жұлдызындағы облыстық «Дидар» газетіндегі және 1-ші мамырдағы «Тарбағатай нұры» газетіндегі Асқар Ислямұлының өмір жолы жайлы жазылған көлемді мақалаларды оқып, өз басым қатты қуанып, төбем көкке жеткендей болды. Шындығында Асекең атқарған еңбектерімен, сол еңбегі үшін берілген ұшан-теңіз құрметті атақтары облыс көлемінде сирек шығар. Асекеңнің осыншама орасан зор еңбегін екі газеттің екі бетіне ғана сиғызып қоя салу аздау сияқты. Ол кісі туралы арнайы кітап жазылса да артық болмаған болар еді деп ойлаймын.

Шығыс Қазақстан облысы, оның ішінде Ақжар өңірі Асекеңнің 70 жасқа толуына байланысты оның еңбегін бағалап, үлкен құрмет көрсетіп, өздерінің кереметтей қадірлі азаматтары санайтындарына ризалығымды білдіріп, рахметімді айта отырып, Ақсуат өңіріндегі туыстары біз де ол кісіні зор мақтан тұтып, әлі де ұзақ өмір жасап, зайыбы Нағимамен екеуі өздері тәрбиелеп өсірген білікті де, білімді балаларымен немере, шөберелерінің ортасында сайраңдап жүре беруленіне тілектестік білдіреміз.

Мәукіл Ахмеров,
Еңбек ардагері, Ақсуат ауылы.

«Рудный Алтай», 1 октября 1983 г. №188 (13676)

ДИРЕКТОР ШКОЛЫ

Надо самозабвенно любить свой край, чтобы суметь передать эту любовь не только собственным детям, но и тем, кого учишь и воспитываешь. Примечательный факт: в средней школе иммени В.И.Ленина Тарбагатайского района педагогический ұжымы на половину состоит из бывших ее выпускников. При встрече с директором А.И.Ислямовым я задала вопрос, почему вчерашние десятиклассники,

получив дипломы учителей, возвращаются в родную школу и село, раскинувшееся в полупустынной зоне, которое не назовешь «райским» уголком.

- Коротко не объяснишь, - ответил Аскар Ислямович. – Сегодняшний день школы – это кабинеты, оборудованные всем необходимым, спортивный комплекс, зеленые насаждения, цветы. А ведь не так давно ничего этого здесь не было. Все, чем гордится сейчас школа, сделано руками учащихся и педагогов. Значит, и по-особому всем дорого. Отсюда, пожалуй, и стремление продолжить начатое, приумножить достижения коллектива в обучении и воспитании детей тружеников села.

С доводами Аскара Ислямовича нельзя не согласиться.

Тринадцать лет назад принял А.И.Ислямов типовую школу в селе Комсомол. С внешней стороны двухэтажное здание кшолы радовало глаз. Но, как это иногда бывает, строители сдали его с большими недоделками. Не один год учителя, родители, учащиеся можно сказать «доводили до кондиции» учебные кабинеты, благоустраивали территорию школы. Все это прибавило множество хлопот ее руководителю. Но Аскар Ислямович не из тех, кто сетует на трудности. Настойчиво преодолевать их научила его сама жизнь.

...Аскар остался сиротой в тринадцать лет. Воспитывался у родственников. Жажда знаний привела его после окончания семилетки в Семипалатинское педучилище. Потом несколько лет вел начальные классы, не расставаясь с мечтой о высшем образовании. Окончил заочно Казахский педагогический институт имени Абая.

Коллеги отзываются об А. Ислямове как о человеке неуемной энергии. Ему свойственно чувство нового, умение улавливать пульс времени, идти в ногу с жизнью.

Приезжая в школу, видишь – год от года – заметные перемены. Оборудуются кабинеты, возводятся здание библиотеки, спортивный комплекс. Своими силами построен подземный бетонированный тир, работающий в автоматическом режиме. Подобных ему пока нет в

области.

Аскара Ислямова волнует трудовое обучение и воспитание учащихся. Хотя многие выпускники и остаются в родном совхозе, однако зачастую работают не по той специальности (животновод-механизатор), которую приобретают за время учебы в школе: совхоз пока не может обеспечить всех ребят техникой.

По мнению директора, необходимо иметь школьное подсобное хозяйство на 20-25 гектаров, где бы старшеклассники принимали непосредственное участие в производственном труде, вносили свой посильный вклад в выполнение Продовольственной программы. А главное – это способствовало бы более эффективному формированию у них трудовых навыков, развитию интересов к сельскохозяйственным профессиям.

Задумок у директора много. Они касаются прежде всего учительского коллектива, который работает над проблемой совершенствования процесса обучения и воспитания в свете обновленных программ. С этой целью изучается передовой опыт лучших школ, внедряются достижения психолого-педагогической науки в повседневную практику учителей.

Любое начинание директора находит живой отклик. С каким энтузиазмом, например, здесь оформляли диораму, посвященную подвигу панфиловцев! Недалек день, когда будет открыта диорама, рассказывающая о подвиге Тулегена Тохтарова, чье имя носит пионерская дружина.

Кто бы ни побывал в школе, все отмечают высокую дисциплинированность учащихся, их самоорганизацию. За 10 минут до начало занятий под руководством старшеклассников начинается физзарядка. С первым звонком учащиеся без суеты занимают свои места в классных комнатах. Во время перемен дети общаются друг с другом, играют без шума и крика, соблюдая правила поведения. Это результат целенаправленной воспитательной работы педагогов.

Сам Аскар Ислямович всегда корректен с подчиненными,

доброжелателен по отношению к детям.

- Мы, сельские учителя, должны помнить, - говорит директор, - что оказываем воспитательное влияние не только на тех, кого учим. Учитель на виду у сельчан, с него берут пример. Мы должны быть требовательными к себе не только на уроках, но и вне стен школы.

Не потому ли Аскара Ислямовича и его жену Нагиму Сатыбалдиевну, тоже учительницу, в селе так ценят и уважают! Им не приходится краснеть и за своих детей. Семья дружная, трудолюбивая. Четверо старших продолжают дело отца и матери, став педагогами, двое – студенты, трое – школьники, а последний сын – будущий первоклассник. Три дочери и зять преподают русский язык. Так что в родительском доме за чашкой чая зачастую идет заинтересованный разговор о том, как лучше подготовиться к очередным урокам, какие методические новинки использовать.

А в свободное время, которого у директора не так много, Аскар Ислямович отдает чтению художественной и политической литературы, музыке. Тепло и радушно встречают каждое выступление семейного ансамбля жители села. Тон задают старшие. Аскар Ислямович руководит оркестром, а Нагима Сатыбалдиевна солирует. Нередко перед концертом Аскар Ислямович выступают с лекцией.

Не отстают от своих наставников и воспитанники. Вот уже три года подряд школьная художественная самодеятельность занимает первое место в районе.

В текущем году школа, руководимая коммунистом, отличником просвещения СССР и республики А.И. Ислямовым, представлена на ВДНХ. И это не случайно. Вопросы трудового, идейно-нравственного, военно-патриотического воспитания решаются здесь успешно.

Об этом свидетельствуют такие, в частности, факты: многие выпускники школы – ныне передовики производства, депутаты местных Советов народных депутатов. Юноши, призванные в ряды Советской Армии, - в числе лучших воинов. Командование частей благодарит за это

родителей и школу.

В. Садовщикова, зав. кабинетом областного института усовершенствования учителей.

«Рудный Алтай» 19 марта 1998 г.

ОДНАЖДЫ И НА ВСЮ ЖИЗНЬ

В пять лет лишился матери, в двенадцать – отца. Детдом. Интернат. Интернатовский хлеб...

Мог стать директором совхоза, заведующим культотделом, инструктором райкома. Возможности были. Были слава Аллаху, два высших образования. Но выбор был сделан один. Навсегда. И сегодня заслуженный учитель Казахской ССР, отличник народного образования СССР Аскар Жумагулович Ислямов с высоты своих семидесяти лет твердо заявляет, что учительство было его призванием. Право на такое утверждение ему дают почти полувековая беспрерывная работа на ниве просвещения и все, что удалось за это время осуществить. А удалось немало.

Первые семнадцать лет преподавания в Акжарской средней школе имени Абая прошли при постоянном тяготении молодого географа к педагогике практической, конкретизированной. Во главе учеников, с рюкзаком за спиной, облазил все близлежащие горы седого Тарбагатая, заставил детей восхититься красотой и неповторимостью каждой вершины, каждого родника и оценить их. Был первым начальником первого в районе пионерского лагеря. Совмещая с работой в школе деятельность лектора райкома партии, одновременно успевал заочно обучаться в вузе. И уже в свои неполные 37 был признан отличником народного образования республики. Хранящаяся в домашнем архиве аксакала почетная грамота Правления Советского Фонда Мира за активное участие в деле укрепления всеобщего мира, свободы и

безопасности народов – одно из многих свидетельств первых его успешных шагов в начале трудового пути.

Зимой 1970 года руководство района направило перспективного и практичного педагога Аскара Ислямова в село Ласты директором школы.

- Школа была новой, - вспоминает Асеке. - А поскольку сдавали ее в эксплуатацию досрочно, к столетию Ленина, то и недоделок было много. Меня оставили практически один на один с последствиями аврала. Вдобавок, во вверенном мне педужымые морально-психологический климат оказался тяжелым. В то же время еще свежа была боль от вынужденно прерванной работы с детьми в так полюбившейся мне прежней школе. Но унывать не стал. «Вперед!» - сказал я себе. Ведь мне тогда было всего сорок два...

При Ислямове Ластинская средняя школа стала одной из лучших в области. Первой в районе перешла на кабинетную систему обучения, на ее базе проходили областные семинары и совещания педагогов. Выступала инициатором создания комсомольско-молодежных чабанских бригад. Уже в стенах школы молодежь осваивала профессии механизатора, животновода. Среди выпускников было немало медалистов, продолживших обучение в вузах. Ныне известные в Восточном Казахстане люди, настоящие профессионалы в своем деле медик Ж.Кусаинова, поэт А.Масалов, журналист Ш.Азмухамбетов, полиграфист В.Абдрасылов и другие – вчерашние воспитанники этой школы, ученики Ислямова.

Что примечательно, уходя с головой в хозяйственные вопросы, Асеке ни на час не упускал из поля зрения проблемы учебно-воспитательные. Так, руководствуясь интуицией чуткого к времени и жизни человека, призывал учителей усилить преподавание русского языка в национальной школе, выходил по этому поводу с предложением на обком партии. В качестве личного примера выписывал и читал русскоязычные газеты, а всех своих детей отдал в классы с русским языком обучения. И вес это - несмотря на активную в свой адрес

критику со стороны оппонентов-русофобов. Время же, породившее замечательный лозунг «Двуязычие - дружбы два крыла», доказало правоту намерений директора школы из тарбагатайской глубинки.

- Не бывает трудных учеников, есть трудные учителя, - любит повторять ветеран. - Преподавателю мало знать свой предмет на отлично, надо еще и уметь преподать его, найти с классом контакт и провести урок ярко, интенсивна, на одном дыхании. А это целое искусство!

Рассказ об Учителе, о знатоке ребячьих душ Аскаре Жумагуловиче Ислямове был бы неполным, если бы не поведать о том, что этот человек является главой большой династии педагогов. Жена Нагима - бывшая учительница, мать-героиня. Восемь из десяти детей Ислямовых пошли по родительским стопам. Среди них есть на сегодня и кандидаты наук. А если добавить сюда педагогов-зятьев и педагогов-невесток, то общий педстаж всей этой огромной учительской семьи составит 231 год! И это еще не все, Аскар-ага - руководитель семейного музыкального ансамбля, выступавшего в свое время на республиканских партийных и учительских форумах. Данные об этой замечательной династии из Тарбагатайского района хранятся сегодня аж в Московском музее великого А.С. Макаренко! И что еще не менее важно: эстафету двух поколений готовятся взять внуки и внучки, также избравшие в жизни стезю педагога.

Вы для нас зажигаете светлые зоря,
Помогаете нам выбирать маяки,
И во взрослую жизнь, как в открытое море,
Точным курсом выходят выпускники.

(из альбома пожеланий уходящему на заслуженный отдых учителю А.Ж.Ислямову).

...На вершине большого жизненного перевала под названием «Семьдесят» стоит сегодня аксакал Аскар Ислямов. Стоит твердо, уверенно. Такой же беспокойный и деятельный, как прежде. Недавно

его избрали, председателем совета старейшин поселка Молодежный, куда переехал с выходом на отдых, Заслуженный.

Кабдылкаир Кудайбергенов
Уланский район

«Рудный Алтай» 22.03. 2001 г.

ИСПЕЙ ИЗ РОДНИКА

«Из школы "Би Боранбай" в ауле Кызылкесик Тарбагатайского района вышли около десятка докторов наук, 15 кандидатов. Диву даешься, когда видишь, как дети из моноязычного казахского аула, выходя из стен общеобразовательных школ с минимумом практических знаний по русскому языку, впоследствии не просто овладевают престижными, а иногда редкими специальностями, но и блестяще защищают ученую степень в Москве, Санкт-Петербурге, Новосибирске, других признанных центрах науки и культуры».

Выдержка взята из книги воспоминаний ветерана педагогики Аскара Ислямова. А ему стоит верить. Семью его с полным основанием можно назвать слаженным и самобытным педагогическим коллективом. Не просто так, наверное, обобщенные материалы о ней, то есть, семье этой, хранятся в постоянном фонде музея им. Макаренко в Москве. И в музее ВКГУ, естественно.

Родоначальники династии Аскар и Нагима – отличники народного образования Казахской ССР. Глава семьи вдобавок еще – отличник народного образования СССР, заслуженный учитель республики. Из десяти детей Ислямовых семеро стали учителями, преподают в вузах, техникумах, школах. Один из них – Аман, как и родители, носит звание отличника народного образования Казахстана. В семье, с учетом зятьев и невесток, учителей вдвое больше. Из них один с ученой степенью, тоже, кстати, из моноязычного казахского аула.

Штрих к портрету: школа им. Ленина в ауле Жетыарал в Тарбагатайском районе под руководством ее директора Аскара Ислямова в 70-80-е годы стала одной из образцово-показательных в области. И еще, династию называют инициатором, первой ласточкой движения семейных ансамблей, получивших бурное развитие в те годы. В ансамбле "Балдырган", заслужившем известность во всей стране, выступали тогда шестнадцать Ислямовых от пяти до пятидесяти с лишним лет. На инструментах самых разных народов звучала разноязыкая музыка. А в основе были казахские песни и мелодии.

В данном эпизоде, а также в основе книги воспоминаний Аскара Ислямова лежит идея, выраженная в стихах известного казахского поэта: выучи все языки, а родным – дорожи. То же самое о культуре. Образе жизни. «Испей из родника народной духовной культуры, - учит заслуженный, в прямом и переносном смысле этого слова, учитель. - И на эту основу можно со временем «накрутить», наложить все другие ценности: знания, опыт, профессиональные навыки».

феномен, о котором говорит аксакал, свидетельствует о том, что язык моего народа в полной мере способен обеспечивать целеустремленному его носителю полноценное развитие своей личности, раскрытие таланта и дарований. А если где-то, что-то не так, то это проблемы конкретных людей и учебных заведений, но никак не национального языка и национальной школы как таковой.

Шакерхан Азмухамбетов

«Рудный Алтай» №222 от 16 ноября 1985 г.

ОКОЛО СОРОКА ЛЕТ работает на селе заслуженный учитель Казахской ССР, отличник просвещения СССР Аскар Ислямов. Из них 15 лет – директором школы в селе Комсомол Тарбагатайского района (совхоз «Ластинский»).

У Аскара Ислямова и его жены Нагимы – тоже учительницы – большая и дружная семья. Они воспитали десять детей, и Нагима удостоена высокого звания «Мать-героиня». Все их дети пошли по стопам матери и отца – стали педагогами и работают в школах родного района.

Директор Ленин атындағы мектептің партасында отырған сегіз жүз оқушының әрқайсысын жете білетін. Олардың қарым-қатынасын, мінез-құлқын бағандап отыратын. Олардың арасынан белгілі дәрігер Жанат Құсайынова, ақын Әрінбек Масалов, журналистер Шәкерхан Әзмухамбетов, Жұмағазы Игісінов, суретші Еркін Нұразханов, баспагер Баяхмет Әбдірасылов сияқты азаматтар шықты. Ақын Хамит Балшабеков айтпақшы, оның шәкірттері қол ұстасып қатар тұрса, Ақжардан Алматыға дейін жетер еді.

Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Қанипа Бітібаева: - Асқар Жұмағұлұлы – нағыз эстет және жоғары мәдениеттің адамы еді. Оның әр сабағы оқушыға ерекше әсер қалдыратын. Ол басқа мұғалімдерден де осыны талап етті. Ластылық түлектер жоғары оқу орындарына именбей түсетін. Ол нағыз ұстаз, ұйымдастырушы басшы еді.

Мұқанай Құсайынов, еңбек ардагері, отставкадағы майор – Асекең әскери-патриоттық тәрбиеге мән берді. Ұлы Отан соғысына арналған диорэманы Қырымнан көріп келіп, тұрғызды. Талғамы биік азамат еді.

Шәкерхан Әзмухамбетов, журналист: - Асқар аға тілге бай, сөзге шешен болды. Одан тыңдаған дәріс өмірлік азығым болды.

Клара Нұразханова, ШҚМУ ағылшын тілі кафедрасының аға оқытушысы: - Ол кісі беретін жағырапия пәні кезінде басқа континентті

шарлап кеткендей боламыз. Бәлкім, ағылшын тілі пәнінің маманы болғаным да сондықтан шығар.

Манарбек Мұхамеджанов, облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы бастығының орынбасары: - Асқар Жұмағұлұлы ең алдымен Адам болуға, адал болуға үйретті. Ұлы ұстаздың алдында сол үшін де қарыздармыз.

Міне, замандастары, кешегі шәкірттері осылай ой толғайды. Асқар Жұмағұлұлы нағыз бағбан, шәкірттері мен балалары білім бағының бір-бір тал гүлі іспетті. Ұлағатты ұстаз баптаған үлкен бақ қазір де жайқалып тұр...

Перевод на казахский язык
Уәлихан Токпатаев

«Рудный Алтай», 31 октября, 2002 г,

МЫ В ТВОЕМ САДУ, ПАПА...

Ровно год назад, вчера, ты устало присел у яблони своего сада. Мы, твои дети, внуки – деревья и цветы того Питомника выросли от добрых семян твоих, и теперь живем воспоминаниями теплых ладоней мудрого и заботливого Садовника. Сколько усердия и чуткости вкладывал ты в каждого из нас, чтобы в твоем САДУ всегда царила гармония...

Год назад ушел из жизни Аскар Жумагулович Ислямов. Имя этого яркого таланта педагогики на устах у многих, кто работал, учился у него или просто знал его. Тяжело смириться с тем, что нет человека, если сердце хочет любить и помнить его живым. Каким гимном можно отдавать должное человеку, авторство которого в самом дорогом шедевре Жизни – Семье. Цену родительского гнезда ему пришлось познать еще ребенком, когда в пять лет был лишен материнской ласки, а через семь лет не стало и отцовской поддержки. Родственники, детдом, голод и холод... В душе юного Аскара всегда горела мечта о

большой красивой Семье. Всевышний видит сердца наши. Он посылает Аскару добрую супругу Нагиму и дает ей силы принести на свет и воспитать десятерых детей. В дальнейшем они рука об руку пройдут половину века по жизни вместе, будут делить трудности и успехи на педагогическом поприще. Нагима-апа станет отличником просвещения Казахстана.

Ислямовы не выбирали готовых теплых оазисов, а создавали его сами. Первые саженцы семейного питомника взошли в Тарбагатайских степях, где жили и трудились Аскар и Нагима. Они были одни из тех редких людей, для которых педагогика была благородным смыслом жизни. Они сеяли доброе, разумное, красивое в деревьях своего сада, дабы могли пожинать его дары люди.

... Ты ушел. А в твоем саду продолжают пробиваться новые ростки, принося свежие плоды жизни. Габит стал доктором наук; повысили в должности сыновей – Амана, Такена, Амангельды и Аманжола; внучка Мархабат с мужем Айдосом будут теперь жить в Астане, в связи с переводом по службе. Внуки Сункар и Асем пошли в первый класс. Но особая радость в твоем Саду – это то, что в нем теперь есть твой внук Аскаржан. Как видишь, твое имя будет теперь в наших устах, с новой радостью.

Семейный сад Аскара Жумагуловича – это десять гнезд его детей, это педагогическая династия Ислямовых, общий стаж которой составляет 270 лет. Это семья, в которой все заинтересованы в судьбе каждого, и каждый заинтересован в судьбе всех. Такую Гармонию взаимоотношений создавал Аскар-ага как дирижер и педагог от Бога.

Семейный сад Ислямовых

Дочь Ермек – педагог, сегодня работает заместителем директора Восточного технико-гуманитарного колледжа, зять Турсынхан — начальник отдела территориального комитета по приватизации госимущества ВКО.

Дочь Сара – педагог-филолог, директор издательства Восточно-

Казахстанского государственного университета, зять Толеухан руководит ТОО "Мұра".

Сын Аман, педагог, отличник в просвещения РК, бывший лидер Ленинского комсомола, многие годы работал директором школы, заведующим районным отделом народного образования, заместителем акима Тарбагатайского района, ныне – директор Государственного управления детского дома семейного типа в городе Усть-Каменогорске. Сноха Амина преподает в техническом колледже.

Дочь Маншук – доцент ВКГУ, кандидат педагогических наук, готовится к защите докторской диссертации, работает в должности заместителя директора института переподготовки кадров ВКГУ; зять Габит – доктор педагогических наук, начальник управления вузами Министерства образования и науки РК.

Сын Такен работает заместителем директора Восточного технико-гуманитарного колледжа, и сноха Зауре – педагог.

Сын Амангельды – майор полиции, начальник отдела миграционной полиции УВД города Усть-Каменогорска; сноха Анаргуль – главный специалист областного налогового комитета.

Дочь Шынар – воспитательница детского сада села Молодежного, зять Кайрат работает в акимате Уланского района.

Дочь Жанар – инспектор студенческого отдела кадров ВКГУ, зять Дархан – директор малого предприятия «Сункар».

Дочь Салтанат – педагог, работает учительницей в школе №4 областного центра, зять Шакен – инспектор ГКП «Даулет» при департаменте торговли города.

Сын Аманжол – сотрудник отдела административной полиции УВД города Усть-Каменогорска.

Становятся на свою трудовую тропу, учатся, нянчатся внуки и правнуки Ерасыл и Арыстан.

Многие, кто сидел за партами школы им. Ленина, помнят проницательный взгляд и мудрые слова Учителя Аскара Ислямова.

Поэт Хамит Балшабеков приводил в своем посвящении такое сравнение: если все ученики Аскара-ага возьмутся за руки, то эта живая цепь протянется от Акжара до Алматы. Школа при его директорстве стала лучшей из лучших, сильной из сильных. В любви к музыке семья становилась еще колоритней и крепче. Отец шел в пионерах и подвижниках тех лет, когда создавались семейные музыкальные ансамбли. Прекрасное лилось и со сцены семейного ансамбля Ислямовых. На республиканском смотре-конкурсе ансамбль Ислямовых из Тарбагатая занимал первое место.

«Его нет сегодня с нами, - пишут соратники, друзья, коллеги, ветераны войны и труда. – Аскар Жумагулович провел полвека на ниве просвещения. Своей неутомимостью педагог-новатор был известен во всем Советском Союзе, стал обладателем званий «Отличник народного образования СССР», «Отличник народного образования Казахской ССР», «Заслуженный учитель Казахстана». Материалы главы семейной педагогической династии Асеке помещены в Московском музее великого Антона Семеновича Макаренко. Он был участником Выставки достижений народного хозяйства СССР, дипломантом правления Советского Фонда Мира и активное участие в деле укрепления всеобщего мира на планете. На базе школы им. Ленина Тарбагатайского района проводились совещания и активы учителей с участием первых руководителей района и области. Пусть дело Асеке озаряет путь его потомкам».

Люди всегда задаются вопросом, что они оставляют после себя в этой жизни. Аскар Жумагулович оставил самую большую Жизнь, которая воплотилась в Семье его многочисленных питомцев. Корни этого Сада пропитаны мудростью и талантом Хозяина и Автора, а побеги идут уже далеко от родного Тарбагатая и родительского дома. И сегодня, когда его нет уже год, как бы хотелось, чтобы он слышал слова: «Мы в твоем саду, Папа...»

Габдулл Маутканов

ДНЮ УЧИТЕЛЯ ПОСВЯЩАЕТСЯ

Алма-Ата, 2 октября

Под звуки школьного вальса начался в Республиканском Дворце пионеров и школьников торжественный вечер, посвященный Дню учителя, на который были приглашены школьные педагоги, преподаватели и мастера профтехучилищ, представители базовых предприятий и родительской общественности, студенты и учащиеся.

Теплые приветствия рабочих и служащих, выступления педагогов о ходе реализации школьной реформы, о высокой миссии учителя сменялись литературно-художественными композициями, песнями и оркестровыми миниатюрами, подготовленными ребятами.

Праздничная атмосфера не помешала обсуждению жгущих проблем учебно-воспитательного процесса. Министр просвещения Казахской ССР К.Б. Балахметов, первый заместитель председателя Госкомитета республики по профтехобразованию Б.А. Адыкаримов и другие озабоченно говорили о недостаточном еще вкладе педагогической науки в перестройку школы, о том, что необходимо сделать, чтобы школьное воспитание способствовало органичной связи между знанием и нравственностью, образованностью и подлинной интеллигентностью.

На вечере присутствовали заведующий Отделом науки и учебных заведений ЦК Компартии Казахстана Н.К.Мукитанов, представители партийных, советских и хозяйственных органов.

Ребята подарили учителям оригинальные сувениры, сделанные своими руками. В фойе была открыта выставка детского творчества.

(КазТАГ).7

В ВАШИХ ЗОЛОТЫХ СЕРДЦАХ

Накануне праздника Дня учителя в ЦК ЛКСМ Казахстана состоялась встреча-прием учительских династий республики. Встретиться с учителями необычной судьбы, которые являются наставниками не только в школе, но и в своей семье, пришли педагоги города Алма-Аты, комсомольский актив.

Приехала на встречу династия Ислямовых. У главы семьи Аскара Ислямовича педагогический стаж насчитывает 37 лет, семнадцать лет он директорствует в средней школе имени Ленина Тарбагатайского района Восточно-Казахстанской области. Вместе с супругой Нагимой Сатыбалдиновной они воспитали десятерых детей, шестеро из которых пошли по стопам родителей.

Педагогический стаж Киншала Исмагуловича Исмагулова, ветерана Великой Отечественной войны из Кустанайской области, превышает полвека. Более тысячи выпускников получили путевку в жизнь из его рук только за двадцать лет его директорства в средней школе. Дать первые уроки физической закалки, привить любовь к своему делу – такую задачу ставит перед собой династия преподавателей физической культуры целиноградской средней школы №16 Виноградовых. Всех их, а также представителей династий учителей из других областей Казахстана приветствовали молодые алма-атинцы.

Разговор на встрече было деловым, касался очень актуальных и наболевших проблем. И в первую очередь он затронул подготовку педагогических кадров, повышение ответственности учителей за результаты своего труда, много критических замечаний было высказано по поводу материально-технического обеспечения наших школ, недостаточного количества учебных пособий, методических разработок, отвечающих современному уровню. Говорилось и о необходимости более тесных контактов комсомольских организаций с педагогическими коллективами.

- Уровень знаний учащихся зависит от уровня преподавания, который у нас еще не везде на должной высоте, - сказала на встрече Л.Ж. Абдрахманова из Павлодарской области. – А потому девизом для всех нас должны стать слова: учитель я до тех пор, пока сам учусь.

Во встрече принимали участие первый секретарь ЦК ЛКСМ Казахстана С.Кондыбаев, заместитель заведующего Отделом науки и учебных заведений ЦК Компартии Казахстана З.А. Керемкулова, министр просвещения Казахской ССР К.Б. Балахметов.

Предстаители учительских династий были награждены на встрече Почетными грамотами ЦК ЛКСМ Казахстана, Республиканского совета пионерской организации имени В.И. Ленина.

(Сов. инф.).

«Коммунизм туы», 07.10.1983 ж.

ҚҰРМЕТТІ АТАҚ БЕРІЛДІ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатай ауданы В.И. Ленин атындағы орта мектебінің директоры Асқар Ислямов жолдасқа жеткіншек ұрпаққа коммунистік тәрбие беруде сіңірген еңбегі үшін «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағын берді.

«Рудный Алтай», 26.10.1983 г.

И ТРУД, И ТВОРЧЕСТВО

Директору средней школы имени В.И. Ленина совхоза «Ластинский», отличнику народного образования СССР А.Ислямову присвоено высокое звание «Заслуженный учитель Казахской ССР»

Один из опытнейших педагогов района А. Ислямов учительствует тридцать лет. В педагогическом коллективе, руководимом им, накоплен

богатый опыт трудового, военно-патриотического и нравственного воспитания детей. Метод совершенствования учебно-воспитательной работы обобщен областным отделом народного образования и Министерством просвещения Казахской ССР. Он рекомендован для участия на ВДНХ СССР.

Снят телефильм о семейном музыкальном ансамбле, организатором и руководителем которого является А. Ислямов. За первое место, занятое на областном смотре, ансамбль награжден туристической путевкой.

Ш. Азмухамбетов
соб. корр. «Рудного Алтая»

«Рудный Алтай», 26.10.1983 ж.

ҮЛГІ-ТІРЕК МЕКТЕБІНДЕ

В.И. Ленин атындағы орта мектеп облысымыздағы үлгі-тірек мектептерінің бірінен саналады. Жуықта осы мектептің жұмысы Бүкілодақтық көрмеге ұсынылды

Бұл мектепте игі істер көп-ақ. Солардың бірі жастарға дене шынықтыру және әскери-патриоттық тәрбие беру мәселесінің дұрыс жолға қойылуы. Жақында осы мектептің спорт алаңында дене шынықтыру сабағын өткізудің әдістері туралы аудандық семинар өтті. Оған мектеп директорлары, кластан тыс жұмыс жөніндегі оқу ісінің меңгерушілері, дене шынықтыру сабағының мұғалімдері қатысып, өзара тәжірибе алмасты. Семинардың жұмысын осы мектептің директоры, «СССР халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» А. Ислямов қорытындылады.

Нағима Асқар. Өскемен педагогикалық институтының бірінші түлектері, 1952 ж.

Студенттік өмірдің соңғы жылы.
Абай орта мектебіне жолдама алып,
үздіксіз ұстаздыққа оралу

Асқар Ислямов

Үстаздың окушылармен кезекті сабақ өткізуі

Аудандық партия комитетің І секретары О. Малдыбаев. Көркемөнерге ерекше көңіл бөлінген кез.

Аудандық хор ұжымы. Облыстық олимпиада, құрамы 145 адам, 1960 ж.

Мұғалімдердің 1959 жылы облыстық олимпиадасында Абай орта мектеп ұжымы жүлделі орынды жеңіп алды. Жетекшісі Р. Есенжолова

Педагогикалық кеңестің отырысы

1967-1970 жж. Асқар Ислямұлы Абай орта мектебінде партбюро серетары, мектеп директоының бірінші орынбасары. Аудандық комсомол комитетінің секретары К. Калканова, мектеп комсомол ұйымының секретары Т. Токенова, класс жетекшілер К. Арпабаев,З. Мажикеновалар Қазақстан комсомалы съезінің делегаты кездесуінде еңбек озатымен

Административтік кеңестің кезекті отырысы



Шефтік қызыл заставасының саяси жұмыс басшысы Р.Р. Давлетбаевпен өзара ынтымақты іс-қимыл жөнінде әңгімесінің бір көрінісі

Өзбек, қырғыз, қазақ, түрікемен, татар. Бір сап түзеп қалды қатар. 20 қараша 1985 ж.

Облыстық XXV партиялық конференцияның делегаттары және Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.А. Назарбаев

XXIII Шығыс Қазақстан облыстық партия конференциясының делегаттары. Өскемен қаласы, 8 желтоқсан 1978 ж.

Ұлы Отан соғында елге оралмаған, каза болғандар ескерткішіне салтанатты гүл шоқтарын кою рәсімі, 1983 ж. Ақжар. Даңқ алаңы.

5 тамыз 1988 ж. Абай орта мектебіне 60 жыл. 1958 жылғы 10-сынып бітірушілермен кездесуден естелік. Ұйымдастырушы Арынбек Масалов

Соғыс ардагерлері мен педагогтар династиясының Шығыс Қазақстан облыстық I слетінде. Алдыңғы сапта КСРО Халық мұғалімі Қ. Нұрғалиев, облыстық партия комитетінің хатшысы Т.Н. Бердюгина, облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары Аверьячнина, батыр ана, ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі Нағима Сатыбалдина, ҚКСР Еңбегі сіңген мұғалімі Аскар Ислямов жанұялық педагогтар династиясымен. Өскемен, 1985 ж.

Алматы ЦК ВЛКСМ үйі алдында республикадағы үздік педагогикалық династиялардың кездесу сәті. Оқу министрі Баяхметов. Шығыстағы делегаттар құрамы 12 адам Ислямовтар әулеті таңдандырды Асқар Ислямов, Нағима Сүлейменқызы, Аман Асқаруұлы, Ермек Асқарқызы, Сараш Асқарқызы, Мәншүк Асқарқызы, Шынар Асқарқызы, Жанар Асқарқызы, Амина Дандыбаева, Ғабит Құсайынов

Республикалық мұғалімдер съездінің делегаттары. Алдыңғы қатарда, солдан оңға қарай Асқар Ислямов, Г.Л. Бердюгин, Қ. Нұрғалиев және т.б.

Интернационалдық ынтымақ. Якут инженер Анкер. Негр Бернард. Қазақ педагог А. Ислямов, 1976 ж.

В.И. Ленин атындағы орта мектептің мұғалімдер хоры

А. Ислямовтың 60 жасқа толған салтанатты кеші. Аман "Әке жырын" орындауда

Әке шаңырағындағы кезекті жаттығудан кейінгі үзіліс сәті, 1982 ж.

Облыстық XXV партия конференциясының делегаттарына арналған концерттің қатысушылары, 1984 ж. Өскемен

Ардакты ана бейбітшілік әнін орындауда

А. Ислямов немерелерімен

Франция. Париж - 2006. Эйфелев мұнарасы. Маншүк Асқарқызы тәжірибе алмасуда.

Қазақстан ЛКСМ үйі алдында I секретарь Қондыбаев аппаратының және әйгілі Қазақстанның ақын қызы Фаоиза Оңғарсынованың Ислямовтар династиясымен суретке түсу сәті, 1987 жыл, 2004-2005 жылғы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі болып тағайындалған Бірғаным Айтимова

Журналистермен кездесу сәті

Інісі Тоқан Жұмағұлы

Асқар Ислямовтың 60 жасқа толған торқалы тойына байланысты аудан басшылығының ұйымдастыруымен өткізілген салтанат

Асқар Ислямов қайын жұртымен, Семей қаласы, 1969 ж.

Түңғыш қызы Ермек Асқарқызы
жолдасы Тұрсынханмен



Асқар жұбайы Нағимамен
және балдыздары
Сағынтай мен Зайля

Тарбағатай ауданы әкімінің
орынбасары Аман Асқарұлы
бөлім бастықтарымен кеңес өткізуде

Ауданымыздың ең үлкен 1920 балалық «Чкалов» атындағы орта мектептің ашылу
салтанатында облыстық партия комитетінің бірінші секретары А.В. Милкин, аудандық
партия комитетінің бірінші секретары С. Аухадиев жолдастар Асқар Ислямовке өзінің
еңбек жолын жалғастырушы Ислямов Аман Асқарұлын тәрбиелегеніне құрмет білдіріп,
құттықтау үстінде, 1 қыркүйек 1987 ж.

Облыс, аудан басшыларының қатысуымен және жұртшылық алдында салтанатты түрде
жаңа мектеп үйінің білім кілтін құрылыс басшысынан мектеп директоры
Аман Асқарұлы Ислямов қабылдау үстінде. 01.09.1987 ж.

Білім және ғылым министрі
Н.С. Бектұрғанов жоғары оқу
орындары басқармасының
орынбасары Ғабит Құсайыновқа
құрмет грамотасын
ұсынуда,
2002 ж. Астана

Сара Асқарқызы жолдасы Төлкухан және балаларымен

Үй ауласында. Фото Колчиндікі.
Арманның бір асуын өткен мезгіл.
Такан мен Зәуреңің үйлену тойынан кейін

Амангелді Асқарұлы Ислямов.
Өскемен, 2006 ж.

Амангелді Асқарұлы жұбайы Анаргүл балалары Асқаржан мен Дильназ

Қарашаңырақтың иелері
Аманжол Асқарұлы,
келіні Эльвира және
Жалғас Аманжолұлы

Суретте Салтанат Шакенмен жаңұя құру салтанаты,
Өскемен, 2001 ж.

“Салтанат туған күн (25 қазан 1975 ж.) Аман институтқа түсіп, мектепте облыс директорларының менің іс-тәжірибемді тамашалаған үлкен семинар соңында мені Енбек Қызыл ту орденіне ұсынған қуанышты салтанатты күндер елестейді. Сондағы 300-ге жуық адамның, тілеуінен аталған Салтанатымның біраз қызығын көрсетіп, бақыт бере көр деп тілеймін”

А. Ислямов

ТМД және Балтия
I Халықаралық
конференциясының
делегаттары.
МГУ ректоры,
профессор
А.В. Садовничий, ортада
Мәншүк Асқарқызы
Қазақстаннан.
Ломоносов атындағы
МГУ, 2004 ж.
Мәскеу қаласы

Аймақтық жоғары оқу
орындарының
ректорлар кеңесінің
төрағасы академик
А.А. Абжаппаров,
хатшысы доцент
Мәншүк Асқарқызы,
ШҚМТУ ректоры,
2004 ж. бастап ҚР
Білім және ғылым
министрлігінің
бірінші вице министрі,
профессор
Г.Н. Гамарник.
Өскемен, 2002 ж.



Ислямова Алия Такенқазы
№3 көпсалалы
мектеп-гимназиясы
ОӘК «Vip» президенті

Ерке немересі
Алтынай Қытай Халық Республикасында
тіл тәжірибесінен өтуде. ҚХР, 2005 ж.

Есімін атасы қойған, оқу азаты
Мерей Қайратұлы

Асқар Ислямов зайыбы Нағима Сүлейменқызымен, 1978 ж.

2001 жылдың қыркүйек айы. Әкеміз дүниеден озардан бір ай бұрын

Немересі Дарьяның 1 жасқа толған қызығы, 2006 ж.

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

Товарищ ИСЛЯМОВ АСКАР

награждается ПОЧЕТНОЙ ГРАМОТОЙ

ТАРБАГАТАЙСКОГО

горрайкома КП Казахстана за актив-
ную работу по пропаганде марксизма-
ленинизма, коммунистическому воспи-
танию трудящихся.

ноября 1977 г.

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

ПРАВЛЕНИЕ СОВЕТСКОГО ФОНДА МИР

НАГРАЖДАЕТ

Ислямова
Аскара Ислямовича

за активное участие в деятельности
Советского фонда мира
в интересах укрепления всеобщего
мира, свободы и безопасности народов

ПОЧЕТНОЙ ГРАМОТОЙ

НАГРАЖДАЕТСЯ Директор СШ им.В.И.Ленина
Тарбагатайского района т.ИСЛЯМОВ АСКАР
ИЛЬЯЕВИЧ. За активное участие, умелую
организацию и проведение смотра-конкурса
на лучшую учебно-материальную базу по ГО
и достигнутые при этом высокие показатели.

___ июля 1979 года

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

НАГРАЖДАЕТСЯ

ХАРАКТЕРИСТИКА

ПРИСУЖДАЕТСЯ КОЛЛЕКТИВУ

СЕМЕЙНОГО АНСАМБЛЯ ИСЛЯМОВЫХ

ТАРБАГАТАЙСКОГО РАЙОНА ЗА УСПЕШНОЕ

ВЫСТУПЛЕНИЕ НА XXV ОБЛАСТНОЙ ПАРТИЙ-

КОНФЕРЕНЦИИ И ЗА ТВОРЧЕСКИЕ УСПЕХИ

В РАЗВИТИИ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ САМОДЕЯТ-

январь 1984 г.

г.Усть-Каменогорск

В САМОДЕЯТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ ЗА ДОСТИЖЕНИЯ

Почетная

ГРАМОТА

НАГРАЖДАЕТСЯ

Коллектив семейного ансамбля ИСЛЯМОВЫХ
за активное участие во Всесоюзном
смотре самодеятельного художествен-
ного творчества трудящихся, посвященного
40-летию Победы.

г.Усть-Каменогорск Оргкомитет

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КОМИТЕТ СССР
ПО НАРОДНОМУ ОБРАЗОВАНИЮ

НАГРАЖДАЕТ

ПОЧЕТНОЙ ГРАМОТОЙ

директора средней школы имени В.И.Ленина Тарбагатайского
района Восточно-Казахстанской области Казахской ССР

ИСЛЯМОВА
Аскара

за достигнутые успехи по обучению и воспитанию учащихся

Г.А.Ягодин

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

директору средней школы им.Ленина
Ислямову А.И.
творческие успехи и активное
участие в развитии художе-
ственной самодеятельности
учителей

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

Уважаемый тов.ИСЛЯМОВ АСКАР !

Восточно-Казахстанский областной отдел народного образования сообщает вам на творческий труд по воспитанию молодого поколения и духе высокой коммунистической морали, трудолюбия, беззаветной любви и преданности отечественной Родине.

Партком уверенность, что ваш научный деятельность, большой опыт, накопленные годы вашего сердца и впредь будут служить вышедшим, претворение в жизнь решений XXVII съезда КПСС и решений сентябрьского и ноябрьского Пленумов ЦК КПСС по коренной перестройке общеобразовательной и профессиональной школы.

Заведующий восточно-
Казахстанским облоно /подпись/ В.К.Пучков

М.П.

23 апреля 1987 г. г.Усть-Каменогорск

Южная версия.

ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

НАГРАЖДАЕТСЯ

Ислямов Аскар

ЗА УСПЕХИ В КОММУНИСТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ И АКТИВНОЕ УЧАСТИЕ В ПРОФСОЮЗНОЙ РАБОТЕ.

ПРЕЗИДИУМ ТАРБАГАТАЙСКОГО РАЙКОМА
ПРОФСОЮЗА РАБОТНИКОВ ПРОСВЕЩЕНИЯ

с.Акжар 17.II.84 года.

Құрметті Ислямов А. жолдас!

Ұласты совхозының ірге тасын қалап, экономикасының артуына, мәдениетінің өсуіне, әлеуметтік дамуының жетілуіне өз біліміңізді, тәжірибеліріңізді, күш-қуатыңызды қосқаныңыз үшін Сізге үлкен рахмет.

Ауылымыздың көркейіп, гүлденуіне қосқан үлесіңізді жоғары бағалап село еңбеккерлері атынан зор алғысымызды айтамыз. Деніңіздің сау, еңбегіңіз жемісті болып, бақытты өмір сүруіңізге шын жүректен тілектеспіз.

Ұласты совхозына 30 жыл

Ұласты совхозы, Комсомол селосының халқы, совхоз дирекциясы, партия, совет, кәсіподақ, комсомол комитеттері.

октябрь 1989 жыл





«Дидар», 25 сәуір 1998 ж.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Бұрынғы КСРО Ағарту ісінің үздігі, ҚР Халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалім, қазіргі зейнеткер – Асқар Жұмағұлұлы Ісләмовке!

Сіздің кіндік қаныңыз тамған, өзіңіздің саналы ғұмырыңызды өткізген, жар сүйіп, балалы болып, ата атанған Тарбағатай өңіріндегі жерлестеріңіз, өзіңіз тәрбиелеген ұстаздарыңыз және оқушыларыңыз Сізді 70 жасқа толған мейрейтойыңызбен құттықтайды.

Әрдайым балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, зайыбыңыз «Ардақты ана», «Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі» - Нағима апаймен өмірдің қуанышы мен қызықтарын бірге көріп, жүзге жетулеріңізге тілектестік білдіреді.

Тарбағатай аудандық оқу бөлімі,
аудандық кәсіподақ комитеті

«Ленин туы», 23 сәуір, 1984 ж., №50 (6126)

ПАЙДАЛЫ СЕМИНАР

КПСС Орталық Комитетінің февраль (1988 ж.) Пленумының шешімдерін басшылыққа алған Чкалов атындағы орта мектебінің педагогикалық ұжымы бұл күндері мектеп оқушыларына саналы тәрбие, сапалы білім беруді күннен-күнге жетілдіру үстінде. Мектептегі игі істерді басқаларға үлгі ету үшін аудандық оқу бөлімінің ұйымдастыруымен «Мектепшілік бақылау – оқу-тәрбие процесін жетілдіру құралы» деген тақырыпта аудан мектептерінің директорлары және оқу ісінің меңгерушілерінің, резервтерінің семинары болып өтті.

Семинарда мектеп директоры А.Ислямов «Қайта құру кезеңіндегі мектепшілік бақылау, педагогикалық советті дайындау жолдары», оқу ісінің меңгерушісі К.Құдайбергенова «Класс жетекшісінің жұмысына бақылау» деген тақырыптарда мектепте ұйымдастырылған жұмыстар туралы өз ойларын, пікірлері мен тәжірибелерін ортаға салды.

Семинарға қатысушылар 2 «а» класындағы (класс жетекшісі М.Райысова) «Ленин туралы әңгімелейік» атты ауызша журналға, 8 «а» класында орыс тілінен (пән мұғалімі Ә.Дандыбаева) өткен ашық сабаққа, 7 «а» класында өткен физика пәнінен (мұғалім А.Шалғазин) демонстрациялау әдістерімен танысып, ойларын ортаға салды.

6 жастағыларда өткен (тәрбиеші Г.Әбішева) «Ертегілер әлеміне саяхат» атты тәрбие сағатына қатысып, ризашылық сезімдерін білдірді. Мектепте ұйымдасқан 6 жастағылардың жағдайлары бүгінгі күннің талабына сай екенін көрді. 4 «а» класында (пән мұғалімі С.Мұқашева) «Зат есім» тақырыбы бойынша өткен ашық сабақта пән мұғалімі мен оқу ісінің меңгерушісі сабақтың жүрісіне өзіндік талдау жасады. Мектеп директорлары К.Тоғжанов, Р.Әлібаев, Т.Зейденовтар алған әсерлерін толғана отырып әңгімеледі. Осы тәжірибені өз ұжымдарында пайдаланатынын, басшылыққа алатындарын айтты. Семинарға қатысушылар алдында мектептің 1970 жылғы түлегі, бұл күндері Жамбыл атындағы сегізжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып істейтін Қ.Аусарбаев өзін оқытқан ұстаздарына арнаған өлеңдерін оқыды.

Семинарға қатысушыларға мектеп көркемөнерпаздарының күшімен концерт көрсетілді.

А. Масалов
«Қарасу» совхозы.

«Лениншіл жас», 3 қазан 1987 ж.

МҰҒАЛІМ ӘУЛЕТТЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінде мұғалімдер мерекесі қарсаңында республикадағы бірқатар ұстаздар әулетін қабылдау болды

Қабылдауда Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші секретары С.Қондыбаев сөз сөйлеп, ұстаздар қауымын алдағы төл мерекесімен шын жүректен құттықтай келе, осында жиналған мұғалім әулеттеріне Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің және В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымы республикалық Советінің Құрмет грамоталарын табыс етті.

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданынан келген А.Ісләмов, целиноградтық С.А. Виноградов, павлодарлық Л.Ж. Әбдірахманова тәрізді тәжірибелі ұстаздар ой-пікірлері мен мектеп өміріне қатысты өзекті әңгімелерін ортаға салды.

Қазақ ССР Оқу министрі Қ.Б.Балахметов республика көлеміндегі мектептердің жағдайына, олардағы білім-тәрбие беру ісіне тоқталып, мұғалім әулеттеріне зор табыс тіледі.

Қабылдауға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Ғылым және оқу орындары бөлімі меңгерушісінің орынбасары З.А. Керімқұлова, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары Б.Әйтімова қатысты.

Осы күні ұстаздар әулеттері жастар басылымдары редакцияларында болып, пікір алысты.

ПЕДАГОГТЕР МЕН ТӘЛІМГЕРЛЕР КЕҢЕСІ

Өскеменде мұғалімдер әулеттері мен Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің облыстық бірінші слеті болып өтті. Слетке қатысушылар В.И.Ленин ескерткішіне гүл қойды. Сонан кейін мұғалімдер әулеттерінің өкілдері, мектептердің жас педагогтері, халық ағарту органдарының қызметкерлері, аудандық және қалалық комсомол комитеттерінің секретарьлары облыстық партия комитетінің саяси-оқу үйінде бас қосты.

Кездесуге Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің секретары Г.Л.Бердюгин, облыстық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Н.М. Аверячкина, облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары Е.А. Городнянский қатысты.

Ұстаздықты жанұялық дәстүрге айналдырған аға ұрпақ өкілдері мектеп реформасы талаптарына сәйкес оқушыларға коммунистік тәрбие

беру мен оқыту, оларды еңбекке, жоғары адамгершілікке баулу жөніндегі тәжірибелерін ортаға салды. Кездесуге Марқакөл ауданы Боран орта мектебінің директоры, СССР Халық мұғалімі, Қазақ ССР Оқу-ағарту ісінің үздігі, соғыс ардагері Қ.Н.Нұрғалиев, Тарбағатай ауданы В.И.Ленин атындағы орта мектептің директоры, республикаға еңбегі сіңген мұғалім А.Ислямов, Серебрянкадағы Октябрь орта мектебінің мұғалімі В.И.Янькова, Лениногор қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі И.А.Эскеров, Таврия орта мектебінің мұғалімі, Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің үздігі С.В.Гречухина, халық ағарту ардагері А.М.Курочкин сөйледі.

Кездесуге қатысушылар облыстың педагог-тәлімгерлеріне, жас мұғалімдерге, педагог мамандығын қалаған мектеп бітіруші түлектерге арнап ашық хат қабылдады.

Мұғалімдер облыс орталығына экскурсия жасап, облыстық этнография музейінде болды. Келесі күні 27 наурызда олар облыстық оқу бөлімінде, облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасында, педагогикалық институт пен училищеде болды.

Облыстық партия комитетінің бюросы атынан кездесуге қатысушыларды Г.Л.Бердюгин шын жүректен құттықтады. Өз сөзінде ол совет мектептерінің қазір мектеп реформасының міндеттерін жүзеге асыруға жұмылған жаңа ерлеу үстінде екенін атап көрсетті. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда мұғалім – шешуші тұлға. Ол шәкірттеріне терең білім беріп, оларға азаматтық және адамгершілік үлгісі болады.

Облысымыздағы жалпы білім беретін мектептерде шығармашылық-пен еңбек ететін өз істерінің шеберлері де аз емес. Ата-аналар мен жұртшылықтың, балалардың сүйіспеншілігі мен құрметіне ие болған көптеген жанұялық мұғалімдер әулеттері бар. Солардың жарқын мысалы етіп Борис Васильевич Жуковты алуға болады. Катон-Қарағайда мұғалім болып істеген оның ата-анасы осыдан жарты ғасыр бұрын Марқа өңіріндегі шалғай жатқан Ұранқай селосына келді. Жуковтар жанұясы содан бері осында. 1946 ж. майданнан оралысымен Борис Васильевич ұстаздық жолды жалғастырды. Оның зайыбы Мария

Ивановна да педагог. Осы тамаша жанұя төрт бала тәрбиеледі, олардың үшеуі ата-ана жолын жалғастыруда. Бұл жанұяның педагогтік стажы – жүз жылдан асады. 1981 ж. мектеп директоры Б.В.Жуковты ұжымы құрметті еңбек демалысына шығарғанда оның орнын үлкен қызы Алла Борисовна басты.

Ұстаздар әулеті облысымызда көптеп саналады. Зайсан ауданы Горький атындағы орта мектептің оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі К.Оспановтың ұстаздық еткеніне 34 жыл болды. Каукен мен оның зайыбы Қазақ ССР Оқу-ағарту ісінің үздігі Нағима Селенқызы екеуі төрт ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Олар ата-ана жолын таңдады. Катон-Қарағай ауданы Топқайың мектебінің ардагері, Қазақ ССР Оқу-ағарту ісінің үздігі Нұралы Уалхановтың бес баласы педагогикалық оқу орнын бітіріп, мұғалім, мектеп директоры болып еңбек етіп, жанұя дәстүрін жалғастыруда. Лениногор қаласының құрметті азаматы Просковья Семеновна Тихоновскаяның өмірі мен еңбек жолы өнегеге толы. Ол 45 жыл мұғалім болып еңбек етті. Қазір ұстаздық эстафетаны оның қызы алды.

Көптеген жанұялық мұғалімдер әулеттері педагогтік еңбек жолын қатал соғыс жылдарында бастады. Осы кездесуге қатысып отырған ардагерлердің омырауында еңбектегі құрмет белгілерімен бірге жауынгерлік наградалар жарқырайды. Отанымыздың ержүрек қорғаушылары, бұрынғы жауынгерлер Қ.Н.Нұрғалиев, В.С.Крыгин, И.А.Эскеров, М.К.Вахитов, К.К.Байбатшина, И.Ф.Дюжих және басқалары соғыстан кейін ең бейбіт, әрі құрметті мамандықты таңдады.

Облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары Е.А. ардагерлер мен мектеп комсомол ұйымдардың бірлескен жұмысын тілге тиек етті.

Ұстаздар әулеті мен ардагерлер кездесуі облыс комсомол ұйымдары мен мектептердің ынтымағын жақсартуға бағытталған оңды қадам болып табылады. Мектеп реформасы мұғалім беделін жаңа биікке көтеруде. Мектепке қамқорлық, оқушыларға идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиесін беруге үлес қосу комсомол ұйымдарының

күнделікті ісі болмақ.

Жас ұрпақ жүрегіне ізгілік, санасына парасат дарыту мұғалім еңбегінің барлық мән-мағынасы іспетті. Мұғалім еңбегі – қарапайым, бірақ ол мамандардан зор жауапкершілікті, ізденісті талап етеді. Оны мұғалімдер мен соғыс және еңбек ардагерлерінің кездесуіне қатысушылар қуаттады.

«Дидар», 2001 ж.

АСҚАР ИСЛЯМОВ

Еңбек ардагері, Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі, халқына өлшеусіз еңбек сіңірген ұрпақ тәрбиешісі Илямов Асқар 73 жасқа қараған шағында дүниеден салды.

Ислямов Асқар Батпақбай тегі – Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Қызылкесік кеңшарында Жұмағұлұлы Сіләмнің отбасында 1928 ж. дүниеге келген. 1932 жылғы ашаршылық, босқын заманда әкесі Сіләм Тарбағатайдың Ақжар өңіріне қоныс аударған. Сол жылы шешесі қайтыс болып, 1933-1938 жж. Ақжар балалар үйінің интернатында, соңынан 1940 ж. әкесі Сіләм қайтыс болған соң туыстарының қолында тұрады. 6-шы сынып оқып жүргенде соғыс басталып, 1942 жылғы күйзелісте 7 сыныптық біліммен оқудан қол үзіп, жоқшылық тұрмыс тауқыметінен 13 жасынан ауылында еңбекке араласады.

1947-1950 жж. Семейдің мұғалімдер даярлайтын 3 жылдық техникумын, 1952 ж. Өскеменнің мұғалімдер институтын, 1962 ж. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіреді.

Алғашқы ұстаздық еңбек жолын Жаңғызтал 7 жылдық мектебінде, соңынан 1952 ж. Ақжардағы ауданның сол кездегі университеті аталған Абай атындағы тұңғыш орта мектепте мұғалім, оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі, қоғамдық негіздегі, партия ұйымы, соңынан партбюро хат-

шысы болып 18 жыл еңбек ете жүріп, ауданда тұңғыш рет 7-12 күндік өлкетану экскурсиясы саяхат жасап, облыстық бірінші өлкетану слетіне қатысады.

25 жылғы еңбек жолында аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторы болып жүріп, облыстық партия комитетінің «Үздік лектор» дипломымен, бірнеше дүркін Құрмет грамоталарымен марапатталады. 20 жылдан астам ауылдық кеңес депутаты, бірнеше дүркін аудандық, облыстық партия конференцияларының делегаты болып сайланды.

1970-1992 жж. зейнеткерлікке шыққанға дейін Жетіарал кеңшарында Ленин атындағы орта мектепте директор болып істеп, өзінің жазба арызы бойынша мектептен қол үзді. Осы 22 жыл басшылық кезінде Ленин мектебі облыстағы материалдық базасы жан-жақты нығайтылған, оқу-тәрбие ісі үздік тәжірибе тарату орталығына айналып, Республикаға танымал мектепке айналды.

Ислямовтар әулетінің іс-тәжірибесі Мәскеудегі А.С.Макаренко мұражайына экспонат ретінде алдырылды. Асқар Ислямовтың 45 жылдық еңбек жолы ішінде 50-ге тарта іс-тәжірибе, әдістеме, мақалалары республика, облыстық, аудандық баспаларда жарық көріп, тәжірибе таратылды.

Ол бірнеше дүркін «Социалистік жарыс жеңімпазы», «Еңбек ардагері», «Үздік еңбек үшін», «Отан соғысы кезіндегі тылдағы үздік еңбегі үшін» медальдармен марапатталып, «КСРО Азаматтық қорғаныс ісінің үздігі», «ҚҚСР Халық ағарту ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасына ерекше сіңірген еңбегі үшін зейнетақы иесі» атақтары берілді. Үш дүркін республикалық мұғалімдер съезінің делегаты, 1987 ж. тұңғыш өткізілген республикалық педагогтер әулетінің облыс бойынша тұңғыш делегаты (құрамында жанұясынан 11 делегат), жанұялық ансамбльдердің республикалық байқауының 1982 жылғы лауреаты аталған ол өнегелі ұрпақ тәрбиелеп өсірген ардақты әке, отбасының

ұйтқысы еді.

Өскен Тарбағатай ауданының 70 жылдығына арнап «Өткен өмір естеліктері» атты ғұмырнама кітап жазып, ұрпаққа ұлгі-өнеге қалдырды. Облыстағы өнегелі жанұя басшысы болды. Өмірінің соңына дейін Ұлан ауданындағы Молодежный кентінің ақсақалдар алқасының төрағасы болып, қоғамдық қызметтер атқарып, ел болашағы, ұрпақ тәрбиесі үшін еңбек етті.

Ел үшін аянбай еңбек еткен ардақты азамат, үлкенге іні, кішіге аға, замандасқа сырлас бола білген терең білімді, парасат пайымы зор марқұм Асқар Ислямовтың жарқын бейнесі жүрегімізде ұзақ сақталады.

Т.Түсіпбеков, Т.Кенжин, М.Сахариев, Т.Тоқшев, С.Жақаев, Е.Жұмақанов, А.Қариғожин, Ж.Сайлаубаев, Ж.Нұрғазин, М.Шәкенов, О.Баяхметов, Н.Махамбетов, Қ.Заманбеков, Г.Әмірғазина, М.Омарбекова, С.Тыныбаев, М.Рахманов, Қ.Құнафиянов, Қ.Әлтов, М.Тоқтаарова, Ш.Қалықов, Қ.Қалелов, К.Исбаева, Е.Қарпық, Ф.Ибрагимов, М.Ахмеров, К.Тұрғанбаев, Б.Қажыбаева, Қ.Қабдрахманова

ЕСКЕ АЛУ

Халық ағарту саласының ардагері Асқар Ислямов жетпіс төртке қарағанда өмірден озды. Тамаша педагог, абзал азамат дүниеден өтті.

Асқар Ислямов 1928 ж. Тарбағатай ауданының Қызылкесік ауылында туды. Ата-анадан жастай айырылып, 1933 ж. Ақжар балалар үйіне алынды. Соғыс жылдарында оқудан қол үзіп, 13 жасынан еңбекке араласты.

1952 жылдан өзі зейнеткерлікке шыққан 1992 жылға дейін педагогика саласында жемісті еңбек етті. Оның педагогикалық таланты мен іскерлігі, әсіресе, Жетіарал мектебінің директоры болғанда айқын

танылды. Осы мектепті 2 жыл бойы басқарды. Іс-тәжірибелері республикаға таратылды.

Асқар Ислямовтың жемісті еңбегі «Еңбек ардагері», «Үздік еңбегі үшін», «Отан соғысы кезіндегі тылдағы үздік еңбегі үшін» медальдарымен», «ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі», «КСРО Халық ағарту ісінің үздігі», «ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалімі» және басқа құрметті атақтармен атап өтілді. «Өткен өмір естеліктері» атты ғұмырнамалық кітап жазды.

Асқар Ислямовтың бейнесі біздің жүрегімізде ұзақ сақталады. Топырағы торқа болсын, аяулы дос.

Бір топ жолдастары

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҰСТАЗДАР ҚАУЫМЫ ОРНЫ ТОЛМАС АУЫР ҚАЗАҒА ДУШАР БОЛДЫ

ҚКСР-ның Еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО және ҚКСР Ағарту ісінің үздігі, 42 жыл ұстаз, оның ішінде 25 жыл Тарбағатай ауданы Ленин атындағы мектептің директоры болып, қызмет атқарған ардақты азамат Ислямов Асқар дүниеден өтті.

1928 жылғы, Тарбағатай өңірінің тумасы, бар саналы өмірін жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Ауданда мұғалімдер әулетінің, отбасылық «Балдырған» ансамблінің негізін қалаған.

1987 ж. педагогикалық әулеттердің I республикалық слетіне қатысқан.

Облыс білім департаментінің аппараты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғырып көңіл айтады.

Облыстық білім департаменті

«Дидар», 29 қазан, 2002 ж.

ЕСКЕ АЛУ

Ардагер ұстаз, "КСРО Халық ағарту ісінің үздігі", "Қазақ КСР-ның Еңбегі сіңген мұғалімі", "Қазақ КСР-ның білім беру ісінің үздігі", отбасындағы мұғалімдер династиясын қалыптастырушы (ол туралы ресми деректер Мәскеудегі ұлы А.С. Макаренко мұражайында орналасқан), Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысқан, отбасылық ансамбльдер қозғалысының бастаушыларының бірі (ол туралы деректі телефильм түсірілген), ұрпағына өсиет етіп "Өмір өткелдері" атты ғұмырнаманы жазып қалдырған белгілі қоғам қайраткері Ислямов Асқар Жұмағұлтегінің арамыздан кеткеніне биылғы 1-інші қарашада бір жыл толады.

Сол аяулы қамқоршы болған қорғанышымызды сағына отырып еске аламыз.

Еске алушылар:
зайыбың, балаларың, күйеу балаларың, келіндерің, немерелерің, құда-құдағиларың, туысқандарың.

Кеше ғана жүр едің арамызда,
Сағынамыз кәріміз, баламыз да.
Мауқымызды басқандай боп қайтамыз,
Өзің жатқан жеріңе барамыз да.

Сен біздің әр уақытта ойымызда,
Өнеге, қасиетің бойымызда.
Өмірде қанша қызық болсадағы,
Сені еске алмай өтпейді тойымыз да.

Топырағың торқа болса екен дейміз,
Жаның жаннатта болсын деп тілейміз.
Ғасырларға ұрпағың құлаш жайсын,
Алладан одан басқа не тілейміз.

Сен біздің әр уақытта есімізде,
Сенеміз аштың жұмақ есігін де.
Жаның жаннатта болса, өр тұлғаңды,
Аяласын Жер-Ана бесігінде.

3-бөлім

ӨМІР – ӨЛЕҢ ЖОЛЫНДА

Жолдас, дос, туыс, жұрағат, әулетіңнің сүйіспеншілігіне бас иіп, кәдір тұту – парыз

А. Ислямов

Адам өзінің мерейлі, мейірімді ұрпағымен ғана көп жасайды. Адамның өлмейтіндігі осында – жан дүниеңде

А. Ислямов

Деген бар: «Төртеу түгел төрге шығар»!
Төрің сол бақыт құсың маңайлап айланғаны.
Алтау боп аузың ала бола қалса,
Дұшпанға құл болып байланғаның

Кейбіреу сол бақытқа мас болады,
Шабақтай шалпылдаған қайрандағы.
Адамдық ісіңе жұрт аңсап тұрсын.
Не керек, ішіңнің уақытша майланғаны?!
Көңілінде: «Мен де адаммын!» - деп жүргендер көп
Кілегей майға ұқсаған айрандағы

А. Ислямов

Өткендерін ұмытқан – өшкендіктің белгісі,
Өткендерін еске алған – өскендіктің белгісі

А. Ислямов

Арамдық, жамандықтан жирен
Адамдық, жақсылықтан үйрен

А. Ислямов

Адам өмір бойы оқып, өмір бойы жақсыға еліктеп уақытын пайдалы іске жұмылдырса, өзінің кірпік қаққандай қысқа өмірін мерейлі, бақытты ете алады

А. Ислямов

АҒА, АЛПЫСҚА КЕЛДІҢ БЕ?

Арнау

Құрметіне ие болар елдің де,
Кемел шақтың құдіретіне сендің бе?
Кетіпті әжім маңдайдағы тереңдеп,
Аға, рас, алпыс жасқа келдің бе?

Қалдырмақсың жалыныңды сен кімге,
Туған елсіз бақыты жоқ ердің де.
Қимылдарың жас жігітке бергісіз,
Аға, шын-ақ, алпыс жасқа келдің бе?

Алпыс келсең асқар шыңға шығыпсың,
Талай сырды, талай жырды ұғыпсың.
Ылайларға ықылассыз болыпсың,
Тұнықтарға ниеті ақ тұнықсың.

Өзегіне өрт қойды сан күйік сын,
Күйік сыннан досты, жауды түйіпсің.
Жетпістерден аласасың, әрине,
Елулерден еңселісің, биіксің.

Сан атқардың салиқалы мың істі,
Жолатпадың жаныңа жат иісті.
Елуінде етегінен тартқандар,
Алпысында ағалауға тиісті.

Өмірдегі сөнбейтұғын мың жалын,
Қуанышпен өтіп жатқан жылдарың.
Алты қызың – алты тірлік ошағы
Төрт құбылаң секілді төрт ұлдарың.

Азаматтық баста тұрса ізгі ұғым,
Ұлағатты ұстаз демес сізді кім?!
Айға асыққан арман керуенінің
Қайсы ұлың ұстар екен тізгінін.

Ұрпақ десе отырмаған жайланып,
Артатұғын жылға жеміс, айға жүк.
Әкеліктің махаббатын ұқтырған,
Жүрегінен кетпейміз бе айналып.

Көңіл әлі ұмтылар от-жалынға,
Тұлғаң толы туа біткен дарынға.
Еркелеуге хақыңыз бар масайрап,
Нағимадай асыл жеңгем барында.

Алғысын да қолын соғып қостаған,
Адамдардың ниетінен хош табам.
Құшағына сиып жатыр өзінің,
Алыс-жақын, құда-жекжат, дос-жаран.

Қиял құсың аспаныңда самғайды,
Қыран-қанат самғаудан бір талмайды,
Шәкірттерің сапқа тұрса Асеке
Ақжар менен Алматыны жалғайды.

Болары нақ қошеметтеу, сый-мақтау,
Мүмкін емес талантқа да илантпау.
Жүрегімді жарып шыққан сыйым бұл,
Барлық сыйдан менің сыйым қымбаттау.

Толқып кетсем тебіреніп мен егер,
Сенімменен айтам, аға, сене бер.

Тағдырына ақ иықтай тік қарап,
Тарықпастан 100 жасқа да келе бер!

Х. Балшабеков
Жетірал, 4 наурыз, 1984 ж.

МЕРЕЙ

КСРО Оқу-ағарту ісінің үздігі, Тарбағатай ауданы В.И. Ленин атындағы орта мектептің директоры Асқар Ислямовқа арнаймын.

Шашыңа түскен ақ қырау,
Жылдардың табы секілді.
Жаныңнан сенің таптым-ау
Жандырсам деген отымды.

Мерейің асқан ағасың,
Кімменен теңеп, теңшейін.
Адамның асыл бағасын,
Өзіңе қарап өлшейін.

«Ұстаздық еткен жалықпас»
Дәл айтқан қалай дана Абай.
Атыңды кімге танытпас
Жүрегің сәби баладай.

Ізгілік ойдың мекені,
Кеуденде жатыр көп үміт,
Бал күнің күліп өтеді,
Күн сайын саған жолығып.

Ел менен жердің ардағы,
Атанып жүрген ұрпаққа,
Алдыңнан өсіп, алдағы,
Аттанып жатыр нұр шаққа.

Биіктік қайдан басталды,
Төсінен жердің нәр алған.
Ежелден асқақ асқарды
Өседі қоршап қара орман.

Жазылар талай жыр жаңа,
Арналар теңеу ең мықты.
Бір қарап қоям тұлғаңа,
Аңсаған шақта ерлікті.

Хамит Балшабеков

БАҚЫТТЫ СЕМЬЯ

Қырық бес жыл ұрпаққа тәлім берген,
Тіпті көп шәкірттері алдын көрген.
ИСЛЯМОВ АСҚАР – біздің халық ұстазы
Атағы күллі одаққа мәлімделген.

Деп айтам: «Сен Алтаймен деңгейлессің»,
Өмірді біреу кешсе сендей кешсін.
Қондырып ұлды ұяға, қызды – қияға,
Жалғанды жалпақ басып, ендей көшсін.

Мектепке ұлы Ленин атындағы
Директор 25 жылға жақындады.
Басқарып бір кісідей коллективті,
Жарысса мықтыны да тақымдады.

Төс керсе «Тарбағатай» күн астынан,
Асқар боп Асқар шықты «Ластыдан».
Ұстаздық диплом алып 5 баласы,
Өзінің мамандығын мирас қылған.

Бес перзент мамандығын мирастанды,
Қабылдап үлкен-кіші кластарды.
«Ата көрген оқ жонар» дейтін мақал,
Мінеки дәлелденіп, расталды.

Білім жолын қуып жүр қалғандары,
Олардың әр мамандық армандары.
Дүниеге келтірген ата-анаға
Ұзын арқау, кең тұсау болған бәрі.

Нағима Асекеңе адал жұбай,
Бұл дағы үздік ұстаз көп жыл ұдай.
Құтылып шәкірттердің у-шуынан,
Демалысқа шыққан соң көңілі жай.

Ол өзі – «Батыр Ана» онды өсірген,
Хас бәйбіше аяғын кең көсілген.
Жазушысын шақырып сыңғырлайды,
Жалтылдап орден, медаль кеудесінен.

Ислямовтар әулеті өнерқұмар,
Күй толғап, ән шырқауға құмар болар.
Бұлардың жанұялық ансамблін
Талай мәрте көрсетті теледидар.

Жалт етіп Алатаудың заңғарынан,
Көңілді бұл семья ән дарыған.

Дәстүрін қазекемнің жалғастырып,
Жанының сыр қозғайды ар жағынан.

Бақыт үшін жаралған ерлі-зайып,
Бойлап өскен бәйтерек тамыр жайып.
Алыста жатса-дағы жақсы ағайын,
Осы өлең тойға шашу сізге лайық.

Алпыс не? Коммуниске, Ардагерге,
Барса да басы сыйлы қандай жерге.
Емендер иілмейді шарт сынады,
Сыртың бер кәрілікке, маңдай берме!

Қалихан Алтынбаев,
Халық ақыны, СССР Жазушылар Одағының мүшесі,
5 наурыз, 1988 ж.

АСҚАР АҒАНЫҢ 60 ЖАСҚА ТОЛҒАН МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАУ

Төгейін қара өлеңмен жырларымды
Тағдыр берсе, мына маған, бір дарынды.
Қуаныш сіз тойлаған, құтты болсын
Ашайын, сізге арнаған сырларымды!

ИСЛЯМОВТАР ӘУЛЕТІНЕ АҚ ТІЛЕК!

Уа, Асқар аға!
Құдай бізді туыс қылды, қиюынан қиыстырып,
Көңіліңізді бір арнаға сиыстырып.
Сенбесеңіз міне тағы дастарханда
Отыр ғой, бұл тағдырым, басымызды түйістіріп.

Қуанышыңызға келдім мен, қуанайын деп,
Ниетіңізге, тілеуіңізге ортақ боп, тұралалайын деп.
Тағы келдім, ақындық шабытыммен,
Тілеуіңізге ақ тілек, жыр арнайын деп.

Тағы келді Қайыпжан, жырын алып,
Жырын алып туысқа, сырын алып.
Қайыпжан ел өмірін жырлап келеді,
Шабыттанып, шалқып басып, от боп жанып!

Жыр арнайын, Ас аға, ұрпағыңыз естісін,
(Жақсы ырымға жатады, ақ тілек айтса кешкісін).
Ақ дастархан алдымда жайылып тұрғанда,
Ақ тілек айтпау, адамгершілікке жатпас біз үшін.

Асқар аға!
Тағдыр сізге оң жол берген, тайға таңба басқандай,
Сол жолменен келесіз, қасқая тұра жасқанбай.
Бұл құдайым, жетім өскен Ісләмнің Асқарына
Таусылмайтын бақ берген ғой, батпандай!

Бақ берсе де дөп берген жоқ басында,
Болыңыздар, небір қиындық қасында
Асқар аға, айтыңызшы, оңай емес мен білсем,
Өрге сүйреу,
«Арман» атты өмірдің ауыр тасын да!

Қатар тұрып, өмірге қадам бастыңыздар, жайлап қана
«Өмір» деген сыр сандықты ақтарып екеу ара.
Апайымыз ол кезде, күн десе күн, ай десе ай еді ғой,
Ас аға !
Рас болса осының, отырыңызшы көзді жұмып қиялдап қана!

Жастық-ай шіркін!
Тәтті еді ғой ол кездер, дүние жоқ болса да,
Түсіп кетуге, күйіп кетуге, батыл едіңіздер от болса да.
Ас ағаң апайымыз үшін кеуде тосып,
Тұруға даяр еді, алдынан қарсы атылар оқ болса да!

Шын айтамын көрмесем де, сеніңіздер, өйткені,
Ол кездегі ұрпақтар адамгершіліктен шығып кетпеді.
Жоқшылық болсадағы, Ас ағаң мен апайым
«Өмір» атты арбаны, алға сүйреп беттеді!

Асықпады, асықпай, бір бақытқа жетеміз деп,
Өмір тәтті, сондықтан көңіл гүлдеп,
Ас ағаң мен апайым аяңдады,
«Бақыт» атты жұлдыздарын бірге іздеп.

Өмірде қалдыру үшін қол таңбаны,
Жылжу үшін өмірде жол таңдады.
Тәуекел деп ұстаздық жолға түсті,
Ұстаз деген ол кезде, құдай еді
Жалпағынан басқан бұл жалғанды!

Осы жолда жетіліп, осы жолда өстіңіздер,
Бастарыңыздан өтті талай қыс пен күздер.
Асқар аға асқар таудай әке болды,
Апайымыз ана болды елі білер.

Бала болды, базар болды төрлеріңіз,
(Бала деген бауыр ет, басылды ғой шөлдеріңіз).
Ұл да келді дүниеге, қыз да келді,
Көбейе түсті қазақша айтсам, көшке артар теңдеріңіз.

Осыдан артық бақыттың керегі жоқ, – деген еді Ас ағаң.
10 баланы бергеніңе шүкір, - деп – О жасаған!
О, Асеке, тағдырың берейін десе тағы берер.
Қуаныштан үзілмесін – деді босағаң!

Апайым сезді, үзілмеді қуаныштан босағасы,
Еңбек сіңірген ұстаз болды Ас ағасы.
Батыр-Ана, үздік ұстаз атағын да,
Кеудесіне тақты 10 баланың анасы.

Тағдыр осылай, сәтімен қалады жанұя іргетасын,
Елі, жұрты естіп білді Ислямовтар ұрпағы атын.
Ұлды – ұяға, қызды қияға қондырып, сәтіменен,
Ас ағаң түзеп алды, өмір атты көштің басын!

Күйеу жігіт болуға, Төлештағы қамданды,
Сара деген қызды ілу, болды күнде арманы.
Сүйгенінің құлы болды аяғы
Жанұя боп тіршілікті жалғады.

Өскеменнен хабар келді тезірек,
Құдалықтың өрісі бұдан ары кеңімек.
Аққу құстай ойнақтаған Мәншүгі
Гена деген жігітке мәңгі жар боп берілмек.

Тұңғыш ұлдан Аман келді, оқуын да бітіріп,
Әминаштай бір қызға, көңіл қосты ынтығып.
Осы екеуі қосылған соң мендағы
Араларыңда жүріп келем, бірігіп!

Бұдан кейін, екі келін босағаны аттады,
Зәуре менен Анар болар аттары.
Амандай ағалары жолға салған соң,
Тәкен менен Аманкелді де қарап жатпады.

Бұдан кейінгі ұрпақтар да келе жатыр көптеген
Аға, апайларының жолдарына қарай беттеген.
Алдағы аға қалай жүрсе соңғы ұрпақ
Жету парыз, жерлеріне жетпеген.

Асқар аға!
Құдайға шүкір, ұрпағыңыз өсті, тілім тасқа,
Немере, жиендеріңіз бар, бұл да бақыт құдай қосса!
Ұрпақ деген өмір атты кемеңіз толды, білем,
Келгендеріңізде Пайғамбар жолы 60 жасқа!

Бәрі оқыған, бәрі білімді көзі ашық,
Сіздерсіздер оларды, өмірге қылған ғашық.
Бәрі отыр бір-бір елді басқарып тақ төрінде.
Екінің біріне келе бермес мұндай бақыт!

Бүгін кезекті өмір тойларыңыз.
Отырмыз бұл қызықта, жайланып біз.
Аман болсақ 60-қа біз де келеміз ғой,
Ауыспай ма өмірде жаз бенен күз!

Сіздерден 10 бала өсіп көркемделген,
Немерелеріңіз алдыңызда, еркелеген.
Жиендеріңіз 40 серкеш даулап келіп тұрады,
Ұрпақтарыңыз парыздарын өтеуде, өтелмеген!

Асқар аға!
Қараңызшы, қосағыңыз жарыңызға,
Бұл кісі де 60-қа толды, Сіздің бағыңызға.
Қартайғанда үлкен бақыт, бәйбішеңіз
Шай құйып беріп отырса жаныңызда.

Бұл кісіні қорғаңыз, аялаңыз, шаршады ғой,
Осы анамен дастарханға келген сан ұлы той.
Жетімдіктің күрегін ұстап өскен Асекеңді
10 есе ғып, гүлдентіп өсірді ғой.

60-қа толды бәйбішеңіз, сезесіз бе,
(Қиялмен 60 жылды кезесіз де).
Жігіттік жүрегіңізді жұлып алған сұлу қызды,
Тағы да, 60-қа толғанда, көп көзінше өбесіз бе?

60-қа толды бәйбішеңіз, қуаныңыз.
Осы ананың арқасында жас боп тұр ғой жаныңыз.
Ас аға!
Қартайғанда сырлас болар, мұңдас болар ананы
100-ге дейін рухани жылуыңызбен суарыңыз.

Десять детей у Ислямовых. Аману теперь двадцать пять лет, и работает он секретарем Тарбагатайского райкома комсомола. Еще трое, как и Аман, закончили пединститут и стали, вслед за отцом и матерью, учителями. Двое учатся в вузах. Три школьника. Один дошкольник. О ребятах из семьи Ислямовых везде только хорошие отзывы. Скромны, старательны, трудолюбивы, готовы помочь другим. Такими были и старшие. За все годы никто не огорчил родителей сколько-нибудь серьезным проступком.

Но как же тогда, спросите вы, противоречия и неожиданности подросткового характера. Сопротивление старшим. Конечно, и у Ислямовых путь детей к взрослению не был безмятежно ровным. У каждого ребенка свой нрав. Человек растет, а трудная работа роста (пользуюсь прекрасным выражением Якуша Коркоша) полна загадок. Разгадывайте, родители, будьте внимательны, наблюдайте…

Все это Аскар и Нагима понимают. И не интуитивно, ведь они педагоги по образованию, много читают. Сколько написано в книгах о сложной натуре подростка, о том, что он неподатлив и неуправляем. Аскару Ислямовичу позиция иных авторов представляется спорной.

- Если верить им, - говорит он, - то подросток – какое-то неприятное существо, непознаваемое и даже опасное. По-моему, трудности переходного периода у ребенка в литературе преувеличены. Слишком большое значение придают физиологии, а социальное начало остается в тени. А ведь именно оно – главное. Вопрос лишь в том, утверждается, развивается ли в детстве человеческое в человеке.

В семье Ислямовых воспитание человечности, по-моему, и определяет суть отношений между взрослыми и детьми. Я имею в виду здесь не только то, что Аскар и Нагима сердечны и добры, хотя они именно таковы. Разве мало случаев, когда родители добры, а дети вырастают эгоистичными? В чем же тогда мудрость Ислямовых как педагогов? Вот в чем: в их большой и дружной семье ребенок себя сознает не пассивным объектом воспитания, а частицей коллектива. Ответственным за себя и за всех. Полноправной личностью.

У каждого ребенка в этой семье есть обязанности. Но я хочу подчеркнуть: они не навязаны властью родителей, а воспринимаются как необходимое для всех дело. Старшие ребята заботятся о младших, помогают вести домашнее хозяйство. И даже самым маленьким находят занятие: полить цветы, например, или принести что-нибудь. Не подумайте, однако, что семейная жизь у Ислямовых расписана заранее до мелочей и педантично регламентирована. Только не это! Важен

принцип: ребенка уважают, любят, считаются с его свободой, самостоятельностью, заботятся о нем, но и он уважает других и о них заботится. Добровольно принятая каждым необходимость.

Издавна привычны у Ислямовых своего рода семейные советы. Обсуждают, собрались вместе, кто как учится, что нужно приобрести для дома, кому требуется обнова. Разумеется, «решающий» голос у отца и матери, но ничье мнение не остается забытым. Иной раз приходится кого-то пожурить, упрекнуть. Аскар и Нагима против ругани и раздраженных окриков. Убедить, растолковать – их принцип. И чтобы ребенок увидел свой проступок глазами других. А все-таки главное у Ислямовых – поощрение, похвала. Особенно – за добросовестно выполненное дело, за усердие.

На семейном совете ребенка хвалят так: молодец, ты здорово потрудился и помог семье. Помог матери, освободил ее время для подготовки к урокам. Отцу – у него столько времени требует школа. Ты принес пользу своим братьям и сестрам. И самому себе тоже, ведь ты, заботясь о других, становишься лучше сам.

И, конечно же, всегда замечают усердие ребенка в коллективе, когда он по-настоящему проявляет свою гражданственность. Несколько лет назад другому сыну – Амангельды, тогда девятикласснику, директор совхоза «Ластынский» К.Б. Билялов объявил благодарность: мальчик на производственной практике принял 98 новорожденных ягнят и отлично за ними ухаживал, затем передал вместе с овцематками чабану. И еще Амангельды посогал расчищать арыки, озеленять центральную усадьбу. Ему и другим ребятам вручили на торжественной линейке подарки. Оценку его работе дали и в семье. Вечером, за чаем, мать с отцом сказали, что гордятся своим мальчиком, что трудолюбие – прекрасное качество человека.

Всякий честный, благородный, правильный поступок в семье Ислямовых переживается совместно, не проходит незамеченным. Тем самым дети приучаются анализировать свое поведение.

Когда Такен учился в шестом классе, он нашел кошелек с деньгами. И мальчик, с одобрения родителей, не успокоился, пока не отыскал владельца. Запомнили в семье, как однажды в поезде четырнадцатилетняя Шынар сама предложила свою нижнюю полку в купе попутчикам, потому что в той семье были малыши. Или смелый поступок Алеши – ему было тринадцать, когда он спас упавшего в колодец трехлетнего малыша. Алеша обвязался веревкой, спустился в колодец и держал на вытянутых руках малыша до тех пор, пока не подоспели взрослые.

Несомненно, и в других семьях дети не раз совершают честные, хорошие поступки. Я хочу лишь подчеркнуть, что Ислямовы непременно высвечивают их нравственный и идейный смысл. Гражданственность детей Ислямовых не противоречит порядочности, и родители не упускают возможности пояснить, что одно без другого теряет в силе. Например, если кто-то в школьном коллективе активен, а в доме лентяй, то, значит, активность его для виду. И в тоже время простые нормы морали – честность, уважение к старшим, совестливость – обретают истинно высокий смысл, когда человек сознает свое единство с обществом.

А теперь об одном обязательном условии педагогического успеха в семье. Аскар Ислямович и его жена – мать-героиня, учительница Нагима Сатыбалдиновна – не просто искусные воспитатели. Они служат человеческим примером детям. Ислямов – директор средней школы имени В.И. Ленина в совхозе «Ластинский». Семи лет он лишился матери, в 12 стал круглым сиротой – умер отец. Его приютили родственники, помогли встать на ноги. Но он уже тогда понял, что родительскую любовь ничто не заменит. И в своей семье щедрой мерой отдавал и отдает детям все доброе и светлое, что сам взял в жизни, чему научился.

Родители дружны. Несомненно, их взаимная привязанность, испытанная тремя десятилетиями – образец для детей в их будущей

семейной жизни. Ислямов оберегает жену от лишних забот по дому, и детям не устает напоминать об их сыновнем долге перед матерью. Послушайте, что он говорит о влиянии Нагимы в семье:

- Все благородное в наших детях – от нее. Ее такт, умение слушать других, понимать их, уважительное отношение к людям – без этого наши усилия мало к чему бы привели...

Эту семью знают в районе и области. И не только потому, что школа имени В.И. Ленина – одна из передовых, а ее директор – пропагандист и лектор. Ислямовы любят песню, музыку и все вместе составляют интересный ансамбль, пользующийся успехом у публики. Они выступают по телевидению, перед коллективами.

К тому, как воспитывают детей в учительских семьях, люди относятся с особым пристрастием.

Вам приходилось слышать скептическое: «Чужих детей учит, а со своими управиться не может»? Независимо от причин неудачи учителя в собственной семье воспринимаются очень остро и бросают тень на идеи, которые он провозглашает в школе детям и их родителям. Общественное мнение бывает порой слишком категоричным, но от фактов не уйдешь. Такая уж должность! Люди простят учителю, скажем, ошибки от неопытности или какие-то личные человеческие слабости и не простят «двойной бухгалтерии», когда слова его расходятся с делами.

У Ислямовых такой раздвоенности нет. Потому что человечностью одухотворено их мастерство.

С. Амирханов,
Заслуженный учитель Казахской ССР,
Тарбагатайский район,
Восточно-Казахстанская область

«Ленин туы», 1997 ж.

ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ АТАНДЫ

Ауданымызға қуанышты хабар келді. Ақжар өңіріндегі алғашқы Республикаға еңбегі сіңген оқу-ағарту қызметкері атанған белгілі ұстаз, ұзақ жылдар оқу-ағарту саласында басшылық қызметтер атқарған Асқар аға Ислямовтың баласы, осы өңірдің тумасы Ислямова Мәншүк Асқарқызы жақында Алматы қаласында «Даралап оқыту процесі – оқушылардың білім деңгейін арттыру құралы» деген тақырыпта диссертация қорғап, педагогика ғылымының кандидаты атанды.

«Ислямовтар әулеті – ұстаздар әулеті» деген мақтанышты теңеу бұл өңірде жиі айтылады. Бұл орынды да. Өйткені бір жанұядан 11 ұстаз шығу сирек құбылыс болса, олардың барлығы да қазір өз мамандық салалары бойынша жемісті қызметтер атқаруда.

Мәншүк Асқарқызы Жетіаралдағы Ленин атындағы орта мектепті бітіріп, Өскемен мемлекеттік университетінің филология факультетінен арнайы мамандық алып шыққан соң еңбек жолын өзі оқыған мектепте бастаған. Одан кейін қала мектептерінде ұстаздық қызметтер атқарса, кейінгі жылдары Өскемен мемлекеттік университетінің педагогика кафедрасында оқытушы болып істейді.

Кеше ғана жас ұстаз, уақыт оздырмай жас ғалым атанған жерлесімізді жаңа жетістігімен құттықтай отырып, әлі де биіктерден көріне беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

АДАМГЕРШІЛІК ҚАЙНАРЫ – ХАЛЫҚТЫҚ ТӘЛІМ

Тарбағатай ауданындағы В.Чкалов атындағы орта мектепте «Оқушыларға халықтық педагогика тұрғысында тәрбие беру жолдары» атты тақырыппен үлкен кеңес өтті. Мектеп 1176 орындық кеңдігімен ғана емес, ұрпақ тәрбиесін жақсарту тұрғысындағы тың бастама, игі ізденістерімен белгілі.

Осыдан екі жыл бұрын қазіргі аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Аман Асқарұлы Ислямовтың басшылығымен жүзеге асқан жаңалықтар өзі бір кезеңді қамтиды. Айталық бес күндік оқуға көшу, 40 минуттан қос қос сабақтар өткізу, класс жетекшілерін оқушылардың сайлап қоюы, балалардың бәрі дерлік мектеп асханасынан тамақтануы, мектепті бес жыл бойы сызат түсірмей ұстау, жерді жалға алып, өнімін оқушыларға тегін беру нақты іске асты. Мектеп оқушылары өз еркімен 32 үйірме құрды, музыкалық мектептің филиалы ашылды. Ешқандай шығынсыз 150 шаршы метр жылыжай салынып жұмысқа қосылды. Ата-аналар асханаға, мектепшілік кезекшілікке келді. 20-30 минуттік үзілістерде класс сағаттары, дойбы, шахмат, спорт ойындары ойналды. Осының бәрі аудандағы тұңғыш эксперименттің алғашқы кезеңі болатын.

Осымен бір мезгілде оқушыларға халықтық тәрбие беру тұрғысындағы ойлар жүйеленіп, оған облыстық оқу бөлімінің қызметкері Омарбекова Майра көмекке келді. Ең алдымен Алматы облысындағы Қарасаз мектебіне мектеп ұйымдастырушысы Қайырбек Қанкетаев барып қайтты.

Келген адамның көзіне бірден түсіп, ойына шуақты сәуле түсірер бір жайды атай кетейік.

Екінші қабаттағы зал сізді қазақ халқының әлемде орналасуынан хабардар етеді де, сосын тек қана қазақ халқының өз ұрпағына айтқан ұлағатты сөздері мен адамгершілік парасат өлшемдері бірінен соң бірі еріксіз санаңызды самаладай баурайды. Салт-дәстүр түрлеріне анықтама мен түсіндірме, рулар шежіресі жазылып қойылған. Бейнелеп айтқанда қазақ атты әкеміз тіріліп келіп, өзінің ықылым замандардан терген адамгершілікке үндейтін тәрбие, шежіресін бесік жыры әуенімен айтып тұрғандай.

Сонымен кеңеске келушілер сабақтарда болып, «Келіндер мектебі», «Тәрбие отауы», «Мұрагер» атты бірқатар үйірмелер жұмысымен танысып болғаннан кейін біз оларды «Дидар» газетінің дөңгелек столына шақырдық.

Аман Асқарұлы Ислямов – аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі.

Тәрбие жұмысы қоғам өмірінің органикалық бөлігі ретінде елімізде әр түрлі бағытта болып жатқан қарама-қайшылықтың айнасы болып көрінеді. Оны қайта құру үшін тәрбиедегі қарама-қайшылықтарды творчестволықпен шешетін жаңа әдістерді іздестіру қажет. Осы тұрғыда ортақ мақсат пен көзқарасты айқындау, оқушыларды адам, азамат ретінде мойындау, әр оқушының жан-жақты жетілуіне жеке дара және ұжымдық жұмыс жүргізу, мектеп, жанұя, жұртшылықтың, еңбек ұжымдарының бірлескен жұмысын жоспарлау – басты міндет.

Соңғы сан ондаған жылдар бізді ұлттық салт-дәстүрден, ата мұрадан қол үздіріп, рухани асыл қазыналардан айырды. Адамдық ақыл-есті матап, ұлттық тәрбиеден бездірді. Содан барып ұлтымызға тән қасиет – үлкенге құрмет, кішіге ізет жоғалды. Аталы сөзге тоқтайтын халқымыздың ішінен әкесінен безген безбүйректер шықты. Ақыл айтатын үлкендердің өзі арақ ішушіліктен көз ашпады. Осындай қоғамдық дерттен құтылу үшін тарбағатайлық ұстаздар, ата-аналар қауымы санаттан шығып, санадан сызыла бастаған халықтық педагогиканың тағылымы мол тәрбиесін қайта жандандыруды мұрат тұтып отыр. Әр ұстаздың өзіндік жолы, әр мектептің өзіне тән ерекшелігі, керек болса аудан педагогикалық ұжымының бала тәрбиесі жөнінде дара бағдары болуға тиіс. Ал оның түп қазығы – ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық ұғым мен тәлім-тәрбиені бойға сіңіру.

- Мектеп, жанұя, жұртшылықтың оқушыларға адамгершілік тәрбиесін берудегі бірлескен жұмысын неден бастауға болады?

Қанапиянова Гүлғайша – «Қазақстанның 40 жылдығы» орта мектебінің ұйымдастырушысы.

Адамгершілік тәрбие біржақты болды. Кейбір ата-ана баласының тәрбиесіне қарамайды. Тәртіпсіздік көп. Қазақ баласы деген ұлттық сана-сезімді қалыптастыру үшін отбасы, мектеп, жұртшылық бірлесе қимылдау керек.

Бізде село жеті мөлтекауданға бөлінді. Әрқайсысы бір-бірімен жарыстас. «Әке, шеше және мен» жарысына ата-аналар көп келді. Кей балалар өз әке-шешесіне мақтанды да. Дегенмен, менің ойымша,

мектеп білім беруі, ата-ана тәрбие беруі керек. Кейбір жауапсыз ата-анаға айып салынса, ереже орындамаған оқушыны қайтарып жіберсе...

А. Ислямов: Ата-ананы мектепке тарту жолын іздестіру керек. Әрқайсымыз алдымен бала тәрбиесіндегі өз кемшілігімізді іздегеніміз жөн. Ата-аналардың деңгейі де әр түрлі. Осы мектеп тәрбиесін алып қарайық. Нашар оқитын балаларды жиналыста жамандамайық деп келістік. Ол екі жақты тығыз байланысқа жол ашты. Бірлесе жұмыс жүргізілді. Шындығында бар бала түгел жақсы оқуы мүмкін емес қой. «Айып салу» ақылға симас.

Саясаттың өзінде де адамгершілік болмай бара жатыр. Ленинді, Сталлинді, Хрущевті, бәрі-бәрін жамандадық. Ал, аудандық, ауылдық буында бір басшы кетсе, екіншісіне оны жамандау сияқты жағымсыз әдет қалмайды. Әр адамда бір жақсылық болмас па? Сол жақсылықты тани, бағалай алсақ, тәрбиенің үлкені де сол болар еді.

Бірлесіп жұмыс істеу керек. Өз үйім – тәрбие мектебім, мектебім - өз үйім деп сезінсін әр бала. Оған барар жол – халықтық тәрбиеде.

Сөз түйіні: В Чкалов, М. Горький, Жамбыл мектептеріндегі сияқты өлкетану музейлері өзге мектептерден де ашылады. Ақындардың, термешілердің, күйшілердің, көркемсөз оқушылардың жеке-жеке байқаулары өтті. Бүгінде 12 мектепте драма үйімрмелері жұмыс істейді. Халықтың тәрбие өрісін кеңейту үшін екі мектептен өнер мектебі ашылады.Осы игілікті істердің бәріне облыстың оқу бөлімі назар аударып отыр. Сәуір айында мектептердегі бүкіл тәрбие жұмысын қайта құру бағытында осы В. Чкалов мектебінде облыстық педагогикалық кеңес өтетіні де, мектеп оқушылары арасындағы облыстық ақындар айтысы өткізілетіні де сондықтан. Халықтық тәрбиенің ғұмыры ұзақ болғай.

Әнуархан Қайырбаев,
«Дидар» газетінің меншікті тілшісі

5-бөлім

ӨНЕР ҚОНҒАН ШАҢЫРАҚ



Өнерден қуат алмасаң тіршіліктің шырағы сөнеді

М. Әуезов

Жанұялық өмір өзара сүйіспеншілікпен байланысты болғанда зор бақыт бере алады.

Идеялық біртұтас мақсатқа біріккен жанұяның алмас қамалы, жеңбес қиындығы болмайды

А. Ислямов

Уақытты босқа өткізу – ең ауыр шығын

Ж. Бюффон

Тіпті бір сағат уақытын ысырап етуге қиған адам - өмірді бағалай білу дәрежесіне жетпеген адам

А. Ислямов

Неке адам баласының қажетті жалғастығын қамтамасыз етуге тиіс?!

А. Ислямов

Өмір бақи білгеннің,
Білімді көргендінің,
Өзім деп айтқан ақыл-кеңесін
Бас иіп қабылдадым.

А. Ислямов

Кемеңгер адам әрқашан да ұлы адамдар сынақтан өткен жолдарды таңдап алып, ең тамашаларына еліктеуге тиіс, сонда ол әлгі кісілердің ұлылығына жетпегенмен, соның кейбір ұшқынын болса да бойына дарытады

Н. Макиавели

ӨНЕРПАЗДАР ЖАНҰЯСЫ

Ауыл адамдарының елең еткізер жаңалық болса сан-саққа жүгіртіп, қызу-қызу әңгімені соның төңірегіне үйіп-төгіп, көсілтіп алатын әдеті. ұластылықтар да Асқар жанұясының мына қадамын түрліше жорамалдады. Ол былай болған еді.

Өскемен педагогика институтын тамамдаған Асқар Ислямов жүрек қалауымен таңдаған ұстаздық мамандығын ауыл мектебінде жалғастырады. Шәкірт тәрбиесі оңай ма? Сабақтан шыққан соң шаршағанын сезеді. Ондайда жұбайы күлімсірей сөйлеп, наздана тіл қатады.

Ерінің қажымайтын қайратына таң қалады. Ол да ұстаз. Асқар сияқты жас жеткіншектерге білім нұрын себу жолында аянбай-ақ тер төгіп жүр. Бір ғажабы «Қалжырап шаршадым» дегенін естімейсің. Керісінше, табалдырықты самарқау аттаған еріне еркелей сөйлеп, сәлден соң ыңылдап ән салады.

Мұндай жағдайда кеудесінде жаны бар еркек тосырқай ма? Асқар да төр алдында ілулі домбыраны ала салып, келіншегі ыңылдаған әуенді пернеден іздейді. Домбыраны баяу шертіп, өзі де қосылып кетеді.

Жақсы іс жасырын қалған ба? Ерлі-зайыпты Ислямовтар жанұясының өнері көп ұзамай-ақ бүкіл ауылға тарады. «Ұстаз бір өнерлі емес, сан өнерлі болса керек еді. Асқар мен Нағиманың үндескен үні жарасымды-ақ екен» деп сүйсінді ауыл тұрғындары.

Той-думаны үзілмейтін ауылдың сәні атанған Ислямовтар көпшілік қолқа салғанда бәлсініп, тартынбады. Осы қасиеттеріне риза болған жерлестері Асқар мен Нағима ән шырқағанда құмарта тыңдап, құштарлана қол соқты.

Адам ес біліп, еңбекке араласқан күннен-ақ алдына үлкен мақсат қойып, ойланады. Қиял қанатына мініп, «Арман асуларын асып өтсем» деп көксейді. Сол жолда ізденіп, талпынады. Іздене жүріп бірталай нәрсені де үйренеді. Педагогика институтынан білім алып, ұстаз атанған

Асқар мен Нағима советтік өмір салтына сай ғұмыр кешіп қана қоймай өз ортасының отақ мүддесіне айтулы үлес қосуды көздеді.

Әдетте ұстаз адамның тәулік ішіндегі уақытының көпшілігі шәкірт тәрбиесіне жұмсалатыны белгілі. Бәр сәт дамыл тауып, дем алу да қажет. Уақыттарының біразын өнерпаздыққа арнауға Ислямовтар әдеттеніп те алды. Сөйтіп олар өнер жолындағы ізденісті тоқтатпады. Ауыл мәдениетін өркендетудің, халықтың бос уақытын тиімді өткізудің бірден-бір жолы көркемөнерпаздықтың қанатын қатайту деп тұжырымдап, сол жолда ізденуді жалғастырды. Асқар домбырамен қоса мандолина, гармонь тартуды үйренді. Мұнысына ауыл өнерпаздары риза болысты. Бірлесіп концерттік номерлер әзірлеп, жерлестері арасында өнер де көрсетті.

Ислямовтар ұлттық музыкалық аспаптар туралы қызықты деректер де жинады. Олардың шығу тарихы, жасалуы, қандай әуенге пайдалануға лайықтылығы жайлы білуге құштар болды. Соның ықпалы болар, Нағима көп қиналмастан-ақ асатаяқты меңгеріп кетті.

Өнегелі ата-ана өз өнерлерін балаларына мирас етті. Тілі шығып, сөйлей бастаған сәбилерін ән айтуға, музыкалық аспаптарда ойнауға баулыды. Тұңғыш қыздары жасынан биге әуестенді. Онан кейінгі балалары да өнерден құр қалмады. Келе-келе Ислямовтар жанұясы үй ішінде қосылып ән шырқап, би билеуді әдетке айналдырды. Мұны байқағандардың кейбіреуі: «Өнер жолын қуамын деп, жанұясын жын-ойнаққа қосып жібермесе жарар еді» деп көре алмастық білдірді.

Асқар мен Нағима өнегелі ұстаз ретінде қаңқу сөзге, ретсіз келемежге жандары қас болды. Шәкірттерін өмірдегі пайдалы іске әділ баға беріп, сергек көңілмен қарауға үйретті. Балаларын да үлгілі тәрбиеледі. Олардың көпшілігі ата-ана жолын қуып, ұстаздық мамандықты меңгерді. Бұл күндері Ислямовтар жанұясында сегіз жоғары білімді педагог бар. Бәрі де өнерге құштар, өмірге бейім жандар. Ұстаздық пен өнерді қоса игерген Ислямовтардың ұл-қыздары өз

орталарында да сыйлы. Олардың бірі ән айтса, бірі домбырада, гитарада ойнап, би билейді.

Әуелде ауылдағы көркемөнерпаздар үйірмесінің сапында өнер көрсетіп, соның ауыр жүгін көтерісіп келген Ислямовтарға «Неге жанұялық ансамбль құрмасқа?» деген ой туды. Көңіл түкпірінде жарқ еткен ұшқынның лаулаған жалынға айналары анық қой. Алдымен ұсыныс пікір түрінде айтылған көпшілік қолдауы соңынан шындыққа айналды. Сөйтіп, бұрын от басы, ошақ қасында жиналып, өнер сынасатын жанұя мүшелері бірлескен ансамбль құруға бел шеше кірісті.

Әуел баста бұл оқиғаға да жатырқай қараушылар кездеспей қойған жоқ. «Балаларға білім бере ме десек, өлең айтқызып, секеңдетуге баулиды екен-ау» десті кейбіреулер. Бірақ «Жақсыдан шарапат» демекші, ауыл өнерпаздығын дамытып, бос уақыттарында көпшілікке мәдени қызмет көрсетуді мақсат тұтқан Асқар мен Нағиманың ісін «Ұласты» совхозының тұрғындары ғана емес, шаруашылықтың партия, кәсіподақ ұйымдары қызу қуаттады. Олар советтік өмір салтының жанашыры болған жанұялық ансамбль мүшелеріне қажетті жағдайлар жасады.

Жанұялық «Балдырған» ансамблін құру ісі біраз қиындықтар туғызды. Бір шаңырақтан тараған ұл-қыздары, күйеу балалары мен келіндері, немерелері бас қосқанда жиырма адамға таяды. Осынша өнер иелерін бір арнаға тоғыстырып, бабын тауып басын қосу да ерекше шыдамдылықты, ұйымдастырушылық қабілет пен көп шеберлікті қажет етеді. Бір жағынан Асекеңді мектептегі директорлық қызметі де алаңдатты. Осындай сәтте оған жұбайы мен күйеу баласы Төлеухан сүйеу болды.

Ансамбль құрамында сахнада өнер көрсетуге ұл-қыздары қымсынбағанмен, Асқар іштей қобалжыды. Ол - арнайы музыкалық білімінің жоқтығы. Өздігінен ізденіп, бойына біраз өнерді дарытқанмен оны ансамбль мүшелеріне үйрете алса жақсы. Осылай ойланып жүргенде сахнада өнер көрсетеміз деп белгіленген күн де таяп қалды. Ду-думен

жүріп, күн ілгері уәде бергеніне қатты өкінді. Бірақ екі сөйлеу тіптен ұят. Уәде - уәде. «Қой, сынаса, өз ауылдастарым емес пе? Көрсін, білсін, кем-кетігін көзге түртіп айтсын. «Көш жүре түзеледі» деген. Кейін шегінсем, балаларымның тауы шағылып қалар».

Ойын осылай түйіндеген Асекең өз тұжырымын Нағимаға айтқанда ол «дұрыс» деп құптады. Міне, сахна шымылдығы ақырын сырғи ашылып, бастарын иіп, ілтипат жасаған ансамбль мүшелерінің алғашқы концертін ұластылықтар ұзақ қол шапалақтап қарсы алды. Не керек, концерт қызықты өтті.

Сонан кейін Асекеңе тағы да бір ой келді: «Бұрын бір баян, екі домбырамен ғана өнер көрсеткенді қызық көретін көрерменді репертуар мазмұнын байытумен қатар, ұлттық музыкалық аспаптардың түр-түрін пайдалана отырып концерт номерлерінің сапасын жақсарту арқылы тағы да бір өнер көрсетсек қалай болады? Ол үшін творчестволық ізденіс - басты мақсат» деп түйді ол.

«Бұл да болса совет адамдарының жан-жақты дамуына, рухани жағынан қалыптасуына үкімет пен партиямыздың жасап отырған әкелік қамқорлығының арқасы ғой! Арайлы Октябрь таңының нұрынан әсер алған бүгінгі салтанатты тұрмысымыздың шалқып, өсуінің нәтижесі» деп іштей толқыды өнерпаз-педагог.

...Далаға бір шығып, бір кіргенмен уақыт өтер емес. Қол сағатына әлсін-әлсін көз жүгіртіп, қараумен болды. Жайшылықта оқтай зымырайтын уақыттың осындайда жылжымауын қарасаңшы!

Бұл жолы Асекеңді қобалжытып тұрған бүгінгі өткелі тұрған көркемөнерпаздардың аудандық байқауы еді. Осынау өнер сайысының өзіндік ерекшелігі сол – оған жанұялық ансамбльдер қатысады. Көзін ашса сарқырап аққалы тұрған бұлақтай бұлқынған ауыл өнерпаздарының қабілетін ұштайтын мұндай байқаудың мән-мағынасын бір адамдай біле тұра «осы сынға ат үсті келген жоқпыз ба?» деген сауал мазасын кетіріп тұр. «Көпшілік айтса айтқандай, Қайырбаевтар оңай қарсыластар емес. Аудан орталығы Ақжарда небір өнер

сайыстары өтпеді. Соның басы-қасында жүрген олардың зердеге тоқығандары да мол-ау. Жұбайым екеуімізді қойшы. Ойын-тойда ғана ән шырқап, ауылдастардың ыстық ықыласына бөленуден басқаны артық санамаған қарапайым көңіл бәріне де ризамыз. Жүлде иемденбесек те өкінер түрлеріміз жоқ. Ата-анасының әуесқойлық өнеріне еліктей, қанат қаққан балаларымыздың көңіліне дақ түсіп қалмаса, не қылсын? Әсіресе үлкен күйеу баламыз Төлеухан жерге қарап қалмаса екен».

Құрылғанына аз уақыт өткен «Балдырған» атты ансамбльдерінің шаңырағын көтеріп, іргесін көтеруге Нағима екеуі сүйеу болғанымен, көркемдік дамуына үлес қосып, тер төгіп жүрген де сол. Музыкалық білімі мен қабілетіне шек келтірер ешкім жоқ. Өскемендегі педагогика институтының музыка факультетін бітіріп, өзі басқарып жүрген орта мектепте ән-күйден сабақ бергелі біраз уақыт өтті. Ұстаз жауапкершілігінің жүгі де аз емес. Бойындағы бар ізгілікті, пәк сезімді жас балдырғандарға берудің, шәкірт тәрбиелеудің қиындығын кім болса да мойындайды. Оның үстіне мектеп көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастыру да соған жүктелген. Осындай жағдайда жүріп, ол жанұялық ансамбльдің әзірлігіне бел шеше кірісті. Ұл-қыздары, келіні Әмина, немерелері - бәрі де жандары талмай тер төгіп бақты.

Көршілес «Қарасу» совхозындағы Чкалов атындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі Аманның ынта-жігері де жоғары. Саралай қараса, осылардың басы қосылып, өнер көрсеткендеріне бірер жылдың жүзі ғана өткен екен. Енді, міне, өнер саласында қызмет атқарып жүрген Қайырбаевтармен тайталасуға келіп қалыпты. «Асығыстыққа жол беріп алған жоқпын ба? Балаларымның қолпаштағанына арқа сүйегенмін ғой. Бәйгеге түсер дүлдүл жүйрікті көрегендікпен баптайтын ат бегідей ансамбльді әлі де сынай түспегенімді қарашы...» - деп ойлады Асекең.

Ол ішкі ой толғанысымен ансамбль мүшелері орналасқан бөлмеге енді. Жүздері бал-бұл жанған балаларының ортасында мәз-мейрам қалпы отырған жұбайы Нағиманы көргенде Асекең серпіле түсті.

- Ата біз қашан сахнаға шығамыз? - деген немересі Мархабаттың сөзі көңілін онан сайын желпіндіріп жібергендей.

- Енді көп кешікпей өнер көрсетеміз. Қалай, ұятқа қалмаймыз ба? - деген сөзін барлық балаларына арнап айтты.

- Әжем өленді жақсы айтасың деді. Менің мамам да папам да әнді әдемі шырқайды ғой. Ата сен де жақсы айтасың.

Мархабаттың сәби көңілі шалқып тұр. Сахнаға жетелей жөнелсе, тартынар түрі байқалмайды.

- Құлыным менің! Жақсылықты аңсаған сезіміңнен сенің! - Асекең жиен немересін бауырына қысып, маңдайынан құшырлана иіскеді де, көтеріп сахнаға шықты. Зал толы көрермен ду қол шапалақтап, дуылдап кетті. Асекеңнің соңына еріп, сахнаға шыққан жиырмаға жуық өнерпазға жұрт сүйсіне қол соғып, қарсы алды. Ортадағы микрофон алдында ретіне қарай орналасып, ән шырқаған Ислямовтардың өнерін жиналғандар зейін қоя тыңдады. Домбыра, баян, бас гитара, дауылпаз, тастұяқ, аса таяқ, сыбызғының дауысы үндестік тауып, көпшіліктің «Балдырған» ансамблі өнеріне деген ынтасын асқақтатып кетті. Осы жолғы байқауда олар жүлдегер атанды.

Республикамыздың шалғай бір түкпіріндегі ауылда өркен жайған өнерпаздар жанұясының концертін тамашалаушылар дән риза болып, жоғары бағалады.

1985 жылдың көктемінде Ислямовтардың «Балдырған» атты жанұялық ансамблі Қазақ телевизиясы «Алатау» программасына шақырылды. Студияда өнерпаз қауымның өнеріне қызыға құмартқандар көп болды. Көгілдір экран көрермендері «Өнерліге өріс кең» деген халық даналығын тағы бір еске түсіргендей.

Ансамбль мүшелерімен тілдесіп, оның өсу жолымен танысу үшін олармен арнайы жолықтық. Сөз арасында Асқар Ислямовтың Тарбағатай ауданының «Ұласты» совхозындағы В.И Ленин атындағы орта мектепте он алты жылдан бері директор екенін білдік. Бұл мектеп - аудан бойынша кабинеттік жүйеге көшкен оқу орнының бірі. Асекеңнің

өзі – КСРО және ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі, ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалімі.

Ислямовтар жанұясында сегіз жоғары білімді педагог бар. Олардың бәрі де жас жеткіншектерді тәрбиелеуде үлгілі ісімен көпке өнегелі.

Нағима апай да өнегелі ұстаз, ол – ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі, көп балалы ана.

Ерлі-зайыпты Ислямовтар қиындығы мен ауырлығы мол педагог мамандығымен қатар өнерді ерекше қастерлейді. Арнайы музыкалық білімдері болмаса да түрлі музыкалық аспаптарда ойнап, ән шырқауды «еріккеннің ермегі» деп есептемейді. Жақсыға жаны құштар ұстаздар балаларына да саналы тәрбие берді. Үлкен қыздары Ермек бастаған балалар ата-ана өнегесінен үлгі алды. Берекелі от басына жиналған сәтте бәрі қосылып, рухани демалу әдетке айналды. Аудан, облыс сахнасына дейін сапар шеккен Ислямовтардың «Балдырған» ансамблі бірте-бірте республикаға танымал болуда. Оның репертуарындағы жанрлар да бай. Отанға деген патриотизмге, туған елге арналған халықтың, қазақ совет композиторларының әндері, грузин, башқұрт билері қашан да көрермен көңілінен шығып жүр.

- Ансамбльдің «Балдырған» атану себебі, - дейді Асқар Ислямов, - оның құрамындағы өнерпаздардың арнайы білімі бар шеберлер емес екенінің белгісі. Бірақ біз қазір үнемі өсу, шыңдалу жолындамыз.

Жанұялық өнер ұжымының көркемдік жетекшісі Төлеухан Әміровпен тілдескенде оған әкесінің тигізген шапағатының мол болғанын ұқтық. Үй ішінде ғана домбыра шертіп, ыңылдап ән айтқан Ахолла ұлының ынтасын байқап, бағыт, бағдар сілтейді. Сонан бері Төлеухан өнер жолын қуды. Музыкалық білім алған соң мектепте ән-күй пәнін өткізіп жүр.

Біз отырған бөлмеге Аман Ислямов келгенде Төлеухан өзі шығарған «Туған жер» әнін шырқап отыр еді. Жездесімен қосыла шырқаған Аманның әуезді үні шағын бөлмені кернеп кетті. Ашық мінезді, ақ жарқын жігіт екені бірден сезілді.

Иә, «талпынған жетер мұратқа» демекші, қанаты қатая түскен жаңұялық ансамбльдің өнер төрінен көріне беретіні анық.

Соңынан бұл ансамбль Совет халқының Ұлы Отан соғысында жеңіске жетуінің 40 жылдығына арналған бүкілодақтық фестивальдің лауреаты атағына ие болды. Ансамбль мүшелері Құрмет грамоталары, арнаулы ескерткіш белгілерімен марапатталды.

XVI Облыстық партия конференциясының делегаттарына концерт қойды.

Өкім Жайлауов, Ермекбай Хасенов
ШҚО, Тарбағатай ауданы, «Ұласты» совхозы

АСҚАРДЫҢ АНСАМБЛІ

Асқар ансамблінің тұңғыш концерті ансамбльдің ең жас мүшелері Шынар мен Жанар, Салтанаттың қосылып айтқан «Шаттық жыры» мен Аманжол орындаған грузин биінің әсері әлі күні көкейімізде...

Міне, содан бері де үш-төрт жыл өте шықты. Шаңырағы шаттыққа бөленген жаңұяда бой құрап, сол ортадан бастау алған осынау бір шағын өнерпаз топ уақыт көшінің шаңында шашырап қалмай, қайта күн сайын буынын бекітіп, шеберлігін шыңдай түсті. Ойға алған идеясын орындамай тынбау, бастаған ісінің жемісті нәтижесін көріп, көңілін марқайтпай тоқтамау – байырғы балалар бағбаны, ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі, ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалімі Асқар Ислямовтың ежелгі әдеті. Сондықтан да ол өрелі өнердің құнарлы топырағында қауыз ашып, бой көтерген балауса бастаманың заңды түрде жалғасын табуы керек екендігін үнемі жадында ұстады. Осының өзі эстетикалық таным, тәрбиенің, талғам-тағылымның айшықты бір көрінісі болса керек, сірә. Әйтпесе мектеп қабырғасында-ақ күні бойы бел шешіп, дамыл таптырмайтын директорлық жұмысынан қолы қалт еткенде мандалин мен балалайка, домбыра мен дауылпаз ұстап, бала-шаға, немерелерінің басын қосу, олардың әрқайсысына жөн сілтеп бағыт беру, қойылмақ

концерттің тәрбиелік мәніне, орындалу машығына орай репертуар сараптау, ансамбль мүшелерінің киім киісі, жүріс-тұрысына дейін қалт жібермей қадағалап отыру, сайып келгенде жаңұя ішінде музыкалық үндестік табуға жетісу оңай шаруа болмаса керек. Оған да темірдей төзімділік, ұйымдастырушылық қабілет, уақытты ұтымды пайдалана білетін қасиет қажет. Себебі, Асекеңнің өзі айтқандай, «бұл көңіл көтеру ғана емес, бұл да тәрбиенің бір тармағы, тәрбиелеудің бір түрі». Оның түп тереңінде жан сұлулығы мен рухани байлық, талғам мен талап бар.

Асекеңнің мұғалім болып мектеп табалдырығын аттағанына қырық жылға таяу уақыт өтіпті. Ол тек зымыраған жылдар тізбегі ғана емес. Ол жылдардың астарында ұрпаққа берген ұлағат пен төгілген тер, тәрбие ісіне тәрік етілген мұқалмас қажыр-қайрат жатыр. Өзі он бес жылдай уақыт директоры болып келе жатқан, бұл күндері «Ласты» совхозының 800-ге жуық баласы білім алатын көсем есіміндегі алтын ұя атағы аудан асып, облыс, республикаға әйгілі болып отыр. Оның оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуын былай қойғанда өнерпаздарының өзі он-он бес жыл көлемінде жүлделі орынды қолдан беріп көрген жоқ. Асекеңнің басшылығымен мектеп мұғалімдері де сабақтан бос уақыттарында концерт, пьеса дайындап, ауыл-селоларда өнер көрсетіп қайтып жүрді. Осының бәрі мектеп басшысының өнерге құштар көңілінен туындап жататын жарқын ойларының жарасымды көрінісі екен. Ол ойы осыдан үш-төрт жыл бұрын өз шаңырағы астында өнер отауын құрумен тоғысып, «Балдырған» атты жаңұялық ән-би ансамблі дүниеге келген-ді.

Асекең мен жұбайы Нағима он бала тәрбиелеп өсірген бақытты шаңырақтың қос босағасы іспетті. Ислямовтар әулетінен шыққан сегіз педагогтің бесеуі В.И. Ленин атындағы орта мектепте еңбек етеді. Ал оларға бал бөбек немерелерін қоссаңыз тамырын тереңге тартқан саялы бәйтерек дерліктей. Отыз жыл отасқан өмірлік серігі Нағима да бұл күнде Ардақты ана, отыз жылдай шәкірт тәрбиелеген аяулы ұстаз, ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі. Советтік өмір салтына сай ғұмыр кешіп, сауатты да саналы адамгершілікті азаматтар өсіріп шығарған

тағылымды тарландардың өнердегі жолы бір басқа. Балаларына, олардың немерелеріне тараған сезім сергектігі, өнерге деген құштарлықтың мөлдір тумасы ата-ананың шалқар шабытынан бастау алған. Солардың жетекшілік етуімен ағыны арнаға түсіп, толысып, шыңдалып келеді.

- Ансамбль репертуарын құрғанда Отанды сүю, бейбітшілік тақырыбын қамтуға, жас ұрпақ бойында интернационализм, патриотизм рухын қалыптастыруға тырысамыз, – дейді Асекең. Сондай-ақ асыл қазынамыз саналатын халық творчествосы үнемі бағдарламамыздың бел ортасынан орын алған.

Оның бұл айтқандарына тіпті соңғы концерттік бағдарламасына енгізілген, бес жасар кенжесі Аманжол орындайтын грузин биі, қызы Сара билейтін башқұрт биі, Асекеңнің өзі және күйеу балалары Төлеш, Ғабит үшеуі айтатын «Мой Казахстан» триосы, қыздары Ермек, Сара, Мәншүк, келіні Әминаның орындауындағы «Журавли» музыкалық-хореографиялық композиция, басқа да көптеген ән-күй, би түрлері дәлел болғандай. Ансамбльдің белді мүшесінің бірі, Асекең мен Нағиманың күйеу баласы Тұрсын – аудандық автотранспорт кәсіпорынының бас инженері, екі баласы студент, үш немересі оқушы, ал кішкентай Аманжолдан басқаларының барлығы педагогтер. Екінші күйеу баласы Төлеш – ансамбльдің көркемдік жетекшісі, музыка пәнінің мұғалімі.

Педагогтер әулетінен тұратын жанұялық ансамбль көсеміміз В.И. Лениннің туғанына 113 жыл толуы құрметіне өткізілген облыстық көркемөнерпаздар байқауында бірінші орынды жеңіп алып, облыстық мәдениетпен марапатталды. Кейін аудандық, облыстық партия конференциялары делегаттарына өз өнерлерін көрсетті. Көркемөнерпаздық творчествоны дамытудағы белсенді еңбегі үшін Асекеңе облыстық партия комитеті мен облыстық Советтің грамотасы тапсырылды.

Халқымыз «Өнерліге – өріс кең» деп бекерге айтпаған. Сондай өрісті өнердің өресін көтеріп, мәртебесін өсіріп жүрген өнерпаз топ – Ислямовтар әулетінің жанұялық ансамбліне құтты қадам тілейміз.

Жұмағазы Игісінов,
журналист

ЖАНҰЯЛЫҚ АНСАМБЛЬ

Жақсы дәстүр, жаңа салттың қанат жаюы - өркенді өміріміздің елеулі құбылысы. Өнерпаздардың үйлесімді де үндес топтары тек астаналық сахналарда ғана емес, ең шалғай ауылдардың өзінде пайда болуда. Соңғы кездері жанұялық ансамбль өнеріне жұртшылық тәнті болуда. Мұндай өнеге берер өміршең бастамаға облысымыздағы ардагер ұстаздардың бірі, Тарбағатай ауданы В.И.Ленин атындағы орта мектептің директоры Асқар Ислямов өріс беріп отыр.

Ислямовтар жанұясын педагогтер әулеті деп атасақ та орынды. Тек осы жанұядан ғана жоғары білімді сегіз педагог шықты. Асекеңнің өзі көп жылдан бері педагогикалық ұжымды басқарады. В.И.Ленин атындағы мектеп – ауданға ғана емес, облысқа белгілі, үлгілі ұжым. Үстіміздегі жылы мектеп Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне ұсынылды. Жыл сайын ауданда мұғалімдер мен оқушылардың өнер байқауы өтеді. Осы кезде мектеп ұжымының өнер сайысынан да жүлделі орын алуы үшін директордың өзі бас болып, байқауға әзірліктің бел ортасында жүреді. Хорға, домбыра оркестріне қатысады. Мектеп өнерпаздары сегіз жыл қатарынан бірінші орын алып жүр.

- Менде елден ерекшеленетін өнер жоқ, - дейді Асқар Ислямов, - өнерге құштарлық әр жасқа тән қасиет емес пе. Өнерпаздарға еліктеп, бала кезімде мандалин, домбыра, гармон тарттым. Кейін балаларыма үлгі-өнеге көрсету мақсатымен демалыс сағаттарымда, мерекелерде ойын-сауық құрып отыратын кездеріміз болды.

Ислямовтар он бала тәрбиелеп, өсіріп отыр. Ардақты ана, ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі Нағима Сатыбалдина өнерге құштар жан. Талай рет өнер байқауына қатысып, кәсіподақтары облыстық советінің, облыстық оқу бөлімінің грамоталарымен марапатталды. Жанұялық ансамбльмен ауыл, селоларды аралайды. Әнші, ұстаз – жақсы бастаманың ұйтқысы.

Асекең мен Нағимаға еліктеп балалары да өнерді сүйеді. Үлкен ұлдары Аман – аудандық комсомол комитетінің секретары. Жастар жетекшісі, домбыра шертіп, гитарада ойнайды. Биыл оныншы класты бітірген Амангелді де музыка аспаптарында ойнауды машық еткен. Қыздары Сара әкесі мен шешесінің жолын қуып ұстаз болды. Туған ауылына келіп еңбек жолын бастады. Өскемен педагогика институтының музыка-педагогика факультетінің түлегі Төлеш Әміровпен жарастық тауып, отау көтерді. Өнерпаз жігіт «Ұласты» совхозында құрылған «Жетіарал» ансамблін ұйымдастырушыларының бірі. Төлеш жанұялық ансамбльдің көркемдік жағын басқарса, Сара би билейді. Ол орындаған

башқұрт халқының күлдіргі биі «Бесбармақ» көрермендерден әрқашан жоғары баға алуда. Мәншүк те педагог. Оның жұбайы жас мұғалім Ғабит әдебиеті пәнінің мұғалімі. Ұстаздар әулетінің енді бірі Ермек Приозерный селосындағы Макаренко атындағы мектепте істейді. Жұбайы Тұрсын Іргебаев аудандық автотранспорт кәсіподағының бас инженері. Жанұялық ансамбль Өскеменге келгенде Ермек билеп, ән айтты. Тұрсын домбыра шертті. Ансамбльдің ең жас мүшелері Шынар мен Жанар, Салтанат үшеуі қосылып «Шаттық жыры» әнін шырқаса, Аманжол грузин биін билеп, дауылпазда ойнайды.

Ислямовтардың жанұялық ансамблі биылғы өнер сайысына қатысып, мамандар тарапынан, көрермендерден лайықты бағасын алды. Он жеті номер қорытынды концертке қалды. Ауданның ауыл-селоларын лекция-концертпен аралау дәстүрі қалыптасқан. Асқар Ислямовтың өзі – лектор. Маусымдық жұмыстар кезінде дала қостарында болып, жалынды сөзбен, өнермен еңбекшілердің жігерін шыңдап, көңілін серпілтуі бір ғанибет. Ансамбль жаңа-жаңа қаз тұрып келеді. Бұл – Ислямовтар жанұясының өнер әлеміне басқан адымының алды ғана емес, үлкен өнегесінің, жаңа дәстүр, жақсы салттың басы.

Ғ. Байбатыров
Тарбағатай ауданы

ҮЙ-ІШІМЕН ӨНЕРПАЗ

Ел арасында үлгілі мәдени қызмет көрсетіп жүрген жанұялық ансамбль өнері жайлы үздік сыр

Далаға бір шығып, бір кіргенмен уақыт өтер емес. Қол сағатына әлсін-әлсін көз жүгіртіп, қараумен болды. Жайшылықта оқтай зымырайтын уақыттың осындайда тежелуін қарасаңшы!

Асекеңді қобалжытып жүрген бүгінгі өткелі отырған аудандық көркемөнерпаздар байқауы еді. Осынау өнер сайысының өзіндік ерекшелігі сол – оған жанұялық ансамбльдер қатысады. Көзін ашса сарқырап аққалы тұрған бұлақтай бұлқынған ауыл өнерпаздарының қабілетін ұштайтын мұндай байқаудың мән-мағынасын бір адамдай біле тұра «осы сынға атүсті келген жоқпыз ба?» деген сауал мазасын кетіріп тұр. Көпшілік айтса айтқандай, Қайырбаевтар оңай қарсыластар емес. Аудан орталығы Ақжарда небір өнер сайыстары өтпеді. Соның басы-қасында жүрген олардың зердеге тоқығандары да мол-ау. Жұбайым екеуімізді қойшы. Ойын-тойда ғана ән шырқап, ауылдастардың ыстық ықыласына бөленуден басқаны артық санамаған қарапайым көңіл бәріне де ризамыз. Жүлде иемденбесек те өкінер түрлеріміз жоқ. Ата-анасының әуесқойлық өнеріне еліктей, қанат қаққан балаларымыздың көңілдеріне дақ түсіп қалмаса, неқылсын? Әсіресе, үлкен күйеу баламыз Төлеухан жерге қарап қалмаса екен. Құрылғанына аз уақыт қана өткен «Балдырған» атты ансамбльдерінің шаңырағын көтеріп, іргесін бекітуге Нағима екеуі сүйеу болғанымен көркемдік дамуына үлес қосып, тер төгіп жүрген де сол. Музыкалық білімі мен қабілетіне шек келтірер ешкім жоқ. Өскемендегі педагогика институтының музыка факультетін бітіріп, өзі басқарып жүрген орта мектепте ән-күйден сабақ бергелі біраз уақыт өтті. Ұстаз жауапкершілігінің жүгі де аз емес. Бойындағы бар ізгілікті, пәк сезімді жас балғындарға берудің, шәкірт тәрбиелеудің қиындығын кім болса да мойындайды. Оның үстіне мектеп көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастыру да соған жүктелген. Осындай жағдайда жүріп, ол жанұялық ансамбльдің әзірлігіне бел шеше кірісті. Ұл-қыздары, келіні Әмина, немерелері – бәрі де жандары қалмай тер төгіп бақты.

Көршілес «Қарасу» совхозындағы Чкалов атындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі Аманның ынта-жігері де жоғары. Саралай қараса осылардың басы қосылып,өнер көрсеткендеріне бірер жылдың жүзі ғана өткен екен. Енді, міне, өнер саласында қызмет атқарып жүрген Қайырбаевтармен тайталасуға келіп қалыпты. Асығыстыққа жол беріп

алған жоқпын ба? Балаларымның қолпаштағанына арқа сүйегенмін ғой. Бәйгеге түсер дүлділ жүйрікті көрегендікпен баптайтын атбегіндей ансанбльді әлі де сынай түспегенімді қарашы!..».

Ол ішкі ой толғанысымен ансамбль мүшелері орналасқан бөлмеге енді. Жүздері алабұртқан балаларының ортасында мәз-мейрам қалпы отырған жұбайы Нағиманы көргенде Асекең серпіле түсті.

- Ата біз қашан сахнаға шығамыз? – деген немересі Мархабаттың сөзі көңілін онан сайын желпіндіргендей.

- Енді көп кешікпей өнер көрсетеміз. Қалай, ұятқа қалмаймыз ба? – деген барлық балаларына арнап.

- Әжем өленді жақсы айтасың деді. Менің папам да, мамам да әнді әдемі шырқайды ғой. Ата, сен де жақсы айтасың.

Мархабаттың сәби көңілі шалқып тұр. Сахнаға жетелей жөнелсе, тартынар түрі байқалмайды.

- Құлыным менің! Жақсылықты аңсаған сезіміңнен сенің! – Асекең жиен немересін бауырына қысып, маңдайынан құшырлана иіскеді де көтеріп сахнаға шықты. Зал толы көрермен ду қол шапалақтап дуылдап кетті. Асекеңнің соңынан еріп, сахнаға шыққан жиырмаға жуық өнерпазға жұрт сүйсіне қол соғып қарсы алды. Ортадағы микрафон алдында ретіне қарай орналасып ән шырқаған Ислямовтардың өнерін жиналғандар зейін қоя тыңдады. Домбыра, баян, бас гитара, дауылпаз, тайтұяқ, асатаяқ, сыбызғының дауысы үндестік тауып, көпшіліктің «Балдырған» ансамблі өнеріне деген ынтасын асқақтатып кетті. Осы жолғы байқауда олар жүлдегер атанды.

Үстіміздегі жылғы көктемде Ислямовтардың «Балдырған» атты жанұялық ансамблі Қазақ телевизиясы «Алатау» программасына шақырылды. Студияда өнерпаз қауымның өнеріне қызыға құмартқандар көп болды. Көгілдір экран көрермендері «Өнерліге өріс кең» деген халық даналығын тағы да бір рет еске түсіргендей.

Ансамбль мүшелерімен тілдесіп, оның өсу жолымен толық танысу үшін олармен арнайы жолықтық. Сөз арасында Асқар Ислямовтың

Тарбағатай ауданының «Ұласты» совхозындағы В.И.Ленин атындағы орта мектепте он алты жылдан бері директор екенін білдік. Бұл мектеп аудан бойынша кебинеттік жүйеге көшкен оқу орнының бірі.

Асекеңнің өзі – КСРО Халық ағарту ісінің үздігі, ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі, ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалімі.

Ислямовтар жанұясында сегіз жоғары білімді педагог бар. Олардың бәрі де жас жеткіншектерді тәрбиелеуде үлгілі ісімен көпке өнегелі.

Нағими апай да өнегелі ұстаз, ол – ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі, көп балалы ана.

Ерлі-зайыпты Ислямовтар қиындығы мен ауырлығы мол педагог мамандығымен қатар өнерді ерекше қастерлейді. Арнайы музыкалық білімдері болмаса да түрлі музыкалық аспаптарда ойнап, ән шырқауды «еріккеннің ермегі» деп шеттемейді. Жақсыға жаны құштар ұстаздар балаларына да саналы тәрбие берді. Үлкен қыздары Ермек бастаған балалар ата-ана өнегесінен үлгі алды. Берекелі от басына жиналған сәтте бәрі қосылып, рухани демалу әдетке айналды. Аудан, облыс сахнасына дейін сапар шеккен Ислямовтардың «Балдырған» ансамблі бірте-бірте көзге түсті. Оның репертуарындағы жанрлар да бай. Отанға, патриатизмге, туған елге арналған халықтық, қазақ совет композиторларының әндері, ұлттық, грузин, башқұрт билері қашан да көрермен көңілінен шығып жүр.

- Ансамбльдің «Балдырған» атану себебі, - дейді Асқар Ислямов, - оның құрамындағы өнерпаздардың арнайы білімі бар шеберлер емес екенінің белгісі. Бірақ, біз қазір үнемі өсу, шыңдалу жолындамыз.

Жанұялық өнер ұжымының көркемдік жетекшісі Төлеухан Әміровпен тілдескенде оның өзі әкесінің де баласына тигізген шапағаты мол болғанын ұқтық. Үй ішінде ғана домбыра шертіп, ыңылдап ән айтқан Ахолла ұлының ынтасын байқап, бағыт-бағдар сілтейді. Сонан бері Төлеухан өнер жолын қуды. Музыкалық білім алған соң мектепте ән-күй пәнін өткізіп жүр.

Біз отырған бөлмеге Аман келгенде Төлеухан өзі шығарған «Туған жер» әнін шырқап отыр еді. Жездесімен қосыла шырқаған Аманның әуезді үні шағын бөлмені кернеп кетті. Ашық мінезді, ақ жарқын жігіт екені бірден сезілді.

Иә, «талпынған жетер мұратқа» демекші, қанаты қатая түскен жанұялық ансамбльдің өнер төрінен көріне беретіні анық. Сонда да болса тек бір өздеріне бар жауапкершілікті артып қоймай, аудандық мәдениет бөлімінің жанашырлық, қамқорлық көрсетуі қажет-ақ.

Ермекбай Хасенов,
Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы, «Ұласты» совхозы

АСҚАР ҮЙІНІҢ АНСАМБЛІ

Село халқы бүгін бір серпіліс танытқандай. Ауылдың әр тұсынан арылып кеп, жаңадан бой көтерген қос қабатты Мәдениет үйінің кең залын керней кіріп жатыр. Абыр-сабыр басылған соң патсайы шымылдық сахнаның қос қапталына қарай баяу сырғи жөнелді де, конферансье мерекелік концерт басталғанын хабарлады.

Бұл – Илямовтар жанұялық ансамблінің село жұртшылығы алдына алғаш шығуы еді. Асқар Ислямов басқарған «Балдырған» ансамблінің бағдарламасын тамашалауға көрермен қауым мол жиналған. Олар сол жолы мандолин мен гармонда, домбыра мен сырнайда, гитара мен дауылпазда ойнап ән салған, бұрала билеп, құйқылжыта күй тартқан жанұя мүшелерінің жетекшісі Асқардан бастап, оның бес жасар кенжесі Аманжолға дейінгі он алты адамның өнерін қызықтап, қол соққан.

Асқардың инициативасымен құрылған бұл ансамбль алдымен Тарбағатай ауданының біраз жерлерінде және облыстық телевизия студиясында өнер көрсетті. Ансамбльдің ең жас мүшелері Шынар, Жанар және Салтанаттың қосылып айтқан «Шаттық жыры» мен Аманжол орындаған грузин биі көрушілерге үлкен әсер қалдырды.

Ансамбль құрылғанына үш-төрт жыл болды. Үлкен жанұядағы өнерпаз топ уақыт өткен сайын шеберлігін шыңдай түсті.

Байырғы ұстаз, ҚКСР Еңбек сіңірген мұғалімі Асқар Ислямов құнарлы топырағында қауыз ашып, бой көтерген балауса бастаманың заңды түрде жалғасын табуы керек екендігін үнемі жадында ұстады. Осының өзі эстетикалық таным, тәрбиенің, талғам-тағылымның айшықты көрінісі болса керек. Әйтпесе мектеп қабырғасында күні бойы бел шешіп, дамыл таптырмайтын директорлық жұмысынан қолы қалт еткенде мандолин мен балалайка, домбыра мен дауылпаз ұстап, бала-шаға, немерелерінің басын қосу, олардың әрқайсысына жөн сілтеп бағыт беру, қойылмақ концерттің тәрбиелік мәніне, орындалу машығына орай репертуар сараптау, ансамбль мүшелерінің киім киісі, жүріс-тұрысына дейін қалт жібермей қадағалап отыру, сайып келгенде жанұя ішінде музыкалық үндестік табуға жету оңай емес. Оған да төзімділік, ұйымдастырушылық қабілет, уақытты ұтымды пайдалана білетін қасиет қажет. Себебі, Асекеңнің өзі айтқандай, «бұл – көңіл көтеру ғана емес, тәрбиенің бір тармағы, тәрбиелеудің бір түрі». Оның түп тереңінде жан сұлулығы мен рухани байлық, талғам мен талап бар.

Асқар Ислямовтың мұғалім болып мектеп табалдырығын аттағанына қырық жылға таяу уақыт өтіпті. Бұл кезең тек жылжыған жылдар тізбегі ғана емес. Ол жылдардың астарында ұрпаққа берген ұлағатпен төгілген тер, тәрбие ісіне жұмсалған мұқалмас қажыр-қайрат жатыр. Өзі он бес жылдай уақыт директоры болып келе жатқан, бұл күндері «Ұласты» совхозының 800-ге жуық баласы дәріс алатын көсем есіміндегі алтын ұя атағы аудан асып, облыс, республикаға әйгілі болып отыр. Оның оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуын былай қойғанда, өнерпаздарының өзі он-он бес жыл көлемінде жүлделі орынды қолдан беріп көрген жоқ. Асқардың басшылығымен мектеп мұғалімдері де сабақтан бос уақыттарында концерт, пьеса дайындап, ауыл-селоларда өнер көрсетіп тұрады. Осының бәрі мектеп басшысының өнерге құштар көңілінен туындап жататын жарқын ойларының жарасымды көрінісі.

Асқар мен жұбайы Нағима он бала тәрбиелеп өсірген бақытты шаңырақтың қос босағасы іспетті. Ислямовтар әулетінен шыққан сегіз педагогтің бесеуі В.И. Ленин атындағы орта мектепте еңбек етеді. Ал оларға бал бөбек немерелерін қоссаңыз тамырын тереңге тартқан саялы бәйтерек дерліктей. Отыз жыл отасқан өмірлік серігі Нағима бұл күнде ардақты ана, отыз жылдай шәкірт тәрбиелеген аяулы ұстаз, «ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі». Советтік өмір салтына сай ғұмыр кешіп, сауатты да саналы, адамгершілікті азаматтар өсіріп шығарған тағылымды тарландардың өнердегі жолы бір басқа. Балаларына, олардан немерелеріне тараған сезім сергектігі, өнерге деген құштарлықтың мөлдір тұмасы ата-ананың шалқар шабытынан бастау алған. Солардың жетекшілік етуімен ағынды арнаға түсіп, толысып, шыңдалып келеді.

- Ансамбль репертуарын құрғанда Отанды сүю, бейбітшілік тақырыбын қамтуға, жас ұрпақ бойында интернационализм, патриотизм рухын қалыптастыруға тырысамыз, - дейді Асқар. – Сондай-ақ, асыл қазынамыз саналатын халық творчествосы да үнемі бағдарламамыздың бел ортасынан орын алып келеді.

Педагогтер әулетінен тұратын жанұялық ансамбль облыстық көркемөнерпаздар байқауында бірінші орынды жеңіп, құрмет грамотасымен марапатталды. Көркемөнерпаздық творчествоны дамытудағы белсенді еңбегі үшін Асқарға облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің грамотасы тапсырылды.

Жұмағазы Игісінов, Сыраж Әмірханов.
Тарбағатай ауданы, Шығыс Қазақстан облысы

МУЗЫКАНТТАР

Тарбағатай ауданындағы «Ұласты» селосының тұрғындары бұл жаңұяны «Мұғалімдер үйі» деп орынды мақтанышпен атайды. Жаңұя басшысы – Асқар Ислямов селодағы В.И. Ленин атындағы орта мектептің директоры, ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі, ҚКСР Еңбегі сіңген мұғалім. Ал оның жұбайы он бала тәрбиелеп өсірген «Ардақты ана» Нағима Сатыбалдинаның да кеудесінде «ҚКСР Халық ағарту ісінің үздігі» белгісі жарқырайды. Олар еңбек озаттары ғана емес, ауылды әсем ән мен күйге бөлеген, айналасына өнеге дәнін шашқан үлгілі шаңырақ. Бүкіл облыс көлеміне танымал Ислямовтар ансамблінің құрамында сегіз педагог, бір инженер, екі студент, үш оқу озаты бар екен. Өнегелі жаңұя аудан, облыс еңбеккерлері арасында жиі-жиі өнер көрсетіп тұрады.

Батима Рахымжанова

6-бөлім

САРТАП БОЛҒАН САҒЫНЫШ

«Қуат беріп құшағың,
Қанат бітіп ұшамын»

Нағима

«Мен деп кірпік қақпаған,
Мексіз тағам татпаған
Бақыты үшін Аманжолдың
Аман-сау бол базарлым»

Асқар

...Сүйіспеншілікпен ғана үйлену қызықты, ал гәп жұбайдың әдемілігінде емес, сүйіктілігінде... екенін өмір көрсетеді...

А. Ислямов

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға, ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға

Абай

Ұстаз болу – сезімінің ақындығы, ұстаз болу – жүректің батылдығы

Ғафу Қайырбеков

Мектеп – болашақтың дүкені, болашаққа қызмет ету парасатты іс

А. Ислямов

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі!..

Халық даналығы

Өмір де мысал өлең секілді, ұзақтығымен емес мазмұнымен өлшенеді

А. Ислямов

Өз үйінде бақытқа жеткен – дүниедегі ең бақытты адам

Л. Толстой

ОРНЫҢ ТҰРАР ОЙСЫРАП...

Күнім қайда баяғы жайрандаған,
Қатар жүріп өзіңмен сайрандаған.
Айрылған соң өзіңнен асылым-ай,
Жағада қалған кемедей өмірім енді қайрандаған.

Әнім қайда баяғы салатұғын,
Тыңдаушы жұрт япырай тең қалатұғын.
Бала-шаға ер жетіп, үлкен орда болды бүгін,
Барлығы ол кездерде бала тұғын.

* * *

Көрдім сенің жүзіңнен бір ұшқын,
Сезіміңді бағалап, жар ғып сені мен құштым.
Өмір атты айдында қол ұстасып,
Бірге жүріп, бір жүзіп, бірге ұштым.

* * *

Ризамын алланың бергеніне,
Көздің жасын құдайым көргеніне.
Сыңар қаздай жүргенде бүгінде мен,
Ортасында ұрпақтың ризамын жүргеніме.

* * *

Толғанттырған ойларымның ұстатпайды бір ұшы,
Сондықтан да жазылмайды жүрегімнің құрышы.
Ақыл айтар ақылшым жоқ қасымда,
Бөле алмадым ойымның бұрысы мен дұрысын.

70-тен асқан жасым бар,
Ойлайтұғын 10-ды кішкене ғана басым бар.
Қорғап, қорша құдайым, балаларды,
Көре алмайтын дос, дұшпаным, қасым бар.

* * *

Қыздарым бар алты қырдан асатын,
Ұлдарым бар әке ізін басатын.
Маңғаз болып келе жатса әкесі,
Айбатынан досы тұрмақ дұшпаны да
сөз таба алмай сасатын.

* * *

Ермегім мен Сарашым – таудағы ескен самалым,
Шаршағанда шалдығып сендерден қуат аламын.
Әкең жоқ қой ақыл қосар қасымда,
Сондықтан да екеуіңсің сүйенішім,
өйткені үлкенісің баланың.

* * *

Орның бөлек әрқашан да Аманым,
Келген кезде сен үйге
Әкеңді көргендей боп қаламын
Артындағы Амангелді, Тәкенім, Аманжолым,
қосылғанда бастарың
Қуаныштан қуат алып нәр береді
әлсіреген басымдағы санамның.

* * *

Елеңдеп шіркін жатушы еді,
Қашан келеді Тәкен деп.
Есік қақса,
«Бар, ашшы, келді ғой» деп Тәкенің.
Жас балаша сұраушы еді,
Берші маған не әкелдің.
Енді-енді білерсің, шаршағанда
Қадірін шіркін әкенің.

* * *

Сүйдім бүгін ұл-қыздардан немере,
Немереден – шөбере.
Әкесі мен шешесіндей өсіп жетсе шөбере,
Айтыңдаршы, бақыт емей немене?!

* * *

Үлкен ғой немеренің азаматым – Ержаным,
Ерді артыңнан ұл мен қыздар,
алла берген немерем,
Бәрі келіп асыр салса үйімде,
Сол бір кезде зор бақытқа кенелем.

* * *

«Аңсаған» деп атын қойған атасы,
Сусын ішіп, қолынан беріп кеткен батасын.
Қабыл болып бітір жоғары оқу орнын,
Парасатты, ақылды дәл әкесі секілді.

* * *

Төрт келінім – үйімнің төрт бұрышы,
Біріктірген бұрышты ұлдарым ғой,
болаттай берік құрышым.
Ұл-қыздарым аман боп ортасында жүрсем мен,
Жараспай ма тұрған менің тұрысым.

* * *

Алты қызым – сары арқадан ескен самалым,
Құдай қосқан қосақтары – алынбайтын қамалым.
Аялаған әлпештеп әке менен шешенің,
Еш кетпейді, ризамыз өтіп кеткен заманым.

* * *

Көргеннен көрмегенің көп екен ғой,
Барлығы алақанның кірі екен ғой.
Бала деп соғатұғын қайран жүрек,
Алдамшы көңіл күйдің бірі екен ғой.

* * *

Жетпіс жас жермен көктің арасы екен,
Ұлғайған соң ақыл-ойда кемшілік болады екен.
Ақыл-ойдың кемеңгері – Асыл жарым,
Япырай, қасиетті шаңырақтың пірі екен ғой!

Сарғайып отырамын күні-түні,
Қаншама мықты болып жүрсеңдағы.
Сол бір кезде елестейді жастықтың кейбір күні,
Түспейді қасіреттің ешбір жүгі.

* * *

Құдам кепті ердің жасы 50-ге,
Жиналыпты дос-жараның тілеуге.
Құдағимен бірге жасап әрі қарай,
Тілектеспін 100 жасқа да келуге.

Құтты болсын 50 жылдық тойыңыз,
Орындалсын армандаған ойыңыз.
Аман-сау болып әрқашан,
Сау-сәлемет болыңыз!

* * *

Баланың күні өзімен
Күтемін тосып күнімен,
Сол бір кезде Асекең түсіп есіме,
Шығарам жасты көзімнен.

Япырай, қиын екен тағдыр деген,
Айырды ажал шіркін бізді сенен.
Болса да ұл-қыздарым дәл өзіңдей,
Ойсырап тұр орының дегенменен.

Өткіздік талай тойды сен кеткелі,
Қайғы-мұң кетсе дағы шарлап бойды.
Атыңды жалғастырып бір ұл келіп,
Асқаржан деп Аманың атын қойды.

Өсірдің он баланы бір баладай,
Болды бүгін барлығы ортаң қолдай.
Әке салған сара жол түзу ұстап,
Ата-баба аруағы бәріңді жүрсін қолдай!

* * *

Өмірдің жолы қиын бұраңдаған,
Бірде ыстық, бірде суық тұра алмаған.
Таттым ғой сол өмірдің ащысы мен тәттісін,
Білмеймін аз ба көп пе қалған өмір,
Алаңсыз ойланбайтын жайма шуақ күнім
бар ма қалған?

Әлпештеп әлдилеген білегім-ай,
Ер жетіп өссе екен деп аласұрған жүрегім-ай.
Алды елуге соңы отызға келседағы,
Түн ұйқыны төрт бөліп амандығын тілеймін-ай.

Өмірдің жолы қиын бұраңдаған,
Сондықтан да бірқалыпты тұра алмаған.
Тізгінін ақылменен ұстамасаң,
Жалт беріп кете берер бір күн саған.

* * *

Түсті оқуға жоғарғы,
Анар, Ажар, Алтынай.
Бола ма деп ойлаймын,
Атасының атағы мен атына сай.
Диплом алып Аңсаған,
Әкесі мен шешесінің көңілі жай.

* * *

Биік таудан салқын самал еседі,
Жалғасыма арналған салтаннаты кеш еді.
Көрмесе де кейінгі ұрпақ ұл-қызды,
Көз көргендер «Арманы жоқ Асекеңнің» деседі.

Отырыңдар қонақтарым жайланып,
Би билеп, ән салуға сайланып.
Ұрпағың бар барлығыңның алдында,
Келер деймін мұндай қызық барлығыңа айналып.

«Ештен де кеш жақсы» дейді қазағым,
Десадағы мазалайтын жүрегімді бар еді бір азабым.
Ризамын, әке болды Амангелді ұл мен қызға,
«Сабыр түбі – сары алтын» деген рас, қазағым.

* * *

Өсіп келеді Дильназ бен Асқаржаным,
Қуантады атасы мен ағай, апайларын.
Аллам берген бүгінгі ұл мен қызды,
Қорғап жатшы аруағы ата-бабалардың.

* * *

Кенжекейім Аманжолдан
Көрдім бүгін Жалғасты.
Жасап жатыр тойларын апайлары, ағасы,
Толтырды деп бір жасты.

* * *

Әлсін-әлсін қараймын терезеге,
Жүрегім секем алып әлденеге.
Даладан есік қақса, жүгіремін,
Балапаным келді деп әке міне.

* * *

Мәншүгім!
Ғылымның шықтың биік шыңына,
Жолыңды берсін ұлың менен қызыңа.
Мақтанышы болып еліңнің,
Қарап тұрсын досың тұрмақ дұшпаның да қызыға.

Көк шалғындай өсіп келеді Қуаныш,
Шаршағанда – шалдығың, болған саған жұбаныш.
Ата мен апа болдыңдар бұл күнде,
Қыз-күйеу әкеп берді дүниеге Дильшат деген немере.

* * *

«Зәукем менің, Зәукем» деп көруші еді ерекше,
«Отыршы, кел қасыма» деп айтатұғын ақылды әр кеште.
Папаң айтқан әр сөзін,
Ұстағайсың әр уақыт сен есіңде.

Өмірдің неше алуан күнін кештім,
Болсада қиындығы үзбей, жібін шештім.
«Шаңырақты шайқалтпай, мықтап ұста,
Бақытты боласың сонда» депсің.

Нағима Сүлейменқызы

ӘКЕМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

«Басыңда әке айтпаса ақыл жарлығын,
Ағайын табылмаса ой салармық»

Абай

Асыл әке! Әкенің асылдығы – мерейі, мейірі өз ұрпағынан асып, көпке де жарығы, жылуы түсер қасиетінде болмақ. Көз ашып көргелі

көрген білгеніміз – ол әкенің асылдығы. Осындай әке болғанға біз марқаймыз, мақтанамыз. Біздегі махаббат сезім болса, әкеміз бойымызға еккен, ойымызға сіңірген өнеге, тәлім, өмірге деген құштарлық, сүйіспеншілік шарапаты, мейірімділік, көпшілікке ізет ізділігі.

Әкеміздің ерекшелігі бізді көппен жолықтырды, жақсы мен жайсаң, көрікті мен көркем, сері мен сергек, қарулы мен қайрат иесі, күрескер және қайраткерлермен жолықтырды. Солардан ұғымға нәр, сезімге леп, ақылға ніл түйсенген болармыз. Сол ортаны сыйлағанына мың рахмет.

Әкеміз «Өмір – күрес» екенін, оның да сыйлар еншісі еңбек екенін ұқтырды. Тайталасқан тартыс өмір үшін, өр үшін, өрлеу үшін талас деп ұқтырды. Әкенің әрқайсымызға беріп кеткен қазынасы да осы пейіл мен мейір өнеге тағылымы болса керек.

Әкеміздің мінезі Тарбағатайдың кең даласы, өзі туған Қызылкесіктегі тік жартастар, аққан тау бұлақтары сияқты көз алдыма елестейді. Көрегендігі, өткірлігі, болжауы, шапшаң шешімі, сол табиғаттан қуаныш пен ашулы сәттер де болатын. Осының бәрі де біздерге сабақ еді. Кейде ағынан жарылып, Алатаудай мінез, бітім таныту әкемізге тән мінез еді. Осындай әкенің баласы болу – бақыт та әрі ауыр жүк, әрі сын да – сый. Осының бәрі Асыл әкеден дарып бізге, өзгеге тарар қасиетпен міндеттер болары парыз.

Әке аруағы алдында арды иманға, иманды арға жүгіндірген ұрпақтарының жүрегі ұзаққа соқпақ.

Аман Асқарұлы
ҚР Халық ағарту ісінің үздігі

* * *

Әке туралы ой толғау өте ауыр, сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Әкем мені оқытты, еркелетіп, әлпештеп өсірді, ер жеткізді. Бірақ менің үйленіп, отау құрғанымды көре алмай, «осы қара шаңырақтың иесі сенсің, есінде болсын!» деп кетті. Ал қасиетті қара шаңырақтың иесі болу, асқар таудай әкемізден қалған қасиетті шаңырақты ұстап қалу өте

ауыр жүк. Мен күнде жұмысқа барарда әкемнің сол сөздерін бір рет ой таразысынан өткізіп, оның аруағына сиынып, төрімде ілулі тұрған суретіне болса да басымды иемін.

Аманжол Асқарұлы

АТА, СІЗДІ САҒЫНЫП ЖҮРМІН!

Ата, мен Сізді мақтан тұтамын. Балалық шағыңыз өз замандастарыңыз сияқты еліміздің ауыр кезеңдеріне тап болыпты. Қолтығыңыздан демер ешкім болмаса да бірбеттілігіңіз, қажырқайратыңыздың арқасында өсіп-жетіліп, тамаша ұстаз болыпсыз. Маған Сіздің осы қасиеттеріңіз ерекше ұнайды. Сізге қарап, еңбегіңізді үлгі етіп, мен де өз бетіммен Сіз шыққан биіктерге ұмтылғым келеді.

Тағы бір мақтан тұтарым – Сіз маған өзіңізге тартқан әке сыйлағаныңыз. Ол да еңбеккор, Қазақстан Халық ағарту ісінің үздігі, білімді, білгірлігі қандай?! Екі тілде еркін сөйлей алады, қай жұмыста болмасын оны ел мақтайды. Бірақ Сізге қарағанда қаталдау сияқты, бетімнен сүйетін кездері көп емес, еркелеп, жалқау болып кетеді деп ойлайды-ау деймін. Кейде үлкен адамдар балаларды түсіне бермейді, өз заманы, өз өміріне қарап талап қояды. Ал біздің өз көзқарасымыз, өз пікіріміз, өз арманымыз бар. Сіз тірі болсаңыз әкем туралы бірер шағым айтар едім. Ал Сіз оған: «Аманжан, мына Ажардың жүрегі нәзік, өзі ақынжанды қыз, еркелетіп өсір», - деп айтар едіңіз-ау! Амал қанша!

Ата, Сіздің тағы бір бақытыңыз шәкірттеріңізде екен. "Қазақтың Қанипасы" атанып жүрген менің ұстазым Қанипа апай 8-11 сыныптарда Сізден, Нағима апамнан білім алыпты. Кейін мектепте де бірге жұмыс істепсіздер. Жамбыл гимназия-интернатындағы Қанипа апайдың авторлық класына өзім сұранып, оқуға кірдім. «Балалар, Ажар менің аяулы ұстаздарым, Асқар ағай мен Нағима апайдың немересі, текті жердің ұрпағы, достасып, мені қалай сыйлайсыңдар, мен сендерді қалай сыйлап жақсы көрсем сендер де бұл балаға солай қараңдар» дегенде көзіме ыстық жас келіп, Сіздер үшін мақтанып қалдым. Қанипа апай

Сіздің қалай сабақ бергеніңіз, еңбекқорлығыңыз туралы сыр шертсе, Нағима апамның сұлу болғанын, әнші болғанын айтып отырады.

Ата, мен Сізді қатты-қатты сағынып жүрмін. Естисіз бе?..

Немереңіз Ажар Ислямова

СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ

30 октября 2002 года исполняется год, как после продолжительной, тяжелой болезни ушел из жизни замечательный человек, педагог с большой буквы, патриот своей Родины Ислямов Аскар Жумагулович.

Один из первых выпускников Усть-Каменогорского педагогического института за полувековую непрерывную работу на ниве просвещения он стал Отличником народного образования СССР и Казахской ССР, «Заслуженным учителем Казахской ССР» и знатным педагогом – новатором, известным не только в районе, но и в области и республике.

Наш покойный Асеке был основателем и главой известной семейной педагогической династий, материалы о которой помещены в Московском музее великого Антона Семеновича Макаренко. Общий педагогический стаж этой династии в настоящее время составляет почти 270 лет. Он был одним из инициаторов в республике движения семейных музыкальных ансамблей. На республиканском смотре-конкурсе его семейный ансамбль занял первое место. Об этом в свое время был снят специальный телефильм.

Он был также участником Выставки достижений народного хозяйства (ВДНХ СССР), дипломантом Правления Советского Фонда Мира за активное участие в деле укрепления всеобщего мира.., участником многих партийных и педагогических форумов района, области, республики, депутатом районного Совета депутатов трудящихся ряда созывов и наконец является автором, изданной в 1998 году автобиографической книги – гумырнама «Өмір өткелдері» («Годы жизни») - своего рода эпопеи его непростой жизни.

В школе имени Ленина Тарбагатайского района, где многие годы директорствовал наш Асеке, был накоплен богатый опыт трудового, военно-патриотического и нравстенного воспитания учеников. Методика совершенствования учебно-воспитательной работы в этой школе в свое время был обобщен областным отделом народного образования и министерством просвещения Казахской ССР. На базе этой школы проводились районные, межрайонные совещания и активы учителей, с участием первых партийных руководителей района и области.

Наш покойный Асеке был кавалером многих правительсвтенных наград, а также почетных грамот и дипломов. О нем как о педагоге-новаторе, о его педагогической династии, семейном музыкальном ансамбле, как о многодетной семье (десять детей), и матери-героине его супруги Нагимы писали многие республиканские газеты и журналы: «Рудный Алтай», «Коммунизм туы», «Ленинская смена», «Казахстанская правда», «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс» и другие.

Аскар Жумагулович обладал высоким профессионализмом, целеустремленностью, большими организаторскими способностями. В то же время он был лично очень скромным, но требовательным к себе и подчиненным. Пусть дело которому себя посвятил наш покойный Асеке, его стремление утверждать в своих учениках общечеловеческие ценности Добра, Мира, Справедливости озаряет путь его потомкам.

Соратники, друзья, коллеги,
ветераны войны и труда

АСЕКЕ

Аскар Жумагулович Ислямов для меня был педагогом с большой буквы. Горько, тяжело конечно, о нем сейчас писать в прошедшем времени «был». Однако, такова реальность. Его нет рядом с нами. Он отошел в «лучший мир», как обычно пишут в таких случаях.

В пять лет он лишился матери, в 12 лет – отца, потом детдом,

интернат, горькая сиротская доля, голод, холод. Но он не сломался, выстоял все невзгоды, выучился.

Семнадцать лет учительствовал. Потом 30 лет директорствовал. Общий педагогический стаж более 50-ти лет. Это сухие цифры статистики его жизни, жизни непростой, охватывавшей все периоды взлета и падений бывшей Советской страны, как мы еще недавно писали.

Как педагог вся его жизнь была посвящена воспитанию подрастающего поколения в духе патриотизма, преданности социалистическому отечеству, как мы говорили в недавнем прошлом, уважения к духовному наследию историй и культуры Родины.

Да, в недавнем прошлом учителя тоже считались бойцами идеологического фронта. А наш дорогой Асеке, как я обращался иногда к нему, долгое время был лектором райкома партий, участником многих активов и совещаний идеологической направленности. И в этом плане Аскар Жумагулович как директор школы был проводником многих мероприятий в школе военно-патриотического характера.

Мы с Асеке часто встречались, подолгу беседовали. Разговоры конечно касались пресловутой перестройки, последующих событий.

Развал Союза, крушение экономики, сокращение и закрытие детских садов, больниц, школ, забастовки учителей на просторах СНГ, как старый коммунист-педагог Асеке переживал как личную трагедию.

После написания своей книги-гумарнама «Өмір өткелдері», которую можно перевести как «Пережитое», Асеке намеревался дополнить её новым разделом «Взгляды на перестройку и демократию» (рабочее название), где хотел изложить свое видение проблемы, в связи с девальвацией понятия «демократия». Однако в сентябре 2001 года он сильно заболел, так-как и до этого хворал, и вскоре его не стало.

Эти свои маленькие записи я назвал «Асеке» не потому, что я так захотел. В это слово «Асеке» я вкладывал свое глубочайшее уважение к нему еще при его жизни. И вкладываю в это слово «Асеке» глубокий

смысл и уважение и сейчас к его памяти. К памяти человека являющемуся одним из потомков великого Батыра Кабанбая, к памяти человека родившегося на древней земле Тарбагатая, и прах которого приняла в свои объятия древняя земля моего родного Уланского района. Пусть эти мои слова будут восприняты не как панегирики, а как дань памяти Человеку с большой буквы.

Кусаинов Муканай Кусаинович
15.08.2003 г.

* * *

ЕРЕЖЕП МӘМБЕТКАЗИЕВ
Қазақстан-Американ еркін университетінің ректоры, академик

Асекең – біздің Шығыс еліне еңбегі сіңген үлкен азаматының бірі. Мен осында 18 жыл бұрын алғашқы пединституттың мұғалімдер дайындайтын үлкен оқу орнының ректоры болып келгенде, үлкендігіне қарамай, маған келіп: «Елге бір ақылды азамат келсе, елдің ағалары келіп сәлем береді», - деп маған сәлем берген.

Міне, сол кезден бастап мен ол кісіге риза болып, өзімнің осы салада істеген ісімді әр уақытта, күнде ақылдаспасақ та: «Асеке, қалай болып жатыр? Істеп жатқан іс дұрыс па, ойыңыздан шыға ма?» - деп тұратын ел ағаларының бірі. «Елдің артында көп алтын қалғанша, жақсы аты қалғаны игі еді» дейді. Бұл қазақтың үлкен сөзі. Бұл кісінің алтыны да, қалған игі ісі де – ол кісінің еңбегі.

Еңбектің талай-талай түрлері бар. Сол еңбектің ішінде бұл кісі білім саласында қызмет етті. Ол кісі жай ортада емес, алыстағы тұратын ел балаларына білім берген адам.

Біз үшін Асқар Ислямұлы білім саласындағы көрнекті тұлғалардың бірі болып қала береді.

* * *

ВАЛЕРИЙ ЗУЕНКО
Директор политехнического колледжа ВК

Мне в жизни во многом повезло. Потому что, на своем педагогическом пути, а это уже более 35-и лет, я постоянно встречал хороших, прекрасных людей. Самое первое место среди этих прекрасных людей, конечно занимает Аскар Жумагулович Ислямов. Еще 1985 году, будучи только что назначенным начальником областного управления образования, я впервые посетил его школу, тогда еще школа им. Ленина Тарбагатайского района.

Перед тем, как отправляться туда мои работники говорили: «Валерий Куприянович, ты едешь в самую хорошую школу. В одну из лучших школ Восточно-Казахстанской области. Будь внимателен, его руководит наш уважаемый ветеран педагогического труда».

И конечно, будучи молодым еще руководителем, я испытывал определенное волнение, ответственность. Потому что, это была наша первая встреча с Аскар Жумагуловичом. И мое предчувствие оправдалась. Мы очень быстро нашли общий язык, очень быстро разговорились, поняли друг-друга. Я понял, что передо мной сидит действительно талантливый человек, талантливый руководитель, талантливый педагог.

С такой душевной теплотой он говорил о своей школе. Сколько много он рассказывал о тех трудностях, о тех заботах, с которыми он создавал эту школу. С какой гордостью он говорил о своих учителях, о своих детях. Я прекрасно помню до сих пор эту школу, те прекрасные уютные коридоры, это хорошо оборудованные предметные кабинеты. А самое главное, конечно, содержание работы школы. В то время очень большое внимание уделялось работе по воспитанию гражданского

патриотизма, по воспитанию уважения к людям труда, участникам Великой Отечественной Войны. Музей этой школы, музей боевой трудовой славы, мы до сих пор вспоминаем его. Это его заслуга, заслуга его коллектива. И мы все время во всех своих выступлениях говорили об огромном труде самого директора и его педагогического колектива по воспитанию этого патриотизма, уважение труду, человеку труда, человеку прошедшему в годы войны, уважения к родителям.

Об Аскар Жумагуловиче говорить как об отце, но тут, наверное нет слов.

Воспитать десять детей. Дать им всем прекрасное образование. И самое главное, в душу каждого, в сердце каждого заложить уважение к человечеству, уважение к людям. Мне к сожалению не по счастливалось быть знакомым со всеми детьми Аскара Жумагуловича. Но я очень близко работал с его сыном – Аманом Аскаровичом. Потому что, он тоже директор школы. Он тоже строил новую школу в Тарбагатайском районе. Тогда мы вместе старались помогать. Но что ему помогать. Это на столько активный работник, был и есть, что такую прекрасную школу создал потстать отцу. Затем он был заведующий районным отделом народного образования. Мы считали его одним из лучших, талантливых заведующих народного образования, преспективным работником. Не зря его неоднакратно приглашали, в то время еще, в местные исполнительные органы. Затем он работал в акимате заместителем акима района. Я знаю, что это очень талантливый руководитель, порядочный, хороший товарищ. Я думаю, что Аскар Жумагулович, хотя сейчас его с нами нет, он оставил прекрасный след на территории Восточного Казахстана. Это – гордость наша, гордость образования нашей области, нашей республики, это – история наша. Я думаю, вот мы работники образования, постоянно должны думать, помнить об этом постоянно, на опыте, на мудрости этих людей учить подрастающее поколение.

* * *

ҚАНИПА БІТІБАЕВА
КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
ҚР Еңбек сіңірген мұғалім

Асқар Ислямұлы – менің ұстазым. 60 жылдары қазіргі Тарбағатайдағы Жетіаралда орта мектеп болған. 11 кластар ашылмаған себепті, 7 класс бітіргеннен кейін 8-де Абай мектебіне бардым. Сонда Асқар аға мен Нағима апай екеуі де сабақ берді. Асқар аға 8 «в» класының класс жетекшісі болды. Мен ұстазым туралы біріншіден, ұстаз ретінде, екіншіден, басшы ретінде айтып өткім келеді.

Ұстаз ретінде айтар болсам, қазіргі айтып жатқан дамыта оқыту элементтері, таным белсенділігін арттыру, осының барлығы сол 60 жылдардың өзінде менің ұстазымда бар болатын. География сабағы өте қызықты өтетін.

Содан кейін ол кісінің бармаған жері жоқ. Денсаулығының нашар болуынан, ол кісі бүкіл Кавказ, Қырымды аралаған адам. Сондағы суреттерінің барлығын көрсете отырып, сабағын өткізген кезде, география пәніне өте қызығатынбыз. Ең алдымен Асқар Ислямұлы тамаша ұстаз болды. 70 жылдардан бастап мен сол туған ауылымда – Тарбағатайда мұғалімдік жұмысымды бастадым. Сол уақытта ол кісі мектеп директоры болып келді. Сол кездегі ауыл мектебін облыс көлеміне дейін көтерді. Ол кісі сондай ізденімпаз, талапкер, еңбеккор болатын. Соған бізді үйретті. Ол кісінің жанында таңертеңнен кешке дейін бірге жүріп жұмыс істедік. Мен мектеп ісінің меңгерушісі болдым. Менің осы уақытта осындай дәрежеге жеткенім сол ұлы ұстаздарымның – Асқар ағай мен Нағима апайдың үлесінен деп ойлаймын.

Нағима апай сондай әсем, сондай көркем, сондай инабатты адам. Ол кісі биологиядан сабақ берді. Міне, осындай тамаша қасиеттерін айтып кетуге болады. Ол кісілердің іс-тәжірибесінен көп дүние алуға болады.

Сондықтан мен сондай ұстазбен бірге жұмыс істегеніме және өзімді оқытқан ұстазым ретінде мен басымды иемін!

* * *

Асекең туралы ата ретінде емес, көбінесе әке ретінде айтуға болады. Мен алғаш институт бітіргеннен бастап ол кісінің үлкен қызы Ермек екеуіміз біргеміз. Менің қызметтегі барлық өсуім, өркендеуім, жалғыз мен емес, барлық кейінгі бажалардың өсуіне, өрлеуіне атамыздың қосқан үлесі өте көп. Себебі, институт бітіріп келген жас маманға ұстаз ретінде, басшы ретінде көрсеткен өнегесі, айтқан сөздері бүгінгі осындай дәрежеге жетуі тікелей атамыздың арқасы.

Алдымен ол кісінің ең үлкен қасиеті – адамгершілік. Екіншіден, өмірге көзқарасының шыншылдығы, әрбір дүниеге, әрбір мәселеге тек дұрыс, заңды болуы керек, тек халықтың, соның артында тұрған адамдардың мүддесін қорғау керек деген қасиеттері айтып кеткен өмірдегі өнегесі болатын. Сол дүниелердің барлығы біздің бүгінгі өмірдегі, қызметтегі барлық өзгерістерімізге тәрбиесі көп әсер етті. Сондықтан атамыздың ең бірінші бүгінгі күнге дейін ұмытылмай жүргені, қалдырған іздері ұстаздықта өзінің оқушылары болса, одан кейін балалары және соларды оқытқаны, оларға берген ең бірінші тәрбиесі – оларды адам етіп жеткізгені. Жалғыз маған емес, менің жанұяма да, балаларыма да, немерелеріме де көрсеткен тәрбиесі зор. Себебі, мен өзім әкеден ерте қалдым да ол кісінің маған деген көңілі өте жоғары болды.

Іргебаев Тұрсұнхан Құсманұлы

* * *

1978 жылы қазан айының 7-сі күні Сараш Асқарқызы екеуіміз жұбымыз жарасып отау тіккеннен бастап папамыздың (мен ол кісіні бірінші күннен бастап солай атап кеттім) маған деген ыстық ықыласын, әкелік мейірі мен қамқорлығын бірден сезіне бастадым. 1979 жылы педагогикалық институтты ойдағыдай аяқтап, папамыздың еңбек етіп

жатқан мектебіне (В.И. Ленин атындағы) жұмысқа орналасып, еңбек жолымды бастадым. Аз уақыт ішінде бұл мектептің аудан, облыс көлемінде оқу-тәрбие ісі бойынша барлық салада алдыңғы қатарда тұрғандығын аңғара бастадым. Алғашқы еңбек жолымдағы қиыншылықтарды папамыздың басшылық жасап, ақыл айтуларының арқасында ғана жеңе білуге тырыстық. Ол кісінің осы мектепті 22 жыл бірқалыпты басқаруының өзі біз үшін үлкен дәріс деп білемін. 7 жыл осы мектепте жұмыс істегенде папамыздың жеке басынан көп нәрсе үйрендім. Әсіресе, адал болуды, таза жүруді, адамгершілік қасиетті жоғары ұстауды біздің көкейімізге құйып берді. Сол мектепте жұмыс атқара жүріп, еңбегімнің жемісі КСРО Жоғарғы Советі президиумының «За трудовое отличие» медалімен бағаланды.

Кейіннен қызмет бабымен Қабанбай совхозының профком председателі, соңынан «Шорға» жұмысшылар кооперативінің председателі қызметінде жүрсек те, папамызбен тығыз байланыста жүріп жұмыс атқардым.

Алғаш жанұя болғаннан бастап, күні бүгінге дейін ол кісінің орны мен үшін өте ерекше, мен үшін ондай адам менің өмірімде бір-ақ рет болған шығар. 50 жасты ассақ та дәл қазір, дәл бүгін, дәл қазіргі минуттарда папамыздың әкелік қамқорлығы, ақыл-ойы, мейірімі, біздер үшін керек.

Әміров Төлеухан Аколлаұлы

* * *

Асқар Жұмағұлұлын қазақтың «Макаренкасы» десем, артық айтпаған болар едім.

Атамның үшінші қызы Мәншүк екеуіміздің бас қосқанымызға 25 жыл уақыт болды. Алғаш жанұя құрып, үлкен өмір жолын бастағаннан бастап, мен үшін атамның қосқан үлесі өте көп. Мені адам қылып жеткізді десем, артық айтпаған болар едім. Сол кісінің арқасында мұғалім болып, содан кейін университетте жұмыс істедім. Кандидаттық,

докторлық диссертациялар қорғадым. Сол ғылыми еңбектерімнің барлығын атама арнадым.

Ол кісінің маған деген көзқарасы, қарым-қатынасы ерекше болды. Үнемі ақыл-кеңес айтып, қолдап жүретін. Күйеу балалары мен келіндерінің ешқайсысын балаларынан кем көрген емес.

Министрлікке келуім де тікелей атамыздың арқасы. «Өзіңді көрсет, жұмыс істе, бірақ дандайсыма» деп ақылын айтып, пікірін ұсынған еді. Міне, соның арқасында қазір Астанада жоғары оқу орындары басқармасының бастығы болып қызмет істеймін. Атамның аруағы қолдап, қоштап жүрсін!

Құсайынов Ғабит Мұқанайұлы

* * *

Аташым, асылымсың, қымбаттымсың,
Құлағымнан кетпей қойды-ау қамқор үнің.
Сағынышпен еске аламын күнде сені,
Тұмарымдай сақтап жүрмін жүрегімде,
«Адам бол!» деген сөздеріңді.
Сағынамын аяулы, ыстық алақаныңызды,
Сағынамын асыл, өткір көздеріңді,
Кірген сайын бөлмеңізге, қарай берем суретіңе,
Сағынамын, аташым, сағынамын.
Топырағың торқа болсын, атажаным!
Немерелер жалғастырды ата салтын,
Сағынамын, аташым, сағынамын!

Немереңіз Ажар Ислямова

ХАТТАР, ХАТТАР...

ШЫМКЕНТТЕН СӘЛЕМ

Сәлеметсіздер ме Нағима апай, Асқар ағай және «Балдырған» ансамбілінің мүшелері!

Сіздерге сәлем жолдаушы шымкенттік қыздарыңыз Гүлзия Мұрашова. Сіздер жайлы журналдан оқып, хат жазып отырмын. Хат жазғандағы мақсатым, сіздер секілді өнерлі, өнегелі семья мүшелерімен танысып, хат жазып, пікір алысып тұрғым келеді. Тағы бір себеп, сіздерден бір бұйымтайым бар, хат соңында айтармын.

Ал, өзімді толығымен таныстырсам, мен Шымкент облысы, Келес ауданы, Г.Димитров атындағы бөлімшеде тұрамын. Жасым 18-ден асты. Папам, мамам бар. Папам мектепте электрик болып жұмыс істейді. Мамам үй шаруасында. Өзімнен үлкен ағам, әпкем және екі інім, екі сіңілім бар. Өзім 1983 жылы мектеп бітірдім, оқуға бармадым. Кім болатындығымды білмейтінмін. Биыл барамын, қазір дайындалудамын.

Біздің совхоз – мақта совхозы. Бізде мақта өсіріледі. Мен мақта бригадасында жұмыс істеймін.

Сіздерді журналдан көріп, қатты қызықтым. Концерттеріңізді көруге құмарттым. Ән, музыка дегенде ішкен асымды жерге қоямын. Өзім ән айтуды өте жақсы көремін.

Бұрын аздап домбырада және гитарада ойнайтынмын. Жақсы білмегендіктен, үйретететін кісі болмағандықтан қойып кеттім. Домбырамен орындалатын ән-күйлерді өте жақсы көремін.

Ал, бұйымтай деп отырғаным мынау: сіздер маған кішірек концерттеріңізді магнитафон лентасына жазып алып, бандероль арқылы салып жібере аласыздар ма? Касетаны барынша жұмсақ затқа орап, соңынан бандерольге орап жіберуге болады.

Мен осылайша сіздердің концерттеріңізді тыңдамақшымын, егер өтінішімді жібере алсаңыздар, ол менің өмірімдегі ең үлкен естеліктің бірі болып қалар еді. Қуанышта қалар едім.

Сіздерге зор денсаулық, баянды да ұзақ өмір тілеймін. Мөлдір аспан астында шырқаған әндеріңіз бейбітшілік құстары қанатымен бірге алыс-алыстарға шарықтай берсін! Сау болыңыздар, сонымен хаттарыңызды күтемін.

Сәлеммен Гүлзия
Менің мекенжайым: 487342
Шымкент облысы, Келес ауданы,
«Чапаев» совхозы, «Г. Димитров» бөлімшесі.
18.02.1985 ж.

ҚҰРМЕТТІ ТУЫСҚАНЫМЫЗ, АСЕКЕ

Қалай, сау-аман жүріп жатырсыз ба, үй-іші, бала шағалар тегіс аман ба, бәйбішеңіз сау ма?

Ал, бізде аман сау жүріп жатырмыз, қал-жай жақсы. Мен таяуда өзіміздің ауыл Қызылкесікке барып қайттым. Ондағы сіздің өте жақын туысыңыз Уәлиев Қыдырмолда ағанікінде болып Сіздің жағдайыңызды толық айттым.

Бөшік баласы Тілеуліден жетеу екен. Олар: Сүлеймен, Батпақбай, Солтақбай, Әміре, Қоразғали, Жақсылық, Түсіп аталарыңыз екен.

Сонда, Қыдырмолданың әкесі Уәли, оның әкесі Түсіп Батпақбаймен бірге туысады, бұл кісінің Сізге қандас туыс екенін осы арадан байқайсыз.

Қыдырмолда аға Сіздің 1932 жылдары кеткеніңізді және Сіздің бірге туысқан ағаңыз бар еді дейді.

Жұмағұлдың балалары Сләм, Солтан, Құдайберген еді деп біліп отыр. Солтан 1936 жылдары әйелі өліп қалып елге бір айланып келіп, біраз тұрып, қайта кетіп қалған дейді. Қыдекең қазір 73 жаста. Соғысқа қатысып келген, бәйбішесі бар, балалы, шағалы, немерелері бар, жақсы тұрады. Сіздердің Ақжар жақта тұратындарыңызды біледі екен. Мен, кәртейдім ғой, іздеп бара алмаспын, жасы кіші, біздің көз тірімізде келіп

бала-шағаларды таныстырып, кіндік қаны тамған ата-бабасының жеріне келіп кеткені жөн ғой дейді. Келсе туған жерін, әкелерінің қорасын, ата-бабаларының зиратын аралатып көрсетем дейді. Батпақбай атаңыздың 15 жасында болыс болғанын біледі. Ал ол кісінің қандай атағының шыққанын, қандай есте қалар әңгімесін білмейді.

Қыдыкеңнің бәйбішесі Мәмпәс деген, сөзге зулап тұрған жеңгеңіз бар. Мына тұрған Ақжарда жүріп 60 жыл бойы туған жеріне жете алмай жүрген бауырың бір нашар жігіт қой деп күледі Қыдыкеңе. «Елдің туысы Қытайдан, Монғолиядан, Түркиядан келіп қайтып жатқан жоқ па» деп Қыдыкең екеуімізді жеңіп кетті емес пе. Батаң 40 жыл болыс болған.

Әзірге басқа айтар жоқ, сау болыңыз, үй-іштеріңізге көп сәлем айтыңыз. Хат жазыңыз. Сәлеммен туысқаныңыз Мәукіл.

27 қараша, 1991 ж.

Менің мекенжайым: инд. 491840
Семей облысы, Ақсуат ауданы,
Ақсуат селосы, Сәтбаев көшесі,
№6 үй, Ахмеров М.

ТАНЫСУ ХАТЫ

Сәлеметсіздерме, Ислямовтар семьясы!

Қал-жағдай, денсаулықтарыңыз қалай? Қандай жаңалықтарыңыз баршылық, ауа-райы сіздерде қалай?

Ал, бізден хабар білмек болсаңыз, жайлап, табиғаттың берген денсаулығы арқасында жүріп жатқан жай бар.

Сіздермен өзіміздің сүйікті журналымыз арқасында таныс болғалы отырмыз. Менің жасым жиырмада. Атым – Мәншүк, 1964 ж. 1 сәуірде дүниеге келіппін. Професиям – киномеханик.

Сіздердің семьялық «Балдырған» ансамблімен жалпы таныс болғанмен, еріксіз қолыма қалам алғызды, өйткені семьялық ансамблімен сурет бойынша толық аты-жөніңіз берілмегені қатты ой

қозғайды. Балаларыңыз, келіндеріңіз, професиияларыңыз жөнінде сыр шертіп, толығырақ таныссақ деп ойлаймын, егер айып етпесеңіздер. Мүмкін құрдастарымыз табылып қалар, кім білген!?

Осымен қысқаша хатымды аяқтаймын. Хатқа жауапты дер кезінде жазсаңыздар деймін.

Семьяларыңызға зор денсаулық, бақытты өмір, творчествалық еңбек, талаптарыңыз талмай, өнерлеріңіз өрлей берсін демекпін.

Хат жазыңыз. Асыға күтемін.

С-н: жаңа достарыңыз
Мәншүк деп білерсіз, 5.12.1985ж.

Егер, қатем болса, кешірерсіздер, орыс мектебін бітірген соң ошибка табылып қалар. Ұлтым қазақ болған соң, орысша жазуды ерсі көргем.

Менің адресім: ин. 464633
Актюбинская область
Алгинский район, колхоз им. Ильича
Пос. Кара-хобда
Салмұханбетова Маншук Есенгалиевне

ҚҰРМЕТТІ АСЕКЕ

Сау-саламат боларсыз. Болашақ ұрпақтарға тәлім-тәрбие беріп, ұлттық көркемөнер мәдениетімізді дамыту барысында тәлімгерлік ісіңіздің одан әрі көркейіп, дами беруіне тілектестік білдіруші және сәлем жолдаушы ұстаз-әріптесіңіз Бибігүл деген замандасыңыз боламын.

Мен Ы.Алтынсарин атындағы Педагогикалық ғылымдардың ғылыми-зерттеу институтындағы Қазақ тілін оқыту методикасы бөлімінің аға ғылыми қызметкері болып істеймін.

Мектеп реформасында көрсетілген шешімдерді іске асыру барысында институт қазақ мектептерінде оқытылатын ғылым негіздерінің программаларын одақтық типтік программалары негізінде қайта қарап жетілдіріп, біршама өзгерістер енгізген еді.

Бұл өңделген, толықтырылған программалар 1987-88 оқу жылында іске асырылады. Осыған орай, қазақ тілі пәнінің 5-9 класс программасын Сіздің мектепке арнайы жіберіп отырмын. Осы программалар негізін Қазақ тілі және әдебиет пәнінің әдіс бірлестігінде талқылап, мұғалімдер ұсыныс пікір жазып жіберсе екен деген тілек білдіремін. Әдіс бірлестігінің мәжіліс хатын Сіз өзіңіз мөрмен анықтап, салып жіберуіңізді өтінемін.

Қазақ тілі прогаммасының толық басылымы және нендей өзгерісі бары жөніндегі мақала «Қазақстан мектебі» журналының 11-нөмірінде жарық көреді, мұғалімдеріңіз оқып таныссын. Бұл программа типографиядан жарық көріп, сіздерге жеткенше журналды пайдалану керек. Егер оған өзгеріс енсе, қосымша нұсқау береміз. Қазір біздер оқулық, нұсқауларға нұсқау жазудамыз. Сол сияқты қазақ әдебиеті программасы журналдың келесі нөмірлерінде шығады.

1987 жылы Көкшетауда Республикалық педагогикалық оқу болады, тақырыбы – сабақ, бұл науқанға да ат салысыңыздар.

Сәлеммен хат жазушы – Катембаева Бибігүл Шолтаевна, филология ғылымының кандидаты, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі.

Тел.45-32-45, 61-71-91

Адрес: 480100, г. Алма-Ата, 100

Ул. Джамбула, 21/25

НИИ педнаук им.И.Алтынсарина 2.10.1986

ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫ, В.И. ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ А.ІСЛӘМОВКЕ!

ҚҰРМЕТТІ АСҚАР!

Мектебіңде болып, шәкірттермен дидарласқаннан кейін, жүрегім жылы тарта бастады. Үстіміздегі жылдың 13-ші ноябріндегі «Коммунизм туы» газетіндегі мектеп, семья, жұртшылық бөліміндегі «Тиімді тәсіл» атты мақаланды да оқыдым. Хат жазуға осы мақала да себеп болды.

Мақалада көрсетілген табыстарыңыз – бастығы өзің болып, жаңа совет адамдарын тәрбиелудегі мектептің, семьяның және жұртшылықтың үлкен үлесі деп бағалап отырмын. Осы табыстарыңды солғындатпай, керісінше нығайта берулеріңе тілеулестік білдіремін. Осыған орай, келесі кезектегі мақалаңыз республикалық «Қазақстан мұғалімі» газетінде жарияланып, сол мақалада осы көрсетілген жетістіктермен қатар алғыс жарияланған, Құрмет грамотасымен наградталған, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогіне ие болған және Қазақ ССР оқу министрлігінің Құрмет грамотасы тапсырылған мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жазсаң өте дұрыс болар еді.

Өзің бастаған бастамаңды өзің өрістет. Ол – борышың болар. «Көлденеңнен киліккен шал неге сандырақтап отыр» - деп маған ұрыспасаң болды.

АСҚАР! «Коммунизм туы» газетінің, осы 13.11. санын облыстық партия архивіне табыс еткелі отырмын. Осыған қосымша 2 фотокарточкаңыз бен өмірбаяныңыз қосылса өте жөн болар еді. Одан кейін өзіңе байланысты мәліметті олар өздері сұрап алып тұрар.

Құсайын Жаманбаев

01.12.1975 ж.

УВАЖАЕМЫЙ А.ИСЛЯМОВИЧ!

Весь ваш колектив школы им. В.И.Ленина горячо и сердечно поздравляет Вас с юбилеем 60-летия.

За 40 лет вашего педагогического труда в области воспитания и обучения подрастающего поколения, вы проявили твердость духа, силу воли, чем и являетесь ярким примером для нас.

Ушинский говорил: «Каждый учитель должен помнить, что он выводит новые поколения из школы в жизнь, от деятельности его воспитанников зависит направление и содержание общественного развития».

Мы верим, что и в дальнейшем своей работе вы не пожалеете сил и труда на благо и процветание нашей Родины, новых творческих, ярких и полезных дел в области воспитания подрастающего поколения. Претворяя в жизнь решений партий и правительства по перестройке и повышать авторитет средней школы им. В.И. Ленина.

Желаем Вам и вашей семье крепкого здоровья, семейного счастья.

ҚЫМБАТТЫ ҰСТАЗЫМЫЗ!

1988 жылдың жазы Сіздің осыдан 30 жыл бұрын Ақжар селосындағы Абай орта мектебіне 10 класс бітірген бүлдіршін жастардың ортасында Ақжарқын жүрген албырт шағыңызды еске салатын болар.

1958 жылдың маусым айы біздердің алтын ұямыз Абай орта мектебінен ардақты да аяулы ұстаздарымыздың аялы алақанынан өмірге жолдама алып, қарлығаштай қанаттанып ұшқанымызды еске салады.

Бұл күнде қырықтың қырқасынан шығып, елудің еңселі шыңына аяқ басқан кезде болашақты болжап, өткенді ойға алар, қазіргі күннің өзекті мәселелерін талқыға салар кез келген сияқты.

Сондықтан да Сізді 10 қыркүйек күні сағат 2-де Абай орта мектебінде болатын 1958 жылдың түлектерінің бірінші рет бас қосу кешіне шақырамыз.

Қадірлі ұстаз!

Тездетіп хат жазып, хабарласуды ұмытпаңыз.

Сағынышты сәлеммен шәкіртіңіз: Әрінбек, Шолпан, Түсіпхан, Күскен, Оралхан Кәкімбек.

1-ші тамыз 1988 жыл Шығыс Қазақстан облысы, Тарбагатай районы, Ақжар селосы, Советская көшесі, 51, 3-пәтер. Масалев Әрінбек, телефон 11-372.

Мектептің алпыс жылдығына альбом жасап беруде фотосуретіңізді жіберуді ұмытпаңыз.

АСҚАР ІСЛӘМҰЛЫ!

Жанұяда бақыт, зор денсаулық, ұзақ, қызықты өмір тілеймін. Балаларыңыздың қызығына бөлене беріңіз, НағИмаш екеуің ақ басты, сары тісті ақсақал болып, жамбастарыңыз жерге тигенше жаманшылық көрмеңіз. Үйіңіз сыңғырлаған баланың күлкісінен айырылмасын!

Ізгі тілекпен Бибігүл Ахметқызы
24 маусым 1990 ж.

БЕК ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗЫМ АСҚАР АҒА!

Мейіріңіз үстем болсын Асқар аға,
Еңбегіңіз үлгі болды бұқараға.
Денсаулық мен тілеймін жанұяңыз бен өзіңізге,
Тәрбиеленген шәкірттерге, ұрпағыңызға, жолдасыңызға.

Шәкіртіңіз Арғынбек Жұртбайұлы
24 маусым 1990 ж.

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗЫМЫЗ АСҚАР АҒА!

Сіздің кемел жас 60-қа толуыңызбен құттықтап, бүгінгі еңбектен алған ортамызға Сіздің ұстаздық үлесіңіздің зор болғанына үлкен ризалық сезім білдіреміз.

Ұстаздар өткізген әрбір тәрбие сағаттары және Сіздің педагогикалық бағдар, болжамыңызды ақыл толып, білімдар адам болғанда ғана екшеп бағалайды екенсің. Адам ойында орташа дүниелер сақталмайды, не жақсы тұлға жақсылығымен, не жаман тұлға жамандығымен жаңғыртып тұрады екен.

Сіз бағдарлаудан бұрын мен дәрігер болам деген үш ұйықтасам ойымда жоқ еді. Оған ерекше қабілет керек шығар деуші едім. Сіз айтқан

сенім мен бағдардың соңына түсіп, бітіргелі 15 жыл уақыт болды, қазір қаланың №1 қалалық ауруханада қызмет істеймін.

Таяуда теледидардан журналистер кездесу өткізгенде дәрігерлік жолды таңдауда не себеп болды деген сауалға жадында жүрген бейне Сізді үлгі тұтып, еске алдым. Соңынан қаладағы жолдастардан Сіздің 60-қа толуыңызды естіп, құттықтауға қалам алдым.

Сіз туралы газет, теледидар хабарларын көріп, естіп, мақтан тұтып жүреміз.

Жастарға жүрек жылуын сыйлап, ұстаздық етуші Сіздердей ұстаздарға тағзым етеміз.

Менім 3 балам бар, үлкені 5 оқиды. Ұстаздарды сыйла, тыңда, құрметте деп ақыл береміз. Сізге, жанұяңызға зор денсаулық, бақыт.

Тілек білдіруші шәкіртіңіз
Күлшат Умарова және Қалымбекова Рая
15 наурыз 1988 ж.

АСҚАР АҒА!

Құтты болсын бүгінгі күн мерекең,
Пейіліңіз де жайманшуақ кең екен.
Дүниеге Сіздей ұлды әкелген,
Асқар аға, анамыз да ер екен!
Өмір бойы қуанышпен өтіңіз,
Биік-биік мұраттарға жетіңіз.
Инабат пен ізгілікті ту етіп,
Бұл өмірге бір із тастап кетіңіз!
Әсем ән де Сізге арналып айтылсын,
Домбырадан әсем күй де тартылсын.
Сізге деген көңілдердің пәктігі
Жүрегімнен тасқын судай атылсын!

Шәкіртіңіз Ләззат

ТУҒАН ҚҰДАМ АСЕКЕҢНІҢ 70 ЖАСҚА КЕЛУІНЕ АРНАЛҒАН ӨЛЕҢ

Жетпіс жасқа келіпсіз міне бүгін,
Арқалапсыз өмірдің ауыр жүгін.
Еңбегіңіз тере бер жемістерін,
Бақ-береке әкелсін әрбір күнің.
Өзіңізсіз дариядай данамыз да,
Ізгілік, ізет құйған санамызға.
Құрыштай қуатыңыз таусылмасын,
Жүз жасап жүре бергей арамызда.

Роза, Мұқанай
30 сәуір 1998 ж.

МҰНДАЙДЫ КӨРМЕГЕНДЕРГЕ НЕ ДЕЙМІЗ! МЕН БҮГІН ҚАЙТА ТУҒАНДА ДА МҰНДАЙ БОЛМАС ДЕЙМІН

Жолдастар!

Бүгінгі мектеп басшылығына арналған семинар мен салтанатта маған арналған құрметті мен ең бірінші ұстаздар қауымына, оның ішінде осында қатысып отырған мектеп директорларына көрсетілген құрмет деп санаймын.

Кез келген еңбектің әрбір кезеңі бар, біздің қоғамның дамуы бес жылдықтармен межеленіп, сарапқа салынса әр белестің өзіндік биік уақыты бар ғой. Мен де сол уақыт талабының деңгейінде еңбек етуге тырысып жүріп, 60-қа келгенімді білмей қалыппын.

Өңгені былай қойғанда, 40 жыл ұстаздық етіп, өзімнің сүйіп алған мамандығымның ләззатына бөлене отырып, өз жанұямнан 10 педагогтер династиясын құрудың да өзіндік қыры бар. Ұл-қыздарымның менің ізбасарларым болуын, өз еңбегін ұрпақ тәрбиесіне арнауын

мақтаныш етуге құқылымын. Бүгінде біздің педагогикалық династиямыздың стажы 140 жыл.

Сонымен қатар халыққа, болашақ ұрпаққа қызмет етуден бүгінгі оқушы ертеңгі еңбеккер азаматтан ұстаз деген атыңды жадыңда ұстап, жаңғыртып, саған деген жүрек жылуын силап тұрса, өркенің өсіп, көктегенің емей немене. Ұрпаққа тәлімгер ұстаз тұлғаң биіктегені емей немене. Өзгені былай қойғанда, қызметтес М. Қадырқұлов, Р. Түсіпов, А.Нұрмұханбетов, К.Тұрғанбаев, А.Айрхалиевна бір оқушым Райымбекова Р.

Бүгінгі 60 жыл толғаның естіп, хат жолдап, құрмет көрсеткен Өскемендегі № 1 қалалық ауруханa дәрігерлері Омарова сияқты адамгершілігі биікте тұрған және бүгінгі салтанаттың қуанышын бөлуші осында отырған ұстаздарға партия, совет шаруашылық, жұртшылық өкілдеріне бас иіп, тағзым ету өзімнің борышым екендігін білдіруге рұқсат етіңіздер!

Баршаңызға зор денсаулық, үлкен бақыт болсын. Бүгінгі қайта құру деңгейінде шабытты, табысты еңбек етуге тілектеспін.

25 наурыз 1988 ж.

МАЗМҰНЫ

1-тарау. **ҰСТАЗДАН ҚАЛҒАН ҰЛАҒАТ** 3

2-тарау. **БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНЕН** 71

3-тарау. **ӨМІР – ӨЛЕҢ ЖОЛЫНДА** 173

4-тарау. **ЖОРАЛҒЫ ЖОЛДЫҢ ЖАЛҒАСЫ** 199

5-тарау. **ӨНЕР ҚОНҒАН ШАҢЫРАҚ** 231

6-тарау. **САРТАП БОЛҒАН САҒЫНЫШ** 253

ХАТТАР, ХАТТАР... 275

Ислямов Асқар Жұмағұлтегі

Тарихта қалған тағылым

(очерктер, ой-толғаулар, естеліктер)

Жауапты редакторы –
Жұмағазы Игісін

Редакторы **А.Ч. Рыспаева**
Компьютерде өңдеген **С.Т. Бухынова**
Суретшісі **Қ.Д. Нұрсадықов**

Басуға 04.03. 2006 ж. қол қойылды
Пішімі 70x100/16
Шартты баспа табағы 25,15
Есептік баспа табағы 22,39
Таралымы 500 дана
Тапсырыс 515

Рекламдық Дайджест баспасы
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Абай даңғылы 20/1